ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСТОРИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

БҮГІНГІ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ: ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР МЕН ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары

Ғылыми электрондық басылым

85 *Жыл* / *Лет*

ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА СЕГОДНЯ: СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ И НОВЫЕ ВЫЗОВЫ

Материалы Международной научно-практической конференции

Научное электронное издание

Қарағанды – 2023

ӘОЖ 94
КБЖ 63.3
Б91

Жауапты редакторлар:

Д.Т. Шашенов, т.ғ.м.; **Д.Б. Үмітқалиев**

Редакциялық алқа:

Ж.А. Жұмабеков, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (*төраға*);
Қ.Т. Бөдеев, PhD д-ры, доцент; **Ж.М. Кенжеғали**, PhD д-ры, доцент;
М.С. Амрина, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор; **Д.Б. Үмітқалиев** (*техн. ред.*)

Сын пікір берушілер:

Е.Б. Қасенов, т.ғ.к., Болашақ Академиясының доценті;
А.Е. Даниярова, т.ғ.к., Қарағанды техникалық университетінің доценті

Б91 **Бүгінгі тарих ғылымы: заманауи үрдістер мен жаңа міндеттер** = Историческая наука сегодня: современные тренды и новые вызовы : Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары : ғылыми электрондық басылым / Жауапты ред.: Д.Т. Шашенов, Д.Б. Үмітқалиев. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2023. — Баспа басылымы бойынша шығарылған. — PDF-файл. — Жүйеге қойылатын талаптар: Pentium 4; 1,3 ГГц және жоғары; Internet Explorer Acrobat Reader 4.0 немесе үлкен. — Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-362-178-4

«Бүгінгі тарих ғылымы: заманауи үрдістер мен жаңа міндеттер» атты шетелдік қатысушымен өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарына Алматы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Петропавл, Қостанай, Көкшетау, Мәскеу, Грозный қалаларындағы жоғары оқу орындары ғалымдарының, ғылыми қызметкерлерінің, докторанттар мен магистранттардың Отандық және дүниежүзілік тарихтың, археологияның, этнологияның өзекті мәселелерін, сонымен қатар орта және жоғары мектепте тарихты оқыту әдістемесі мәселелерін қамтитын ғылыми мақалалары мен баяндамалары енген.

Жинақ материалдары ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, докторанттар мен магистранттарға, ғылыми мекеме қызметкерлеріне, мектеп және колледж мұғалімдеріне арналған.

Материалы Международной научно-практической конференции с зарубежным участием включают научные статьи и доклады ученых, научных сотрудников вузов, докторантов и магистрантов гг. Алматы, Астаны, Караганды, Павлодара, Петропавловска, Костаная, Кокшетау, Москвы, Грозного, посвященные актуальным проблемам отечественной и всемирной истории, археологии, этнологии, а также вопросам методики преподавания истории в средней и высшей школах.

Сборник адресован научным сотрудникам, преподавателям, докторантам и магистрантам, работникам научных учреждений, учителям школ и колледжей.

ӘОЖ 94
КБЖ 63.3

Материалдар жинағы авторлық басылымда жарияланады

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы
100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: izd_kargu@mail.ru

ISBN 978-601-362-178-4

© **Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2023**

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

АЛҚА МӘЖІЛІСІ **ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**	
Р.М. Жумашев, А.Ж. Мырзахметова, Л.Т. Тлегенова Ә. МАРҒҰЛАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ САЯСАТЫ	10
С.М. Сыздықов ҰЛЫТАУ: ҚҰРАН, АҢЫЗ, ТАРИХ	14
З.Г. Сактаганова ДЕТИ И ДЕТСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ КАРЛАГА: К ПОСТОНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ	17
Мажитов С.Ф. ПРЕДИСЛОВИЕ К КНИГЕ МЫРЗАГАЛИ ХАСЕНА «ОЧЕРКИ ТЕОРИИ И МЕТОДОЛОГИИ КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ»	23
В.В. Варфоломеев ГДЕ НАХОДИЛАСЬ СТРАНА ГОРОДОВ? (К ПРОБЛЕМЕ РАННЕЙ УРБАНИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЯХ)	28
Селиверстов С.В. ТУРАН И ЧИНГИСХАН НА СТРАНИЦАХ ЖУРНАЛА «*TÜRK YURDU*» (К ЗАОЧНОЙ ПОЛЕМИКЕ А.Н. САМОЙЛОВИЧА С Ю. АКЧУРИНЫМ В 1912 ГОДУ)	35
Быков А.Ю. К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИИ РУССКО-КАЗАХСКОГО И РОССИЙСКО КАЗАХСТАНСКОГО ВОДНОГО РАЗГРАНИЧЕНИЯ	39
«Қазақстандағы археология және этнология: өткені, бүгіні, болашағы» секциясы **Секция «Археология и этнология Казахстана: прошлое, настоящее, будущее»**	
Әуезов Қ.Ж. ҰЛЫТАУ - ЖЕЗҚАЗҒАН ӨҢІРІНДЕГІ БАЙЫРҒЫ КЕН ҚАЗБА ОРЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН	44
Барменбаев Т.С., Бекмагамбетова М.Ж. ИЗУЧЕНИЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	47
Бедельбаева М.В. НУРИНСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ В ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КАЗАХСТАН ЛЕТОМ 1933 ГОДА	50
Бедельбаева М.В., Гусев И.В. НОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ Л.Ф. СЕМЕНОВА – ИССЛЕДОВАТЕЛЯ ДРЕВНОСТЕЙ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА	54
Бейсетаев Р. IV-IX ҒҒ. ОРХОН-ЕНИСЕЙ РУНА ЕСКЕРТКІШТЕРІ: «КӨНЕ ТҮРҮК "БІТІГ" ТІЛІНДЕГІ [ä] ДЫБЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ»	60
Жауымбаев С.У. ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ	67
Ибраева Д.М. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ПАМЯТНИКИ АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ ЖАУЫМБАЕВА С.У.	72
Үмітқалиев Д.Б., Нурпеисова С.Е. АҚҚЕЗЕН ҚОНЫСЫНЫҢ СҮЙЕК БҰЙЫМДАРЫ	74
Кузембаев Н.Е., Тусупов А.Р. КАЗАХСТАН – ВЕДУЩИЙ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР В РАЗРАБОТКЕ ПРОБЛЕМ КИПЧАКОВЕДЕНИЯ	77
Kukushkin A.I., Dmitriev E.A., Maken A.B. TYPOLOGICAL FEATURES OF THE MONUMENTS OF THE MONGOLIAN TIME OF SARYARKA	80

Кукушкин И.А., Муратова М.Б. ТАЛДЫ ТАРИХИ-АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ПАРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ШЕТ АУДАНЫ)	83
Кусаинова К.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОЛОГИЯ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ	86
Мерц В.К. НЕКОТОРЫЕ ЮЖНЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ В КУЛЬТУРЕ СТЕПНОЙ БРОНЗЫ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА СЛОЖЕНИИ БЕГАЗЫ-ДАНДЫБАЕВСКИХ КОМПЛЕКСОВ	90
Монжосов Е. Н., Оспанов Д.А. ПАМЯТНИКИ ИСТОРИИ ВОКРУГ НАС	97
Усманова Э. Р., Жумашев Р. М., Дмитриев Е. А., Мәкен Ә.Б. КУЛЬТУРНЫЙ КОД КОМПЛЕКСА КАРАСУЫР НА ИСТОРИЧЕСКОЙ ТЕРРИТОРИИ УЛЫТАУ	101
Хасенова Б.М., PhD, Ганиева А.С. ҚИМАҚТАР ТОРЕВТИКАСЫ БОЙЫНША ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР	105
«Тарихи жадыны зерттеудегі жаңа бағыт: зерттеулердің жаңа қырлары» секциясы Секция «Современная политика исторической памяти: новые грани исследования»	
Абдикаримова А.Б. ЖЕЗҚАЗҒАНДАҒЫ КЕҢГІР КӨТЕРІЛІСІНІҢ ШЫНДЫҒЫ	109
Абдрахманова А.А. ЖЕНСКИЕ СОВЕТЫ КАК ФОРМА ОБЩЕСТВЕННОЙ ОРГАНИЗАЦИИ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1946-1953 ГГ.	112
Алинова Г.К. (Ғылыми жетекшісі: қауымдастырылған профессор, философия докторы Ильясов Ш.А.) «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ	117
Amanbekova N.D., Muzdybayeva T.A. KURCHATOV IS A SMOLL TOWN	121
Амрина М.С. Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫ МӘЛІМЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	124
Арынова З.Қ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ САНА МЕН ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІ	132
Аскарова М.Т. (Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Шотбакова Л.К.) XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА НЕМІС СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	136
Әуелбеков М.Б. ҚАРАҒАНДЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕУ ЛАГЕРІ ЖАЙЫНДА	141
Баймагамбетова А.А. ҰМЫТЫЛҒАН ЕСІМ. САДУАҚАС ШОРМАНОВ	144
Батурина А.А. АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТВОРЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В КАРАГАНДИНСКОМ ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОМ ЛАГЕРЕ (КАРЛАГ)	146
Бейсенбекова Н.А. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	150
Бейсенбекова Н.А., Мәзқызы Қ. КЕҢЕС НҰРПЕЙІСҰЛЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІ	155
Бекмагамбетова М. Ж. ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИЗУЧЕНИЯ РОССИЙСКИХ ИМПЕРСКИХ ИНСТИТУТОВ И ОРГАНОВ УПРАВЛЕНИЯ НА ТЕРРИТОРИИ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 1868-1917 ГГ.	158
Бексеитова А.Т., Мұсафир М.Р. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМ ТАРИХЫ. ТАРИХИ - СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНО - САЯСИ ТАЛДАУ	162

Беккожина А.Ю., Бекмагамбетова М. Ж. «ВИЗУАЛЬНЫЙ ПОВОРОТ» И РАЗВИТИЕ ВИЗУАЛЬНОЙ АНТРОПОЛОГИИ	166
Берлібаев Е.Т., Семжанова С.А. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ОҚЫТЫЛУЫМЕН ЗЕРТТЕЛУІ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР	169
Буктугутова Р.С., Даукенов Р. Т. ВОИНСТВЕННЫЕ ЖЕНЩИНЫ КАЗАХСТАНА	174
Даниярова А.Е. ЛИТЕРАТУРНО-ХУДОЖЕСТВЕННОЕ НАСЛЕДИЕ Е.А. БУКЕТОВА	176
Dzhakipova T. U., Kazkenova A. ETHNO-DEMOGRAPHIC SITUATION IN EAST KAZAKHSTAN IN 1920-1940	179
Джумабеков Д.А., Козина В.В., Елеуханова С.В. О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ИЗУЧЕНИЮ И ВНЕСЕНИЮ ПРЕДЛОЖЕНИЙ О РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В РЕЗУЛЬТАТЕ НЕРЕАБИЛИТОРОВАННЫХ НАСИЛЬСТВЕННО ДЕПОРТИРОВАННЫХ В КАЗАХСТАН НАРОДОВ И СПЕЦПОСЕЛЕНЦЕВ	182
Елеуханова С. В. ОБУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ В 1930 - 1950-Е ГОДЫ	187
Елеуханова С. В., Кентбек С. Қ, Утебаева А. Д. ВОПРОСЫ БЛАГОУСТРОЙСТВА КАРАГАНДЫ В 1955-1970 ГГ.	192
Жанулу А.А. (Научный руководитель: к.и.н., профессор Бекмагамбетова М.Ж.) ИНСТИТУТ БАЙСТВА И ЕГО ЛИКВИДАЦИЯ	196
Жағыпар Ә.Б. ШАРЫҚТЫ ӨЛКЕСІНІҢ КЕН ОРЫНДАРЫ МЕН КЕНІШТЕР ТАРИХЫ	199
Жәкежан С.А. ВЛИЯНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ИСТОРИЧЕСКУЮ ИНФОРМАТИКУ	207
Ибраева А.Т. (Научный руководитель: к.и.н., профессор Шотбакова Л.К.) РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ПОСРЕДСТВОМ АНАЛИЗА ИСТОЧНИКОВ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА	211
Игибаева С.К. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	214
Касенова М. Д. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ В 1920–1940-Е ГОДЫ	217
Каирова Д. М. (Ғылыми жетекшісі: Қауымдастырылған профессор, философия докторы Ильясов Ш. А.) ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ РӨЛІ	221
Кидралиева А.Б., Мустафин Е.Е. ҚҰЖАТТАНУ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ	225
Козина В.В., Амрина М.С., Кентбек С.К. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КАЗАХСТАНЕ В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД (1917-1939 гг.)	230
Қасенов А.Б., Аршабеков Т.Т. ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК	233
Қожабеков Д. С. 1940 ЖЫЛДАРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БЕЙНЕСІ («КУЛЬТУРА И ЖИЗНЬ» ГАЗЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)	236
Құдагелдин М.Т. ТАРИХИ САНА ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ, ОНЫ ЗЕРТТЕУ АЯСЫ	239
Қыздарбеков Б.К., Шашенов Д.Т. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА НЕГАТИВТІ ЫҚПАЛЫН ТИГІЗГЕН ЕУРОЦЕНТРИСТІК ҰСТАНЫМҒА СЫНИ КӨЗҚАРАС	246

Малаев Д.Б. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ӘР ОТБАСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН БАСТАЛУ КЕРЕК	249
Мусаева Э.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ 1991-2018 ЖЖ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ КЛАСТЕРЛІК ӘДІСТІ ПАЙДАЛАНУ	252
Монжосов Е. Н., Естифеева Е.В. ИСТОРИЯ "ЗАГОВОРА" ИЛИ ДЕЛО №2	257
Мукатаева Л.К., Султангазы Г.Ж, Нурбаев Ж.Е. ИДЕЙНЫЕ ОСНОВЫ НАЦИЕСТРОИТЕЛЬСТВА КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	260
Мустафин Е.Е., Мустафина Н.Т., Кидралиева Ә.Б. СОВРЕМЕННАЯ ПОЛИТИКА ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ	266
Мустафина Ж.А. Ә. Н. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІ	269
Мухамадеева И.А., Жаксыбаева А.А. ЦИФРОВИЗАЦИЯ ИСТОРИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ В ПРОЦЕССЕ СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА	273
Николаев И.В., Мырзахметова А.Ж. ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: К ВОПРОСУ ОБ ИССЛЕДОВАНИИ	278
Нұрбай А.Е. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ИССЛЕДОВАНИИ А.К АБИЛЕВА	283
Нығметова Ж.Т. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨШІП КЕЛУ КЕЗЕҢДЕРІ	286
Олтыкенова Н.А. (Научный руководитель: к.и.н., ассистент профессора Мырзахметова А.Ж.) ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ: ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ И СОДЕРЖАНИЯ	292
Орыспаева М.К. СЕМЕНОВ Л.Ф. ОБ ИСТОКАХ 200-ЛЕТНЕЙ ЛЕТОПИСИ КАРКАРАЛИНСКА	297
Осажанова Э.К. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ КАНАЛА ИРТЫШ-КАРАГАНДА НА ТЕРРИТОРИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА	303
Өскембаев Қ.С. ӨШПЕС ӨМІР ЖАЛҒАСЫ	305
Өскембаев Қ.С. НАҒАШЫМ – БӘКЕН БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ	309
Өте Д.Е. ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ҮШТІЛДІК: БИЛ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРАКТИКАСЫ	312
Сабиева Е.В., Маликова С.З., Какимова М.Е., Таласпаева Ж.С., Габдуллина Н.А. НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ЭТАПЫ ФОРМИРОВАНИЯ ТОПОНИМИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА И ЮГА СИБИРИ	317
Садыкова А.А., Шартыкбаева Г.К. XIX ҒАСЫР II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР	324
Садвокасов Ш.А, Жумашев Р.М. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН	328
Садирбеков А.Т., Искакова Ж.А. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	332
Саккулакова Ф.Д., Касымов Д.А. ВЛИЯНИЕ СЕЛЬДЖУКОВ НА ЭТНОГЕНЕЗ НАРОДОВ И МИРОВУЮ ИСТОРИЮ	335

Саккулакова Ф.Д., Ракишев Е.К. ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ АКЖАНА МАШАНОВА	339
Сақабай Т.Қ. 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕ НҰРА АУДАНЫ КОЛХОЗДАРЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	345
Сейткасымов А.А., Мусафир М.Р. АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ТУРАЛЫ «ХАЛЫҚ ЖАДЫ» КІТАБЫН ШЫҒАРУ	349
Сексеналина А.К. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	355
Сергалиев М.Х. УЧЕБНИКИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК ЗЕРКАЛО ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ: ОЦЕНКИ КАЗАХСТАНСКИХ И РОССИЙСКИХ ЭКСПЕРТОВ	358
Сергалиев М.Х. СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА: РЕТРОСПЕКТИВНЫЙ АНАЛИЗ	363
Султанов С.А. ПРОБЛЕМЫ СТАНОВЛЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА В 90-ЫЕ ГОДЫ XX ВЕКА.	369
Тарыбаева А.К., Тұтқыш А. Ж. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ	374
Темирбекова М.Е. (Научный руководитель: к.и.н., ассистент профессора Мырзахметова А.Ж.) ТЕОРИЯ ВИЗУАЛЬНОСТИ: К ИСТОРИИ ИССЛЕДОВАНИЯ	378
Химади М.С. ЖАЗУШЫ Ж.БЕКТҰРОВ ЕҢБЕКТЕРІ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХИ ЖАДЫ	382
Шапагатова Д.Д. (Научный руководитель: д.и.н., профессор Сактаганова З.Г.) РЕАЛИЗАЦИЯ НА ПРАКТИКЕ ПРИНЦИПА ПРОФИЛАКТИКИ ДЕТСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ Н.А. СЕМАШКО НА ТЕРРИТОРИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1950-Х ГГ.	385
Шотбакова Л.К., Тулеуова К.Т. ПОСЛЕДСТВИЯ ИСПЫТАНИЙ НА СЕМИПАЛАТИНСКОМ ПОЛИГОНЕ В СУДЬБАХ ЛЮДЕЙ	390
Шотбакова Л.К. АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАРКАРАЛИНСКОМ РЕГИОНЕ В ПЕРВЫЕ ДЕСЯТИЛЕТИЯ XX ВЕКА	394
Ыбырайхан М.Ы. 1964-1985 ЖЖ. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ: ЖАҢА ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫНЫҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ	398
Ілден Н.Е. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ОРДАСЫ	404
Юсупова Т.Қ. ТАРИХ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ	407
«Дүниежүзі және халықаралық қатынастар тарихы: тұлғалар, оқиғалар, жүйелер» СЕКЦИЯСЫ **СЕКЦИЯ «Всемирная история и международные отношения: люди, события, системы»**	
Абросимова С.А. ВКЛАД ГАПЕЕВА А.А В РАЗВИТИЕ КАРАГАНДИНСКОГО УГОЛЬНОГО БАССЕЙНА	413

Аймахов Е.Н. ТАЯУ ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҚТАРЫ БАҒЫТЫНДА ІСКЕ АСЫРҒАН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	416
Аканбаев Б.Н., Күзембайұлы А. НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	419
Әлібеков А.Д. (Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Смагулова Г.М.) ОҢТҮСТІК КОРЕЯ: АЗИЯ ЖОЛБАРЫСЫНА АЙНАЛУ ТӘЖІРИБЕСІ	423
Диденко А. (Научный руководитель - доктор исторических наук, профессор Аманжол Күзембайұлы) Г.В. ВЕРНАДСКИЙ О МЕСТЕ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В РУССКОЙ ИСТОРИИ.	426
Досова Б.А., Байманов К.Ж. ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЯХ	428
Дүйсен С. Ж. АКАДЕМИК М.ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР МЕН ТҰЛҒАТАНУҒА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ	433
Есенов А.Т. НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДИРЕКТОРА В КАРАГАНДИНСКОГО БОТАНИЧЕСКОГО САДА СИТНИКОВОЙ АННЫ СТЕПАНОВНЫ И ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	436
Жазықбай А.М. ТАРИХШЫ ТОҚМҰХАМЕД СӘЛМЕНҰЛЫ САДЫҚОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ !	440
Espenbetova A.T. UNITY IN DIVERSITY: COLLABORATIVE ENDEAVORS OF RUSSIAN COLONIAL AUTHORITIES AND KAZAKH CLAN LEADERS IN 19TH-CENTURY CENTRAL ASIA	441
Жумакаева Д.М. (Научный руководитель - ассоциированный профессор Тулеуова Б.Т.) КОНЦЕПЦИЯ НЕЙТРАЛИТЕТА И ВЫЗОВЫ КИБЕРБЕЗОПАСНОСТИ	447
Жетписов С.У. ТАРИХИ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)	452
Zipatolla S.K. ECHOES OF SORROW AND RESILIENCE: LETTERS FROM THE SEMIPALATINSK TEST SITE	454
Зуева Л.И. МЕТОДИКА ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЁЖИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА ПРИМЕРЕ ИЗУЧЕНИЯ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ В 9 КЛАССЕ	458
Исакиева З. С. ИЗ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ ЧЕЧЕНЦЕВ И ИНГУШЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В СОВЕТСКИЙ И ПОСТСОВЕТСКИЙ ПЕРИОДЫ	461
Мақсұтов Т.Б. (Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Муратова М.Б.) ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ – БҰЛ ГУМАНИЗМ	464
Медебаева А.А. ҰЙҒЫР ҚАҒАНАТЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	467
Мейрамбеков А.К. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ БАТЫС ЗЕРТТЕУЛЕРІ	473
Мустафина Ж.А., Жамкеева В.С. Ә.Н. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІ	478
Нурлигенова З.Н., Ошанов Н.З., Нурлигенова Н.Н. БЕЙБАРС: ЖИЗНЬ И НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОГО СУЛТАНА	482
Попова С.З. (Научный руководитель -к.и.н., ассоциированный профессор Тулеуова Б.Т.) ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ ЯДЕРНОГО ОРУЖИЯ. МЕЖДУНАРОДНАЯ ЯДЕРНАЯ ПОЛИТИКА И ДИПЛОМАТИЯ	485
Сартаев Р.Н. (Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Аманжол Күзембайұлы) АСТРАХАН ХАНДЫҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ	490
Тарыбаева А.К., Тұтқыш А. Ж. АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА	492

Тельгарин А.Н. ИНСТИТУТ СЛАВЯНОВЕДЕНИЯ И БАЛКАНИСТИКИ АН СССР В МОЕЙ ЖИЗНИ (1967-1971 гг.)	497
Тулеуова Б.Т., Оразбекова Г.Б. НАУЧНОЕ ЗНАНИЕ И ПОЛИТИКА В УСЛОВИЯХ ЯДЕРНОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (НА ПРИМЕРЕ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОЛИГОНА)	499
Хлебников И.Д. ВОЙНА И ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБЩЕСТВА	504
Шлюпиков М.В., Шлюпикова М.М. СРЕДНЕВЕКОВЫЙ МИР: ГОРНАЯ ЕВРОПА. Ф.БРОДЕЛЬ О РОЛИ ГОР В РАЗВИТИИ ЕВРОПЕЙСКОГО ОБЩЕСТВА	510

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Ә. МАРҒҰЛАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ САЯСАТЫ

Р.М. Жумашев, А.Ж. Мырзахметова, Л.Т. Тлегенова
zhumashev_rymbek@mail.ru, amyrsakhmetova@gmail.com, tlegenova_lora@mail.ru
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Ғылым әлемінде Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904–1985) қазіргі ұрпаққа Қазақстандағы археология ғылымының негізін салушы және Орталық Қазақстан археологиясының алғашқы зерттеушісі ретінде белгілі.

Ол тарихи геология қағидаларына сүйене отырып, осы өлкедегі қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерін ғылыми дәуірлеуге үлес қосты. Оның жетекшілігімен Шоқан Уәлихановтың академиялық бестомдық шығармаларының жинағын шығару бойынша жұмыстар жүргізілді. Аталған ізденістер, зерттеулер ғалымның ғылыми мұрасының маңыздылығын көрсетеді. Одан басқа, 1945 жылы 14 мамырда КСРО ҒА Тарих институтында өткен «Қазақ КСР тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін» атты кітап бойынша талқылауға Әлкей Марғұланның қатысуы мен сөйлеген сөзі әлі де өз бағасын алған жоқ [1]. Талқылау барысындағы ғалымның пікірі ерекше назар аударуды қажет етеді. Себебі, ол «идеологиялық қателіктері» үшін партияның қатал сынына ұшыраған кітаптың тұжырымдамасын батыл және ымырасыз қорғаған жалғыз пікір болды [2, б. 5].

«Қазақ КСР тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін» кітабы КСРО-дағы ұлттық республика тарихының қоғамдық-экономикалық формациялардың марксистік схемасы негізінде жүйелі түрде баяндалған тұңғыш кітап екені белгілі. Басылым Қазақстанда көптеген оң пікірлерге ие болды. 1943 жылы «Правда» газетінде А.Пясковскийдің сын-пікірі жарияланды [3]. «Тарихи журналда» («Исторический журнал» - авт.) да қазақ және мәскеулік тарихшылардың бірлескен жұмысы туралы оң пікірлер айтылды [4, б. 85–90]. Осыдан кейін, 1944 жылы бұл еңбек Сталиндік мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Бірақ, Мәскеуде талқылау кезінде ол «орыстарға қарсы кітап» ретінде сипатталып, теріс баға алады. 1944 жылы мамыр-маусым айларында Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінде өткен тарихшылар жиналысында негізгі сынау нысандарының біріне айналады [5].

1945 жылы көктемде Қазақстан коммунистерінің негізгі баспа органы «Қазақстан большевигі» журналында М.Морозовтың «Қазақ ССР тарихы...» кітабына жазған сын-пікірі жарияланады. Кітап қате деп танылып, оны түбегейлі қайта қарау және қайта шығару туралы үзілді-кесілді талап қойылады. Аталған сын-пікір Мәскеуде шыққаннан кейін, 1945 жылы 14 мамырда КСРО Ғылым академиясының Тарих институтында «Қазақ КСР тарихын...» ғана талқылауға арналған жиналыс болады [6]. КСРО ҒА Тарих институтының Ғылыми кеңесінің мәжілісінде біршама қазақ тарихшыларының қатысып, олардың ішінде бір ғана Ә. Марғұланның М.Морозовтың сын-пікірімен келіспей, «Қазақ КСР тарихы...» тұжырымдамасын дәлелдер келтіру арқылы қорғауы ерекше назар аудартады. Біздің пікірімізше, Ә. Марғұланның 1945 жылдың 14 мамырында сөйлеген сөзі оның археология, тарихи биография және фольклор саласындағы жетістіктеріне сәйкес интеллектуалдық биографиясының шыңын көрсетеді.

1941 жылдың соңғы айлары мен 1942 жыл Қазақстан тарихшылары және Анна Михайловна Панкратова бастаған КСРО Ғылым академиясының Алматыға эвакуацияланған Тарих институты тарихшыларының бірлескен, үлкен тобында жұмыс істеуге арналды. Осы жұмыстың нәтижесінде 1943 жылдың жазында «Қазақ КСР тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін» кітабы жарық көрді. 1943 жылы Ә. Марғұлан КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Торғай даласындағы 1916 жылғы көтеріліске қатысушылардың естеліктерін жинауға бағытталған ғылыми экспедицияның оңтүстік отрядын басқарды. Ленинградта оқып жүргенде шығыс тіл білімі саласында алған білімдері, қазақтардың батырлық эпосын білуі, 1916 жылғы көтеріліске тікелей қатысушылармен жүргізілген далалық экспедициялық жұмыстар Әлкей Марғұланның тарихи білімінің мейлінше кең ғылыми көкжиегін, жан-жақтылығы мен шынайылығын айғақтайды. Қазақтардың тарихы мен мәдениеті саласындағы академиялық білімі 1943 жылы жарық көрген «Қазақ КСР тарихы...» еңбегінен көрініс тапты.

1944 жылдың мамыр-шілде айларында Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық комитетінде өткен тарихшылардың жиналысында кітап елеулі сынға ұшырады. Осы ретте атап өтетін жағдай, аталған жиналыс партияның Орталық Комитетінің жабық шарасы ретінде бағаланып, жарты ғасырға жуық уақыт бойы ол туралы ешқандай ақпарат жарияланбады. Жиналысқа Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлерінің үлкен тобы қатысқанымен, олар пікірталасқа қатыспайды. Бірақ, талқылау қорытындысы бойынша кеңестік тарихшылардың орыстың революцияға дейінгі тарихи ойының жетістіктерін, сондай-ақ орыс патриотизмі мен «русоцентризмді» пайдалану шекараларын белгілейді.

Жиналысқа қазақстандық тарихшылар қатыспады, бірақ, соған қарамастан ұлттық тарихнама үшін қайта қарауға келмейтін әдістемелік постулаттар бекітіледі.

«Қазақ КСР тарихы...» кітабына қатысты партия идеологтары мынадай баға береді: «Ресей орыс емес халықтардың ең қатал және ең қауіпті жауы ретінде бейнеленген, ал көрсетілген халықтардың Ресейге қосылуы, олар үшін абсолютті зұлымдық ретінде қарастырылады» [7, б. 197]. Ұлттық тарихнама үшін ұлттық республикалардың тарихын жазуда сүйенетін іргелі негіздер директивті түрде бекітілді: Ресейге қосылудың прогрессивтік маңызы, орыс халқы мен ұлттық республикалар халықтарының қанаушыларға қарсы бірлескен күресі, ұлы орыс халқының басқа халықтарға риясыз көмегі, еңбекші бұқара халықтың таптық санасын ояту үшін ұлы орыс мәдениетінің прогрессивті маңызы.

1945 жылы Республиканың бас қоғамдық-саяси журналы «Қазақстан большевигі» журналында «Қазақ КСР тарихы...» кітабына сын-пікір жарияланады. Оның авторы М.Морозов болды. 8 беттік сын-пікірдің басындағы жарты бетте кітаптың оң жақтары атап өтіледі. Ал, қалған негізгі бөлігі: «Кітаптың түбегейлі кемшілігі – Қазақ КСР тарихының біржақты, қате зерттелуінде» деп айыптаумен басталған үздіксіз, біржақты сынмен сипатталды [8, 28 б.].

Біржақтылық, М.Морозовтың пікірінше, кітап авторларының «қазақ халқының тарихын тек қана қазақтардың өз тәуелсіздігі үшін күресінің жауынгерлік дәстүрлерінің қалыптасу процесі ретінде көрсетуінде» болды [8, б. 28]. Авторы сталиндік «Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының қысқаша курсына» сілтеме жасай отырып, Қазақстан тарихын кезеңге бөлу мәселесін және қазақ қоғамының экономикалық, әлеуметтік және саяси қатынастарына сипаттаманың болмауын «түбірлі қателіктер» қатарына жатқызды. Ол «қазақ халқының қалыптасуының ғылыми емес түсіндірмесін» атап өтеді, сондай-ақ «көшпелі өмір салтының рулық құрылыс қалдықтарының сақталуына ықпал етіп, XV – XVIII ғғ. феодализмнің жоғары формаларының дамуын тежегендігін және салыстырмалы түрде қазақ халқының баяу тарихи дамуына ықпал еткендігін мәлімдейді» [8, б. 31].

Морозовтың пікірінше, XVIII–XIX ғғ. Қазақстан тарихы да бұрмаланған түрде берілген, яғни «Қазақ КСР тарихында...» қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыстары мен көршілес халықтарға жасаған феодалдық қарақшылық жорықтары бірігіп кеткен» [8, б. 32].

Сын-пікір соңында «Тарихи фактілер Ресейдің ешбір жағдайда Қазақстанның «басты» және «ең қауіпті жауы» болмағандығы және оның Ресейге қосылуын «абсолютті зұлымдық» деп қарастыруға келмейтіндігі айтылады. Сонымен бірге, сын-пікірде Ресейге қосылу барысында қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы бөлігінің ұлы орыс мәдениетіне бет бұрғандығы көрсетілді. Өзінің таңдаулы өкілдері сипатындағы орыс мәдениеті қазақ халқының мәдениетінің дамуына қатты әсер етіп, қазақтың ұлттық интеллигенциясының қалыптасуына жол ашты [8, б. 35]. Сын-пікір «кітапты түбегейлі қайта қарау және қайта басып шығару қажет» және «Қазақ КСР тарихын жасау жөніндегі құнды бастаманы соңына дейін жеткізу қажет» деп аяқталды [8, б. 35]. Шын мәнінде, бұл сын-пікір қазақтың көп ғасырлық тарихын кеңестік идеологиялық дискурс аясында шектеудің тұжырымдамалық негізін анықтады.

Морозов сын-пікірінің мәтініне баса назар аудару – партия-мемлекеттің ғылыми шығармашылыққа құдіреттілігін және тарихи-ғылыми қауымдастықтың қабылданған шешімдерге қалай қарайтынын көрсету үшін қажет болды. Бұл тұрғыда сол жылдары КСРО ҒА Тарих институтын басқарған Б.Д. Грековтың баяндамасы көңіл аудартады. 1945 жылы 14 мамырда КСРО ҒА Тарих институты мен Материалдық мәдениет тарихы институтының Ғылыми кеңесінің арнайы бірлескен отырысы болып, ол «Қазақ КСР тарихын...» жазуға байланысты мәселелерді талқылауға арналды. Академик Б.Д. Греков өзінің баяндамасында сталиндік кезеңнің басқа жетекшілері сияқты «халықтардың тарихи және тарихи емес болып бөлінуін тоқтатқан және оны зерттеудің жолын көрсеткен» Қазан революциясының маңызына көп көңіл бөледі [6, б. 2]. Одан әрі ол археографтардың еңбегін атап өтіп, Өзбекстан тарихы бойынша кітаптардың макеттерін дайындау

барысы, КСРО халықтарының тарихына арналған 2 томдық кітап туралы айтып, қандай қиындықтарға тап болғанына тоқталады: «белгілі бір бөлшектердің немесе тұтас уақыт кезеңіндегі олқылықтардың салдарына ғана емес, біз теориялық сипаттағы қиындықтарға да кездесеміз» [6, л. 2]. Әрине, ол теориялық сипаттағы қиыншылықтарды айта отырып, көшпелілер өркениетінің тарихын әлеуметтік-экономикалық формациялардың бес буынды формуласына жатқызудың мүмкін еместігін анық түсінді. Теориялық сипаттағы қиындықтарға шағымданғаннан кейін Б.Д. Греков мынадай мәлімдеме жасайды: «Қазір бізде көмекке келетін бірнеше партиялық құжаттар бар. Мен 1944 жылы «Пропагандистте» жарияланған Орталық Комитеттің Татарстан тарихына қатысты еңбектер бойынша пікірлерін, 1945 жылы Башқұртстан тарихына қатысты сол журналда жарияланған ескертпелерді, ең соңында, жақында «Большевикте» жарияланған біздің «Қазақстан тарихына» арналған маңызды сын-пікірді айтып отырмын» [6, л. 4]. Одан әрі баяндамашы Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінің Татарстан мен Башқұртстан тарихына қатысты еңбектер туралы қаулыларының мәтіндерін қайталап, М.Морозовтың сын-пікірін ерекше атап өтеді. Ол сын-пікірдің әрбір бөліміне кеңірек тоқталып, басқаша айтқанда, мазмұнын толық баяндап береді. Ғылыми кеңес отырысының қорытынды қарарында Б.Д. Греков сын-пікірдің талаптарын басшылыққа ала отырып, автордың барлық ескертулерін ескеріп, кітапты қайта шығарудың және оны мүмкіндігінше тезірек жасаудың қажеттілігіне тоқталады [6, б. 74].

Баяндаманы талқылауда сөз сөйлеген М.П. Вяткин аталған сын-пікірмен дауласпайтынын айтып, сынның негізгі мәселелері бойынша полемикадан аулақ болды. Ол «сын-пікірдің жалпы маңыздылығы өте үлкен» деп атап өтеді [6, б. 28]. Бұдан кейін Ғылыми кеңес отырысында сөз сөйлеген Н.Сауранбаев, А.М.Панкратова, А.Якунин, А.Кучкин сын-пікірде келтірілген мәлімдемелерге дәлелдер мен қарсылықтарын білдірмейді.

КСРО ҒА Тарих институты Ғылыми кеңесі мәжілісінің стенограммасында машинамен басылған мәтіннің бес бетінде А.Х. Марғұланның сөзі жазылған. Онда ғалым «Қазақ ССР тарихы...» кітабының тұжырымдамасын барлық бөлімдері бойынша, дәлелді түрде қорғайды. Әлкей Марғұлан «Қазақстан тарихы мәселелерін дұрыс түсінбеушілік бар» деген мәселеге ерекше тоқталып, оны сол кезде кітапта шығыс тілдеріндегі көптеген деректердің пайдаланылмағанымен түсіндіреді. Сонымен қатар ол көптеген авторлардың қазақтардың тарихына біржақты көзқараспен қарайтынын және отырықшы халық пен егіншілік мәдениетін Өзбекстанға, бүкіл жазба мәдениетті татарларға, қазақтардың ежелгі тайпаларын моңғолдарға жатқызатынын, ал қазақтардан тек даланы мекендейтін қыпшақтар ғана қалатынын дұрыс емес деп санады [6, л. 42]. Ал бұл, Ә.Марғұланның пікірінше, М.Морозовқа Қазақ хандығының мықты экономикалық, әлеуметтік және саяси іргетасы болмады деген қорытындыға келуіне себеп болды. Қазақстан тарихын зерттеу мәселелеріне тоқталған ол: «Менің көзқарасым бойынша, Қазақстанның шынайы тағдыры көлеңкеде қалып отыр. Көптеген нақты мәселелер әлі зерттелмеген, фактілер игерілмеген, бастапқы деректер мүлде өңделмеген күйінде қалып отыр» [6, б. 42]. Сын-пікір берушінің Қазақ хандығының осалдығы туралы пікірі туралы айта отырып, Әлкей Марғұлан өзінің дұрыстығына дәлел ретінде Сырдария өзені бойы мен Орталық Қазақстанда қалалық мәдениетінің, сондай-ақ Батыс Қазақстанда тары мәдениетінің болуы фактілерін келтіреді. Әлкей Хақанұлы да сыншының XIX ғасырдың ортасындағы патшалық басып алудың прогрессивті сипаты туралы пікірімен келіспейді - «Айта кетуім керек, патша үкіметінің XVII–XVIII ғасырлардан бастау алған, XIX ғасырдың ортасындағы жаулап алуларынан қандай да бір прогрессивті рөлін көру қиын. Оның үстіне, бізде патшалық – халықтардың түрмесі деген тезис бар. Егер патшалық – халықтардың түрмесі болса, неге ол кенеттен Қазақстанда мәдени көсемге айналады? Мен осыны түсінбеймін. Қалайша өз ұлтын басып-жаншып, ең жақсы адамдарын жойып жіберген крепостнойлық монархия кенеттен Қазақстанда осындай өнегелі мәдениет көшбасшысына айналады?» [6, л. 45].

Сөзінің соңғы бөлімінде Ә.Марғұлан жазу мәселесіне тоқталып: «Тарихымызда жазу мен жазба әдебиеті Қазақстанда тек XIX ғасырдың орта шенінде ғана басталды деген пікір бар. Бұл толығымен нақты емес. Бұл мәселе де шаруашылық мәселе сияқты. Мәскеу, Ленинград, Алматы архивтерінде татар тілінде сақталғандары мүлде басқа. Орыстар қазақтардың бүкіл жазба тілін моңғолдардан бастап тек татар тілі деп сипаттауға дағдыланған. Ал архивтегі осы тарихи құжаттарды немесе татар тіліндегі кейбір қолжазбаларды оқығанда, бұл мүлде татар тілі емес, бұл жерде қазақ тілі, қазақ тілінің тамаша өрнектерін байқауға болады – бірақ осының барлығы татар тілі болып саналады. Осы орайда біз де тарихшыларымызға біраз жаңалықтар ашуымыз керек» [6, б. 46]. А.М.Панкратованың: Қазақ жазуы XIX ғасырда пайда болды ма? деген сұрағына Ә.Марғұлан: «Жоқ, бұрын болған» деп жауап береді [6, л. 46].

Бас академиялық институтта «Қазақ КСР тарихы...» кітабын талқылаудан кейін Қазақстандағы «Правда» газеті қызметкерлерінің Бүкілодақтық коммунистік партияның Орталық Комитетіне республикадағы ұлтшылдық көріністерінің фактілері туралы өтініші түседі [16]. 1945 жылы шілдеде Қазақстан коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінің жүргізіп жатқан идеологиялық жұмысын тексеру үшін Қазақстанға большевиктердің Бүкілодақтық коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жауапты қызметкерлері мен партиялық-әдебиет қызметкерлері, шын мәніндегі цензорлар тобы келеді. Комиссия жұмысының қорытындысы Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінің хатшысы Г.М.Маленковке жіберіледі [2].

Баяндама хатта Әлкей Марғұлан «Алтын Орданы айқын идеалап, Едігені жан-жақты мадақтаған», сондай-ақ «Қазақ батырлары» жинағы авторларының бірі ретінде «Абылайдың шынайы халық ханы екенін дәлелдеуге тырысқан» автор ретінде үш рет аталады [2, б. 5–6]. Ә.Марғұлан мен қосалқы авторлар дайындаған «Амангелді Иманов» қолжазбасында Амангелді Имановтың еңбекші қазақтардың көсемі ретінде қазақ қоғамындағы таптық күрес пен орыс революциялық қозғалысының орасан зор ықпалы жағдайында емес, өзі туған Торғай жазығының ерекшелігінің арқасында қалыптасқандығын жазғандары үшін айыптады [2, б. 6].

Ұлы Отан соғысының аяғында орын алған ұлы державаға бетбұрыс пен руссоцентризм сол жылдары Әлкей Марғұлан өмір сүрген әлеммен, ерлік әлемімен және батырлардың романтикалық бейнелерімен үйлеспеді. Ал бұл әлем кейіннен оны бөтен және дұшпандық құбылыс ретінде өзінен алыстата бастады. Бұл әлем де Ә.Марғұланға өмір ұсынды, бірақ ғалым оны сол жағдайда қабылдай алмады, қабылдағысы келген жоқ. Сондықтан соңғы сталинизм кезеңіндегі (1946–1953) идеологиялық науқандардың бірнеше толқындарынан кейін ол қазақ тарихының тағы бір, одан кем түспейтін жарқын және маңызды қырын – ағартушылар өмірбаяны мен археология саласын таңдап, қазіргі отандық тарих ғылымы мақтан тұтатын көрнекті нәтижелерге қол жеткізді. Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының бес томдық академиялық басылымы, Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ашылуы және басқа да ғылыми жаңалықтары қазақ ғылымы үшін шын мәнінде ерекше болды. 1945 жылға тиісті Ә.Х. Марғұланның зияткерлік өмірбаянының бір сюжетін қарастыра отырып, ұлы ғалым әрі патриоттың кейінгі барлық ғылыми жаңалықтары соғыс жылдарындағы ұлттық-батырлық нарративтің іргетасында көтерілді деп айта аламыз [9].

Сонымен, Ә.Марғұлан қазақтың ежелгі, ортағасырлық және жаңа тарихын зерттей отырып, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармашылығының мәдени-тарихи контекстін дайындап, оны біртұтас үздіксіз тізбекке қосып, қазақтың бірнеше мың жылдық тарихының сабақтастығын дәлелдеді. Ұлы ойшылдар мен билер, батырлар өмір сүріп, қызмет еткен Ұлы дала тұрғындарының ежелден келе жатқан тамырын танытқан оның қазақ тарихын зерттеуге қосқан зияткерлік үлесі болды. Әлкей Хақанұлы өз кейіпкерлерін жоғары бағалап, ерекше қабілет иесі ретінде өзін көреген ғалым ретінде «жасады». Оны кейіпкерлерімен отансүйгіштік, батырлық, ата-баба жеріне деген сүйіспеншілік қасиеттері біріктіреді. Ә.Марғұлан бойынша «Тарихтың жаратылысы» екі мағынада көрінеді: ол бір жағынан кейіпкерлерін жаңғыртса, екінші жағынан өзін тұлға ретінде жасайды.

Мақала «Ұлттық тарих – XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы Қазақстанның зияткерлік тарихының өзегі» (2022-2024 жж.) (Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті) AP14872088 гранты бойынша ғылыми жоба шеңберінде дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под ред. М. Абдыкалыкова и А. Панкратовой. Алма-Ата: Казогиз, 1943. – 671 б.

Докладные записки в ЦК ВКП (б) о состоянии идеологической работы в Казахстане (1945 г.) // Вопросы истории. – 2002. – № 5. – 3–13 бб.

Пясковский А. «История Казахской ССР» // Правда. – 1943. – 10 июля. – 4 б.

Обсуждение в редакции «Исторического журнала» книги «История Казахской ССР» // Исторический журнал. – 1943. - № 11–12. – 85–90 бб.

Стенограмма совещания по вопросам истории СССР в ЦК ВКП(б) в 1944 году опубликована в журнале «Вопросы истории». – 1996. - № 2, 5–6, 7–9.

Стенограмма Заседания Ученого Совета от 14 мая 1945 года обсуждение вопросов, связанных с написанием «Истории Казахской ССР» // Архив Российской Академии наук (далее – АРАН). – Ф. 1577. – Оп. 2. – Д. 104.

Новые документы о совещании историков в ЦК ВКП (б) 1944 г. // Вопросы истории. – 1991. – № 1. – 188–205 б.
Морозов М. Об «Истории Казахской ССР» // Большевик Казахстана. – 1945. – №№ 4–5. – 28–37 б.
Жумашев Р.М., Мырзахметова А.Ж., Кожабеков Д.С. Алькей Маргулан: сюжет интеллектуальной биографии // Вестник Карагандинского университета. – Серия История. Философия. – 2023. – № 3(111). – 35–43 б.

ҰЛЫТАУ: ҚҰРАН, АҢЫЗ, ТАРИХ

С.М. Сыздықов., ҚР ҰҒА құрметті Академигі, «Еуразия тарихы және мәдениетін зерттеу» Орталығының директоры
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
satay14@mail.ru;
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «*Ұлытау* – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде: «Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағлымды тарихымыздың куәсі. «Үш жүздің басын қосқан Ұлытауда» бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, бірліктің туын желбіреткен. Қалың қауым осы киелі 5лкеде ел билеген хандарды ақ киізге к5теріп, таққа отырғызған. Сондықтан біз Ұлытау жеріне хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп, ерекше құрметпен қараймыз»-деген еді [1]. Ұлытау – Еуразиялық кеңістіктің кіндігінде орналасқан. Сондықтан осы кеңістікте болған тарихи кезеңдер мен маңызды оқиғалар Ұлытау өңірінсіз өткен жоқ десе болады. Егерде тарихи дәуірлеу тұрғысынан қарасақ, Ұлытау – ежелгі дәуірдегі сақтар мен ғұндардың ерсілі-қарсылы миграциясын, орта ғасырлардағы түркілердің мемлекеттілігінің сабақтастығын, Дешті Қыпшақ даласындағы қазақ мемлекеттілігінің бастауы болып табылатын Жошы ұлысының құрылуын, Қазақ хандығы тұсында билер және батырлар институтының қалыптасуын, патша үкіметінің отаршылдық жүйесінің зардаптарын, Алаш зиялыларының елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресін және Кеңестік дәуірдің зобалаңын бастан кешірген тарихқа бай өлке екендігі мәлім.

Тау – киелі орын. Тау - тек қазақ үшін ғана емес, жалпы адамзат баласы үшін ерекше орын алады. Оған дәлел ретінде Earth («Жер») деп аталатын кітаптың әлемнің көптеген университеттерінде негізгі оқу құралы ретінде оқытылып келетінін айтуға болады. Аталған кітапта таулардың өзіндік «тамырлары» бары айтылған [2,435,157 бб.]. Бұл тамырлар жердің тереңіне кеткендіктен тауларды жерге қадалған қадалармен немесе қазықтармен салыстыруға болады Бұл құбылыс Құранда былай суреттелген:«Біз жерді төсеніш қылып, тауларды қада тәрізді етіп жаратпадық па?»[3]. Заманауи ғылымдар жердің құрылымын зерттей отырып, таулардың тереңге кететін «тамырлары» барын дәлелдеді. Сонымен қатар, таудың жер асты бөлігі жер үсті бөлігінен бірнеше есе үлкен болуы мүмкін екендігін байқаған[4, 5 б.]. Таулардың бұл құбылысына Құранда айтылған «қада» сөзі дәлірек келетінін көруге болады. Өмір тәжірибиесінде дұрыс ұрылған қаданың көп бөлігі жердің астына кететіндігі белгілі. Ендеше, таудың көп бөлігі жер астына кететіндігіне назар аудартқан Құран оны жерге ұрылған «қадаға» (қазық) ұқсататыны орынды.

Осы ретте айта кететін нәрсе, таулардың терең «тамыры» бары туралы теория XIX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болғанын ғылымның тарихынан білуге болады. Сонымен қатар, таулар жердің беткі қабатын тұрақтандыруда да маңызды рөл атқарады [5,44-45 бб.]. Олар жердің тепе-теңдігін сақтап, оның теңселуін болдырмайды. Бұл туралы қасиетті Құранда былай делінген:«Сендерді теңселтпеу үшін жер жүзінде асқар тауларды орналастырды...»[6].Қазіргі жер плиталарының тектоникасы деген теория тауларды жер бетін тұрақтандырушы күш ретінде қарайды. Таулардың бұл қызметі XX ғасырдың 60-жылдарының аяқ жағында «плиталық тектоника теориясы шеңберінде» дами бастады [7,5 б.]. Ал ол құбылыс Құранда осыдан 14 ғасыр бұрын ашық-анық айтылып кетсе,бұл Кітаптың адам сөзі екендігіне күмән келтіретіні сөзсіз.

Ал, Ұлытауға келсек, оны Ақмешіт әулие (Әулиетау) шыңы деп атайды. Аңыз бойынша бұл тауды Тәңір өзі таңдаған. Әулиетау шыңы – аспанға жақын, аспан мен жердің бір-бірімен түйісетін орны. Сондықтан да, ежелден тау киелі жер, тұрақты әрекет үстіндегі киелі күштердің

ордасы, адамзаттың табиғатпен байланысқа түсетін қасиетті орны болып саналған. Сол себепті Ұлытауға тәу етушілер қатары ешқашан толастаған емес және толастамайды да.

Ұлытау - Тау хан ұлы Ала атты.Ұлытау атауының шығу төркіні туралы бірқатар пікірлер бар екендігі белгілі. Оларды қайталап жатпай-ақ, мына бір дереккөзге көңіл аударған жөн секілді. Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында: Оғыз ханның алты ұлы бар еді. Үлкенінің аты – Күн хан, екіншісі – Ай хан, үшіншісі – Жұлдыз хан, төртіншісі – Көк хан, бесіншісі – Тау хан, алтыншысы – Теңіз хан. Бұл алтауының әрқайсысының әйелдерінен туған төрт-төрттен ұлдары бар еді. Тау ханның Салұр, Емүр, Ала атты және Үркер атты төрт ұлы болған [8,86 б.] Шежіредегі Тау хан деген атау сол хан елінің ежелден таулы, қыратты аймақтарда мекендегенін меңзейді. Сонымен қатар, Тау ханның ұлдары ішіндегі Ала атты ұлының аталуы ерекше көңіл аударарлық. Бұл ретте хан ұлының ала болып туып, хан бұл масқаралықтан құтылу үшін оны дүз-даладағы бір кемпірге асырауға беріп жібергені туралы қазақтың ескі тарихи аңызын еске алайық. Осы аңыз бойынша әлгі ала ұлының жағдайын біліп келуге хан қоластындағы Үйсін, Болат, Алшын қолбасшыларына жүз-жүзден сарбаздарын ерттіріп, бірінің артынан бірін жібергені айтылады. Жіберген жүздіктері қолбасшыларымен бірге ержеткен ала атты баласын ұнатқандықтан қасында қалып қойып, кейін қазақтың үш жүзден құралған елі қалыптасады.

Аңызда хан баласының «ала» болуы ерекше көңіл аударарлық нәрсе. Ертеде ғұн дәуірінде-ақ, ру тайпалардың сарбаздары әр түсті ат мінген. Ал оның ішінде Қарлық тайпа бірлестігінің аттары жабайы жылқылармен будандастырылғандықтан түсі ала болғаны белгілі. «Алаша хан тұрғанда, ала тай ат болғанда» деген сөздерден біздер Алаштың ала түсті жылқы малына тікелей қатысы барын түсінеміз Жоғарыда келтірілген Оғыз қағанның баласы Тау хан ұлының «Ала аттылы» деп аталуы да қарлықтардың ала, шұбар жылқыларды өсіріп, қолға үйретіп ұстауымен байланысты. Бұл аттардыңерекшелігі: ұзақ жүріске, жорықтарға, шөлге төзімді, арқасы кең, тұяғы кішілеу, бойы аласа, қосымша күту-бағуды қажет етпейтін, қолға үйретілген жылқылардан көп артықшылығы болған. Мұндай жылқыларды қарлықтардан алдыртуға Шығыс елдері мен Араб халифаты да экспедиция жіберіп отырғанын қытай жылнамалары хабарлайды. Сонымен қатар, «Оғызнаме» тарихи аңызындағы Оғыз ханның жоғалған Шауқартаң айғырын бектің Мұзтаудан тауып әкелуі де осы қарлықтарда ала аттардың болғанын мегзейді [9, 32-42 бб.]. Мұндағы «шауқар» – көне түркі тілінде және қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де «ала», «шұбар», «теңбіл» деген мағынаны береді. Жалпы, пайымдай келгенде аңыздағы хан ұлының Ала аттылы болуы осы аталған жылқылардың түсіне байланысты болуы керек. Сондықтанда Жылнамадағы Тау хан ұлы атауы кейін Тау ұлы~ Ұлытау» болып аталып кетуінің мүмкіндігі зор. Бұны философ Ғ. Есімнің: «Мұсылман жұрты тауды «Ұлы» демейді. Теңі, теңдесі жоқ жаратушы – Алла Тағаланы ғана қазақтар «Ұлы» деп мойындаған [10]. Ұлытау атауы осы таудың баурайындағы «Хан Ордасына» тікелей қатысы бар», деген тұжырымы анықтай түседі. Оған Жошыдан тарайтын 36 ханды жұрт осы Ұлытаудың етегінде ақ кигізге көтеріп, хан сайлап, олар халқына адал қызмет етуіне ант беріскені де айғақ бола алады.

Ұлытау – Түргеш қағандығы. Түркі дәуірінде Ұлытау өңіріндегі ру-тайпалар Батыс Түрік қағанатының құрамына кіріп, қағанатпен бірге тарихы тағдырлас ел құрады. Бұл өңірдің кейін қазақ елін құрған ру тайпалардың басын алғаш біріктірген Түрік қағанаты тұсындағы түргештердің мекені болғандығына басты куә – Күлтегін бітіктасындағы 39-шы жазу болып табылады. Онда: «Қара Түргеш: бүтін халық: жау болды: Кеңгерес таман: барды...», деп айтылады[11,39 б.]. Бұл жерде Күлтегіннің сарбаздары қара түргештерге бару үшін «Кеңгереске» бет алғаны айқын көрінеді. «Кеңгерес» атауын алғашқыда ғалымдар этникалық атау, яғни тайпа атауы деп қарастырған. Кейін қазақтың көрнекті түрколгы Алтай Аманжолов бұл атаудың топонимикалық, яғни Ұлытау өңіріндегі Кеңгір өзені екендігін дәлелдеді [12,39 б.]. Шынында да Ұлытаудағы ең үлкен өзен – Қаракеңгір, ұзындығы – үш жүз елу шақырымға созылады. Ал Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендері қосылып Сарысуға құятыны белгілі. Сонымен тарихта белгілі қара түргештер мен сары түргештердің атаулары Ұлытаудағы Сарыкеңгір мен Қаракеңгір жер-су атауларында да көрініс бергенін байқауға болады.

Түркі кезеңіндегі тарихи жыр-эпостарға кезек берсек, Ұлытау өңіріндегі өмір сүрген ру-тайпалар мен кісі аттары тарихилығы мол «Манас батыр» эпопеясында жиі кездесетінін айтпай кетуге болмайды. Жырдағы сюжет бойынша Ұлытау мен оған жақын Кішітауды Ер Қосай мен ер Үрбі мекендеп отырған. Жырда кездесетін Ер Бақайды ғалым Ә. Марғұлан түргештер тарихындағы Баға тарханмен сәйкесу мүмкіндігін айта келіп, жоғарыда келтірілген тұлғалардың бәрін түргештер кезеңіне, яғни VIII - ғасырға жатқызады [13,217 б.]. Жалпы, «Он Оқ» ру-тайпаларын құрамына еңгізген түргештер Орталық Азияның саяси-этникалық тарихында маңызды

рөл атқарғаны белгілі. Түргештердің тарих сахнасына шыққан кезі – Орталық Азиядағы геосаяси жағдайдың күрделі кезеңіне сай келді. Олар өздерінің тәуелсіздігін қорғап қалу үшін шығысында Шығыс Түрік қағанаты, оңтүстік - шығысында Қытай, оңтүстік – батыста арабтармен үнемі күрес жүргізуіне тура келді.

Түргештердің Батыс Түрік қағанаты, яғни «Он оқ» тайпалар бірлестігі елінің мұрагері болып қалғанын олардың ел тағдырын шешетін маңызды жиылыстарында он тудың көтерілетінінен де көруге болады. Он тайпалы елдің әрқайсысының өз туы болған. Сонымен қатар, түргештердің өздері сары және қара түргештер болып, екі қанатқа бөлінген. Оларды Үшлік (Баға тарқан) кейін Сұлу қаған сияқты тұлғалы билеушілер басқарды. VIII ғасырдың басында түргештердің өз ішіндегі қырқысушылықтарға байланысты жікке бөлінушілік белең алды. Осындай жағдайда, түргештер 756 жылы басымдыққа ие болған қарлық ру-тайпалық бірлестігіне (конфедерациясына) кірді. Кейін қазақ халқын құраған көптеген ру-тайпалардың осы бірлестік құрамында болғаны белгілі.

Ұлытау -Қарлық (Қазылық)-Қарқар хан.VIII-X ғасырларда Ұлытау өңірі түргештерден кейін Қарлық қағанатының құрамында болған кезде оның билеушісі Білге Күл Қадыр хан 840 жылы қаған атағын алып, тәуелсіз мемлекет құрған еді. Бұл мемлекет 100 жылдай қағанат, кейін хандық түрінде моңғол шапқыншылығына дейін өмір сүрді. Қарлық қағанатының билеушісі Білге Күл Қадырханды «Худуд ал - Алем» атты парсы жазба дерегінде келтірілген Қарқарханмен сәйкестендіруге болады. Көрнекті шығыстанушы В.Ф. Минорский аталған ортағасырлық шығарманы зерделей отырып, Қарқархан ордасын қазіргі Семейдің оңтүстік батысына қарай 350 км. қашықтықтағы Қарқаралының тұрған жерімен сәйкестендіреді [14,54 б.]. Жалпы алғанда, Каркархан иелігіне Ұлытау, Балқаш пен Алакөл, Шыңғыстау және Тарбағатай кіретін Орталық, оңтүстік және Шығыс Қазақстан аумағын алып жатты. Ол туралы Фирдоусидің «Шах-наме» («Патшалар кітабы») атты тарихи эпопеясында қарлықтардың жаз айларында оңтүстікте Гиндукуштан (қазіргі Ауғанстан тау жүйесі) бастап, солтүстікке Шу бассейні мен Ұлытауға, батыста Арал көлі мен Қандаһар, Буст пен Газнеден, шығыста Памир мен Ыстықкөлге дейінгі аралықта көшіп-қонып жүретіндігі айтылған [15,114 б.]. Бұл кезеңде Ұлытау өңірінің Қарлық мемлекетінің құрамында болғанын көрсетеді.

Орталық Қазақстандағы қарлықтар қоныстары мен таулар жүйесін қытай деректері «қазылық» деп жазғанын Ә. Марғұлан ашық айтады [7,217]. Онымен қоса ғалым «қазылық» – «Манас» эпопеясында жиі аталатынын және оның қазақ шежіресімен тығыз байланыстылығына аса көңіл аударып, дәлелдер келтірген.Көрнекті түрколог В.Радлов Қазылық тауының Қазақстан жерінде екенін жазған [13,172 б.].Жалпы, халықтың ауызекі шығармашылығында «Қазылық» атауы ежелден дәстүрлі орын алғаны белгілі. Ұлытау өңірі - «Қорқыт Ата» кітабында, араб географы әл-Идриси картасында [16,21 б.], бертінде қазақ ақыны Күдері қожа жырында айтылатын «Қазылық» жер-су, тау жүйесінде берік орын алады . Бұл атау «Қорқыт ата» дастанының қалыптасу кезінен бастап, XX ғасырға дейін жиі айтылып жүрген. Оған «Қорқыт ата» кітабындағы «Қазылық ұлы ер Жүгенек» жыры мен XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ақыны Күдеріқожа Көшекұлының Қарқаралы – Қазылық толғауы куә бола алады. Ал, Бұқар жырау жырларында: «Он екі Қазылық, ой Түндік, Шауып шықтым белеңге,-делінген. Бұл Он екі Қазылық тауларының қатарында Ұлытаудың да бар екені анық.

«Қазылық» атауының ертеректе қазақ арасында кеңінен бір тараған мағынасы билік айту, төрелік ету. «Қорқыт ата» кітабындағы «Қазылық ұлы ер Жүгенек» жырында Қазылық қожа – уәзір ретіндегі кейіпкер. Бұдан «қазылық» пен «уәзір» бір мағынада, яғни, қазақша айтқанда би мағынасына келеді. Сонда Ұлытау өңірі – ежелден қазылық ететін, яғни, төрелік айтылып, билік жүргізетін орын болған десек, қателеспейміз. Жоғарыда аталған ала аттарды «Қазылық аты» (тау аты) деп те атаған. Қорқыт Ата кітабында бұл аттар туралы: «Сайрап жүрген Қазылық атына мінгейсің», – делінген [17,172 б.].

Ұлытау тарихы - қазақ елі тарихының қай дәуірі болмасын өзегі болып табылады. Ұлытау жөнінде бұған дейін де жазылған. әлі де жазыла беретіні анық. Өйткені ол біздің мәңгілік қастер тұтар, бас иіп тағзым етер қасиетті де киелі ордамыз, тірлігіміздің, бірлігіміздің бастауы, қайнар көзі.

Сондықтан мемлекет басшысы айтқандай, оның ақ таңдақтарын ашып, бүтіндеу тарихшылар алдында тұрған парыз.Тарихшылар қауымы үшін бұл істе барлық деректер түрлерін: археологиялық, жазба, тарихи аңыздар, көне түркі жазбаларын, этнографиялық деректер мен түркі-қазақ шежірелерін және кейінгі кезде белең алып келе жатқан ДНК-талдау нәтижелерін

кешенді және пәнаралық байланыста зерттеу арқылы Ұлытау өңірінің толық тарихын барлық тарихи дәуірлер бойынша жазудың уақыты келді.

Әдебиеттер тізімі

1.Қасым-Жомарт Тоқаев: Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз //https://kaz.inform.kz › news.
2. Earth, [“Земля”], Пресс (Press) и Сивер (Siever), стр.435. См. также Earth Science [“Жер туралы ғылым”], Тарбук (Tarbuck) и Лутгенс (Lutgens), стр. 157.
3.ҚұранКәрім:«Нәбә»сүресі,6-7аяттар. 4.The Geological Concept of Mountains in the Quran, [“Құрандағы тау құрылымының геологиялық концепциясы”], Эль-Наггар (El-Naggar), стр.
5.The Geological Concept of Mountains in the Quran, [“Құрандағы тау құрылымының геологиялық концепциясы“], стр. 5.
6.ҚұранКәрім:«Нәхл»сүресі,15аят.
7. The Geological Concept of Mountains in the Quran, [“Құрандағы тау құрылымының геологиялық концепциясы“], стр. 5.
8.Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Том.1,Книга первая. М.-Л. 1952.
9. Щербак А.М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. — М.: Изд. Вос-точной Литературы, 1959. — 169 с.
10.Ғарифола Есім. Ұлытау – билік ордасы / Абай.кз, 6 - қыркүйек, 2014.
11.Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. Астана. «Күлтегін». 2007
12.Аманжолов А.Түркі филологиясы және жазу тарихы : Оқу құралы. Алматы: Санат, 1996.-128 б.
13. Марғұлан Ә. Ежелгі-жыр аңыздар. – Алматы: 1985. – 368 б.
14.Minorsky V. Hudud'ul-Alem. The Religion of the World, a persion geography // GMNS.– XI. – London, 1937.
15. Фирдоуси. Шахнаме.Издательство: М.: Издательство АН СССР.Том 1. 1957.
16.Кумеков Б.Е. Расселение карлуков по карте ал-Идриси (XII в.) / Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). – Алма-Ата: Наука, 1981. –192 с
17.Книга моего деда Коркута.М.–Л., 1962

ДЕТИ И ДЕТСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ КАРЛАГА: К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ

Сактаганова З.Г., д.и.н., профессор
Карагандинский университет им. Е.А. Букетова,
профессор-исследователь кафедры археологии,
этнологии и Отечественной истории
Республика Казахстан, г. Караганда.

В данной статье нам хотелось в качестве постановки заявленной проблемы выделить ряд аспектов.

В зависимости от характера полевых археологических исследований Открытые листы имели четыре формы: № 1 – на право производства раскопок памятников археологии и разведок их; № 2 – на право производства разведок с частичным вскрытием небольших участков (до 20 кв. м) памятников с разведывательными целями; № 3 – на право производства разведок без производства каких-либо земляных работ на памятниках; № 4 – на право производства охранных раскопок памятников, разрушаемых при строительно-земляных работах или находящихся в аварийном состоянии.

Открытые листы по формам 1 и 4 выдавались на раскопки конкретных памятников археологии, Открытые листы на производство разведок – с указанием конкретных административных регионов. Открытые листы выдавались по заявкам государственных учреждений, организующих и ведущих экспедиционные археологические изыскания, на имя исследователя, указанного в заявке. Заявка на выдачу Открытого листа должна быть подана не позднее, чем за два месяца до начала полевых работ.

Исходя из найденных в архиве документов ясно, что первым исследователем археологических памятников Центрального Казахстана, получившим официальное разрешение – Открытый лист – был директор Акмолинского уездного музея Л.Ф. Семенов.

Ниже представлены копии документов, свидетельствующие о получении права производства разведок с частичным вскрытием небольших участков (до 20 кв. м) памятников с разведывательными целями (форма № 2).

Р.С.Ф.С.Р.
КОММИСАРИАТ ПО ПРОСВЕЩЕНИЮ
ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ
НАУЧНЫХ, НАУЧНО-ХУДОЖЕСТВЕННЫХ,
МУЗЕЙНЫХ И ПО ОХРАНЕ ПРИРОДЫ УЧРЕЖДЕНИЙ
(ГЛАВНАУКА)
"9" мая 1928 Г.
№ 50390
Действителен по 1-е декабря 192 г.
Открытый лист № 78

Главное Управление Научных, Научно-художественных, Музейных и по Охране Природы Учреждений (Главнаука) Наркомпроса, выдавая настоящий открытый лист Зав. Акмолинским Музеем т. Семёнову Л.Ф. на право производства археологических (палеоэтнологических) обследований в пределах Акмолинского уезда, просит все органы Советской Власти, Государственные и Общественные учреждения и частных лиц оказывать т. Семёнову всемерное содействие, в интересах науки, для успешного выполнения возложенного на него научных поручений.

В осуществление полномочий, предоставляемых настоящим Открытым Листом т. Семенов, имеет право производить топографическую съемку планов, нивеллировку, фотографирование и зарисовку древних стоянок, селищ, городищ, могильников и других памятников старины, а так же пробное вскрытие ограниченных участков на них, осуществляемые в случаях, предусматриваемых инструкцией к настоящему Открытому Листу и согласно правилам, изложенным в означенной инструкции.

Основание: Декрет ВЦИК от 7 января 1924 г. (Собрание узаконений № 18 от 24 марта 1924 г., ст. 179)

Начальник Главного Управления Научных, Научно-Художественных, Музейных и по Охране Природы Учреждений

Заведующий Отделом по делам Музеев и Охране Памятников искусства и Старины

Секретарь Управления (3 подписи) [2, л. 2].

Р.С.Ф.С.Р.
КОММИСАРИАТ ПО ПРОСВЕЩЕНИЮ
ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ
НАУЧНЫХ, НАУЧНО-ХУДОЖЕСТВЕННЫХ, МУЗЕЙНЫХ И ПО ОХРАНЕ ПРИРОДЫ УЧРЕЖДЕНИЙ
(ГЛАВНАУКА)
"9" ИЮЛЯ 1929 Г.

№ 50390 Действителен по 1-е декабря 1929 г.

Открытый лист № 18

Главное Управление Научных, Научно-художественных, Музейных и по Охране Природы Учреждений (Главнаука) Наркомпроса, выдавая настоящий открытый лист Л.Ф. Семёнову на право производства археологических (палеоэтнологических) обследований в пределах Акмолинского округа, просит все органы Советской Власти, Государственные и Общественные учреждения и частных лиц оказывать т. Семёнову всемерное содействие, в интересах науки, для успешного выполнения возложенного на него научных поручений.

В осуществление полномочий, предоставляемых настоящим Открытым Листом т.Семенов, имеет право производить топографическую съемку планов, нивеллировку, фотографирование и зарисовку древних стоянок, селищ, городищ, могильников и других памятников старины, а так же пробное вскрытие ограниченных участков на них, осуществляемые в случаях, предусматриваемых инструкцией к настоящему Открытому Листу и согласно правилам, изложенным в означенной инструкции.

Основание: Декрет ВЦИК от 7 января 1924 г. (Собрание узаконений №18 от 24 марта 1924г., ст. 179)

Начальник Главного Управления Научных, Научно-Художественных,
Музейных и по Охране Природы Учреждений
Заведующий Отделом по делам Музеев и Охране Памятников искусства и Старины
Секретарь Управления (3 подписи, печать)» [2, л. 3].

Надпись на обороте:
«Настоящий открытый лист явлен в Акмолинский окр. исполком. 17/VIII 29 г. Управделами окр. ИКа (подпись, печать)
Настоящий открытый лист зарегистрирован в …. сельсовете 19/VIII 29 г. Пред. совета (подпись, печать)» [2, л. 3 об.].
«Действителен на три месяца
на одной лошадей
Открытый лист № 296

Выдан Акмолин. Окружным Административ. Отделом Упол. тов. Семенову на право взимания советских и обывательских лошадей по пути следования в Жан-Аркинский р-н и в пределах Акмолинского округа, за плату "5" копейки с версты и лошади или "8" копейки с версты и пары, при бесплатном перевозе двух пудов багажа
"29" июня 1929 г.
Нач. Акмол. Окр. АО ОИК'а
Нач. Милиции Акмол. Округа
Секретарь АО (3 подписи, печать)

ا شد يق قـات
بـونمسم يسيشساب يعزوم تييـن 5 ايسـتـلـمم …
نيـسـاتـلـامسيـن وكوخ نيـتـمروخ افـولـا ولـا ياخ …
تييـن 5 ينـامـيا الـومقـا هيـنـمدتـام اشـا …
زيـسيـقـا خاغان توب 2 يغـادنـوب …
10 يسوغوا 1929
وكروك بـ ا سد شد يـ سيـاقـ مولا
(исипдоп ,ьтачеп) مهلهتـ سـ يا بـ ا سـ شـ يـ سي[2, л. 4, об.].

Это рукописная дублирующая надпись на арабской графике, которая была помещена на обороте этого документа. Часть знаков не читается и помечена многоточием (авторы выражают признательность С. Б. Иксанову – преподавателю исторического факультета за транскрипцию и перевод текста).
«Действителен на одну месяце
на пару лошадей
Открытый лист № 341

Выдан Акмолин. Окружным Административ. Отделом зав. Акмол. Музеем т. Семенову и двум науч. сотрудникам на право взимания советских и обывательских лошадей по пути следования в Еременский(?) и Азатский район и в пределах Акмолинского округа, за плату "5" копейки с версты и лошади или "8" копейки с версты и пары, при бесплатном перевозе двух пудов багажа.

"10" август 1929 г.
Нач. Акмол. Окр. АО ОИК'а
Нач. Милиции Акмол. Округа
Секретарь АО (печать, 2 подписи)» [2, л. 5].

В 1929 и 1930 гг. Л.Ф. Семенов официально, обладая Открытым листом, провел археологическую разведку в окрестностях города Акмолинска и зафиксировал несколько памятников. Значимым результатом этих полевых сезонов стало открытие, предварительное обследование и первые рекогносцировочные раскопки на городище близ озера Бузукты, о чем подробно написал в своей статье археолог С.С. Тихонов [5, с. 151-154]. В архиве М.П. Грязнова найдены записи и рисунки, скопированные археологом из отчета о полевых работах, сданного Л.Ф. Семеновым в ГАИМК. В них указано месторасположение памятника, расстояние от Акмолинска, план городища, на котором видно, что оно расположено на восточном берегу озера Бузукты на невысокой, четырехметровой озерной террасе близ дороги на Ильинский хутор [5, рис. 2]. Городище состоит из трех площадок, окруженных валом и рвами. Размеры городища по линии север-юг – около 160 м, по линии запад – восток приблизительно 130-140 м. На территории городища Л.Ф. Семенов заложил 5 шурфов: размером 40х40 см и 50х75 см, глубиной 45 см, в одном из которых (шурф №2) были обнаружены кирпичи, угольки и какая-то кость, в остальных – нетронутый грунт.

Этот памятник впервые стал известен после публикации путевых заметок офицера царской армии, краеведа, геолога и ботаника И. П. Шангина, совершившего путешествие из Сибири в Среднюю Азию в 1816 году [6]. В 1999 году К.А. Акишев начал его исследование, в котором принимали участие и студенты исторического факультета Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова (рук. отряда – к.и.н., доцент кафедры археологии, этнологии и Отечественной истории В.В. Варфоломеев). В результате раскопок установлено, что городище Бозок – один из ключевых памятников древней истории Казахстана – было основано в VII-IX вв. и функционировало до XV-XVI вв. [7, с. 15-16]. В настоящее время здесь организован Государственный историко-культурный музей-заповедник Бозок.

Результаты своих исследований в эти годы Л.Ф. Семенов опубликовал в журнале «Вестник Центрального музея Казахстан» [8, с.77-87]. В реестре «Археологическая карта Казахстана» (далее АКК) упоминаются следующие памятники, обследованные Л.Ф. Семеновым в 1927 – 1930 гг.: два кургана у с. Захаровского диаметром по 50 м, на одном найден бронзовый наконечник стрелы, на другом – железный (№ 2189 АКК); каменная баба в районе Спасского завода, изваяние женщины со сложенными на груди руками и в головном уборе, спускающимся на плечи наподобие казахского жаулыка (№ 2211 АКК); изображения наскальные – в урочище Каражартас, точечной техникой выбиты двугорбый верблюд, марал, таутеке и охотник (№ 2335 АКК) [9, с. 152-153, 163]. Информация об этих изображениях размещена и в собрании сочинений А.Х. Маргулана [10, рис. 152, 153, 154, 359].

В фонде Л.Ф. Семенова ГАКО находятся Открытые листы, выданные в 1941, 1952-1960 гг. и это означает, что его археологические исследования были продолжены в Карагандинской области, куда он был назначен директором краеведческого музея в 1938 году и занимал эту должность до 1958 г.

Исследование выполнено в рамках гранта Комитета науки МНВО РК «Реконструкция культурно-исторических ландшафтов древней Бетпакдалы» (ИРН проекта AP19679947).

Список литературы

Научный архив Института истории материальной культуры Российской академии наук. Фонд 2, дело № 223.

Государственный архив Карагандинской области. Фонд 1363.

Адрианов А. В. К археологии Западного Алтая (из поездки в Семипалатинскую область в 1911 г.// Петроград: Тип. Гл. Упр. Уделов, 1916. 95 с. // Режим доступа:. .https://www.prlib.ru/item/1057304

Шашенов Д.Т., Базарбаева Г.А. Письма археологов краеведу Л.Ф. Семенову // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Сб. научн. ст., посв. 70-летию ЦКАЭ АН Казахстана. Т.1. Алматы, 2017. С. 209 – 215.

Тихонов С.С. Полевые материалы 1929 года и изучение древностей Акмолинска // Материалы международной научно-практической конференции «Маргулановские чтения» Астана, 2011. С. 151 – 154.

Шангин И.П. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в Киргизской степи в 1816 г. // Сибирский вестник. 1820. Ч. 9. Кн. 1. С. 1-40.

Хабдулина М.К. От чинков Устюрта до берегов Иртыша (о деятельности НИИ ареологии им. К. А. Акишева) // Материалы международной научно-практической конференции «Маргулановские чтения» Астана, 2011. С. 11-20.

Семенов Л.Ф. Материалы к характеристике памятников материальной культуры Акмолинского округа// Вестник Центрального музея Казахстан. № 1. 1930. С. 77-87.

Археологическая карта Казахстана. / Сост. Е.И. Агеева, К.А. Акишев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960.

Маргулан А.Х. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением волчьего тотема. Каменные изваяния Улытау. Сочинения. Т. 3-4. Алматы, 2003.

IV-IX ҒҒ. ОРХОН-ЕНИСЕЙ РУНА ЕСКЕРТКІШТЕРІ: «КӨНЕ ТҮРҮК "БІТІГ" ТІЛІНДЕГІ [ä] ДЫБЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ»?

Бейсетаев Р.
Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Орталығы
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
(E-mail: beisetayev@mail.ru)

Аңдатпа. Еңбек VI-VIII ғғ Алтай шығысы Орхон өзені бойында жасалған Көк түріктерінің жазба ескерткіштеріне және олардың тіліндегі [ä] дыбысы мәселесіне арналған. Көне "түрік бітіг" – Алтай мекендеген көшпелілер құрған Түрік Елінің өмірі мен тарихы туралы руна әліпбиімен жазылған ескерткіш-мәтін. Көк түріктерінің руна жазуы еліміздің тарихын жаңғыртатын тарихи дерек, – қазақ халқының рухани құндылығы.

Бұл еңбекте Алтай тауы аймағында пайда болып, Көк түріктері өмірінде зор қызмет атқарған Орхон ескерткіштеріндегі руна жазбаларға қатысты: «"Көне түрүк бітіг" тіліндегі [ä] дыбысының тарихы туралы»? делінген мәселе зерттеудің негізгі өзегі болды.

Түйін сөздер: Түрік Елі; Көк түріктері; Найман тілі; Найман тіліндегі [ä] дыбысы.

Кіріспе: Адамзат тарихындағы өркениеттің ең жоғарғы сатысы – әріптік жазу. Уақыт өте келе әлемдегі барлық халықтың өздеріне тән, жазу үлгілері пайда болды. Бір халықтың жазу өнері мен оның даму заңдылықтары тек сол жазуды пайдаланушы тайпаның тілі мен тарихына, тұрған мекені мен оның табиғатына ғана тікелей байланысты екені белгілі.

Мақалада қарастырылмақ мәселе – Орхон жазба ескерткіштері. Алтайдың шығысында Орхон, Селеңгі және Толы өзендері бойынан табылған ескерткіштер жыйыны. Қолданылған мезгілі VI-VIII ғасырлар аралығы. Ескерткіштің жалпы саны отыз шақты. Бұлардың ішінде тарихи құндылығы мен жазбасының көлемі жағынан алғанда «Құтлұғ қаған», «Білге қаған», «Күл тегін», «Тоңұ көк», «Күлүг Чор» және «Мойұн Чор» ескерткіштері басты тарихи дерек. Жалпы, көне Түрік жазуы VI-VIII ғғ. аралығында Еуразия аумағында кеңінен қолданылған. Бұл тарихи мезгіл мен оның таралған алып аймағы Ұлы Түрік қағандығы, одан бөлінген Батыс пен Шығыс Түрік және Екінші Түрік қағандығы мемлекеттерінің өмір сүрген дәуірі мен құрылған жері мен аумақтарына сай келеді. Сол Орхонда VI-VIII ғғ. тасқа қашалған көне жазбаны алғаш оқып зерттеген М. Қашқари болды. Талас өлкесінде Барсханда өмірге келген болашақ ғалым атақты руна жазбаларын іздеп Алтайдың шығысына барып, көп жылдар жүріп зерттеп, ақыры сол жақта Шығыс Түркістандағы Қашқарда тұрақтап қалады. Мақсатымызға орай, Алтай түріктері өмір сүріп, қағанат құрған заманда (VI-VIII ғғ.) олардың Алтай тауы мен аймағында қол жеткізген саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени жетістіктері қарастырылды. Найман тайпасының ақсүйектері Көк түріктерінің әріптік жазуы Орхон руна ескерткіштерінің шығу тегі, жазба тілі, тарихы, әліпбиінің қалай құрылғаны, фонетикалық-фонологиялық құрылымы және сол жазбадағы [ä] дыбысының мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген жұмбақ болып тұр.

Еңбектің осы үшінші бөлімінде байырғы Орхон жазуындағы әлемдік пікір-талас тудырып жүрген [ä] дыбысының мәселесі және оның бүгінгі найман тайпасының тілімен өз-ара байланысы кешенді түрде тілдік әрі биологиялық тұрғыдан салыстыра қарастырылады. Бұл мәселе әлемдік түріктануда ерекше өзекті.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Мақалада зерттеу жұмысының деректік базасы болып көне Түрік жазуы бар Орхон ескерткіштерін зерттеу барысында жазылған монографиялар мен журнал-басылымдарда жарияланған әлем ғалымдарының материалдары алынды. Сонымен қоса, XI ғ. Барсхандық ғұлама М. Қашқаридың, отандық білікті ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Басымұлы, Ғ. Айдаровтың, еңбектері мен монографиялары басты ғылыми дерек болды.

Жұмыстың әдіснамалық негізіне жүйелілік, дәйектілік, шынайылық, нақтылық және салыстырмалық сияқты ғылыми-тарихи танымның негізгі принциптері алынды. Әлемдік түріктануда М. Қашқари алғаш назар аударып қолданғандай, кез-келген тілдің белгілі бір ерекшелігі мен белгілері болады. Салыстырылмақ туыс тілдердің қарама-қарсы белгілері, олардың ұқсас белгілері негізінде анық ажыратылады.

Зерттеу жұмысы әдістемелік тұрғыдан екі бағытта жүргізілді.

1. Орхон жазба тіліне [ä] дыбысының қатысын анықтауда осы ескерткіштер туралы әлемнің білікті ғалымдары зерттеген түпнұсқаларын салыстыра талдау қолданылады.

2. Орхон жазба тіліне [ä] дыбысының қатысын анықтауда бұл ескерткіштердің жазба материалдары қазіргі заманғы **туыс Найман** (Алтай **түрүктері) мен Қоңырат, Арғын, Тарақты (Тоғұз оғұз)** тайпаларының тілдік деректері тілдік және биологиялық (физиологиялық) тұрғыдан салыстыра қарастырылады.

Талдау.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Орхон өзені бойында сақталған жазба ескерткіштердің жазылу тіліндегі [ä] дыбысы мәселесінің сырын ашу. Мақсатымызға сай ескерткіштерді зерттеуде мына міндеттер қойылды:

– Алтай аймағында қалыптасқан, тасқа жазылған мәтіндердегі сөздердің құрамында кездесетін [ä] дыбысын талдап анықтау;

– Алтай аймағында белгілі, тасқа қашалып жазылған және М. Қашқари сөздігіне енген сөздердің құрамындағы [ä] дыбысын анықтап, бүгінгі атауларына сай зерттеу;

– Орхон ескерткіштерінде жазылған және М. Қашқари сөздігіне енген құрамында жіңішке [ä] дыбысы бар сөздерді қарама-қарсы немесе ұқсас белгілері бойынша салыстыра қарастыру, тілдік тұрғыдан зерттеу.

Көк түріктері таңбалы жазуды – руна жазуын жетілдіріп, қажетіне пайдаланған. Археологиялық зерттеу барысында табылған этнографиялық ескерткіштер ертеде Сақ, Гүн халқы көне жазба түрін пайдаланғанын дәлелдеді. Руна жазбаның осы нұсқасы негізінен әлемнің үш елінде: Ресей (Саян-Алтай), қазіргі Моңғолия және Қытайда (Шыңжаң аймағы) шоғырланған.

Орхонның хазба ескерткіштерін алғаш (XI ғ.) оқып меңгерген және артында сегіз кітаптан тұратын энциклопедиялық мол мұра қалдырған оқымысты Махмұд Қашқари болды. Бұл еңбекте туыстас Түрік, Тоғұз оғұз, т.б. тілдердің сөздері салыстырыла қарастырылған [1], 1-том, 592 б.; 2-том, 528 б.; 3-том, 600 б.].

Дания кемеңгері В.Томсен 1893 ж. 15 желтоқсанда Дания Королдік академиясының мәжілісінде руналық жазудың оқылуының сырын ашудың нәтижелері туралы баяндама жасады [2, с. 285-299]. Күлтегін ескерткішінің қытай тіліндегі мәтіні бұл стелаланың б.з. VIII ғ. жататынын және түрік тілдерінің бірінде жазылған анықтауға мүмкіндік берді.

XIX ғ. аяғында Ресейде Орхон руна жазуын алғашқы зерттеуші академик В.В. Радлов [3, т. I-IV] және оның шәкірті П.М. Мелиоранский [4, с. 1-114] болды. Олардың пікірінше, қазақ тілінің дыбыс жүйесі 9 дауысты (а, о, ы, ұ, ә, е, ө, і, ү) және 20 дауыссыз (б, п, м, т, д, н, ж (дж), з, ш, с, р, к, г, у, л, л,, қ, ғ, ң, й) дыбыстан тұрады. В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский Орхон ескерткіштерінің тілі мен қазіргі қазақ тілін қатар зерттеген дара ғалымдар болды. Бұлардың дерегі – ғылыми шынайы. Ал, П.М. Мелиоранский: «Орхон мен Талас әліпбиі сол кездегі түрік тайпаларының талабы мен қажетін өтей білген, түрік тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алған», – деп бағалады.

Орхон бітіктастарындағы жазба ескерткіштерін зерттеуге XIX ғ. 80-жылдан бастап Ресей ғалымдары А.Н. Кононов [5, 256 с.], А.М. Щербак [6, 204 с.], В.Г. Гузев [7, 638 с.] үлкен үлес қосты. Сонымен қоса, Дания, Финляндия, Германия, Венгрия, Польша, Жапония, Түркия, т.б. елдің ғалымдары ат салысты.

Орхон түрік жазба ескерткіштерінің мәдени орыны туралы академик А.Н. Кононов: «Түрік руна жазуының ең көне ескерткіштері – түрік жазба-әдеби тілінің алғашқы үлгілері – көне түріктердің тіл мәдениетінің жоғары деңгейде болғанының бірден-бір көрсеткіші. Ең көнелері VII ғасырдың аяғына жататын түрік руналық ескерткіштерінің (ТРЕ) морфологиясы мен синтаксисінің дамыған дәрежесіне қарай, оның әдеби ескерткіш түріндегі жолашарлары болуы керек еді, өкінішке орай, олар бізге жеткен жоқ.

Атақты туыстары – Күл тегін мен Могилян ханның істері мен күндері туралы екі тамаша тарихи әңгіменің авторы Йоллұғ тегін бұл ескерткіште сақталған түрік жазба-әдеби тілінің жалғыз негізін қалаушы бола алмайды. Оның да, әдеби тәжірибесіне өзі сүйенген бұрынғы жолашарлары болғаны сөзсіз» [5, с. 3], – деп жазып қалдырды.

А.М. Щербак жіңішке [ä] дауыстысы көнеден келе жатқан дыбыс деп есептеді. Ғалым: «Жазбаларды салыстырмалы-палеографиялық зерттеу нәтижесі рунологиялық еңбектерде үлкен орын алып қана қойған жоқ, анығында Талас, Енисей және Орхон ескерткіштерінің арасындағы аз ғана сәйкессіздікті негіздеуге бағытталды» [6, с. 125], – деп жазды. А.М. Щербак аталған үш жазба бір тілдің үш диалектісінде жазылғанын білді.

Петербург түркология мектебі негізін қалаушы В.Г. Гузев "Основные положения концепции автохтонного происхождения тюркской руники" деп аталған еңбегінде: «КТРЖ ерекшеліктерін бұл жазбаның барлық автохтонды жазу жүйелеріне тән табиғи эволюциялық жолмен өткенін,

оның ішінде жазу алды қалпының (қызметтері шектеулі суреттік белгілер, кескіндер мен таңбалар бар), сөздік, буындық және алфавиттік кезеңдері және VIII ғасырдың басында оның әріптік жазуға айналғанын растау түрінде түсіндіруге болады» [7, с. 409], – деген шынайы ғылыми тұжырым жасады.

Керісінше, отандық ғалымдар І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев, М. Томановтар [ä] дауысты дыбысын «шығыс тілдерінің ықпалымен еніп, қазақ тілінде бергі кезде ғана пайда болған туынды фонема» деген теріс тұжырым жасаған.

Көне Түріктің руна жазба тілін зерттеуге, оның дыбыстық құрамын анықтауға біздің ғалымымыз F. Айдаров [8, 220 б.; 232 б.] елеулі үлес қосты.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық құрамын, олардың жасалу ерекшеліктерін анықтаумен шұғылданған. Біздің ойымызша, ғалым қазақ тілінің дауыссыз дыбыс-тарының құрамын дәл анықтаған. Ал, й, у дыбыстарын жарты дауысты дыбыстар деуі, оның қазақ тілінің дыбыс жүйесінің табиғатын толық түсінгенінің көрсеткіші [9, б. 373]. XX ғ. басында «Жаңа әріп пен жаңа емле және дыбыстарымыздың жіктері» тақырыбы бойынша қазақ фонетикасы мәселесімен Басымұлы Қ. [10, 132 б.], нәтижелі еңбек етті.

Қазақ тілінде сингармонизм заңына сай фонетикалық зерттеу жүргізген С.Мырзабеков [11, 200 б.] пен Ә. Жүнісбеков [11, 92 б.] болды. Профессор Ә. Жүнісбеков: «Қазақ тілінің дауысты-дауыссыз дыбыстары Европа тіл білімінің фонема теориясына бағынбайды, қазақ тілінде фонема жоқ, фонологиялық негіз буын» [12, б. 4], – деген шынайы пікір айтты.

К. Мұсаев: «Классическая система фонем пратюркского вокализма состоит, как мне представляется, из восьми идеально симметричных гласных пар, противопоставленных по 1) велярности-палактальности: а-е, о-ö, у-і, u-ü; 2) неогубленности-огубленности: а-о, е-ö, у-u, і-ü; 3) широте и узости: а-у, о-u, е-і, ö-ü» [13, б. 47-54], деген пікірін білдіреді. Ғалымның түрік тілінің дыбыс жүйесіне сай келмейтін деректі жазуы мүлде түсініксіз?!.

Т. Қайыркен: «Күлтегін ескерткішінің... ондағы руникалық мәтінді шешіп оқу XIX ғ. соңғы кезінде ғана мүмкін болды. Ең әуелі руналық мәтіндердің сырын ашуда ескерткіштегі қытай мәтінінің көмегі болды» [14, б. 29], – деп басты мәселені шешуге жол ашты. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін сегментті фонетика деп зерттеген З.Базарбаева [ä]-ні кейіннен кірген дыбыс демейді. «Қазақ тіліндегі байырғы дыбыстар төрт жұптан құрылған, олар: [а-ә], [о-ө], [ұ-ү], [ы-і], ал [е] жеке дифтонгоид» [15, б.], – дейді.

Түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың даму тарихына арнайы зерттеу жүргізген ғалым Ж. Жұмабаева [ä] дыбысын ата түрік тілінен келе жатқан байырғы дыбыстар қатарына жатқызады [16, б.]. [ä] дыбысының бағзыдан төл дыбысымыз екендігі мәселесі бойынша Г. Раева [17, б. 129-132], М.А. Тұрсынова [18, б. 69-74], Б. Әбдуәли [19, б. 151-156] және басқа ғалымдарымыз нәтижелі еңбек етті.

Түрік қағанатының құрылуы және олардың жетілген руна жазбасы Көк түріктерін әлемдік тарихи аренаға шығарды. Ал, олардың тарихын жаңғыртатын деректердің бірегейі Күлтегін ескерткіші болды. Күлтегін ескерткішінің жазылған тілі және оның дыбыстық құрамы неге даулы? Бұл туралы аталған белді ғалымдардың зерттеу нәтижелерін талдау дұрыс ғылыми тұжырым жасауға негіз болады, деп сенімдіміз.

Зерттеу нәтижелері.

Заманымыздың VI-VIII ғғ. – Таулы Алтайдың, оның аясында Түрік қағанатының асқақтап дамыған дәуірі. Таулы Алтайдың шығысында Орхон-Селеңгі өзендерінің бойынан табылған бұл ескерткіштерді заманында кім жасаған, олар қай тайпаның тілінде жазылған, жазба тілінің дыбыс жүйесі қандай, неге ол тілде [ä] дыбысы болмаған?, – деп қабылданған. Бұл туралы жат жұрттың ғалымдары не дейді? Иә, бұл руна жазбаның ашылмаған сыры мен шешілмеген жұмбағы әлі көп.

Ұлы Дала тұрғындары – көшпелілердің мәдени мұрасы – сан ғасырлық көне руна жазбасы сақталып қалды. Мұндай жазбалы ескерткіштер Ресей, Қазақстан, Қытай, қазіргі Моңғолия және Еуропа мемлекеттері жерінде ірі мәтіндер немесе майда жазбалар түрінде кездеседі. Көк түріктерінің мекені Алтай аймағында көне заманнан, дәлірек айтсақ б.з. VI-X ғасырларынан бізге жеткен осы «жазбалы ескерткіштер тілінде неге [ä] дыбысы болмаған?, – деген өзекті ғылыми мәселені үш тұрғыдан қарастырамыз.

1. Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі Білге-Күлтегін ескерткішіндегі қытай мәтінінің көмегі;

2. Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі ұлттық генетикалық факторлардың орны;

3. Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі физиологиялық зерттеудің көмегі.

Мақсатымызға сай, енді осы үш тақырыпты қысқаша жеке-жеке қарастырамыз.

1. Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі Білге-Күлтегін ескерткішіндегі қытай мәтінінің көмегі туралы.

Біздің бұл тақырыпты қолға алуымызға Т. Қайыркеннің аталған еңбегі себеп болды. Енді сол еңбектен үзінді. Т. Қайыркен: «Күлтегін ескерткішінің ғылым әлеміне танымал болу тарихы тым ертеректен басталғанымен, ондағы руникалық мәтінді шешіп оқу XIX ғ. соңғы кезінде ғана мүмкін болды. Ең әуелі руналық мәтіндердің сырын ашуда ескерткіштегі қытай мәтінінің көмегі болды» [14, б. 29], – деп жазды.

Шынында, В. Томсен шешімі өте қыйын бұл жұмбақ зерттеумен 1886 жылдан бастап шұғылданғанмен, ол уақытта Орхон ескерткіштерінің қай халықтың туындысы және қай тілде жазылғаны толық белгісіз болатын. Әлем ғалымдары ұсынған көптеген болжамдар мен қарама-қайшы пікірлер нәтиже бермеді. Міне, осындай белгісіз заманда В.Томсен Күлтегін ескерткішінің артқы бетіндегі қытай мәтініне назар аударды. Бұл – Орхон ескерткіштерінің сыры ашылуының бастауы болатын және болды.

Көп жылдық мақсатты зерттеу нәтижелі болды. 1893 жылы 15 желтоқсанда Дания Королдік академиясының мәжілісінде профессор В.Томсен руналық жазудың оқылуының сырын ашудың нәтижелері туралы баяндама жасады [2, с. 285-299].

Көк түріктері қолымен қашап қалдырылған ескерткіштер бір ғана түрік тілінде емес, қытай тілінде де жазылған. Біз зерттеу жұмысында кьпай тілінде басылған жазбаларда аталмыш жазбалар пайда болған дәуірдің бір тұтас тарихи-хронологиялық байланысын көрсетуді және жазбаларға тарихи дерек тұрғысынан қарауды мақсат қылдық.

Орхон руна ескерткіштеріндегі қытай мәтіні – VI-IX ғғ. орнатылған ескерткіштерде көне қытай тілінде, дәстүрлі қытай иероглифтерімен нақышталған жазбалар. Олар көне Түрік Елі (мемлекеті) мен Қьпай патшалығы арасында қалыптасқан түрлі саяси, экономикалық, мәдени, рухани қарым-қатынасгарды айғақтайтын деректер жиынтығы.

Қытай мәтіндері Орхон ескергкішіндегі түрікше жазбаларды қайталамайды, кейбіреу ойлағандай, көне руналық жазбалардың аудармасы да емес. Жазбаларда баяндалатын тарихи окиғалар мен тарихи тұлғалар, олардың болған уақыты, орыны дәстүрлі қытай деректері мен түрікше руналық мәтіндерде кездеспейді. Сонымен қоса, бұл жазбалар бұрыннан қолда бар деректерді толықгыра түседі. Сол себепті, олар еш өзгеріске түспеген, қайталанбайтын жаңа деректер қатарына жатады. Бұл – Отан тарихының жаңа дерек көзі.

Осыдан бастап Суй және одан кейінгі Таң әулеті Дала көшпелілерінің күшін әлсірету мақсатында «сына саясатын» (反间政策) қолданып, оларды бір-біріне айдап салды. Даниялық түріктанушы В. Томсен бұл саясатты «Қытай қаскүнемдігі» деп атайды. Міне, бұл ғалымның қытай тілін жақсы меңгергенінің дәлелі. Осы білім В. Томсенге Күлтегін мен Білге қаған ескерткішінің сырын ашуға мүмкіндік берді. Шынында, белгісіз халықтың, белгісіз тілінде жазылған мәтіндердің тура тәржімасы емес, қытай мәтінінің көмегімен оқылу кілтін табуы – керемет. «В. Томсен – кемеңгер адам»!

В. Томсеннің алғаш сырын ашып, оқыған сөздері «түрүк», «тәңір» және «мәңгү» сөздері болды. Орхон ескерткіштері тілінің дыбыс жүйесі мен қытай тілінің дыбыс жүйесі және бұл сөздердің екі тілде дыбысталулары толық сай келмейді. Сонымен қоса, тілдердің сөз құрау жүйелері де бөлек. Нәтижесінде, айтарлықтай сөздік алшақтық пайда болады. Осы сөздердің бірнеше тілдегі бейнесі 1-ші кестеде берілді.

1-кесте. Түрүк, тәңір және мәңгү сөздерінің түрлі тілдік бейнелері

№ р/р	Қазақша	Көне руна түрікше	Латынша транскрипция	Қытайша жазба	В. Томсенше оқылуы
1	Түрүк		'türük'	突厥	'türk'
2	Тәңір		'täŋir'	腾格里	'tengri'
3	Мәңгү		'bäŋgü'	绵古	'bengü'

Орхон көне жазба мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі Күлтегін ескерткішіндегі қытай мәтінінің көмегі осылар. Тек В. Томсен тілде жіңішке [ä] дыбысы болмаса, онда ол тілде жіңішке [ö], [ï] және [ü] дыбыстары да болмауы керегін ескермеді.

2. Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі
ұлттық генетикалық факторлардың орны

Кез-келген тілдің дыбыстық құрамын зерттеу үшін оның табиғи заңдылықтарын (генетикалық факторларын) анықтап білу керек. Генетикалық фактоларға сәбидің дүниеге келген сәтінен бастап 11 айлық шамасына дейін ешкімнің үйретуінсіз, өз бетімен гуілдеуінен бастап, жекелеме буын тіркестерін дыбыстаулары жатады.

Тілдің табиғи жаратылысын және оның ұлттық дара ерекшеліктерін тану үшін сәбидің тілі шығар алдында сөйлеу мүшелерін қозғауын табиғи қалыптастыруына, толық игеруіне және жеке дыбыс пен жекелеме буындарды дыбыстауларына және айту ерекшеліктеріне көп жылдық бақылау жүргізілді.

Қазақ сәбиі дүниеге келген сәтінде алғаш «ə-ə-ə» дыбысын қатты шыңғырып айтады.

Қырқынан шыққан қазақ сәбиі өз бетімен гуілдеуді бастайды. Бұл – тіл дыбыстары. Десек те, бұл сәбидің тіліндегі алғашқы буындар болатын: «ə-ə-ə», «е-е-е», «ө-ө-ө», «і-і-і», «ү-ү-ү» секілді кілең жіңішке дауысты дыбыстарды айтып дыбыстайды.

Сәби қыз бала 8-9, ал ұл бала 9-10 айлық шағында «дән-дән-дән», «бән-бән-бән», одан кейін «нән-нән-нән, «мән-мән-мән» секілді үш буындық буын тіркестерін өз бетімен айта бастайды. Келтірілген буын тіркестерінің басты ерекшелігі: кілең жіңішке әрі тек «ə» дыбысы арқылы жасалған үнді немесе ұяң дауыссыз дыбысты буындардың тіркесі.

Сәбидің тілі шығар алдындағы шағында (қыз бала 9 айдан, ал ұл бала 10 айдан кейін) ауызынан шыққан сан-алуан буынға талдау жүргізілді. Нәтижесінде, қазақтың мына секілді ұлттық сөйлеу ерекшеліктері анықталды.

1. Сәби тілі шығар алдында, ең бірінші тіл ұшын төменгі күрек тістердің ұшына тіреуді үйреніп, қалыптастырады (қазақтың [ə] дыбысының жасалуындағы тілдің қалпы).

2. Аталған қалыптастырудың нәтижесінде қазақ сәбиі ең алдымен өте жіңішке [ə] дыбысын айтады.

3. Одан әрі сәби тіл ұшын төменгі күрек тістердің ұшына тіреп тұрып, тіл алдын үстіңгі күрек тістердің ұшына тигізуге дағдыланады (қазақ тілінің [т-д] дыбыстарының жасалуындағы тіл ұшының және тіл алдының қалпы).

4. Бұл қалыптастырудың нәтижесі: сәби жіңішке дыбысталатын «ə-дə-дə», «əд-əд-əд» буындарын қайталап айтып жүреді. Аталған кезеңде үлкендер: «... сәби былдырлап жүр, енді тілі шығады» дейді.

5. Бұдан әрі, сәби тілінің алдын үстіңгі күрек тістерге нық тигізуді, тіл ұшы мен ауыз қуысындағы басқа сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерін ширықтыруды меңгереді, нәтижесі: «əд-əд-əд» буындары «ət-ət-ət» бола бастайды.

6. Осы қалыптастырудың нәтижесінде сәби бір күні «ət» буынын айтып, одан кейін «ə-тə» сөзін анық айтады (сәбидің 10-11 айлық арасы). Бұл сәбидің ата-әжесіне, ата-анасына және үйдегі басқа үлкендерге де қуанышты күн: сәби «ата» деді – сәбидің тілі шықты. Шындығында ол «ətə» дейді, ал қуанған үлкендер оны аңғармайды.

7. Бұдан әрі қазақ сәбиінің тілі біртіндеп жуандай береді (тіл ұшын төменгі күрек тістердің орта тұсына тіреуді меңгереді) – жіңішке «ə» дыбысы аралық жуан «а» дыбысына алмасады, бала ретімен «ата», «апа», «аға» сөздерін айтады және бұлай айту тұрақты (біздің әліппедегі дыбыстарды орналастыру реті де, жас балаға буын-сөз үйрету реті де осы табиғи заңдылыққа сай келуі тиіс деуіміз осыдан).

Бұл қыз балалардың 10-11 айлық, ал ұл балалардың бір-екі ай кейін жас шамасында байқалады. Әр түрлі кешеуілдеулер де кездеседі. Қазіргі «басқа тілде оқыған» ата-әжелер, ата-аналар тілі шығар алдында осылай былдырлай бастаған сәбилеріне қанында жоқ, жат «мама», «папа» және «апашка», «аташка», «дəс-дəс» сөздерін зорлап үйретіп, нәтижесінде бала 2 немесе 3 жасқа дейін таза сөйлемей қояды.

Міне, Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі ұлттық генетикалық факторлар осылар. Бұл – бір емес, бірнеше мыңжылдықтың жемісі. Егер көне тілде жіңішке [ä] дыбысы болмаса, онда ол тілде жіңішке [ö], [ї] және [ü] дыбыстары да болмауы керек. Бұл да генетикалық фактор.

3. Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі физиологиялық зерттеудің көмегі

Бүгінгі қазақ тіл білімінде тіліміздегі дауысты дыбыстардың саны мен сапасы туралы жаңжақты зерттеу бар, бірақ ортақ пікір мен қалыптасқан бірізділік жоқ. Бұл пікірталас "Орхон жазбаларында [ä] дыбысы жоқ" мәселесімен тікелей байланысты. Қазақ тілінде бір сөз жеке

дыбысталмайды. Тілімізде қатар келіп, өз-ара мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрған екі не үш сөз үндесіп, тұтас бір деммен, біркелкі тембрмен дыбысталады. Бұл – сөз тіркесі, біз жоғалтып алған асылымыз осы.

Қазақ тілінің жіңішке-жуан дауысты дыбыстардың ауыз қуысында физиологиялық жасалымын [20-25] баяндайық. Зерттеу барысында таңбалық бірізділік үшін жіңішке дыбыс үстіне қос нүкте [ä], аралық дыбыста бір нүкте [ȧ], ал жуан дыбыс [а] өз қалпында берілді.

Қазақ тілінің жіңішке [ї] (сол жақта) және жуан [ı] (оң жақта) қысаң дыбыстарының жасалуындағы ауыз қуысы резонаторының формалары 1-суретте берілді. Жіңішке жартылай ашық [е] (сол жақта) және аралық ашық [ȧ] (оң жақта) дыбыстарының жасалуындағы ауыз қуысының формалары 2-суретте берілді. Жіңішке [ä] (сол жақта) және жуан [а] (оң жақта) ашық дыбыстарының жасалуындағы ауыз қуысы резонаторының формалары 3-суретте берілді. Дыбыстау кедергісі және оның шамасы (h) қос көрсеткімен берілді.



1-сурет. Қазақ тілінің жіңішке [ї] (сол жақта) және жуан [ı] (оң жақта) дыбыстарының жасалуындағы ауыз қуысы резонаторының формасы



2-сурет. Қазақ тілінің жіңішке [е] (сол жақта) және аралық [ȧ] (оң жақта) дыбыстарының жасалуындағы ауыз қуысы резонаторының формасы

3-сурет. Қазақ тілінің жіңішке [ä] (сол жақта) және жуан [а] (оң жақта) дыбыстарының жасалуындағы ауыз қуысы резонаторының формасы

Зерттеу дерегі: жіңішке [ä] – иектің төмен түсіп, ауыз қуысының кең ашылуынан пайда болатын ашық дыбыс. Жасалу ерекшелігі: дыбыстау кедергісі тіл ортасының жұмсақ таңдайдың алдыңғы тұсына қарай көтерілуінен пайда болып, ал тіл ұшы астыңғы күрек тістердің ұшына жанасып, ауыз қуысында кең дыбыс резонаторы пайда болуымен жасалады. Ал, [ï], [e]-да дыбыстау резонаторлары әрі дыбыстау кедергісі саңылауының шамасы (h) әртүрлі, [ï] – қысаң, [e] – жартылай ашық дыбыс. Бұл үшеуі езулік дыбыстар. Еріндік [ö], [ü] дыбыстарының жасалуында ерін сүйірленіп алға шығыңқы, кедергі орындары бірдей. Демек, жіңішке-жуан дауыстылардың жасалуында табиғи физиологиялық заңдылық бар.

«Егер тілде [ä] дыбысы болмаса, онда ол тілде жіңішке [ö], [ï] және [ü] дыбыстары болмауы керек деуіміз» физиологиялық заңдылықтарға сай жасалған тұжырым. Тілдің жекелеме дыбыстары нерв жүйесінің ауыруынан немесе бастан травма алған адамның тілінде болмауы мүмкін. Бірақ, бұл жалпылама физиологиялық заңдылық емес.

Физиологиялық зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, қазақ халқының сингармониялық тілінің дауысты дыбыстар жүйесі: ашық – [ä]-[a], жартылай ашық – [e], [ö]-[o] және қысаң – [ï]-[ı], [ü]-[u] тоғыз дауысты дыбыстан құралған. Үстем саясат кіргізген дыбыс ұлттық тілде ұзақ тұрақтамайды. Ұрпақ ауысқанда, ол да ұмыт болады. Сондықтан, Орхон ескерткіштері жазылған найман тайпасының тілінде бүгін бар [ä] дыбысы сол заманда да болғаны дау тудырмайды.

Қорыта айтарымыз: заманында Махмұт Қашқари Орхон ескерткіштерінің жазуын өз көзімен оқыған бірінші ғалым. Нәтижесінде сегіз кітаптан тұратын Түрік сөздігін жазған. М.Қашқаридің Түрік сөздігінде жіңішке [ä] дыбысы бар. Оның еңбегі – басты дерек.

Ғалым Т.З. Қайыркен Күлтегін ескеткіші еңбегіндегі қытай мәтіндерінің деректерін қарастырған. Бұл жазбаны алғаш аңғарған Т.З. Қайыркен қытай тілін жетік меңгерген ғалым. Міне, Орхон ескерткіштері тіліндегі [ä] дыбысын В. Томсен қытай мәтіндеріндегі жазбаға сай [e] қылып алған. Орхон ескерткіштері тілінде [ä] дыбысының болмауының негізгі себебі осы деуге негіз бар. Ал, найман тілінің генетикалық және физиологиялық факторлары бұл тілде [ä] дыбысының ұзақ заманнан бері барын және тұрақты қызмет атқаратынының дәлелі.

Қорытынды

• Мақала VI-VIII ғасырларда Алтай аймағында жасалған Орхон руна ескерткіштері мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешуге арналған. Заманында Алтай өлкесіндегі жазба тіл – Түрүк Елін құрған Көк түріктерінің тілі, – найман тілі екені анықталды.

• Бұрынғы еңбектерде Орхон жазбасының тілі және оның дыбыстық құрамы айтылса да, сол зерттеу нәтижелері жүйеленіп, бір тақырып аясында қарастырылмады. Мақалада осы зерттеу материалдарын М. Қашқаридың Түрік сөздігі мен Т. Қайыркеннің Күлтегін ескеткіші еңбегіндегі қытай мәтіндері деректерін салыстыра қарастыру арқылы Орхон ескерткіштері тіліндегі [ä] дыбысы мәселесін шешу жүргізілді.

• Орхон мәтіндеріндегі [ä] дыбысының жұмбағын шешудегі ұлттық генетикалық фактордың рөлі ерекше. Өйткені, генетикалық фактор – бір емес, бірнеше мыңжылдықтың жемісі. Егер көне тілде жіңішке [ä] дыбысы болмаса, онда ол тілде жіңішке [ö], [ï] және [ü] дыбыстары да болмауы керек. Бұл – генетикалық фактор. Бүгінгі найман тілінде [ä] дыбысы бар. Демек, Көк түріктерінің тілінде жіңішке [ä] дыбысы бар екені даусыз.

• Көпжылдық физиологиялық зерттеудің нәтижелері Орхон ескерткіштері жазылған найман тайпасының тілінде бүгін бар [ä] дыбысы, сол заманда да болғанын толық дәлелдеп беретін соматикалық факторлар екені анықталды.

Әдебиеттер тізімі

Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.; 2-том / 2017. – 528 б.; 3-том / 2017. – 600 б.

Thomsen V. Dechiffrement des inscriptions de L'Orkhon et de L'jenissei. Notice preliminaire //Bulleten de Academie des scienes et de Danemark, 1893. pp. 285-299.

Радлов В.В. Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы. – Лейпциг, 1882 (неміс тілінде); Сонікі: Алтын сандық. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 254 б.

Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-тегина // ЗВОРАО. СПб.: 1899. Т. 12. – С. 1-144; Его же: Краткая грамматика казах-киргизского языка. Ч. I. – СПб.: 1894. – 72 с.

Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: 1980. – 256 с.

Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – 204 с.

Гузев В.Г. Избранное: к 80-летию / Отв. ред. Н.Н.Телицин. – СПб.: Изд. «Студия «НП-Принт», 2019. – 638 с. ISBN 978-5-6043440-1
Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.; Сонықі: Күлтегін ескерткіші: зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
Басымұлы Қ. Шығармалары. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Алаш Орда, 2018. – 240 б.
Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-словарь басп., 1999. – 200 б. ISBN 5-7667-4538-9
Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского языка. АДД. Алма-Ата, 1988, 58 с.; Его же: Просодика слова в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 91 с.
Мусаев К. О девятой гласной фонеме «ä» в древнетюркских языках рунических **памятников** и в пратюркском //Түркология, Туркестан. 2004. № 1. – С. 47-54.
Қайыркен Т.З. Күлтегін ескерткіші. Тарихи-деректанулық зерттеу: монография. – Алматы: "ЛАНТАР BOOKS", 2022. – 317 б. ISBN 978-601-361-246-1
Базарбаева З.М. Сегментті және суперсегментті фонетика салалары. – Алматы: 2016. – 533 б. I8BM 978-601-7293-37-6
Жұмабаева Ж.Т. «Ә» дауысты фонеманың мәселесі. // Тілтаным. 2007, № 2. 55 б.
Раева Г. Түркі тілдеріндегі ә фонемасының қалыптасу және даму жолдары // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2010. № 4 (1) – 129-132 б.
Тұрсынова М.А. Қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір дауыстылардың сипаты // Қарағанды университеті Хабаршысы. Филология сериясы № 4(60)/2010. б. 69-74.
Әбдуәли Б. Қазақ тіліндегі Ә дыбысының шығу тарихы // Л.Н. Гумилев ат. ЕНУ Хабаршысы. Саяси ғыл. Аймақ. Шығыс. Түркітану сериясы, № 2 (127) / 2019, б. 151-156.
Сергалиев М.С., Бейсетаева Ж.Р., Бейсетаев Р. Физиология сингармонической речи казахов в норме. / В кн.: Проблемы высшего образования и науки в XXI веке. Матер. междунар. науч.-практ. конф. – Караганды: Изд. КарГУ, 2002. – С. 201-205.
Кулкыбаев Г.А., Сергалиев М.С., Бейсетаев Р. Сингармонический казахский язык – главное духовное наследие прошлого. // В сб.: Третий Международный ЕНФ – «Народы Евразии: культура и общество». – Астана: Изд. ЕНУ, 2004. – С. 238-240.
Құлқыбаев Ғ.Ә., Бейсетаев Р. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Қарағанды: Санат, 2004. – 144 бет.
Бейсетаев Р., Кулкыбаев Г.А. Тембральные дифференциальные признаки слога в тюркской фонологии. // Журн. Түркология, Туркестан, 2006, № 3. С. 20-34.
Бейсетаев Р., Алшынбекова Г.К., Жакин А.Д., Еселханова Г.А. Физиология турбулентного образования звуков речи в ротовой полости человека в норме // Вестник ЕНУ имени Л.Н.Гумилева. Сер. Биологическая – № 4 (101). – 2014. – С. 244-252.
Кулкыбаев Г.А., Бейсетаев Р., Тыкежанова Г.М., Алшынбекова Г.К., Жакин А.Д., Еселханова Г.А. Функций мягкого нёба при звукообразовании в норме: функциональная анатомия и нормальная физиология. // Доклады НАН РК. Том 4, № 302 (2015), с. 240-249.

ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Жауымбаев С.У., т.ғ.к., профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Қазақстан тарихын археологиялық тұрғыдан зерттеуі 1768-1774 жылдары Еділ, Жайық бойынан бастап Солтүстік Қазақстанды тарихи, географиялық және этнографиялық бағытта зерттеу үшін жасақталған Россияның екінші академиялық экспедицияның еңбектерінен кездестіреміз. Экспедиция құрамында атақты ғалымдар П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Георги, П.И. Рычков, Х. Барденес болды. П.И. Рычковтың «Орынбордың топографиясы» атты еңбегінде осы өңірдегі ежелгі кен түсті металлдар қазылған кен орындары және оны қорытқан қоныстар картаға түсірілген. 1771 ж. Жезқазған өңірімен Торғай даласында болған Н.П. Рычков Кеңгір өзенінің бойындағы, Жезқазғанның өз басындағы ежелгі орындарын көріп таң қалса, Торғай даласындағы

биіктігі 15 сажен, диаметрі 135 сажен темір дәуірінің қорғандарын салған ескерткіш» деп топшылайды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан территориясы геологиялық тұрғыдан зерттеле бастады. Орталық және Шығыс Қазақстанның жерлерінде болған И.П. Шангин, Г. Генс, Б.Ф. Герман ежелгі кен қазған орындарды картаға түсіріп, көптеген археологиялық ескерткіштер туралы жазып қалдырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Сырдария және Жетісу облыстарның құрылуына байланысты Россиядан тарихи музейден, Москва археологиялық қоғамынан зерттеушілер келе бастады.

Археологиялық ескерткіштерге ұлттық ғалымдардың ішінде алғашқы көңіл аударған Шоқан Уәлиханов. Ол өзінің Жетісуға сапарында Омбыда бастап Оңтүстік Қазақстанға дейінгі тарихи ескерткіштерді жазып отырды, әсіресе Жетісудағы ортағасырлық қалалар Талғар және Шеңгелді туралы мағұлматтары өте құнды.

1862 ж. В.В. Радлов Семей маңындағы қола дәуірінің қорғандарына қазба жұмыстарының жүргізді. Ол 1866-1869 жж. арасында Павлодар және Жетісу жерлеріндегі әр дәуірдің ескертіштеріне қазба жұмысын жүргізіп, археологиялық кезеңдерге бөлуге әрекет жасады. Оны «Ежелгі Сібір» атты еңбегінен көреміз.

1867 ж. белгілі шығыстанушы П. И. Лерх археологиялық комиссияның тапсырмасымен Түркістан өлкесіне келді. Сырдария бойындағы Сауран, Сығнақ қалаларында болып Жент қаласына шағын қазба жұмысын жүргізді. Осы сапарында П. И. Лерх Томас өзенінің бойында бірнеше ортағасырлық қалалар жайлы жазады.

1893-1894 жж. Шу, Талас даласына, Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалар туралы шығыстанушы академик В.В. Бартольд шығыс тілдерін жетік білген адам, болғандықтан қытай, араб жазба деректеріндегі Қазақстанның қалалары, олардың орны туралы алғашқы нақты дерек берді. Тараз, Отырар, Испиджаб т. б. ортағасырлық қалалардың дәл орнын В.В. Бартольдтың еңбектері арқылы анықталды. Осы сапарында В.В. Бартольд Ташкент қаласында «Түркістанның археологиялық үйірмесі» атты археологтардың қоғамын құрды, 1904 ж. оның құрамында Отырар қаласында алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген Н.Н. Пантусов, В.А. Каллур, А.А. Черкасов ғалымдар болды. Қазақстанның Семей өлкесін алғашқы зерттегендердің бірі В. Коншин
«Семей облысында ежелгі ескерткіштер» деген еңбегінде көптеген археологиялық ескерткіштерге сипаттама береді. XX-ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қазақстан территориясына СССР Ғылым академиясы үлкен экспедиция ұйымдастарды. Оның құрамында М.П. Грязанов, М.И. Артомонов, И.В. Спицин, М.Н. Комарова, П.С. Рыков сияқты белгілі ғалымдар болды. Археологтардың Нұра, Шерубай Нұра, Жақсы және Жаман Сарысу өзендерінің бойындағы қола дәуірінің ескерткіштеріне қазба жұмыстарының нәтижесінде Нұра өзенінің бойындағы қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын Дәндібай қорғанынан Сібірдің қарасұқ мәдениетіне ұқсас заттар табылады. Қостанай жерінен 1930-1939 жылдары О.А. Кривицова-Гракова Алексеев демалатын көне қонысымен зиратын қазып қола дәуірінің көптеген тарихи ескерткіштерін ашты.

1935-1937 жылдар Шығыс Қазақстанды зерттеген С.С. Черников Қалбы және Нарым тауларынан қалайы, мыс, алтын қазған ежелгі кен орындарын тауып, олардың қола дәуірінен бастап игерілгендігін дәлелдеді. СССР Ғылым академиясы, Ғылым академиясының Қазақстан филиалымен бірлесе отырып 1936-1940 жылдары Жетісу археологиялық экспедициясының ұйымдастырды. Экспедиция жетекшісі А.Н. Бернштамның басшылығымен орта ғасырлық қалалардың орындары, түрік дәуірінің қорғандары, тас мүсіндері зерттелді. Осы жылдары Тараз қаласының орнын қазу басталды. Луговое, Аспара, Мерке, Талғар, Дунғане қалаларының орындарына барлау жұмыстары жүргізді.

1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылып, құрамында тарих, археология және этнография институты ашылды. Осы кезден бастап Қазақстанның археологтары зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ә.Х. Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарыарқаның қола және темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеуді бастады. Арқа өңіріндегі зерттеу кезінде Ә. Марғұлан Нұра, Сарысу өзендерінің бойынан, Ұлытауда орта ғасырлық қоныстары мен қалардың орындары картаға түсірді.

Қазақстандағы екінші ірі эспедиция А.Н. Бернштаммен, Е.Н. Агееваның басшылығы мен Оңтүстік Қазақстанда құрылды. Экспедиция Шу, Сырдария өзендерінің бойындағы Қаратау маңындағы ортағасырлық қалаларды картаға түсіріп, барлау жұмыстарын жасады.

1945-1946 жж. Сырдариянық төменгі ағысындағы ежелгі дәуір ескерткіштерін СССР Ғылым академиясының С.П. Толстов бастаған Хорезм археологиялық экспедициясы зерттеп, ортағасырлық Алтын асар, Бабіш мола, Шерік Рабат қалаларының орнына қазба жұмыстарын жүргізді.

Бұқтарма ГЭСін салуға байланысты 1947 ж. С.С.Черниковтың басшылығымен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ұйымдастырылып неолит дәуірінен орта ғасырғы дейінгі аралықтағы ескерткіштер зерттелді.

1948 ж. Саратов мемлекеттік университеті И.В. Спицинның басшылығымен Батыс Қазақстанда Алтын Орда дәуірінен қалған ескерткіштердің орнындарын зерттеу басталды.

1954 ж. Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология, және этнография институты Қапшағай ГЭС-нің құрлысының басталуына байланысты К.А. Акишев бастаған Іле археологиялық экспедициясын құрды. Экспедиция Іле өзенінің бойындағы, жалпы Жетісудағы көптеген сақ, үйсін дәуірлерінің қорғандарын картаға түсіріп, қазба жұмыстарын жүргізді.

1955 ж. СССР Ғылым Академиясы Батыс Қазақстанға Сорокин бастаған археологиялық экспедиция ұйымдастырып Ақтөбе облысындағы қола дәуірінің Тастыбұлақ қонысы және зираты қазылды. Осы жылдары Жетісу жерінде А.Г. Максимова басқарған Жетісу археологиялық эспедициясы Алатау шатқалдарынан Тамғалы-тас атты тасқа салған неолит, қола және темір дәуірлерінің бейнелейтін суреттерді ашты.

50-жылдардың аяғынан бастап Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау бойының ежелгі палеолит дәуірлерінің тұрақты Х.А. Алпыспаевтың басшылығымен зерттеле бастады. Шелль-Ашелль кездеріне жататын Бөріқазған тұрақтарының табылып, зерттелуі Қазақстан тарих ғылымы үшін үлкен жаңалық болды. 1959 ж. Сырдария өзенінде Шардара ГЭС-ін салуға байланысты Оңтүстік қазақстандағы ортағасырлық Ақтөбе және Шәушіқұм қалаларын, қаңлы кезеңінің зираттары қазылды.

Көп жылдық археологиялық зерттеулердің нәтижесінде 1960 ж. Қазақстанның археологиялық картасы атты үлкен еңбек жарық көрді.

60-шы жылдардың аяғындағы ортағасырлық қалаларды зерттеуде Т.Н. Сенигова Тараз қаласында кең көлемде қазба жұмысын жүргізді. Соның нәтижесінде Тараз қаласының қашан салына бастағандығы, қыштан, шыныдан ыдыстар жасайтын шеберханалардың орындары, металл қорытқан пештер, Талас өзенінен су тартқан құбыр жүйелері, монша т.б. қала кварталдары зерттелді.

Жетісу археологиялық экспедициясында орта ғасырлық қалалары зерттейтін топ құрылып оған К.М. Байпаков басшылық жасады. Бұл топ Сумбе, Талғар, Жақсылық, Құлан, Азпара қалаларына қазба жұмыстарын жүргізді.

1969 ж. Отырар қаласын археологиялық тұрғыда кең көлемде қазу жұмысы басталып, оған Қ.А. Акишев басшылық жасады. Кейіннен бұл экспедиция Оңтүстік Қазақстанның археологиялық экспедициясы деп аталып, құрамына белгілі ғалымдар К.М. Байпаков, Л.Б. Ерзакович, С.М.Ахынжанов, Б.Нұрмұхамбетов, С.Жолдасбаев, т.б. жұмыс істеді. Сол экспедициясының құрамында бүгінде Қарағанды мемлекеттің университетінің профессоры сол кездегі студент С.У.Жауымбаев. Экспедициясының негізгі міндеті Отырар ойпатындағы ортағасырлық қалалар Отырар, Қостөбе, Көкмардан, Мардан, Күйік, Қаратау маңындағы Түркістан, Құмтөбе қалаларына қазба жұмыстарын жүргізу арқылы Қазақстаннын ортағасырлық тарихын зерттеуді тереңдету болды.

1971 ж. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінде археология және этнография кафедрасы ашылып Шымкент, Жамбыл облыстарындағы ортағасырлық қалалар зерттеле бастады. 1969-1970 жылдары Алматы маңындағы Есік көлінен К.А: Акишев сақ дәуірінің атақты “Алтын адам” аталған қорғанын қазды. Оған бір топ студенттермен бірге осы оқулықтың авторының бірі де қатынасты.

70-ші жылдар Ертіс-Қарағанды каналының салуына байланысты Орталық қазақстанда М.Қ. Қадырбаевтың басшылығымен ежелгі темір дәуірінің Тасмола және Нурманбай қорғандары қазылып, Тасмола мәдениеті деп аталады. Осы жылдары Арқа өңірінен 30-қола дәуірінің қоныстары картаға түсіріліп, Атасу, Ортау, Бұғұлы, Ақсу-Аюлы, Байбола, Жамантас, Тағабай бұлақтар атты қоныстарына қазба жұмыстары жүргізілді.

Орталық Қазақстанда ұзақ уақыт археологиялық тұрғыда зерттеудің нәтижесінде 1966 ж. Ә.Х. Марғұланның, К.А. Акишев, М.Қ. Қадырбаев, М.М. Оразбаев “Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті” атты монография шығарды. Кейіннен Ә.Х. Марғұлан осы еңбектің жалғасы ретінде

“Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті” деген қола дәуірінің соңғы кезеңіне арналған көлемді еңбек жазды, оның тарихнамалық мәні бар.[1, 112 б.]

The first domestic work on the topic of the Semipalatinsk test site was published in July 1992 by Keshrim Boztayev under the title "Semipalatinsky test site" [2]. Here the author writes about the fact that from the beginning of the atomic bomb test of his homeland, the local population suffered, at the end of the twentieth century intervened in the voice of the soul of the degraded region and took part in the closure of the test site. In this work, the author cannot reveal the truth, he lacked a lot of data and facts. This empty, unspoken place was supplemented by the second "Syndrome Kainara" [3] in a book published in 1995. And the third book by Keshrim Boztaev, published in 1998, is called" August 29 " [4]. Here, after the closure of the landfill, he touches on the issues of rehabilitation and treatment of the

Kazakh population affected by radiation, focusing with full truth on the internal and not external conditions of the population. The book, which gave rise to the idea that these problems can be solved with all international help, contains the speeches of many famous scientists and public figures at an international meeting. Turko R. P., Tun O. B., Akerman G. P., Pollan J. B., Sagan K., in their works "climatic past of the Mediterranean War", focused on the phenomena of nature as nuclear "winter", nuclear "night", highlighting the complex conditions arising from it [5].

There are dissertations on the harm, consequences, and impact of nuclear tests. For example, Zhylkyshybayeva K. K. "Harm and consequences of testing weapons of mass destruction on the territory of Kazakhstan". (1946-1991) [6]; Amanbayev A. S. "The History of ecological development of Kazakhstan". Dissertation prepared for the degree of candidate of historical sciences [7]. Dzhangirova G. S. dissertation for the degree of candidate of historical sciences "History of the anti-Soviet movement in Kazakhstan " [8].

It should be noted that the materials of the periodical press as the main tool in the preparation of the article were of great factual importance. Article by O. Suleimenov "The main stages of nuclear competition " in the newspaper "Kazakh literature "[9], article by K. Berdiongaruly "The nuclear threat has not decreased " of the newspaper" People's Council "dated April 22, 1993 [10], article by T. Medetbek "Radiation" of the newspaper "Egemen Kazakhstan " dated August 31, 1991 [11], article by the newspaper "Kazakh literature " dated December 6, 1990 A. Zhumabekov's article "Atomic bomb dragged by a horse " [12], The Magazine" Border Guard " 2005 No. 5 M. Sharip's article "The symbol of suffering": the memory of a soldier who saw 500 test explosions at the Semipalatinsk test site since August 29, 1949 was published. Valuable information was obtained from these and other periodicals.

There is strict control over access to the city, and barbed wire is stretched around the perimeter of the settlement. This is due to the fact that Kurchatov was the technological center of the Semipalatinsk nuclear test site. The city is named after the physicist Igor Kurchatov, who was considered the "father of the national nuclear bomb", who often visited here during special tests and business trips. Kurchatov was founded in 1947 45 kilometers from the test site of the first Soviet nuclear bomb - on the northern border of the Semipalatinsk test site. Since 1949, it has received the status of a city. After the collapse of the USSR, the population of the city of Kurchatov was significantly reduced due to the closure of military facilities. In search of a better fate, many military and scientists left the former closed city. Nowadays, all the blocks of five-story buildings are empty, resembling a post-apocalyptic landscape. In Soviet times, the government is trying to revive the scientific and technical potential of Kurchatov. The city has a National Nuclear Center consisting of several nuclei (geology, nuclear physics, research in the field of nuclear energy). The Nuclear Center is now Kurchatov's main enterprise.

At the site, 131 underground tests were carried out in wells, 33 large-scale experiments on testing mine launchers, structures and engineering communications. There were 5 hotels with 850 seats, 3 barracks for 1100 people. In 1988, in accordance with the treaty between the USSR and the United States (on the restriction of underground nuclear weapons testing of July 3, 1974), a joint control experiment (SEC) was carried out. The SEC provided mutually controlled reference values for the parameters of underground explosions.

The base site of the State Center for nuclear reactors and new technologies" Square No. 10 "(scientific and Production Association" Luch"). There were two research reactors, 3 hotels with 700 seats, 1 barracks for 524 people.

"The Degelen Square." It was used for conducting underground nuclear tests in tunnels. There were 223 explosions in total. The platform was the future of conducting physical experiments. The mining and construction and installation organizations had a production and technical base, 6 hotels for 1200 seats, 3 barracks for 1100 people. At all experimental sites of the test site there was a soldiers ' club, a bathhouse, central heating, water supply, sewerage.

In Kurchatov, research laboratories, centers of doctors and biologists, mathematicians and physicists, production bases of mine builders, drillers, Geological prospectors, builders are concentrated. It was a cozy city with fountains, parks and playgrounds, an airfield, railway and bus stations, as well as a palace of Culture, a museum, a TV and a newspaper. Tens and hundreds of kilometers of concrete and asphalt roads were laid to the sites, fields where nuclear explosions took place. Around the clock, mirrors of radar installations, radio antennas appeared in the sky, which, day and night, carried a watch for storage and protection of communications with the center of the test site and the test sites.

It was a prosperous closed city of the military-industrial complex (UTK). All conditions for research and experimental work have been created here. Here, all the conditions have been created for research and experimental work. Prominent Soviet physicists I. Kurchatov, Yu. Hariton, A. Sakharov, and

Ya. Zeldovich stood up and began their work. They are called the fathers of nuclear weapons. In 1990, the population of the city was more than 20 thousand people. Kurchatov was the main laboratory and experimental base for testers. The housing stock of the city was 176,056 square meters, of which 69,500 for military personnel. The city had an airfield with an earthen landing strip, a 10-ton dairy plant, a bread factory with a capacity of 143 tons of products per day, 8 preschool institutions for 1150 places, 3 schools for 3000 places, a 50-bed military hospital, a medical and Sanitary Unit, a branch of the bolshevichka garment factory, a number of small enterprises and cooperatives. The release of radioactive gases to the surface after testing on February 12, 1989 was the impetus for the formation of a powerful anti – nuclear movement "Nevada-Semipalatinsk". After the release of the decree of N. A. Nazarbayev dated 29. 08.1991 No. 409 on the closure of the Semipalatinsk test site, the city has not developed a simple situation. The rapid assembly and relocation of Russian military units from the training ground posed a real threat of complete destruction of the entire scientific and industrial structure and social sphere of the city.

From the very beginning of the development of thermonuclear weapons, I. V. Kurchatov also thought about the possibility of using the fusion energy of light nuclei for peaceful purposes. In 1950, a proposal was made to maintain hot plasma with a magnetic field and the basic foundations of the thermonuclear reactor device were demonstrated. Convinced that success could be achieved, Kurchatov boldly took a step towards organizing work on thermonuclear fusion at his institute. In 1956, he made a report on the results of the study of the problem of controlled thermonuclear fusion in the USSR, which is historically important for the development of nuclear power in England and international cooperation in the nuclear industry. His report influenced the thermonuclear research program around the world, opened the era of international cooperation in this area and contributed to the creation of a transnational thermonuclear Commonwealth of scientists and engineers [13].

The degelen site was used for underground nuclear tests. There were 223 explosions in total. This site was the future of conducting physical experiments. Here were the production and technical base of the mining, tunnel-construction and installation organization, 6 hotels for 1200 people, 3 barracks for 1100 people. Simultaneously with the construction of the landfills, the construction of a residential administrative center began, located 60 km northeast of the experimental site and 130 km west of Semipalatinsk. Initially, an administrative and scientific center, a residential town served as a military garrison, due to special secrecy, it changed its names at different times: it was conditionally called "Moscow-400", "Nadezhda", "Bereg". Completion of the construction of the Semipalatinsk - Konechnaya station railway. Since 1947, Kurchatov has been named in honor of the outstanding scientist, having received the status of a city. It is called Semipalatinsk-21 (post office) in the world. The history of the city is inextricably linked with the history of the creation of a nuclear weapons test base. Gradually, the city grew and people improved. From dugouts, personnel moved to residential buildings and barracks, and the first buildings were houses on Lenin Street, the building of the thermal power plant, the headquarters of the Garrison military unit 52605. In 1949, the" House of officers " was commissioned. In 1950, the construction of a water intake station with a whole complex of water treatment facilities was completed. The first houses with 36 apartments were built in the summer of 1952. The construction of a two-story barracks and a surgical ward of the hospital was completed in 1953. On the banks of the Irtysh River, a fence with steps and a stone row was built in 1954.

From 1955, large-scale improvement and development of the residential area began. To address the housing issue, the construction of a block house made of aerated concrete, which was built in 2-3 months, was initiated. In 1956-1958, a bathhouse, laundry, new bakery, and department store were built in the garrison. At all the testing grounds, there were soldiers' clubs, bathhouses, individual central heating, water supply, and sewage systems. In Kurchatov, there are research laboratories, centers for doctors and biologists, mathematicians and physicists, as well as production facilities for miners, drillers, geologists, and builders. It was a cozy city, carefully planted with trees, with fountains, parks and playgrounds, an airfield, railway and bus stations, as well as a palace of Culture, a museum, its own TV and newspaper. Concrete and asphalt roads stretch for tens and hundreds of kilometers to the places where nuclear explosions thundered.

The rapid assembly and relocation of Russian military units from the training ground posed a real threat of complete destruction of the entire scientific and industrial structure and social sphere of the city. The main modes of transport connecting the city with the Regional Center are rail and road. The total length of the city's highways is 166 km. The distance to the Regional Center is 372 km. Since the city of Kurchatov is a closed city, documentary data on administrative-territorial changes in the city are not provided [14].

The appearance of the city was built in a single-stage style typical of the Soviet city of the 1950s and 1980s. On the central square there is a monument to Igor Kurchatov, who was considered the "godfather" of the city. On the roof there is a low mountain Degelen (distributed on the territory of the test site), known for the fact that nuclear tests were carried out underground. Despite the fact that the landfill was closed in 1991, the Degelen territory, like other parts of the landfill, was protected due to the radioactive background [15].

For many years, residents of the Irtysh region have witnessed earthquakes and rockfalls. Even those who lived hundreds of kilometers from the Semipalatinsk test site could hear the gentle call of dishes and explosions for a long time. From 1949 to 1989, that is, over 40 years, there were more than 450 air and surface nuclear explosions: a quarter of all nuclear tests carried out in the world during this time. After the release of the decree of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev on the closure of the Semipalatinsk test site on August 29, 1991, a difficult situation developed in the city.

References

Golovin N.V. I.V. Kurchatov: ol turaly.-Almaty: Gylym, 1975.-3056

Boztaev K.B. Semipalatinsk polygon.-Almaty: Atamura, 1992.-2006

Boztaev K.B. Kainar Syndrome.- Almaty: Atamura, 1995. -1656

Boztaev K.B. August 29, - Almaty: Atamura, 1998-2606.

Turko R.P., Tun O.B., Akkerman T.P., Pollak J.B., Sagan K. Climatic consequences of nuclear war// "In the world of science". Moscow, 1984,N10.

Zhylkyshybayeva K. K. Mass destruction on the territory of Kazakhstan the harm and consequences of weapon testing. (1946-1991): history abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of Sciences. – Almaty: 2000.105

Amanbayev A. S. History of environmental development of Kazakhstan: abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of Historical Sciences. Kostanay, - 2000.- 1206

Dzhangirova G. S. History of anti-international movement in Kazakhstan: abstract of the dissertation for the degree of candidate of Historical Sciences.- Karaganda.- 2009, - 102 P.

Suleimenov O. The main stages of nuclear competition / / Kazakh literature.- 1990. - October 2.-5B.

"XXI - nuclear-free century" Materials of the international scientific and practical conference. Almaty, 2004.-7806.

Medetbek T. Radiation // Sovereign Kazakhstan". 1991, August 31.-8B

ZHumabekov A. atomic bomb towed by a horse " // Kazakh literature 1990, December 6.

Kurchatov I. V. Collection of scientific works in 6 volumes.Editorial board. collections of scientific tr. I. V. Kurchatov: Academician Yu. S. Osipov [et al.]; — M.: Nauka, 2005-2013.

Central state archive of the Republic of Kazakhstan f. 767, op. 13, d.120

Kazakhstan - the smallest cities by area //tochka-na-karte.ru – 1 sec

Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫ МӘЛІМЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Амрина М.С.
т.ғ.к., профессор ассистенті
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
amrina.minar@mail.ru
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Ф.А. Щербина экспедициясы нәтижесінде жинақталған «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» жарыққа 13 том ретінде шықты. 12 том экспедицияның зерттеген 12 оязына арналған: Ақмола облысының Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Омбы, Петропавл; Семей облысының Павлодар, Қарқаралы, Семей, Зайсан, Өскемен; Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай. 13-інші том барлық 12 ояз бойынша бюджеттік зерттеу мәліметтерінің жинағын көрсетеді. Сондықтан да ең алдымен бұл деректің ішкі құрылымы, жариялау, баспаға дайындау мәселесіндегі атқарылған істерге талдау жасаудың маңызы зор деп есептейміз. Томдарды басып шығаруда экспедиция басшылары біршама қиыншылықтарға кездесті: типографиялық базаның жоқтығы, қаржы жетіспеушілігі, біліктілігі жоғары мамандардың жетіспеушілігі т.б. Дегенмен ең маңызды материалдарды талдаудағы болса да, сол секілді жарыққа шығаруда да қиыншылық

тудырған жағдай – экспедиция жұмысының практикалық міндеттерге тәуелділігі – яғни қоныс аударушылар үшін жаңа бос жерлерді табу мақсаты. Әрине, бірінші кезекте том мәтіндерінің жерге орналастыру чиновниктеріне қажетті бөлімдерін талдау және баспаға дайындау жүргізілді. Бұл ең алдымен статистикалық кестелермен оған ескертулер және рулық схемалар болды. Бұл материалдар экспедиция тағайындаған қауымның пайдалануындағы жерлердің шекарасын көрсетіп "артық жерлерді" көрсетуге мүмкіндік берді. Сондықтан 1-інші томмен жұмыс жасау барысында (Ақмола облысының Көкшетау оязы) алдымен «Ақмола облысының жерге орналастыру партиясының чиновниктерінің жұмысы үшін талап етілген алдын ала дайындалған статистикалық кестелер басылды» - деп жазады Ф.А. Щербина. «Бұл экспедиция зерттеулерін жариялау тәртібі, қоныс аудару учаскелерін негіздеу ісінің ағымдық қажеттіліктеріне байланысты, басқа барлық ояздар үшін де тағайындалды», - деп мәлімдейді өз жазбаларында экспедиция басшысы. Жерге орналастыру партиялары үшін табылған мәліметтерді дайындау барысында экспедицияның ағымдық жұмысы кешенді болды, сондықтан көп жағдайда уақыт тапшылығына байланысты бағдарлама бойынша жүргізілу керек нағыз қажетті еңбек талдаусыз да қалып отырды [1, 105-107 бб] .

Деректің жалпы құрылымы бастапқы экспедицияның бағдарламасында қарастырылған мәселелерге сай келгенімен, әр облыс пен ояздың өзіне тән ерекшелігіне сай деректің құрылымы өзгеріске ұшырап отырды. Мәселен, қажетті жағдайларда жаңа кестелер қосылып немесе мәтінде бұрын қаралмаған тақырыптар да әр өлкенің өзгешелігіне сай дерекке қосылып отырған.

Басылымның құрылымына талдау жасау әр томдағы бар мәліметтердің арасындағы нақтылы айырмашылықтарды анықтауға негіз болады. «Мәліметтердегі...» 12 томның әрқайсысында бір оязға сипаттау бар. Сондықтан бірегей құрылымда, XIII том бюджеттік сипаттауға арналған және тіптен бөлек принципте құрылған. Томдардың құрылымы зерттеліп отырған ояздың ерекшелігіне байланысты кейде өзгеріске ие болған. Дегенмен, мұның бәрі әр томға қажетті қаңқаға байланысты құрылған. Мысалға алып қарағанда әр том негізгі екі бөліктен құрылған: мәтіндік (жалпы) және кестелер. Оның алдында «Алғысөз» бар.

«Алғысөз» (XII-V томдарда-«кіріспе») томның маңызды құрамдас бөлігі және барлық томдарда бар. Бірақ әр томда өзіндік сипатта. Егер 1-ші томда, мысалы, «Алғысөз» көлемі жағынан үлкен болып нақтылы оязды зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық түсіндірме жасаса, ал XII томда «Алғысөз»-қысқаша бір бетке ғана жазылған және сондай да бір құнды ақпарат қамтылмаған. Мұндай айырмашылық басқа да томдарда бар. Бұл кей жағдайда әртүрлі авторлардың әр томға алғысөз жазуымен де түсіндіріледі. Негізінен алғысөзді экспедицияның басшысы жазған, ал басшылардың өзгеруіне орай алғысөздің авторы да өзгерген. «Алғысөздің» басты құндылығы ояздың ерекшелігіне қатысты зерттеудің әдістемесін анықтаудағы өзгерісті көрсетуінде. Ереже бойынша «Алғысөзде» экспедицияның құрамындағы нақтылы оязды, зерттеуге қатысқан қызметкерлер тізімі, экспедиция басшысы көрсетіліп, сол сияқты томның мәтінін жазудағы әр автордың қатысын анықтауға қажетті мәліметтер де берілу қажет болды. Өкінішке орай, мұндай толыққанды «Алғысөзді» тек I, V, VII, X томдарға қатысты айтуға болады [2, 3-5 б] .

Томның жалпы немесе мәтіндік бөлігі өз мазмұны бойынша әр қилы жоспарда. Томдағы бұл бөлімдер де әр түрлі авторлардың қолымен жазылған. Жалпы бөлімде, бірінші кезекте ояздың шаруашылық суреттемесі мен ерекшелігі көрсетілген. Жерді пайдалану формасы, жер шаруашылығы мен мал шаруашылығын сипаттау барлық томдарға тән. Ояздың шаруашылық ерекшеліктерін анықтау негізгі бөлімде орын алған (VIII-ші том) немесе шаруашылықтың салаларын сипаттаумен бірге болып, әрине авторға байланысты болды. Бұл көпшілік томдарға тән. Ояздың шаруашылығына талдау жасауда маңызды орынды жерді жалға алу мәселесі алады. VI, IX, XI томдарда кәсіпшілік пен жерді жалға алуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл осы мәселеге ерекше көңіл бөлген Л.К. Чермактың томдардағы мәтінді жазуымен түсіндіріледі. IV том да Л.К. Чермактың редакциялауымен жазылған. Кәсіпшілікті сипаттау жерді жалға алуға қарағанда аз жазылған. Мәтіннің жалпы бөлімде бұлай жазылуының себебін Семей облысының Павлодар оязының ерекшелігімен түсіндіруге болады, себебі жерді арендалау бұл аймақта кең тарады. Бұл мәтінді жазған И.Ф. Гусев болғанмен, Л.К. Чермактың тапсырмасымен жазылғандығы көрінеді. Шаруашылықтың кәсіпшілік деп аталатын саласына авторлардың көзқарасының әр түрлі болғандығын және оның мәтіннің құрылымына қалай әсер еткендігін келесі мысалдан көруімізге болады. Ф.А. Щербина жазған I том мәтінінде кәсіпшілік жер шаруашылығы деген мақаламен біріктірілген, яғни оған маңызды роль берілмеген. Қазақ шаруашылығының негізгі сипатын анықтаудағы авторлардың көзқарасы негізгі бөлімдегі берілген мәліметтердің құрылымын

анықтады, сол сияқты шаруашылықтың әр саласын сипаттауға арналған мәтіннің көлемін де көрсетті [3, 12-15 б] .

Статистиктер мал шаруашылығына қазақ шаруашылығындағы маңызды сала ретінде қарады. Шаруашылықтың бұл саласына сипаттама берген кезде зерттеушілер отардың құрамын анықтауға тырысып, малдың бұл түрінің шаруашылықта басым болуының себептерін іздестірді. Мысалы, Ақмола облысының Атбасар оязын 1897 жылы экспедицияның екінші жылы зерттегенде бұл ояздың шаруашылығында түйенің негізгі орын алғандығы белгілі болған. Бұл бірнеше себептермен түсіндірілді, оның ішінде ең алдымен Атбасар оязының табиғи жағдайымен Көкшетау оязын зерттегенде отардағы түйе малының санын анықтауға бағдарламада аз орын берілді, ал Атбасар оязын зерттегеннен кейін статистиктердің кейбір аудандарда түйе малының шаруашылықта құнының ірі қара малға қарағанда жоғары екеніне көздері жетті. Сондықтан түйе малын есепке алып, оның шаруашылықтағы үлес салмағын анықтап алғаннан кейін Ақмола облысының Ақмола оязын, Семей облысының Павлодар оязын, Торғай облысының Қостанай оязын, Семей облысының Қарқаралы оязын зерттеген кезде оған ерекше көңіл бөлінген (III, IV, V, VI) [1, 88 б] .

Жер шаруашылығын суреттеу мал шаруашылығы секілді әр томда кездеседі. Жер шаруашылығы, отырықшылық барлық ояздарда бірдей дамымаса да, экспедиция қызметкерлерінің тарапынан мал шаруашылығын қарастырғандай дәйекті зерттеуге ие болды. Олардың пікірі бойынша отырықшылық қазақтар үшін мал шаруашылығына қарағанда перспективті іс деп есептелді. Ең алдымен, статистиктер ояздағы ең алғашқы жер өңдеудің қалыптасуынан басталған кезеңнен тарихын қарауды жөн деп есептеді. Олар жер шаруашылығымен, отырықшылықпен айналысудың қазақтар үшін тұрақты норма ма, әлде қашан да басқаша сипатта болды ма деген мәселені анықтауға тырысты. Мұнымен қоса, олар егістіктен алынған өніммен олардағы бар мал санының арасында өзара байланыс бар ма деген мәселеге көңіл аударды. Жер шаруашылығының жағдайын анықтау маңызды орынға ие болды. Еңбек құралдары, өнімнің сорттары, жұмыстың маусымдық айналымы, табиғи жағдайлар, бұл істегі қиыншылықтар-мұның бәрі экспедиция қызметкерлерінің назарынан тыс қалмады. Тек ғылыми мақсат қана емес, практикалық мақсат та басшылыққа алынды. Тек осындай жолмен, олардың есептеуі бойынша, орыс шаруаларын қоныс аударуға арналған аудандардың жер шаруашылығын жүргізудің тиімділігін анықтауға болды. Сирек кездессе де статистиктер бау-бақша өсіру мәселесіне арналған сұрақтарды да қамтуға тырысты. Бұл арада ормандар мен оған жақын жатқан шабындық алқаптар да суреттелді. Келесі міндетті түрде жалпы бөлімде қарастырылған әр томға қатысты сұрақ жерді пайдалануды сипаттау болды. Бұл сұраққа экспедиция қызметкерлерінің еңбектерінде көп көңіл бөлінгендігі көпшілікке мәлім. Бұл мәселені теориялық тұрғыдан ой елегінен өткізуге тырысып, өткен дәуірдегі және өзге халықтардағы жерді пайдаланудың ережелерімен қатарласа қарастырған. Өз бағдарламаларында қарастырғандай статистиктер қазақ қоғамындағы жерді пайдаланудың ережелерін көрсететін мәліметтерді практикада жинақтады. Олар жерді иемденудің маңызды формасын тағайындады. Жалпы пайдаланатын жайылымдық, шабындық, қыстаулық т.б. жер аудандарына көп көңіл бөлінді. Келесі жағынан олар ауылдың қарамағындағы жерді пайдаланудың аудандарын нақтылы анықтауға тырысты, бірақ бұл көп жетістіктерге әкелмеді, себебі шекара ұғымы қашанда тұрақты болмады. Дегенмен зерттеушілер жерді бөлуге негіз боларлық сұрақтарға ерекше зейін қойды. Бұл көп жағдайда өзен аңғарларымен, тау шатқалдарымен, шұңқырлармен есептелді, тіпті шекара шартты түрде де көрсетілді. Экспедиция қызметкерлерінің өздері зерттеген аудандардағы жерді пайдалану мәселелеріне қатысты үлкен жұмыс атқарғандығын айтуымыз керек. Далалық өлкенің әр түрлі ояздарына жүргізілген жұмыстар барысында кейбір қауымдарда «қой-бөліктер» деп аталатын қой малын қыста ұстауға арналған тиімді орындардың бар екендігіне көп көңіл бөлді.

Қой бөліктер жеке меншікте болып, көбінесе мұрагерлікке қалдырылған. Статистиктер мұны жеке меншіктің ерекше формасы деп бағалап, оны қауымның дамуындағы жаңа саты деп сипаттады. Бұл құбылыстың сипатын анықтап статистиктер 1898 жылдан бастап, қой-бөлікті жерді пайдалану бөлімшелерінде сипаттап көрсеткен [1, 91 б] .

I томның жалпы бөлімінде «зерттеу кезінде кездескен қиыншылықтар», «жұмыс бағдарламалары және ұйымдастыру», «бюджеті мен сұраныстары» деп аталатын бөлімдер бар екенін көрсетуіміз керек. Өзге томдарда кездеспейтін, осы I томда ғана бар бұл бөлімдердің болуын түсіндіруге болады. Алғашқы том аз зерттелген проблемаға арналған үлкен басылымды ашты. Сондықтан экспедицияның өзі жөнінде, оның құрылу тарихы мен зерттеуші аймағы жөнінде алдын-ала мәлімдемелердің болуы қажетті жағдайдан туындалды [2, 18-25 б] .

Барлық томдарда (I томнан басқа) қазақ шаруашылығына қажетті шөптің есебі берілген. Шөп есебі әр томда әр жерде көрсетілген: IV, VII, X томдарда жалпы бөлімде, ал қалғандарында (III, 2-бөлім, XI, II) «Арнайы бөлім» деп аталатын бөлімге енгізілген Омбы облысының Петропавл оязына арналған XII томында шабындық нормалар «Арнайы бөлімге» енгізіліп, оған 20 беттік мәтін берілген. Осы томда басқа томдарға енгізілмеген «Қысқы малды ұстауға арналған арнайы санақ мәліметтердің нұсқасы» деп аталатын кесте енгізілген. Қазақ шаруашылығына қатысты шөп нормаларын анықтауға деген экспедиция қызметкерлерінің ерекше назарын олардың анықтау әдістемесінің жергілікті әкімшілік тарапынан, сол сияқты басқа да ғалым-статистердің тарапынан сынға ұшырауымен түсіндіруге болады. Сондықтан экспедиция қызметі бұл мәселеге қатысты кең түсіндірме жасауды қажет деп тапты.

«Мәліметтер» жаратылыстану ғылымының облыстарындағы мамандар үшін қызықты болып табылатын мәліметтерді де қамтыған. Бұл ең алдымен, әр томда бар оязды геоботаникалық суреттеу мәселесіндегі топыраққа, өсімдікке, суды пайдалануға, климаттық жағдайға т.б. сұрақтарға қатысты. I томда зерттеліп отырған ауданның табиғи жағдайын игеруге байланысты экспедиция жұмысын толықтыру үшін арнайы гидротехникалық есептен үзінді берілген. Осыған қарап та экспедиция қызметінің жүргізілген зерттеулерді толыққанды етуге тырысқандығын көруімізге болады. Экспедицияда геоботаник мамандар жұмыс жасады. Экспедиция қызметі үшін мұндай суреттеулер ояздың бөлінуіне негіз болған жайылымдық аудандарды сипаттау үшін қажет болды. Әр томда аудандарды табиғи-тарихи суреттеу бар. Том соңында әдетте бұл ауданның картасы берілген.

“Аудандар мен ондағы артық жерлердің кестесі” деп аталатын кесте міндетті түрде әр томда бар, бұл барлық томдағы мәліметтер біріктіріліп экспедиция жұмысының негізгі қорытындысын көрсетеді, яғни артық жерлер тағайындалады. Бұл кесте «Түсіндірме жазбамен» бекітілген. Оны әдетте экспедиция меңгерушілері жазып, қазақ шаруашылығына қажетті нормасын тағайындауға түсіндірме жасап, жер параметрін есептеп көрсетеді. Негізінен алып қарағанда «Материалдардағы...» қарастырылған бөлімдер осылар. Осындай жолмен, «Материалдардың...» мәтіндік бөлімі әр томға қатысты өзіндік сипатта. Бұл айырмашылық қарастырып отырған ояздың ерекшелігін және мәтіннің авторына да байланысты. Мәтіндік бөлім алынған мәліметтерге қажетті түсініктеме бере алатындықтан томдағы кестелерге талдау жасауда жоғарғы мәнге ие [1, 92-94 б] .

«Материалдардағы...» келесі құрылымдық бөлім-кестелер. Кестелер әр томда, міндетті түрде ауылдық, қауымдық, аудандық кестелер деп берілген және бұл кестелер жылқы малының санын есепке ала отырып шаруашылықты топтаған статистикалық мәліметтерді қамтиды. Мұнымен қоса, томдарда әр түрлі спецификалық кестелер де бар. Әрбір мұндай кесте анықталған практикалық міндеттерден туындалған. Ф.А. Щербинаның сөзі бойынша ««Материалдар...» «жерге қатысты шаруашылықтың практикалық қажеттілігін көрсететін басылым» болып табылады.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінің екінші бөлігі кестелерден тұрады деп жоғарыда атап көрсеттік. Кестелер әр томда міндетті түрде кездеседі. Сонымен қатар әр бір зерттелген ояздың өзіндік ерекшелігіне сай басқа да кестелер қосылып отырған. Олардың бірқатарын төмендегі 1-ші кестеден көруге болады.

Кесте №1. Деректегі статистикалық кестелердің түрлері

№	Кестелердің түрлері	Кестелердің ерекшеліктері мен онда сақталған мәліметтер
1.	Ауылдық кесте	Әр болыс бойынша ауылдардың, қыстаулардың атауы, сол жерлерге қашаннан бері қоныстанған, ру басшыларының аты, тұрғындар (әйелдер, ерлер) саны, тұғын үйлер саны, шаруашылықтар, мал шаруашылығы (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі) мен егін егетін жерлер мен дақылдар туралы статистикалық мәліметтер сақталған.
2.	Қауымдық кесте	Қауымға кіретін ауылдардың шаруашылығы, мал, жер өңдеу, аренда, тұрғындар саны туралы статистикалық мәліметтер
3.	Аймақтық кесте	Тұрғындардың жас ерекшелігіне байланысты саны, сауаттылар, оқып жүргендер саны, мал шаруашылығы мен жер өңдеу туралы статистикалық мәліметтер

4.	Шаруашылығы жөніндегі кесте	Шаруашылық топтар, олардың жалпы саны, жалдамалы жұмысшылар, мал шаруашылығы, қажетті сүт, жүн, ет, ұн мөлшері, жер өңдейтін құралдар саны, қолөнер туралы мәліметтер
5.	Ояздардың ерекшелігіне сай жасалған кестелер; қосымша, жалпы мәліметтер	Әр зерттеліп жатқан ояздың спецификалық ерекшелігіне сай жасалған кестелер
6.	Ру-тайпалардың кестесі: а) Зерттеліп жатқан ояздарға көшіп келетін қазақ руларының кестесі; б) ояздағы жергілікті ру-тайпаларының кестесі	а) Зерттеліп жатқан ояздарға көшіп келетін ру-тайпалардың атаулары мен олардың шежіресі беріледі; б) Ояздың әр болысы ауылдарында орналасқан ру-тайпалардың атаулардың шежіресі беріледі;

Бұл кестелер жер өлшеушілер мен статистиктердің белгілі бір практикалық міндеттерін жүзеге асырудағы қажеттіліктерінен туындалған. Сондықтан деректе бір-біріне ұқсамайтын кестелер де кездеседі [5, 9-10 бб] .

Негізінен кестелерде статистикалық материалдар сақталған. «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінде кездесетін карталардың деректік мағынасы өте зор. Олар тарихи деректердің ішінде ерекше, әрі әлі де зерттелмеген дерек түріне жатады. Оған бөлек аймақтар мен облыстар, ояздар, қалалар және белгілі бір территорияның картасы жатқызылады. Қазақ жерлерін зерттеген экспедиция мүшелерінің ішінде арнайы ояздар мен болыстарды картаға түсірген топографтар болды. Бұл экспедицияда олардың ролі өте зор еді. Деректегі карталарды 1) рулардың орналасу картасы; 2) ояздардың жалпы картасы; 3) зерттеліп жатқан ояздағы болыстар мен ауылдардың картасы деп бөліп қарастыруға болады. Қазақстанның сол кезеңдегі территориялық бөліністі, ру-тайпалардың қоныстанған жерлерін анықтау үшін бұл карталардың маңызы зор. Ол туралы экспедиция басшысы Ф.А. Щербина «До работь экспедиціи также не существовало никакихь матеріаловь по этому предмету. Схематическія чертежи площади фактическаго киргизскаго землепользованія и во многихь случаях болье или менье точное нанесеніе такихь площадей на карты Военно-топографическаго Отдела дали возможность какь для приблизительнаго исчисленія распределенный между отдельными общинами земли, так и для правильной пастоновки дальнейщихь работь землеустройтельныхь чиновь вь этомь направленіи»,- деген болатын. Бұл картаны және ру-тайпалардың кестесін Ә.Н. Бөкейхан жасаған болатын [5, 12-13 бб] .

Ауылдық кестедегі статистикалық мәліметтер шаруашылық санын, тұрғылықты халық санын, әр ауылдағы мал санын көрсету үшін қажет болып арнайы графалардан орын алды. Кестеде ауылдың орналасқан жері жөнінде, ауыл ақсақалдарының аты, тегі, жазылған, көрші елді-мекендермен, сауда пунктері мен ояздық қала арасындағы арақашықтық жөнінде мәліметтер де бар. Осы жерде ауылдың негізі қаланған мерзім, қыстау қарамағындағы су көздері көрсетіледі. Келесі бағана тұрғылықты халыққа арналған және ауылдағы шаруашылық санын көрсетеді. Бұл бағана жыныстық-жастық топтарды көрсететін бөлікке бөлінген. Мысалы, I томда бұл бағана тек бір «жұмыс жасындағылар» деп берілсе, қалған томдарда жасқа бөлу тиянақты көрсетілген. Мысалы, II, VII,VIII, IX, X, XI томдарда «жұмыс жасындағылар (еркектер үшін 18-60 жас, әйелдер үшін 16-55) деп берілген және «жартылай жұмыс жасы» (еркектер үшін 14-17 және 60-тан жоғары, әйелдер үшін 14-15 және 55-тен жоғары деп берілген). Бұдан кейін тұрғылықты жай-киіз үй, жертөле, ағаш баспаналар жөнінде мәліметтер кездеседі.

Келесі бағанада ауыл экономикасы жөнінде мәліметтер бар. Ең алдымен бұл бағана мал шаруашылығы жөнінде және мал түріне байланысты өзге бағаналарға бөлінген. Бұл барлық томдарда кездеседі және жылқы, ірі қара мал, түйе, қой, ешкі деп көрсеткен. Малдың барлық түрі жасына қарай берілген себебі статистиктерге бұл барлық малды бір бірлікке аудару қажет болды. Мал шаруашылығы жөніндегі кестеге «Малды бағу» «Мал бағушылар мен жұмыскерлерді жалдау» (тек I томда «Мал бағушыларды жалдау» деп көрсеткен). «Сүт және жүн үшін өзгенің малын пайдалану» деген бағаналар қосылған. Бұл бағананы жазу зерттеу барысына байланысты қалыптасқан.

Уақыт өте келе, «Малды бағу» бағанасы өзгертілген V, VII томдарда оның орнына «Сүт пен жүн үшін малды дайындайтын шаруашылық» деп, оның ішінде сиыр, бие, қой, ешкі деп

бөлінген. VIII, IX, X, XI томдарда тек сауға қажетті мал шаруашылығы деп көрсетілген. Бұл арада ауылдастарына сауу мен қырқуға малды беру, сол сияқты бағуға беру көшпенділердегі эксплуатациялаудың ерекше түрі деп көрсетеді. «Мал бағушылар мен жұмыскерлерді жалдау» бағанасы бастапқыда 2-ге бөлінді: «Шаруашылық саны» және «Мал бағушылар саны». II томнан бастап жылдық, жарты жылдық жұмыскерлердің санын есепке алатын қосымша бағана қосылды. VIII томнан бастап, бұл бағана «Жалдамалы еңбекте пайдаланған шаруашылық», «Мерзімді және айлық жұмыскерлерді пайдаланатын шаруашылық», «Жылдық жұмыскерлері бар шаруашылық» деп өзгертілген. Бұл мәліметтер қазақ ауылындағы эксплуатация деңгейі жөнінде ақпарат береді деп есептеді.

Жұмыстың жүргізілу барысында қазақ шаруашылығы жөнінде түсінік кеңейген сайын жер шаруашылығына қатысты бағаналар көбейтілді. Егер 1-ші томда қарапайым «Егін себу» бағанасы екі бөлікке ғана бөлінсе: егін себу шаруашылығының саны, егін себудегі десятина саны, ал II томда бұл жерге қанша жыл егін салынды; алқаптан қыстауға дейінгі арақашықтық; ауылдағы орақ, соқа т.б. құралдардың саны; егін себудің әдістері-өз күшімен бе, әлде жалдамалы еңбекті пайдаланды ма, аралас па деген мәліметтер қосылған.

VI, VII, IX, X томдарда қазақтардың жер шаруашылығындағы агромәдени дақылдар жөнінде мәлімдемелер кездеседі. Бұл сұлы, арпа, жүгері, асбұршақ т.б.

Ауылдық кестенің соңынан кездесетін бағана «Пішен шабу» шөпті пайдалану есебін анықтау әдістерінің өзгерісіне сай нақтылы көптеген өзгерістерге ұшырады және бүкіл кестеден қиын салыстырылған бағана болып есептелді. Тіпті өлшеу бірлігі де әр қилы: VII томның бір өзінде есеп біресе көпене, шөмеле деп алынса, кейде арбамен жүргізілген. Жалпы алғанда бұл бағанада (шаруашылықтың саны жөнінде) шөпті жинау (өз жерінде ме, әлде арендаланған жерде ме); қанша шөмеле жинаған; қанша көпенені сатып алған; қашаннан бері пішен шабумен айналысқан; пішенді қалай пайдаланады-бірлесе ме, ауламен бе, пішен шабуға дейінгі арақашықтық деген мәліметтерді қамтыған шаруашылықтың саны жөніндегі мәліметтер бар [1, 95-96 б] .

Келесі әр томда кездескен міндетті кесте-бұл «Статистикалық мәліметтерге арналған қауымдық кесте». Бұл кестедегі бағаналар ауылдық кестені қайталайды. Ауылдық кестедегідей бұған «Тұрғындар», «Құрылыс», «Кәсіпшілік», «Мал шаруашылығы», «Малды бағу», «Жалдамалы мал бағушылар мен өзге жұмыскерлер» деген бағаналар енген. Әр бағананың өзі көп жағдайда кішкене бағаналарға бөлінген. Жалпы жерді қауымдық пайдалану тәртібін сипаттау үшін жаңа бағаналар қатары да қосылған. Бұл әсіресе «жерді пайдалану»-бағанасы, қысқы қыстаудың күзгі жер жайылымы күзеудің ауданын десятинамен көрсетуге арналған. Шаруашылыққа арналған әр адамның жан басына шаққандағы малдық жайылымның есебі. Мал шаруашылығы жөніндегі барлық мәліметтер «Жылқы малына қатысты мал саны» деп аталатын кестеге шоғырландырылған. Барлық қауым мүшелерін мал санына қатысты топтастыру көрсеткіші үлкен қызығушылық туғызады. Бұл арнайы бағанада келесі шаруашылықтың бірден-бірге сатыланушылығы (градация) бар; жылқы малының; 2-ден 5-ке дейінгі жылқысы бар; 6-дан 10-ға дейінгі; 11-ден 25-ке дейінгі; 26-дан 50, 51-ден 100; 100-ден асқан. Тек I, II, III, VI, XI томдарда топтау 101-ден-300-ге дейінгі жылқыға жеткізілген. Бұл Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қостанай, Омбы ояздары бойынша томдарда 100-ден 300-ге дейінгі жылқы малын есептеген топтау бай шаруашылықты топтастыруға мүмкіндік туғызған. Көптеген бай шаруашылықтың мың басқа дейін отары болғаны белгілі. “100 жылқыдан астам” бағанасы қауымдық кестеде қазақ қоғамының шаруашылық жағдайының шынайы бейнесін бүркемелеген [6, 18 б] .

Ауылдық кестедегідей, қауымдық кестеде қазақ ауылындағы эксплуатацияның түрі мен көлемін саралауға мүмкіндік беретін бағаналар бар. Бұл «Малды бағу», «Жалдамалы мал бағушылар мен жұмыскерлер» бағанасында кездесетін мәліметтер. Ауылдық кестедегідей өзгерістерге ұшыраған. «Пішен шабу» бағанасы ауылдық кестедегіні қайталап сәйкестендірілген. Тек өзгеріс толықтыруларда, мысалы қауымдық кестеде пішен шабуға дейінгі аралық (барлық томдарда), шөпті жинау әдісі (II, III, IV, V, VI томдарда кездеспейді) бағаналары бар.

Қауымдық кестеге қарап пішен шабумен айналысатын шаруашылықтың жалпы санын анықтап және жиналған көпене саны жөнінде мәлімет алуға болады. Қауымдық кестедегі жер өңдеуге арналған бағана нышаны ауылдық кестедегіге қарағанда қарапайым. Тек V томда жер шаруашылығы дамыған Қостанай оязы суреттелгенде қосымша бағана енгізілген, онда соқа мен тырма, малалаудың шаруашылықтағы саны енгізілген. VI томда «Егін себу десятинасының саны» бағанасын «Сұлы пұтымен есептегендегі егін себу көлемі» бағанасына алмастырылған. Мұндай атау «Материалдардың...» өзге бөлігінде кездеспейді [1, 99 б] .

Қауымдық кестеде ауылдық кестеде кездеспейтін бағаналар бар. Бұл жерді арендалау, шөпті шабу, есептесу, көшіп-қону жөніндегі бағаналар. Дегенмен олар үнемі кездеспейді.

«Жерді жалға алу» кестесі жайылымдық жерді және шөпті шабуға арналған жерді жалға алуды екі жақты қарастырған (шаруашылық саны мен десятина санына сәйкес). I томда мұнымен қоса, «Шөп шабуды тапсыру» бағанасы кездеседі. Ол «Шаруашылық саны» және «Шөп көпенесі» деп аталатын бағаналарға бөлінген. Сол сияқты тек осы I томдағы қауымдық кестеде «Төлем төлеу» бағанасы енгізілген. Онда түтін салығы, облыстық земстволық жинақ, земстволық тәуелділік (барлығы сом, тиын есебімен) есептелген. II томнан бастап кестелерде көшіп қону жөніндегі бағаналар кездеседі. Ол статистиктерге шаруашылық ауыл мен қауымды топтастыру үшін қажет болды. Мұндай топтастыруға негіз болған нышан ол бірлесіп көшіп қону мен белгілі бір территорияны қысқы жайылым (қыстау) үшін бірлесе пайдалану болды. Бұл арада міндетті түрде қыстаудың территориясында болған күндер мен одан тыс мерзімдегі күндер есепке алынды. IV, V, VI томдардан басқа жеке томдарда барлық көшіп қону жолын шақырыммен есептеген бағаналар; қыстаудан шыққананнан оған қайтып келгенде дейінгі тұрақтар; жолға кеткен күндерді есептеп көрсеткен бағаналар кездеседі.

«Кестелерге қажетті түсініктемелер» немесе «Кестелерге ескертулер» (ауылдық және қауымдық) А.А. Кауфманның көрсетуі бойынша «Зерттеу жазбаларының шынайы төзімділігін» көрсетеді. Мәтінге оларды енгізудің өзіндік себептері болды: жерді бөлуші партиялардың қызметкерлері экспедиция соңынан жүріп, олар тағайындаған артық жерлерді планшетке яғни бетіне сызба сызатын қағаз керілген кішігірім тақтаға енгізді, және бұл кестелерге статистиктердің мәтіндік түсініктеме, нақтылы түсінікті болу үшін ескерту жасауын қажет етті. Олар үшін арнайы келесі пунктерді қамтыған бағдарлама жасалды.

1. Қыстау маңындағы жайылым. Топтың өз ішінде бөлу (жеке қыстаудың ішінде өзінің қой бөліктері, яғни қыстаудан бөлек қой жайылымы бар, жоқ екенін анықтау). Жайылымды пайдалану дәрежесі: оның құнды, маңызды бөлігі; көп пайдаланатын ерекше маңыздысы. Су көздері, көшіп-қону жолы, малды қабылдау, айдау. Жайылымдық жерді арендаға беру. Көршілермен болған дау себептері.

2. Шөп шабу, пішен ору. Оның сипаттамасы, орналасуы. Малды шөппен азықтандыру мерзімі. Ескі шөптің қалғаны бар ма? Шабындық жерлерді тапсыру.

3. Айдалған жер. Егістік. Олардың орналасуы (қыстау ішіндегі территорияда ма, әлде маңында ма). Суландырылған жайылым. Жайылымды тапсыру.

Бұл бағдарлама қауымдық кестеге ескерту жасау үшін құрастырылғаны көрініп тұр. Осындай статистер жинаған нақтылы материалдарды чиновниктер пайдаланып, қауымдық бланктерден таңдап алып, жекеленген қауым құрамын зерттеп, олардың жерді пайдалану ауданын есептеген. Әсіресе бұл қауымнан «артық жерлер» қиып алынған кезде және жергілікті тұрғындармен конфликт-қайшылық туындалған кезде қажет болды. Нақтылы материал қауымдық кестені қарастырған кезде өте құнды болып есептелді [7, 72-77 б] .

Үшінші міндетті кесте «Жылқы малы бойынша әр томға енген шаруашылықты топтауға арналған статистикалық мәліметтердің аудандық кестесі». Бұл кестенің негізіне экспедицияның зерттеуіндегі әр оязды ауданға бөлу алынған, ол жердің сапасына қарай анықталған. Аудандық топтық кестелер әр өлке бойынша әр түрлі мүліктік топтарды анықтауға мүмкіндік туғызады. Бұл арада тағы да бұған дейінгі кестелерде болған: «Тұрғылықты халық», «Тұрғын үй», «Жалдамалы жұмыскер», «Мал», «Жайылымдық жерлер», «Шабындық жерлер», «Кәсіпшілік» бағаналары орын алған, тек көптеген басқа, жаңа ұсақ сипатталған нышандарға ие болған. Жаңа бағана ет пен ұнды пайдалану мөлшеріне арналған.

Осы үш негізгі кестеде-ауылдық, қауымдық және аудандық, экспедиция мүшелері әр ауданның орта шаруашылығына қажетті жерді пайдалану нормасын есептеп шығарды. Сондықтан әр томда «Аудандар мен артық жерлердің кестесі» берілген. Бұл кішігірім кестелерде жер нормалары, жалпы жер аудандары мен артық жерлер немесе жайылымның жетіспеушілігі көрсетілген. Бұл міндетті кестелермен қоса, әр томда ерекше кестелер бар.

I, II томнан басқа барлық томдарда жалпы пайдалануға берілген жер көлемімен қоса жеке пайдаланылған тұрақтар жөнінде мәліметтер келтірілген. Кейбір жекеленген ояздар бойынша, мысалы, Қарқаралы оязы бойынша «Қауымдық-ауылдық топ аудандарын өзге шаруашылық ауылдарының жазғы жайлауға кеткенде пайдалануы жөніндегі статистикалық мәліметтер кестесі бар. Бұл арада ауылдар мен шаруашылықтың саны жөніндегі мәліметтер, олардың көшіп-қонуы әр табиғи межеде болатын уақыты жөніндегі мәліметтер кездеседі. Мұнымен қоса, ояздың

руларының схемасы, олардың көшіп-қону жолы, рулық байланыстары орын алған. Экспедиция қызметкерлері зерттеудің соңында кәсіптік қызметі жөнінде жекеленген кестелерді құрастырған.

Кәсіпшілік жөніндегі кестелер барлық ояздар бойынша кездеседі және ауылдық, қауымдық кестелерге енгізілген. Зайсан, Өскемен, Семей, Ақмола ояздары үшін (III, VIII, IX, X) арнайы кәсіпшілік кестелері берілген. Бұл кестелер әр топқа бөлінген (әйелдер, еркектер, кәсіптік дайындықты қажет ететін және т.б.). Зайсан, Ақмола, Өскемен, Павлодар, Семей, Петропавл ояздары бойынша (VIII, II, IX, IV, X, XII) күрделі қисынды үш нысанды кестелер құрастырылған.

1) жалдауға және жұмысшыларды жіберу қатынасына байланысты

2) отырықшылыққа байланысты

3) жылқымен қамтамасыз етілуі. 12 томда бұл кесте «Қырғыздардағы әр түрлі экономикалық және шаруашылық топтарды сипаттау жөніндегі мәліметтің жинағы» ретінде нақтылы анықталған. Онда шын мәнінде шаруашылықтағы мал саны, отырықшылықпен өзара байланысы жөніндегі, жер шаруашылығы мен жалдамалы жұмысшыларды эксплуатациялау дәрежесі жөніндегі мәліметтер кездеседі [1, 101-103 б].

Кейінгі жылдары осы тақырыппен айналысып жүрген зерттеушілердің бірі Н.Тасилова осы мәселеге қатысты өз ойын былай деп тұжырымдайды: «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» ең алдымен екі ғасырдың тоғысындағы бүкіл қазақ қоғамының шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан, географиялық орналасуы мен рулық-тайпалық құрылымынан құнды-құнды мәліметтер беретін жазба деректің түрі. Көптеген зерттеушілер бұл деректің мәліметтерін өз еңбектерінде кеңінен пайдаланады, бірақ та әлі күнге дейін экспедиция материалдары кешенді түрде деректанулық талдаудан өткен жоқ. Сондықтан да, «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» мәліметтерін деректанулық сыннан өткізудің маңызы аса зор екендігін атап өтуіміз қажет» [5, 9-10 бб].

Автор Н.Тасилова бұл деректің ерекшелігі мен құндылығына байланысты мынандай пікір білдіреді: «Біріншіден, Қазақстан жерін зеттеу экспедициясы жұмысын аяқтамай-ақ, бүкіл материалдар сұрыпталып, жүйеленіп кітап болып басылып шығуында. Яғни, дерек сол кезеңнен алшақтамайды; екіншіден, бұл деректің материалдарын кітап етіп құрастырып, баспаға даярлаған авторлардың өздері сол экспедицияның бел ортасында жүріп, басынан соңына дейін қатысқан білімі жоғары зерттеушілер болған. Ол деректің объективтілігін жоғарылатады; үшіншіден, дерек басылып шыққаннан кейін қайта өңделмеген, басылмаған. Демек дерек бұрмалаушылыққа ұшырамай, түпнұсқа күйінде жетуімен де ерекшеленеді [5, 9 б].

Автордың зерттеліп отырған тақырыпқа байланысты пікірін қолдай отырып мынандай қорытынды жасауға болады: «Материалдардың...» барлық басылымы өз негізінде мәтіндік, кестелік бөлімде болсын бір текті құрылымда. Зерттеудегі әдіс-тәсілдердің өзгерісіне сай және жекеленген ояздың өзіндік ерекшелігіне байланысты барлық томдарда өзіндік өзгертулер орын алып, жаңа мәтіндер мен кестелер енгізілген. Сондықтан басылымның I томы көп жағдайда өзгелерінен бөлектеу. Осы ерекшелікті және ұқсастықтарды есепке алған кезде басылымның томдарын салыстыруға толық негіз бар.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» арнайы ғылыми түрде зерттелмеген үлкен деректер кешенін құрайды. Оларды жүйелеп, деректанулық талдаудан өткізіп, практика жүзінде пайдаланудың маңызы аса зор.

Әдебиеттер тізімі

Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные экспедицией цо исследованию степных областей. Дисс. канд. ист. наук. - М., 1982. -170 с.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская обл. Кокчетавский уезд. –Т. I. –Воронеж, 1898. - 860 с.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей под руководством Ф.А. Щербины. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. –Т. IY. –Воронеж, 1903.- 762 с.

Портреты. Степь глазами извне. От Геродота до Гумбольдта. Авторс. колл: А.Х. Касымжанов и др. –Алматы, 2000. -148 с.

Тасилова Н. «Материалы по киргизскому землепользованию» дерегінің ішкі құрылымы мен сақталу формасы. // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №4 (43). 2006 ж. -9-13 бб.

Очерки экономической истории Казахской ССР (1860-1970 гг.). –Алма-Ата. 1974.-382 с.
Кауфман А.А. Переселенцы-арендаторы Тургайской области. 2-я часть отчета старшего производителя работ Кауфмана по командировке в Тургайскую область. –Спб., 1897. -287 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ САНА МЕН ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІ

Арынова З.Қ., гуманитарлық ғылымдар магистрі
Мемлекет тарихы институты. Еуразиялық және саяси зерттеулер бөлімі
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Қоғамдағы әр адамның өзіндік санасы тарихи санамен қалыптасуы қажет. Ұлттық құндылықтардың мемлекет пен қоғам тарапынан өскелең ұрпаққа кеңінен дұрыс насихатталуы қоғамның деңгейін айқындайды.

Жаңа Қазақстанның іргетасын қалау мақсатында төрт міндеттелген бағыттардың бірі сананың үдерісін жалғастыра отырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру, яғни, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре тарихымыз ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді. Оның маңыздылығы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаев ел халқына жолдауларында бірнеше рет айтты Солардың ішіндегі 2021 жылдың 5 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы егемендік пен тәуелсіздікке ие болғаннан бері тарих ғылымының маңызы арта түсті, оның негізгі міндеттері: халықтың тарихи жадын қалпына келтіру, ұлттық сана мен бірлікті қалыптастыру, патриотизмді тәрбиелеу мәселесін көтерген Жолдауын атап өтуге болады.[1].

Осы мәселелерді ескерек келе, архивтің қоғам мен мемлекетке аса қажет ақпарат көзі ретінде базасымен ерекшеленетінін айта кеткен жөн.. Архив құжатынсыз тарихтың жазылуы мүмкін емес. Мысалы, жеке тұлға архив қорын айта кетсек, Исатай Таймановтың жеке архивінің болғандығын айтуға болады. Көтеріліс кезінде архив Исатайдың үйінен алынып, Орынбор архивінде сақталған, өкінішке орай ол архив қолда жоқ. Егерде ол архив табылса архив қорының жеке тұлғалар архивінің басы болар еді. 1940 жылы Қазақстан архиві жұртшылықтың 1076 ғана сұранысына жауап берсе, соңғы екі жылда Кеңес үкіметінің қуғын-сүргінге ұшырағандар мен әлеуметтік құқық мәселелері бойынша 325 мың 860 сұранысқа анықтама берілген.

Орталық архив органы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М.Тынышпаев, С. Сейфуллин, М.Шоқай т.б. ардагерлердің өмірі мен шығармашылығы жөнінде көрмелер ұйымдастырып, ақпарат құралдарында материалдар жарық көрді.

Садуақас Шормановтың шын аты – Сахди ибн Уақас. Садуақастың нақты қай жылы (1847-1850 жж), тіпті нақты туған жеріне байланысты бірнеше болжамдар бар. Соның бірі, Ертістің сол жағында орналасқан «Ауыздағы Қаржас» деп аталаты ауылда дүниеге келген еді[1.8 б]. Балалық шағы Аққелін (Совет үкіметі кезінде Теңдік, қазіргі Мұса Шорманов ауылында) ауылында өтті. Осы ауылда ауыл молдасынан оқуын бастап, Омбы қаласындағы гимназияда жалғастырады. Гимназия оқуын аяқтап, Томск қаласының университетіне оқуға түседі. Бірақ, ауырып, оқуын тастап кетеді. Өз білімін орыс, араб кітаптарын оқып көтереді.

Садуақасты 18 жаста Шоқан Уәлихановтың қарындасы Нұридаға үйлендіреді. 1894 жылы Нұрида қайтыс болып, артынан Напиға атты жалғыз қызы қалады. Бір жыл өткен соң Садуақас Айдабол бидің ұрпағына Зейнепке үйленеді, бірақ ол бедеу болып шығады.

1881 жылы полковник Мұса Шормановты Санкт-Петербург қаласында өтетін III Александрдың тәж кию шарасына баруға рұқсат етіледі, бірақ Мұса ауырып, орнына ұлын Садуақасты жібереді.

Зиялы, ақылдығымен ел арасында силы болған Садуақас Шормановты атын атамай Сәкен ағай деп атаған. Садуақас домбырамен ән айтқан, қыран құс пен тазымен аңға шыққан. Өлең шығарғанымен, онымен толық айналыспаған еді. Ел арасында Садуақас сұңқар, лашын, бүркіт, қаршыға сияқты құстардың тілін білген, яғни мылтықсыз мерген болған деседі. 1907 жылы Шормановтың «Аушы» (Аңшы) атты кітабы қазақ қаласындағы баспадан басылып шығады. Осы кітаптың алғысөзінде ол: «Өз өмірімнің біраз уақытын әртүрлі саят құстарымен, аң-құс аулаумен өткізгендіктен, осы кәсіптің кейбір егжей-тегжейлі ерекшеліктері жайында тәуекел етіп, айтуды жөн көрдім», – деп жазады. Бұл кітап Шамситдин қажы Құсайыновтың қаражатымен басылып шығады.

Садуақас Шорманов бала оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөлген, , ол өзінің 1887 жылдың 25 ақпанында Г.Н.Потанинге жазған хатында: «…қазіргі күні Ресей қаласында 30-ға тарта қазақ балаларының оқып жүргенін" айта келеді де, "…Санкт-Петербор университетінде оқитын Барлыбек Сырттановқа жәрдем етуін» сұраған. Ал Барлыбек Сырттановтың тікелей көмегімен Мұхамеджан Тынышбаев, Садық Аюкеұлы Аманжолов, Ораз Жандосов және өзге де қазақ жастары Верный қаласының ерлер гимназиясына қабылданады. 1903 жылы Садуақас Аққелін уезінде алғашқы болып бастауыш орыс-қазақ мектебін ашады. Кейіннен ол мектепті Қаныш Имантайұлы Сатпаев бітіріп шығады[1. 8 б].

Садуақас 1891 жылы 15 шілдеде Омбы қаласынан оң үш шақырым жерде Ресей императоры III Александрдың мұрагері Николайды қарсы алу құрметіне арналып тігілген 20 киіз үйдегі болған салтанатты рәсімге қатысады. Сонда ол болашақта Ресейдің соңғы императоры болатын II Николайға алғы және артқы қастарының ойықтары оюлармен безендірілген, бүтіндей күміспен қапталып, түрлі-түсті тастармен әшекейленіп, әдемі жасалған ер-тоқымды сыйға тартады.

Ауылдағы жылқышының Мәкен атты қызына Садуақас ғашық болған, оны түсінген әйелі Зейнеп, жылқышыны отбасын Бестау жаққа көшіріп жібереді. Жылқышының отбасы кенеттен неге көшіп кеткен түсінген Садуақас Мәкенге арнап «Ардақ» атты өленді шығарады. Кейіннен ол А.В. Затаевич әннің мәтіні мен музыка ырғағы тыңдаушыны баурап алып, керемет үйлесімдігіне: «Ардақ әні - жалпы музыка өнерінің табысы» деген. «Әудем жер», «Көкжендет» әндері ел ауызында өз орын табады.

Садуақас 1897 жылдың қазан айында әкесі Мұсаның этнографиялық шығармаларының, 3280 жол қазақ ақындарының (оның ішінде Абай мен өзінің де өленделері бар) және 178 қазақ мақалының басын қосып, өз қолымен, араб әрпімен жазылған 163 беттік жинақты кітап қылып бастыруға Санкт-Петербордағы мұсылман баспаханасының иесі Ілияс Борағановқа барады[1. 8 б]. Бірақ сырқаттанып, барған мақсатының сәті түспей, қолжазба жинақты сондағы университеттің профессоры, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші П.И.Мелиоранскийге тапсырып, өзі жедел елге оралады. Қазір ол қолжазба Санкт-Петербордың Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасындағы академик А.Н.Самойловичтың архивінде сақтаулы екені белгілі.

Орыс тілді «Особое прибавление к Акмолинским ведомостям» және қазақ тіліндегі «Дала уалаятының газетінде» белсенді тілші болған. Талған мерзімді басылымдарда Садуақас халықтың маңызды мәселелерін көтереді. Ол оқу – ағарту, әлеуметтік жағдай, шаруашылық, елді басқару , мәдениет, әдет – ғұрып мәселелеріне байланысты он екі мақаласы жарияланып шыққан.

Потанин Г.Н. Мұса Шормановпен ғана емес ұлы Садуақас Шормановпен де хат жазысып тұрды.

Садуақастың бірінші хатын 1887 жылы 10 ақпанда Ақкелінде жазған. «Біздің ескі таныстығымыз Сізді және Сіздің, жұбайыңыз Александра Викторовнаны аман-есен алыс, сонымен бірге қиын сапардан оралуыңызбен Сіз Ресейден кетіп, ұзақ уақыт жоқ болған кезде біз сүйікті әкеміз Мұса Шормановтан айырылдық», - деп хабарлай отырып, өз кезегінде әкесі Мұса Потанинмен таныстығын үлкен бақыт санағанын атап өткен[2. 26 б].

Екінші хат 25 ақпан 1887 жылы жазылған. Өзіміз Нұриданың науқасын мұндағы докторларға көрсетпек үшін келген едік. Екі-үш күн болды, қарата бастадық. Әзір мағлұмы жоқ. Сапарыңыздан сәләмет қайтқаныңыз құтты және мүбәрәк болсын. И.А. Козловтан сұраған едім, сізді бек жүдеп қартайып қайтқан екен, - бізде бірнеше күн қонақ болды, - деп жазды[3.124 б]. Садуақастың Григорий Потанинге үшінші хаты 1887 жылдың наурызында жазылған: «Бек сүйіклі Григорий Николаевич. Мұндан ілгері бір хат жазған едім, бү күнде алған шығарсыз. Мәзкүр хатымда Омскіге келген себеплерінің баршасы айтылған жоқ шығар: Хамиладан бір «докладная записка» бермек едім генерал-губернаторға, [қазір] ол ниетімнен қайттым – господин Чистяковтың уа ғайрылардың басқалардың мәслихатты илян. (Ол записка) «Восточное Обозрение» (газетіне) басуға жіберілді. Лайық көрілсе, енді-сізден өтінішіміз бәлки, бағзы бір жерлері бек лайықсыз [болып], ұлықтарға тік (жазылған жерлері болған болса, алып тастап, бізге ұят келместей етіп бастыра көріңіз. Әгәрда басылса бізге хат жазып хабарландырыңыз. Әр уақыт газетке хабар беріп тұрармыз – қазақ халқының зәру болған істерінен, кем жерлері болса толтырып, артық жерін алып тастауыңызды үміт етіп қаламын. Нұрида екеумізен Александра Викторовнаға поклон айтасыз. Сізді лайым хұрметте қалаушы Садуақас Шорманов» [4. 85 б]

Потанинге төртінші хаты 1888 жылы 26 сәуірде былай деп қысқаша жазған: «Бек сүйіклі Александра Викторовна, бек сүйіклі Григорий Николаевич! Сізден жауап телеграмма алып, өткен 1887 жылы 3 қарашада Павлодардан С.-Петербургке «Восточное обозрение» редакциясына Сізге жіберілген марқұм Шоқан Уәлихановтың портретін Сіз әлі алмағаныңызға таң қалдым. Сондықтан Сіз «Восточное обозрение» редакциясынан сұрауыңызды өтінемін, егер онда болмаса, онда маған почта әкімшілігінен іздеп, Сізге тапсыруым үшін Баянауыл стансасына хабарлаңыз. Сіздің қазіргі келгеніңіз туралы мен Омбыға келіп Иван Александрович Козловтан естідім. Мен бүгін кememен өз ауылыма аттанамын. Портретті мен Сіз сұрағаннан кейін Аблайханов мырзадан жібергенмін»[5.116 б].

Осы хат алмасуларға қарағанда Потанинның Шорманов әулетімен тығыз қарым қатынаста болғаны түсінікті. Садуақас ақындығы, құсбегілік, қоғамшылдық қасиеттеріне сай табиғат сүйгіш

эколог та болғанын оның «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» (1888-1893) газетінің 1889 жылғы №10 санында жарияланған «О вреде палов» (даладағы өрттің зияны – С.Ж.) деген мақаласынан аңғаруға болады[1.8 б].

Өз ауылында тұңғыш ашылған мектепке қамқоршы болған Садуақас інісі Біләлдың баласы Жанмұхаммедтің екі бөлмелі ағаш үйін тарту етіп, әмбе осы оқиғаға арнап той да жасайды. Бұл оқу ұясын төңіректегі жұрт шу дегеннен «ағаш үйдегі мектеп» деп атаған-ды. Осы мектептің мұғалімі шоқынған татар отбасынан шыққан Қазан қаласының оқытушылар семинариясын үздік бітірген Григорий Василиевич Терентьев еді.

1914 жылы Садуақас Шормановтың өлеңдері Уфа қаласында шығатын «Шора» атты журналда басылып шығады. Ғабдолла Тоқайдың «Миябике» атты өлеңіне қарасты жазылған сын мақаласы да осы журналда басылып шығады.

Садуақастан тараған жалғыз қызы Напиға, Шоман қажының шөбересі Рахметолла баласы Сұңғатоллаға тұрмысқа шығады. Сұңғатолла – геология-минерология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР-нің және КСРО мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Ғинаят Рахметоллаұлы Бекжановтың туған ағасы.

Садуақас Шорманов жайлы деректер аз, әр түрлі басылымда жарық көрген еңбектерін, ел аузында сақталып келген өлеңдері жиналмаған, еңбек боп шықпаған.

Садуақас Шорманов 1927 жылы қайтыс болып, Аққелінде әкесінің жанында жерленді.

Әдебиеттер тізімі

Жақсыбаев С.И. «Сәдуақас Шорманов туралы не білеміз?» // Жас Алаш, 9 ақпан 2017 (№ 11/12). 8 б.

Таңатарова Ж.Т. «Г.Н. Потанин және М.Шорманов» // Отан тарихы, 2018. №1. 23-27 б.

Сәдуақас Шормановтың Г. Потанинге жазған екінші хаты (1968) // Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В 5 т. Т. IV. – Алма-Ата: Наука.

Сәдуақас Шормановтың Г. Потанинге жазған үшінші хаты (1968) // Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В 5 т. Т. IV. Алма-Ата: Наука. – С.121-122.

Четвертое письмо Садвокаса (1968) // Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В 5 т. Т. IV. – Алма-Ата: Наука.

АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТВОРЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В КАРАГАНДИНСКОМ ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОМ ЛАГЕРЕ (КАРЛАГ)

Батурина А.А. магистрант 2 курса
Карагандинский университет им. Академика Е.А.Букетова
Республика Казахстан, г. Караганда

Карлаг — это трагическая судьба всех народов бывшего Советского Союза. За Карлагом стоят судьбы тысяч и тысяч невинных людей, так называемых «врагов народа», ЧСИР, обвиненных по известной 58-й статье, лишенных своих близких и родных, молодости и счастья, настоящего и будущего. Жертвами Карлага стали дети и взрослые, простой люд и государственные руководители, талантливые военные и известные творческие личности. Они сыграли заметную роль в развитии культуры и экономики, литературы и искусства Казахстана.

В Карлаге были заключены и представители творческой интеллигенции - писатели, поэты, художники, музыканты и др. Судьба этих людей в лагере была особенно тяжелой и сложной. В условиях Карлага, заключенные представители интеллигенции сталкивались с жестким трудом, неполноценным питанием, плохими условиями проживания и системой контроля и репрессий. Многие из них были подвергнуты преследованиям и издевательствам со стороны охраны лагеря и других заключенных. Несмотря на это, некоторые из них, в меру возможностей, продолжали свою творческую деятельность. Некоторые писатели и поэты продолжали писать стихи и прозу, даже если материалы не могли быть опубликованы или распространены внутри или вне лагеря. Некоторые артисты пытались организовывать импровизированные спектакли или музыкальные выступления для себя и других заключенных [1, с.4].

Творческая интеллигенция в Карлаге также выступала как опора и поддержка других заключенных, делилась своими знаниями и опытом, способствовала формированию интеллектуального сообщества в лагере. Они вместе с другими заключенными пытались сохранить свое человеческое достоинство и духовное самовыражение внутри жесткой реальности лагеря. Судьбы творческих интеллигентов в Карлаге часто оказывались трагическими. Они испытывали физические и психологические страдания, многие не выжили или не смогли продолжить свою творческую деятельность после освобождения.

Деятельность творческой интеллигенции в Карлаге остается важным аспектом истории и примером силы духа и выражения человеческого творчества в самых тяжелых условиях. Их судьбы и истории важно сохранять и изучать, чтобы помнить о их жертвах и отразить героизм и выносливость этих людей в сложных обстоятельствах.Изучение и сохранение памяти о Карлаге является важной частью познания истории Казахстана и осознания трагических событий прошлого. Через память о Карлаге поддерживается уважение к жертвам репрессий, их историческая роль и страдания. Это также способствует предотвращению повторения подобных событий в будущем.

Архивные документы о деятельности творческой интеллигенции в Карлаге играют важную роль в исследовании и понимании истории и судьбы заключенных. Они дают ценную информацию, освещающую жизнь и деятельность этих людей в условиях лагерного заключения. Они представляют первоисточники, которые содержат конкретные, фактические данные, связанные с функционированием и деятельностью лагеря. Архивные документы создавались и собирались в то время, когда события происходили, и представляют собой первичные источники информации. Это делает их особенно ценными, поскольку они могут предоставить достоверную информацию о событиях, людях и условиях, существовавших в Карлаге [1,с.4-5].

В последние годы были предприняты шаги для сохранения исторической памяти о Карлаге. Мемориальные комплексы, музеи и памятники были созданы, чтобы сохранить память о прошлых событиях и почтить память жертв.

Одной из значимых инициатив является рассекречивание архивных документов Компартии Казахстана. Архивные документы являются главным источником информации по истории Карлага. Они представляют первоисточники, которые содержат конкретные, фактические данные, связанные с функционированием и деятельностью лагеря. Архивные документы создавались и собирались в то время, когда события происходили, и представляют собой первичные источники информации. Это делает их особенно ценными, поскольку они могут предоставить достоверную информацию о событиях, людях и условиях, существовавших в Карлаге. Имеющиеся в госархиве Карагандинской области официальные документы (уголовные дела по описи № 25 Карагандинского областного суда, картотека интернированных, документы, отражающие хозяйственную деятельность Карлага) не являются достаточной источниковой базой для исследований. Основной фонд хранится в архиве управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам по Карагандинской области и находится в стадии упорядочения, следовательно, недоступен для исследователей. Фонды личного происхождения жертв политических репрессий, несомненно, позволят значительно расширить введение в научный оборот новых документов, использовать их для исследований и публикаций .

Нами исследуются следующие архивные материалы:

1. Государственного архива Карагандинской области (ГАКО) – фонд 1705; фонд 1171;
2. Архива Управления Комитета правовой статистики и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан по Карагандинской области – фонд 16 – Управление Карагандинского исправительно–трудового лагеря (Карлаг);
3. Сборники архивных материалов фонда д.ю.н, профессора Н.О. Дулатбекова, подаренные им в Государственный архив Карагандинской области.

Мы выделяем 5 групп источников:

1. Нормативно–правовые документы;
2. Делопроизводственные документы;
3. Статистические материалы;
4. Периодическая печать;
5. Мемуары.

В архивных документах содержится информация о конкретных личностях, включая творческую интеллигенцию, их биографии, судьбы, обвинения и другие подробности. Архивные

коллекции содержат документы, созданные или связанные с заключенными, и могут включать их письма, записки, дневники, статьи и другие материалы.

Огромный пласт архивных документов занимает отчетная документация: месячные, квартальные, годовые отчеты работы штаба военизированной охраны и Управления лагеря; месячные, квартальные и другие периодические отчеты о движении и трудовом использовании заключенных; докладные записки, обзоры, отчеты о численности, состоянии и режиме содержания заключенных; сведения о побегах заключенных и др.

В фондах ГАКО собраны материалы 1705, описи №1 и №2, в которых, собран материал, касающийся статистических данных по Карлагу. Статистический материал, представлен карточками о трудоиспользовании заключенных, где и даются сведения о деятельности творческой интеллигенции в лагере, аналитические карточки учета движения и состава заключенных в лагерях и колониях по возрасту, полу, составу преступлений

Не менее ценными являются архивные материалы личного фонда д.ю.н, профессора Н.О. Дулатбекова. Им был собран значительный пласт архивных материалов, которые были опубликованы в его трудах, был систематизирован и введен в оборот значительный массив документов и материалов, извлеченных из фондов Государственного архива Российской федерации. Фонд № Р-9414, описи № 1, № 2, № 4, № 6 [3, с.202]. Ценный и интересный материал сосредоточен в делах описи № 2. Фонд представлен 2268 делами. Документы отражают более широкий круг вопросов карательной политики: циркуляры, директивные письма, инструкции, материалы обобщения судебной практики по разным категориям дел, сводные статистические отчеты и др. Даны статистические сводки трудоиспользования заключенных, данные о национальном составе женщин, отчеты о культурно – воспитательной работе среди заключенных.

К наиболее значительным фондам относятся личные архивы писателя, публициста, общественного деятеля, почетного гражданина г. Караганды Ж. Бектурова и писателя фантаста М. Зуева-Ордынца. Документы этих людей были заботливо сохранены их родственниками и переданы на государственное хранение в облгосархив. По большей части эти документы, особенно М. Зуева - Ордынца, систематизированы. Жаик Бектуров, наш земляк, человек энциклопедического ума, в 1942 году, будучи офицером и редактором газеты 105-й кавалерийской дивизии, по ложному политическому доносу был арестован НКВД КазССР и осужден особым совещанием НКВД СССР на 10 лет лишения свободы и отбывал их в Ивдельлаге Свердловской области [4].

В личном фонде писателя сохранились рукописные и машинописные варианты этих произведений с авторскими правками, пометам и, комментариями, вставками, автографами, газетные публикации. Документы к биографии представлены уникальными собственноручными показаниями арестованного Ж. Бектурова от 30 июня и 1 июля 1942 года. В скупых неразборчивых строчках он рассказывает, как «пришел к контрреволюционном у болоту», а также о своих связях с А. Сарсековым и другими националистически настроенными людьми. Сохранилась также копия справки Верховного суда Республики Казахстан о реабилитации Ж. Бектурова от 21.09.1993 г. № 11/4 кр3-88. Документ свидетельствует: «Уголовное дело по обвинению Бектурова Жаика Кегеновича (Кагеновича), 1912 года рождения, казаха, уроженца аула № 9 Сталинского района Акмолинской области, к моменту ареста работавшего редактором дивизионной казахской газеты в г. Джамбуле, осужденного постановлением особого совещания при НКВД Казахской ССР 9 декабря 1942 года по статье 58-2 , 58-10 ч. 2, 58-11 УК РСФСР к 10 годам лишения свободы, с поражением в правах – лет, пересмотрено постановлением Президиума Верховного суда Казахской ССР от 22 августа 1988 года. Постановление Особого совещания при НКВД СССР от 9 декабря 1942 г. отменено и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. На основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993г. «О жертвах массовых политических репрессий» Бектуров Жаик Кегенович (Кагенович) – реабилитирован» [4].

К 90-летию писателя в издательстве «Казахстан» вышла в свет книга о Ж. Бектурове «Енеден ерте айырылған төл секілді» под редакцией Н. Оразбека. Книга полностью составлена из документов и фотографий Ж. Бектурова. Документы писателя-фантаста, одного из зачинателей советской приключенческой литературы М. Зуева-Ордынца были сохранены и переданы в ГАКО его супругой, она оказала большую помощь архивистам в систематизации документов и их датировании. Наиболее интенсивная работа М. Зуева-Ордынца в советской литературе приходится на 1927- 1937 годы. Помимо многочисленных публикаций в ленинградских, московских газетах и журналах, в это время издаются 8 его книг: «Желтый тайфун», «Возмутитель», «Клад черной

пустыни», «Сказание о граде Ново-Китеже» и др. В 1937 году М. Зуев-Ордынец был незаконно репрессирован и депортирован, 13 лет находился в лагерях: сначала в Тайшетском лагере особого назначения, затем в Карагандинском исправительно - трудовом лагере, о чем написаны воспоминания «Личное дело № 179888», впервые опубликованные в газете «Индустриальная Караганда» в 1988 году. В 1955 году он был освобожден, в 1956 году реабилитирован и восстановлен в Союзе писателей [5].

Личный фонд М. Зуева-Ордынца включает 180 дел за 1926-1981 годы. Это документы творческой деятельности (рукописи, машинописные варианты, газетные публикации его произведений, записные книжки, тетради с записями, его переписка с писателями С. Марковым, С. Сартаковым, материалы, собранные для работы, документы к биографии, изобразительные материалы, документы жены писателя). Отдельную опись составляют книги с дарственными надписями. Интерес для исследователей представляет также коллекция документов «Депортация и репрессии народов советского государства», состоящая из дневниковых записей, воспоминаний, писем людей, чьи семьи были репрессированы в 1930-е годы. Одним из тех, кто перенес все тяготы и невзгоды жизни спецпереселенца, трудармейца, являлся Генрих Петрович Гардер. Он родился в Самарской губернии в семье крестьян. Жил, как все, растил хлеб, обеспечивал себя и сдавал излишки государству. С 1931 года для него и его семьи началась мучительная и унизительная жизнь спецпереселенца в Казахстане. Судьба семьи Гардер как две капли воды похожа на судьбы всех оказавшихся в казахских степях крестьян: непосильный труд, холод, голод, эпидемия тифа. В 1942 году Г. Гардера мобилизовали в трудармию, и он из Казахстана попал в Челябинск на «Бакалстрой». В 1943 году его арестовали по статье 58 и из Челябинска перевезли в Новосибирскую пересыльную тюрьму. Вскоре он оказался в пересыльном транзитном лагере на станции Енисей Красноярского края, в 1948 году был отправлен в Норильскую тюрьму. 10 лет Гардер нес непосильную нош у по лагерям и тюрьмам Крайнего Севера. Лишь в 1954 году он вернулся домой, в село Озерное Осакаровского района, куда в 1947 году переехала его семья. По возвращении и до выхода на пенсию он преподавал немецкий язык и рисование. В 1995 году вместе с семьей выехал в Германию, где в 1996 году скончался. Генрих Петрович с 1972 года вел дневник, куда изо дня в день заносил свои наблюдения за погодой, событиями в жизни семьи, села, государства, писал воспоминания о годах, проведенных в трудармии, тюрьмах и лагерях в 30- 50-е годы. Все эти документы на государственное хранение передал его сын В. Гардер. Несмотря на сравнительно небольшой объем документов жертв политических репрессий в фондах личного происхождения, коллекции документов «Депортация и репрессии народов советского государства», хранящихся в государственном архиве Карагандинской области, их информационная значимость велика, они являются ценным документальным источником по истории политических репрессий творческой интеллигенции [6].

Никто не может отрицать ценность изучения воспоминаний, мемуаров, произведений литературы и искусства, созданных жертвами политических репрессий в ту суровую эпоху. Творческое наследие, созданное в Карлаге — трагическое отражение кровавых событий и черных дней, выпавших на долю многих народов. [3,с.16].

Подводя итоги, можем отметить, что в Карлаге содержались известные всему миру ученые, военноначальники, деятели культуры, политики, люди духовного звания, монашествующие. Среди заключенных были и люди искусства: художники, поэты, артисты, писатели, скульпторы, вязальщицы, для творчества которых не стали преградой даже колючие проволоки. Созданные ими труды в заключении дошли до наших дней. Безусловно, что лагерное творчество нуждается в научном исследовании. Когда господствовала тоталитарная система, присутствовало негативное отношение к «сомнительному» творчеству лагерного мира. Но несмотря на это, истинные таланты, пребывая в нечеловеческих условиях заключения, не теряли свое стремление к красоте. Мы преклоняем головы перед их творчеством. Творчество заключенных было выражено в разных жанрах (балет, драма, пение, поэзия, графика, живопись, скульптура, вышивание и т.д.).

В большинстве работ художников доминировали образы серой лагерной жизни. В них чувствуется боль и страдание, одиночество, страх, ужас, безысходность заключенных. Талантливые художники по заказу начальства делали копии мировых картин-шедевров, мастера шили одежду, изготавливали разные бытовые вещи, вязали, вышивали, готовили костюмы для актеров лагерного театра. Поэзия, посвященная лагерной тематике – это же отдельная тема для разговора. Лагерное творчество для заключенных, изнуренных, растерзанных физически и духовно, было единственным способом самовыражения, сохранения себя как личности, единственным орудием борьбы с бесправием. Обращение к искусству стало для них

возможностью выразить крик собственной души, тоски по родным и детям и свою духовную суть. Лагерное творчество также было своего рода протестом против антигуманных деяний тоталитарной системы, направленных на истребление человечества. Люди искусства доказали всему миру, что система, пропитанная кровью, как бы ни ограничивала свободу человека, не может стать преградой красоте и истинному таланту от природы. Они раскрыли нам истинное лицо советской системы, в которую верил весь народ. История является для нас неисчерпаемым источником знаний. Поэтому уроки истории должны послужить крепким фундаментом для развития современного социальносправедливого общества.

Список литературы

КАРЛАГ: Творчество в неволе: художники, музеи, документы, памятники / под общ. ред.: Н.О.Дулатбеков. – Қарағанды: Арко, 2009. – 248 стр.
История сталинского Гулага. Конец 1920-х - первая половина 1950-х годов. Собрание документов в 7 томах. Том 4. Население Гулага: численность и условия содержания, Отв. ред. А.Б. Безбородов, В.М. Хрусталев. Сост. И.В. Безбородова (отв. сост.), В.М. Хрусталев. - М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2004., 620 с.
Карлаг/ Н.О.Дулатбеков., Алматы: Полиграфкомбинат , 2012г., 576 с.
Индустриальная Караганда.-2005.-31 мая.-С.5
Индустриальная Караганда.-2005.-23 апр.-С.13
Индустриальная Караганда.-2001.-6 окт.-С.14

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Бейсенбекова Н.А., т.ғ.к., «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Өз кезегінде Отандық тарихтың дамуына елеулі үлес қосқан «Қазақстан в экономическом сотрудничестве народов СССР» еңбек. Оның авторы Ә.Жұмасұлтанов. Кеңестік дәуірдің идеологиялық ұстанымы басым уақытта жазылғанына қарамастан, бұл еңбекте Қазақстанның одақ көлеміндегі экономикалық дамуы, әсіресе одақтас республикаларымен ынтымақтастығы, олардың экономикасының дамуына қосқан үлесі және сол кездің өзінде Қазақстан экономикасының шикі заттық бағытын көрсетіп жазды. Автордың «Рожденные в огненные годы. Исторический очерк», Өмір жолы» т.б. еңбектеріндегі тарихи материалдар, деректер олардың талданып, зерттелуі нәтижесінде ой-қорытындыларының, мұрағат құжаттарының құндылығы тарихнама ғылымының дамуына қосылған үлес деп бағалаймыз.

Тәуелсіз ел болған жылдардан бастап Орталық Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының тарихшы ғалымдары Қазақстан тарихының күрделі проблемаларын жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосып келеді. Қазақ халқының тарихындағы XX ғасырдың трагедиясын зерттеуде елеулі еңбектер жарық көрді. Солардың бірі Қ.С. Өскембаевтың “Ә. Ермековтің қоғамдық – саяси және ағартушылық қызметі” деп аталады. Еңбек тарихи деректерді талдау негізінде халқына адал қызмет еткен. “Алаш” қозғалысының көшбасшыларының бірі, көрнекті, мемлекет қайраткері, саяси қуғындалған Әлімхан Ермековтың өміріне арналған. Бұл еңбекте бірінші рет архивтік деректер ғылыми айналысқа еңгізіліп, проблеманың тарихнамасы, деректік негіздері жан- жақты қарастырылды. Осы зерттеу тарихи тұлғалар туралы тарихнамаға қосылған маңызды еңбектің бірі.

Қазақ халқының тарихында XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Қазақстандағы Россиялық билік, басқару жүйесінің тарихын зерттеп жазған автордың бірі Б. Абдрахманова. Автордың “История Казахстана: власть, система, управления, территориальное устройство в XIX веке” деп аталатын монографиясы жарық көрді. Бұл еңбек архив деректерін жаңа ғылыми айналысқа енгізіп тарихшылардың танымын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Автор Россия заңдарын жүйелеп талдап, патша үкіметінің саяси позициясын, тактикалық шешімдерін жан-жақты көрсетеді. Еңбекте Қазақстанның әлеуметтік ішкі саяси құрлымына Россия әкімшілік тәртібінің

енуінің себептерін анықтап, 1824 жылғы Азиат комитетінің пікірі бойынша Орынбор өлкесін басқаруды өзгерту, оның ішінде шекаралық өзгертудің жолдары жайлы деректерді талдап баяндай келе 1868 жылға дейін қазақ жерінде Россия билігінің іске асу жолдарын зерттейді.

Автор өз еңбектерінде 1867-1868 жылғы басқару реформасының мазмұнын талдап, оның іске асуы және әлеуметтік, азаматтық құқықтық жақтарына объективтік баға береді. Бұл ғылыми зерттеу еңбекті қазақ даласын Россия үкіметінің отарлау саясатының мәнін талдауға арналған тарихнамадағы жаңа көзқарастардың бастауы деуге болады.

Кеңестік Қазақстанның мәдениет тарихының тарихнамасына арналған профессор Р.М. Жұмашевтың "Очерки истории культуры Казахстана" деген еңбегі 2002 ж. шықты. Бұл еңбекте бірінші рет 1917- 1991 жылдар арасында қамтитын Қазақстанның мәдениет тарихы қарастырылады. Автор өз еңбегінде XX ғасырдың басындағы қазақ халқының мәдениетінің кеңестік идеология құрсауында дамуы, қарама қайшы тенденциялар, мәдениет қайраткерлерінің еңбектері, қилы тағдыры архивтік деректер негізінде бұрын белгісіз фактілерді жаңа теориялық негізде көрсете білген, сонымен қатар Кеңестік Қазақстанның мәдениет тарихының зерттелу кезеңдері жан-жақты қарастырылған. Қызықты да, тартымды, нақты деректер негізінде 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы және мәдениет проблемасы мен қатар 1946-1980 жылдардағы мәдени өмір. Осы мәселелер туралы құнды материалдар талданып, автор, терең теориялық тұжырымдар жасайды. Бұл еңбек мәдениет тарихының зерттеудің жаңа концепциясының бастауы болады.

Қазақ халқының Кеңестік дәуірдегі күрделі тарихының бірі Кеңестік экономиканың даму тарихи, оның ішінде 1946-1970 жылдардағы Қазақстандағы партия-мемлекеттік басқару, аграрлы-индустриялы экономикалық дамуы, тың жерді игеру, өнеркәсіптің экстенсивті-шикізат негізінде дамуы және 1965 ж. экономикалық реформаның мәні, іске асуы, оның салдары жайлы тарихшы З.Ғ. Сақтағановаңың "История осуществления Советского опыта экономической модернизации в Казахстане (1946-1970)" деген ғылыми зерттеу еңбегінің және «Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945 гг»., К. Абдрахмановамен бірлесіп жазған «Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945-1953 г.г.» Автордың ғылыми-зерттеу жұмысының бағытының бірі соғыс жылдарындағы әйелдер мәселесі. Осы тақырып бойынша бірнеше халықаралық конференцияларда баяндама жасады. Сондай мақаланың бірі «Абдрахманова К.К. Участие женщин Восточного Казахстана в партизанских движениях в годы Великой Отечественной войны // Молодежь Великой степи: историческая миссия и формирование Нации Единого Будущего» [1, 86 б.] және «Абдрахманова К.К. Женщины Восточного Казахстана в годы Великой Отечественной войны: фронтовая повседневность и женские истории Завершение коренного перелома в ходе Великой Отечественной войны: проблемы исследования и сохранения исторической памяти» [2, 3 б.]

Қазақстан тарихнамасында өзіндік орыны бар. Тәуелсіздік жылдарында автор тарихтағы әйелдер мәселесіне және күнделікті өмір тақырынбына байланысты көптеген арнайы мақалалар жазып, зерттеулер жүргізді. Соның бірі екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы майдандағы және тылдағы әйелдердің атқарған жұмыстары, олардың күнделікті өмірдегі іс әркеттері туралы арнайы монография жазып Отандық тарих ғылымындағы бұрын арнайы зерттелмеген тың тақырыпты алғашқы жазғандардың бірі болып табылады. Мысалы мына еңбегінде «Великая Отечественная война и женщины Казахстана на фронтах и в тылу: женские истории и повседневность» осы тақырыпты зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі. Сонымен қатар Қарағанды университетінің бір топ ғалымдарымен бірлесіп осы автор бірнеше архив құжаттарын жан-жақты талдау негізінде Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге байланысты бұрын жарық көрмеген Отандық тарихты жазу үшін өте құнды құжаттар жинағын шығаруға өз үлесін қосты. [3, 102 б.] XX-ғасырдың 20-50-жылдарындағы Орталық Қазақстандағы саяси қуғынның тарихын айқындайтын өте маңызды құжаттарды автор мына жинақта талдап берді. Олар мыналар: «Репрессии в Центральном Казахстане в 1920-1950 гг. [4, 32 б.] Сборник архивных документов» . Ұжымдық еңбек ретінде жарық көрген тағы бір құнды жинақ «Голод 1931-1933 годов в Центральном Казахстане: сборник архивных документов и воспоминаний». Бұл жинақта авторлар ұлттық тарихымыздағы үлкен трагедияның бірі 30-жылдардағы аштық туралы бұрын жарияланбаған құжаттарды хронологиялық түрде жинақтап, талдап бергені Отандық тарихтың дамуына қосқан үлесі болып саналады. [5, 232 б.]

Қазақстан тарихының күрделі проблемаларының бірі Қазақстанға басқа халықтарды қоныстандыру тарихына Л.Қ. Шотбаковаңың "Национальный аспект переселенческой политики и коренизации в Казахстане (в 1917-1941 гг.)" деп аталатын ғылыми ізденістері нәтижесінде 1995 ж.

кандидаттық диссертация болып қорғалды, автор Қазақстанда алғышқылардың бірі болып Қазақстанда зорлап қоныс аударылғандар тарихын зерттеген ғалым. Еңбекте өте мол архив деректері талданған, олардың көпшілігі ғылыми айналысқа бірінші рет енгізілген. Автордың терең зерттеп жүрген проблемаларының бірі докторлық диссертация негізіне алынған тақырып "Труды казахской интеллигенции в XIX –нач. XX в. как источник по истории Казахстана" – осы саладағы зерттеулерінде (40 тан астам) мақаласы бар автор қазақ зиялыларының еңбектеріндегі Қазақстан тарихының әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы құнды деректерді талдайды. Солардың ішінде Ә. Бөкейханов, Н. Нұрмақов, С. Садвакасов, Т. Рысқұлов т.б. қазақ зиялыларының Қазақстанның саяси өміріндегі рөлі туралы толық талдау жасалған. Сонымен қатар автор «История Казахстана с древнейших времен до наших дней» атты еңбектің ішінде Қазақстанның азамат соғысы жылдары мен соғысқа дейінгі кезеңін толық объективті түрде сипаттап жазды. Автордың Қазақстан тарихын оқып білуге теориялық жағынан үлкен көмек беретін еңбегінің бірі тарихқа қосымша пәндер атты оқулығы екі тілде жарық көрді бұл еңбек Қазақстанда бірініші оқулық болып саналады. Ғалымның Мәскеу университетінде оқыған кездегі алған теориялық методологиялық білімінің тереңдігі оны әрбір мақаласында байқалады және олардың Қазақстан тарихнамасындағы ғылыми құндылығы дау туғызбайды.

Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы туралы зерттеулер жазғантарихшы Абилов Қ.Ж. Осы проблема бойынша автордың тарихнамалық мәселе бойынша жекелеген мақалалары жарық көрген. Оның 2005 ж. «История становления и развития предпринимательства в Казахстане (вторая половина XIX начало XX вв.)» деген ғылыми еңбегі жарық көрді. Осы аталған еңбекте архивтік құжаттарды талдау негізінде Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы үрдесі, осы үрдіске әсерін тигізген сыртқы және ішкі факторлар, кәсіпкерлік қызмет түрлері мен олардың дамуының негізгі бағыты, қоғамдағы кәсіпкерліктің орны, оның нарықтық инфрақұрылымдар элементтерін қалыптастырудағы рөлі, кәсіпкерліктің әсерінен дәстүрлі құрылымда болған өзгерістер қарастырылады. Автордың еңбегінде теориялық және методологиялық негізде Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына байланысты жазылған еңбектердегі отарлық және тоталитарлық кезеңдердегі саясаттағы экономикадағы деформациялық (сапалық өзгеріске ұшырау) құбылыстарының бастаулары мен негіздерін анықталады, сондай – ақ кәсіпкерлік пен нарықтық қатынастар мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектері талданған. Бұл еңбекті отандық тарихнамада практикалық мәні зор, кәсіпкерліктің даму тарихын терең зерттеген алғашқы ғылыми ізденіс деуге болады.

Сонымен қатар Қазақстан тарихының өзекті проблемаларын зерттеуде тарихшы Аманжол Кузембайұлы «Дореволюционная история Казахстана» деп аталатын өзінің тарихнамалық мәні үлкен ғылыми зерттеулерімен Отан тарихнамасының дамуына үлкен үлес қосты.

Орталық Қазақстандық ғалым тарихшылар Д.А. Шаймуханов және С.Д. Шаймұхановаңың 2003 ж. «Карлаг» деген зерттеулері жарық көрді.

Қазақстанда 1997 жыл Жалпы ұлттық келісім және саяси қуғындарды еске алу жылы болып жарияланды. Авторлар өз еңбектерін осы бағдарламаға сәйкес жазылды деп көрсетеді. Еңбекте өте мол мұрағат деректері талданып, ғылыми айналымға мол жаңа ақпараттар енгізілді. Еңбек бес тараудан тұрады. Оның әрқайсысында өте тартымды, тебіренбей оқуға болмайтын тарихи материалдар баяндалған. Ғалымдар Қарағанды жазаны өтеу лагерлерінің (ҚарЛАГ)-гулагтың бір ірі бөлімшесі ретінде қалыптасуын деректер негізінде көрсетіп, лагерь тарихын, ондағы тұтқындардың жағдайын толық жаза білген. Сонымен қатар тұтқын әйелдердің ауыр халі, «халық жауының балалары» атанған жас балалардың көрген қорлық-зомбылық жан түршігерлік деректерді талдау негізінде баяндайды.

Еңбектің бір тарауы ҚарЛАГтағы тұтқындардың ауыр еңбегінің арқасында дамыған ауылшаруашылығы, оның өнімдерін өңдеу жұмысы және тұтқындардың ішіндегі ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары оның ішінде олар жасаған конструкторлық жоба бюросының істері көрсетілген. Авторлар лагерьдегі мәдени-тәрбие жұмыстарының идеологиялық мәнін ашып жазған.

Лагерь өмірінде ауыр азап пен адамды қорлау жұмыстарын тек фактілер негізінде баяндай отырып Орталық Қазақстан жеріндегі еркше – Спасск-әскери тұтқындар лагерінің тарихын зерттейді.

Карлаг-Степлаг деп аталған лагерді шетелдік әскери тұтқындардың және сол жердегі саяси тұтқындар болып отырған отандастарымыздың тағдыры жан-жақты көрсетілген. Еңбектің ішінде Гулагтың картасы берілген, одан көрінетіні, лагерьдің бөлімшелерінің көптігі, XX ғасырдағы

кеңес үкіметінің өз халқы үшін құрған азап торларының аржағында қанша адам тағдыры өшкенін көріге болды. 1941 ж. Ұлы Отан соғыс жылдарында Жезқазған лагерінде азапта жүріп жұмыс істеген еңбегі арқылы мол өнім берілген. Жезқазғанда мыстың, мырыштың одақ бойынша берілетін өнімінің 70% берілді деп көрсете келе, авторлар сол еңбекте тұтқындар үлесі бар еді дейді.

Сонымен бірге бұл зерттеуде 1941-1942 жылдары Жезқазған лагерінде 1830 бандит, 548 шекара бұзушы, 108 дезертир және 477 әскери қызметкерлер отырды деген деректермен бірге басқа қылмыс жасаушылар-9050 болған. Ал осы 9050-ді авторлар жазықсыз шаруа, жұмысшы, оқытушы, дәрігер, студент, ғалым т.б. болды деп олар жайлы деректерді сөйлетеді. Бұл еңбек үлкен проблеманың тарихнамасына қосылған үкен үлес болды.

Ғылым мен білім орталығына айналған Сарыарқа өңірінде Қазақстан тарихын зерттеуде өз орны бар ғалымдардың бірі В.В. Козина. Автор Қазақстандағы демография мәселесін жан-жақты зерттеп, бұл ғылым саласының дамуына өз үлесін қосты. Автордың ғалым Х. Асылбеков бірлесе жазған «Демографические процессы современного Казахстана» , «Население Центрального Казахстана», «Население Центрального Казахстана (40-е годы – конец XX века)» т.б. еңбектері бар. Осы еңбектеріңде автор Қазақстандағы демографиялық процесстер тарихын, халық саны, олардың орналасуы, табиғи қоныс аудару және көшіп қонуы, халықтың ұлттық, әлеуметтік құрамы, туымен өлімі, халық ден-саулығы, білім деңгейі т.б. қарастырады. Автор осы зерттеулердің нәтижесінде оқу құралын шығарып, Қазақстан тарихының тарихнамасындағы күрделі бір саласы демографиялық зерттеуге еңбек сіңірді.

Орталық Қазақстанның тарихшылары бүгінгі таңда әр тұрлі бағыттарда жұмыс жасайды. Оның ішінде тарихи персоналистика, күнделікті өмірдің тарихы, өлкетанулық зерттеулер.

Тарихи персоналистика бағытында Қарағанды университетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығынында бірнеше монография, оқу құралдары және конференция материалдыры басылып шықты. Тарихи персоналистика бағытында жазылған алғашқы монография Н.Бейсенбекова, Л.Шотбакова және т.б. жазған «Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы)» деп аталатын ғылыми зерттеуде XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Сарыарқа жеріндегі Алаштың ұлы азаматтары, ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Ә. Бөкейханов, Н. Нұрмақов, Ә. Ермеков сияқты тарихи тұлғалардың өмір жолы, саяси- қоғамдық қызметі және олардың шығармаларындағы қазақ ұлтының мүдессі сипатталған. Тағы бір үлкен құнды еңбектердің бірі «Әлихан Бөкейхан- ұлт мақтанышы» деп аталатын монография. Монографияда «Әлемдік деңгейдегі шын мәніндегі аса көрнекті қайраткер тұлға» деп ЮНЕСКО мойындаған Ұлт көсемінің өмірі мен атқарған істері, артында қалған 15 томдық рухани мұрасын насихаттаудың бір ғана көрінісі. Сонымен қатар осы авторлардың «Вклад женщин Центрального Казахстана в развитие региона (30-90-е годы XX века)» атты монография жарық көрді. Монографияда Орталық Қазақстан әйелдерінің XX ғасырдың 30-90 жылдарындағы өңірдің әлеуметтік- экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени өмірін дамытуға қосқан үлесіне талдау жасалды.

«Нұрмақов – тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау» монография да тарихи персоналистика бағытында жазылған. Бұл тұлғаның өмірі мен қызметі дерекнамалық және тарихнамалық талдаулар негізінде жазылған. Монографияда авторлары Бейсенбекова Н.А., Смагулова Г.М., Шотбакова Л.К. талдау жасаған деректер мен еңбектерден Н. Нұрмақов большевиктер партиясының көрнекті өкілі ретіндегі рөлін емес, ең алдымен мемлекет қайраткері, саяси элита ретінде күрескер болғандығын дәлелдеген пікірлерге ерекше көңіл аударды. Осы тақырыпқа арналған Мұстақым Малдыбаев туралы еңбек. Бұл еңбектің авторлары Е. Тоқтарбай және Н. Бейсенбекова. XX ғасырдың басындағы қазақтың үлкен ағартушы-педагогы, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілі, публицист, қайраткер Мұстақым Малдыбаевтың үш бөлімнен туратын жинаққа қайраткердің «Қазақша ең жаңа әлфба», «Қазақша оқу кітабы», «Иман һәм намаз яки мұсылманлық» әдеби мұрасы мен «Қазақстан», «Айқап», «Қазақстан» басылымдарына шыққан публицистикалық еңбектері қамтылған. Сонымен қатар, бұл еңбекке қайраткер-қаламгер туралы әр жылдары жазылған зерттеу мақалалары мен естеліктер де жинақталған. [6, 79 б.]

Тарихи тұлғаларға арналған ғылыми зерттеулермен қатар оқу қуралы да шықты. Соның бірі «Политические лидеры в международных отношениях: генеральные секретари ООН». Авторлар осы оқу құралында БҰҰ-да қызмет атқарған бас хатшылардың өмір баяндары, саяси қызметтері көрсеткен. Сонымен қатар Бас Ассамблеяның Бас хатшыларының халықаралық қарым-қатынастарды дамытудағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық бағыттардағы орасан зор қызметтерін және тұлғалық қасиеттерін талдап баяндаған.

Өлкетанулық зерттеулер мектепке арналған оқулықта жан-жақты берілген. «Өлкетану» атты оқулық екі тілде жазылған. Оқулық авторлары - Н. Бейсенбекова, Л. Шотбакова, Г. Смагулова, Б. Тулеуова. Оқулықтын кіріспе бөлімінде өлке тарихын білу үшін авторлар мынандай ұстанымды көрсетеді: «Өлкетану» курсы – қоршаған ортаны танып-білудің ажырамас бөлігінің бірі. Ұсынылып отырған курсқа тарих, география, қазақ әдебиеті, музыка, өнер және тағы басқа білім беру салалары кіреді. Өлкенің тарихын өз қолдарымен жасаған адамдардың ерен еңбегі мен адамгершілік қасиеттері жайлы, өлкенің тамаша табиғаты мен адамдарының игілікті істері туралы мағлұмат берілген».

«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдарының «Культурное наследие этносов Казахстана: история и современность (на материалах Центрального Казахстана)» деп аталатын монографиясында Орталық Қазақстанның көпэтносты тұрғындарының қалыптасу тарихы және Сарыарқа аумағында тұратын этностардың мәдени мұрасы көрсетілген. Келесі маңызды еңбек – Л.Шотбакова және Г.Смагулованың «Творцы и свидетели истории Каркаралинска» деген еңбегі жарық көрді. Бұл монографияны жазуға белгілі өлкетанушы, қазіргі кезде Ресейдің Санкт-Петербург қаласында тұратын Ю.Г. Попов қатысқан. Монографияда бай мұрағаттық және деректік материалдың негізінде өткен екі ғасырдағы Қарқаралы тарихына қатысы бар адамдардың тағдыры көрсетіледі. Сонымен қатар Н.А Бейсенбекова, Л.К.Шотбакова бірлесіп «Қазақстан тарихының Отандық тарихнамасы» атты оқу құралын жазған. Оқу құралында Отандық тарихтың методологиялық мәселелері туралы ақпарат берілген. Авторлар қазақ халқының тарихының Отандық тарихты зерттеген тарихшылар еңбектеріне талдау жасап, олардың ғылыми маңыздылығын көрсеткен. [7, 4 б.]

Әдебиеттер тізімі

Абдрахманова К.К. Участие женщин Восточного Казахстана в партизанских движениях в годы Великой Отечественной войны // Молодежь Великой степи: историческая миссия и формирование Нации Единого Будущего: Сборник материалов международной научной конференции молодых ученых / Под редакцией Б.Г. Аягана.– Нур-Султан. 2019. – С. 133- 140.

Абдрахманова К.К. Женщины Восточного Казахстана в годы Великой Отечественной войны: фронтовая повседневность и женские истории Завершение коренного перелома в ходе Великой Отечественной войны: проблемы исследования и сохранения исторической памяти: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию Курской битвы и освобождения Левобережной Украины. Оренбург, 30 ноября – 1 декабря 2018 г. / сост. и отв. за вып. Р. Р. Хисамутдинова. – Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2018. – С. 5 – 9.

Великая Отечественная война и женщины Казахстана на фронтах и в тылу: женские истории и повседневность. Монография. / Общ. ред. З.Г. Сактагановой. – Караганда, 2020. – 300 с.

Репрессии в Центральном Казахстане в 1920-1950 гг. Сборник архивных документов / Сост. Джумабеков Д.А., Елеуханова С.В., Козина В.В., Жакин М.С., Сактаганова З.Г. и др.; отв. ред. Н.О. Дулатбеков. – Караганды: Изд-во «Карагандинский университет им. Е.А. Букетова», 2022. – 472 с.

Голод 1931-1933 годов в Центральном Казахстане: сборник архивных документов и воспоминаний. Составители Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К. и др. – Караганды: Изд-во «Карагандинский университет им. Е.А. Букетова», 2022. – 461 с.

Бейсенбекова Н.А., Смагулова Г.М., Шотбакова Л.К. Н. Нұрмақов – тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау: монография. Қарағанды: «Таис» баспаханасы, 2020. – 213 б.

Н. Бейсенбекова, Л.К.Шотбакова / Қазақстан тарихының Отандық тарихнамасы: оқу құралы. – Қарағанды: «TengriLTD» ЖШС баспаханасы, 2022. -264 бет.

КЕҢЕС НҰРПЕЙІСҰЛЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІ

Бейсенбекова Н.А., т.ғ.к., «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Мәзқызы Қымбат магистратура 1курс студенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
Khymbat.maz@mail.ru

Ұлттық тарихта зерттеуге тиым салынған өзекті мәселелерді объективті түрде зерттеуге еліміз тәуелсіздік алған соң ғана мүмкіндік туды.Сондай тақырыптардың бірі XX ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан Алаш азаттық қозғалысы болып табылады.Осы мәселені алғашқы болып зерттеген ғалымдардың бірі Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, 2001 жылғы ғылым саласындағы «Алтын адам» атағының иегері Кеңес Нұрпейісұлы.

Кеңес Нұрпейісұлы өзінің де жастай тұл жетім қалып,интернаттан тәрбие алғаны және «халық жауының» ұрпағы екені,әрбір шалт басқан қадамы «қадағалауда» екенін түсініп сезіне білді[1].Бұл мақалада академик К.Нұрпейісұлының жаңа тарихи сананы қалыптастыруда және тарихи зерттеу жұмыстарына жаңа серпін беруде күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізгендігі, алғашқылардың бірі болып, кеңестік режим мен коммунистік идеология тыйым салған XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын, Алаш тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосып, «Алаш және Алашорда» жөніндегі жаңа бағыттың көшбасшысы болғандығы баяндалады.

Тақырыптың өзектілігі:300жылдан астам отаршылдықта болған қазақ халқының тарихында азаттық үшін күрестің бірнеше кезеңдері болды.Алайда XX ғасырдың басындағы азаттық жолындағы күрестің жолы,әдіс-тәсілдері өте ерекше болды.Сондықтан осы мәселенің негізгі себептерін,қозғаушы күшін,мақсат мүддесін зерттеу өте маңызды өйткені осы күрес идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тұғыры болғандығын көрсету өте маңызды.

Кілттік сөздер: Алаш зиялылары, академик, ұлт-азаттық қозғалыс, аманат, зерттеу жұмыстары, тарихи сана, ұлттық-демократиялық интеллигенция

Кеңес Нұрпейісов бір шоғыр ғалымдар М.Қозыбаев, К.Ақышев, М.Асылбеков, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров, У.Шәлекенов, Р.Сүлейменов, Т.Балақаев, О.Исмағұлов, Б.Көмеков, К.Байпақов, Ә.Тәкенов сияқты тарих ғылымының болашақ үлкен зерттеушілерімен әріптес бола жүріп, қазақ тарихи ғылыми ортасында өзіндік орны бар тұлға.Ол 28 жасында кандидаттық, 38 жасында докторлық диссертациясын қорғап, қырық жасында профессорлық атаққа ие болып, елу жасында Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлық лауреаты атанған. Кеңес Нұрпейісұлы қазақтың тарихында күрделі тарихи тақырыптарды зерттеуі ерлікке тең деп бағаласақ болады. Е.Ділмұхамбетов, Е.Бекмаханов, І.Есенберлин сияқты аға ұрпақтың өткен жолы «тар жол, тайғақ кешулерінен» хабардар К.Нұрпейісұлы, Е.Б.Бекмахановтың өмірі мен қызметі, оның қуғын-сүргінге ұшырау себептері туралы да зерттеулер,мақалалар жазған.Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдарында» атты монографиясын талқылаған мәжіліс стенограммасын жеке кітап етіп жұртшылыққа жариялауы, т.т. еңбектері дәлел.Сондықтан да ол өзі зерттеуге алған тақырыптың маңыздылығын да қиындығын да түсінген ғалым.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, 90 жылдардың басында Кеңес Нұрпейістің «Алаш» саяси партия болды ма?» немесе «Алаштың» ақиқатын кім айтады?» және «Саяси партия болып санала ма?» деген алғашқы мақалаларын жариялады. Осы мақалаларында Алаш қозғалысы тарихын Қазақстан тарихының өзекті мәселеріне жатқызып,жалпы ол өз мақалаларында,зерттеулерінде XX ғасыр басында саяси партия құруға талпынған ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси әрекеттерін саралап талдап, олар құрған саяси партия жайында өзіндік ғылыми тұжырымдарын жасайды. Ол өзінің зерттеу тақырыбының маңыздылығын,Алаштың саяси партия болғандығын, алдына қойған алғашқы бағдарламалық мақсат-міндеттері арқылы нақтылап, Алаш автономиясының іс-әрекеттерін мұрағат деректеріне сүйенетіндігін нақтылады.Осы ізденістердің нәтижесінде 1995 жылы «Алаш һәм Алашорда» атты ғылыми, құнды монографиясын жарыққа шығарды. Автор бұл зерттеуінде қазақ халқының XX ғасыр басындағы тарихын талдай отырып, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңін, қазақ халқының зиялы қауым өкілдерінің осы жолдағы қызметін, қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру

үшін күресін және олар ұлтының азаттығы үшін көрген ауыр зардаптарын құжаттар негізінде объективті тұрғыдан көрсете білген ғалым.

− жаратылыстану-ғылыми зерттеулердің (немесе, танымның жарытылыстану-ғылыми әдісінің) негізгі ерекшеліктерін түсіну;

− ғылыми білім негізінде жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу білігі, сол сияқты өзгерістерді болжау білігі;

− қорытынды жасау үшін ғылыми деректерді және қолдағы бар деректерді қолдану, олардың талдауы мен дұрыстығын бағалау білігі.

Осы негізгі үш құзыреттілікке сәйкес тапсырмалардың да үш тобын бөліп көрсетуге болады. Бұл топтар жинақталған шартты тараулардың атаулары да оқушы тіліне түсінікті, олар үшін түрткі болатын, ынталандыратын мағынада болуы тиіс. Мысалы, тапсырмалардың бір тобын «Қалай тануға болады?» деп атауға болады. Бұған енетін тапсырмалар ғылыми танымның әдісіне жататын құзыреттіліктің біріншісіне, яғни ғылыми білім алудың тәсілдеріне сәйкес келеді. Бұл тапсырмаларда оқушыға қандай да бір фактілерді белгілеу, физикалық шамаларды (өлшемдерді) анықтау, жорамалдарды тексеру тәсілдерін табу; ұсынылған проблеманы зерттеу жоспарын жасау ұсынылуы мүмкін.

Білім беру нәтижесін көрсету деңгейінің бірі – функционалдық сауаттылық, ол тұлғаның білім, білік және дағдылар негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты қызмет ету, нақты мәдени ортаға барынша жылдам бейімделу қабілеті ретінде анықталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», − деп атап көрсетілген. Осыған орай, Мемлекет басшысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын одан ары дамыту қажеттілігін атап өтті [4].

Құзыреттілік білім моделін жүзеге асыруға бағдарланған 12 жылдық білім беру стандарты әзірленуде. Білім берудің ұлттық құндылықтары мен мақсаттары базалық құзыреттер, өмірлік рөлдер түрінде құрастырылған:.

– мейірімді адам;
– бауырмал отбасы мүшесі;
– шығармашыл дара тұлға;
– жауапкершілікті азамат;
– салауатты және кемелденуші тұлға.

Базалық құзыреттер тұлғаның басты қасиеттерін сипаттайды және білім алушылардың қоғамдағы өз орнын табуға, өзін әлемнің бір бөлігі ретінде сезінуге жағдай жасайды. Олар бағдар ретінде әр адамның өз өмірін құруға, қоғамдағы тіршілікке өзек болады, сондай-ақ орта білімнің жасампаздық рөлін күшейтуге негіз болады.

Жалпы мақсат орта білім берудің мақсаттары арқылы нақтыланады. Орта білім берудің мақсаты – білім алушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына, алған білімін кез-келген оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалануына, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруға дайындауға мүмкіндік беруді қамтамасыз ету.

Өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды тәрбиелеу процесінде отбасы мен мектептің ынтымақтастығына үлкен рөл бөлінеді. Отбасы мектепке оқушылардың іс әрекетін ұйымдастыруында «Білім туралы» Заңды ойдағыдай жүзеге асыруына көмек көрсетеді. Алайда ата-аналардың педагогика негіздерін нашар білуі қазіргі кезеңде әлеуметтік тәрбиелеу мен мектепке бейімдеу ісіне кедергі келтіріп отыр. Сондықтан дәл қазір отбасы мен мектептің өзара әрекетін нығайту, бала тәрбиесіндегі әкелер мен аналардың жауапкершіліктерін арттыру қажет. Және бұл шараны мектеп ұйымдастыруы тиіс. Осыған орай бұл істі ұйымдастыруда мектеп мұғалімі, психологы, әлеуметтік педагог жұмысының маңызы артады, көптеген маңызды мәселелер мен сұрақтардың шешімі осыған байланысты.

Тікелей балалармен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагог, өзінің кәсіби қызметіне орай, отбасын нығайту ісіне өзіндік үлесін қосуы керек. Мектепте отбасы мен сынып жетекшісінің бірлескен жұмысын ұйымдастыра отыра, ол соңғы нәтижеге – әр баланың барынша тұлға ретінде дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Әлеуметтік педагог бүгінгі күні отбасын тұлғаның балалық шағындағы даму жағдаятын анықтайтын әлеуметтік орта ретінде қарастырады.

Қорыта келе айтатын болсам Қазіргі таңда білім тұлға, қоғам және мемлекет дамуының басты стратегиялық ресурсы ретінде қарастырылады. Заманауи жағдайлардағы оның мақсаты – шығармашылыққа, өзгермелі заман жағдайында өз тағдырын өзі шешуге қабілетті әлеуметтік құзыретті тұлға қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатындағы мектеп және отбасы әрекеттестігі бойынша Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында да нақты жұмыстар атқарылды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша мектеп және отбасы әрекеттестігінің талдауы мен республикадағы бар тәжірибелерді зерттеу қазіргі таңда педагогтар ата-анамен байланыстың мазмұны, түрлері мен әдістерін жеткілікті дәрежеде толық меңгермегенін көрсетті.

Сондықтан бұл жұмыс білім алушылардың функционалдық сауаттылығының ғылыми-теориялық базасын пайымдауға, осы бағыттағы отбасы және мектептің әрекеттестігінің жаңа формалары мен әдістерін айқындауға және әдістемелік негіздеуге бағытталғандықтан, педагогтар мен ата-аналарға практикалық көмек болады.

Әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. – 114 б.

Крупник, С.А. Функциональная грамотность / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич. М.: Педагогика, 2010.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

Леонтьев, А.А. От психологии чтения к психологии обучения/ А.А. Леонтьев. М.: УМЦ «Школа 2100», 2011.

ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ В 1920–1940-Е ГОДЫ

Касенова М. Д. ст. преподаватель
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова
Республика Казахстан, г. Караганда
e-mail:mika_88.10@mail.ru

Статья посвящена истории казахской письменности, которая пережила несколько исторических периодов. В течение нескольких столетий казахский народ использовал алфавитную систему, основанную на арабской графике, с 1929 по 1940 год был введен алфавит на основе латинской графики, с 1940 года использовалась кириллица. Обращение к историческому опыту латинизации, проводимой в советском Казахстане, как и на всем советском пространстве в 1920-1940-е гг. вызвано в наши дни решением руководства страны о переводе казахской письменности на латинскую графику к 2025 году. Отечественные политические деятели и политологи-сторонники латинизации заверяют, что переход с кириллицы на латиницу является цивилизованным выбором казахстанского общества в пользу глобального открытого мира. Лингвисты обосновывают такой переход удобством для передачи специфических звуков казахского языка. Третьи оправдывают латинизацию особой её важностью на фоне развивающихся технологий и коммуникаций, а также положительным влиянием на научно-образовательный процесс в Казахстане в XXI веке.

Вместе с тем, анализ работ, посвященных изучению процесса латинизации в историческом прошлом, свидетельствует о том, что авторы данных публикаций ищут не столько лингвистическое, сколько историческое и, даже в большей степени, политическое обоснование переходу казахского языка на латиницу.

Модернизация Советского государства в 1920-1930-х гг. в сфере культуры и образования получила в исторической литературе название «культурной революции», что обозначало резкий рывок в освоении нового культурно-цивилизационного пространства. В особенности это касалось проблемы письменности, поскольку Советское государство унаследовало от Российской империи огромное количество народов и этнических групп, говоривших на разных языках и использовавших различные системы письменности. Многовариативность письменных систем, используемых различными этносами, была продиктована своеобразием их исторического развития. Создание новой политической системы, провозглашавшей национально-государственное переустройство в рамках единого государства, требовало унификации письменности. В числе рассматриваемых вариантов унификации письменности предпочтение отдавалось латинской графике. Процесс латинизации в рамках проводимой в 1920–1930 гг. языковой политики, являлся составной частью национально-государственного строительства и подготовки национальных кадров [1; 8].

Новый унифицированный алфавит на латинской основе было решено внедрить среди всех тюркских, а также других народностей СССР. Известно, что распространение новых алфавитов в тюркской среде осуществлялось в условиях жесткой борьбы с радикальным духовенством и националистически настроенной интеллигенцией, которые всячески сопротивлялись внедрению латиницы. Среди причин для перевода национальных языков на латиницу, а не на кириллицу, в первую очередь выделяется стремление советской власти избежать сопротивление национальных окраин. Дело в том, что в это время еще были живы воспоминания о колониальной политике царского режима, поэтому создание письменности на русской основе могло быть воспринято негативно.

Вместе с тем перевод казахского языка с арабской графики на латиницу столкнулся с большими трудностями, связанными как с простым непониманием новой графики, так и сопротивлением этому процессу части казахского общества. Однако положение изменилось уже в 1930-е гг, когда происходил быстрый переход к развернутому строительству социализма, предполагающую усиленную индустриализацию, а значит ускоренную подготовку профессиональных кадров и массовое распространение грамотности [2; 141].

Отношение к латинизации в среде национальной интеллигенции было далеко не однозначно. Для представителей старой интеллигенции арабская система письма ассоциировалась с традиционным прошлым казахского народа, исламом и национальной идентичностью. Кириллица воспринималась ими как элемент русификации, несмотря на то что они, как правило, свободно владели русским языком. Введение же латиницы для национальной интеллигенции

представляло собой сложный для восприятия процесс, в особенности той её части, которая была встроена в государственный аппарат управления, поскольку это напрямую влияло и на качество их работы, и на их положение в обществе. Поэтому вокруг вопроса о новом алфавите в казахстанском обществе разгорелась большая дискуссия, в которой участвовали различные представители национальной интеллигенции, будь то политики, общественные деятели, публицисты, поэты, писатели, лингвисты и другие.

В свое время А. Букейханов, говоря о формах национального движения казахской интеллигенции, в том числе в контексте концептуальных проблем движения «Алаш», выделял в среде национальной интеллигенции так называемых «западников» - с одной стороны, и «тюркофилов и поборников панисламизма» - с другой [3; 76]. В дальнейшем именно в среде западников, воспитанных на русской литературе, верующих в европейскую культуру и считавших религиозные вопросы второстепенными, нашлись приверженцы латинизации казахского алфавита. Напротив, воспитанные в духе восточного традиционализма тюркофилы и панисламисты были ярыми противниками латинизации и в этом отношении были близки к татарской интеллигенции. Пожалуй, именно поэтому противников латинизации в 1920-1930-е гг. оказалось больше именно в Татарстане и Казахстане.

По мнению Аманжоловой Д.А., та часть национальной интеллигенции, которая выступала против латинизации, представляла собой незначительное меньшинство и не могла выступать от имени всего казахского народа и выражать его интересы [4]. К такому выводу автор приходит исходя из фактического отсутствия конфликта между властью и этнической общностью в ходе преобразования алфавита. Более того, простое население не воспринимало досоветскую письменность как нечто более «духовное» или «национальное», поскольку его подавляющее большинство приобрело грамотность и культуру как раз таки благодаря усилиям советской власти [4].

Вместе с тем, уже в первое десятилетие советской власти на первый план выдвинулась та часть казахской интеллигенции, которая не была связана ни с движением «Алаш», ни с другими националистическими и панисламистскими движениями, а, напротив, стояла на революционных принципах борьбы и всецело поддерживала, и продвигала советскую власть в Казахстане. Среди представителей новой интеллигенции, искренне поддерживавших советскую власть, были Т. Рыскулов, С. Сейфуллин и другие [5; 205]. Её представители всецело руководствовались партийным установкам. Именно из их среды в основном вышли партийные и государственные деятели, выступавшие ярыми поборниками латинизации в 1920-1930-е гг. [2; 141].

В целом же, вследствие приверженности партийной идеологии, вопрос о латинизации рассматривался ими в контексте культурной революции и классовой борьбы. Советский социолингвист Н. Яковлев, будучи одним из главных идеологов латинизации в СССР, отмечал, что борьба за латинизацию в тюркских окраинах приняла характер классовой борьбы пролетариата Советского Востока за советскую национальную культуру, направленной против враждебно настроенного консервативного мусульманского духовенства, местных феодалов и буржуазии [6; 26].

Вместе с тем, в составе бюрократического аппарата в Казахстане оказались как представители старой интеллигенции, отстававшие в большинстве своем арабскую графику, так и более молодое поколение казахской интеллигенции, сторонники латинизации. Под руководством Научно-методического совета (НМС) Наркомата просвещения (Наркомпрос) на совещаниях местных научных и общественных работников велась широкая дискуссия по вопросу о новом казахском алфавите, где с одинаковым правом и одинаково свободно могли высказываться как арабисты, так и латинисты.

Решающим этапом в проведении латинизации стал Первый Всесоюзный тюркологический съезд, состоявшийся в Баку в феврале-марте 1926 года на котором была выработана резолюция о необходимости и возможных вариантах перехода тюркских республик с арабской графики на унифицированный латинизированный алфавит. Официальной целью унификации латинских алфавитов провозглашалось «построение алфавитов для отдельных народов так, чтобы они (алфавиты), не образовали резких изолирующих перегородок между отдельными языками, чтобы они способствовали сближению между собою братских народов, и в то же время отражали особенности отдельных языков» [7]. На I Всесоюзном тюркологическом съезде 1926 г. противниками латинизации выступило большинство делегатов из Татарстана и Казахстана, которые считали, что опыт Азербайджана неубедителен и не заслуживает распространения среди

других тюркских народов, а все усилия следует направить на реформу существующего арабского алфавита.

В 1927 г. в КАССР объявлен официальный переход на латиницу. По решению КазЦИК при местных исполкомах создаются комитеты нового алфавита (КНА).

В 1928 г. в КАССР было около 80 обществ сторонников нового алфавита (5000 членов). В декабре 1928 г. в Кзыл-Орде прошла первая всеказахская конференция сторонников нового алфавита и сопротивление сторонников арабской графики было окончательно сломлено.

В июле 1929 г. Центральным исполнительным комитетом (ЦИК) и Советом народных комиссаров (СНК) КАССР был утвержден государственный алфавит на основе латинской графики [9; 69]. Латинизация в Казахстане проходила на фоне всесоюзной латинизации в 1929–1930 гг.: осуществлялся переход на новый алфавит народов не только тюркских, но и других языковых групп СССР. Более того, в 1929 г. Наркомат просвещения РСФСР образовал специальную комиссию по латинизации русской письменности, которая объявила кириллицу «пережитком великорусского национал-шовинизма и насильственной русификации» [9; 98]. Таким образом, движение за латинизацию, взятое под пристальное внимание партийных и государственных органов, приобрело широкий всесоюзный размах и стало орудием советской национальной политики.

В Казахстане, по замечанию Г. Тогжанова, противники латинизированного алфавита переместились из школы и органов печати в партийно-государственный аппарат [10; 71]. С начала введения нового алфавита именно управленцев и партийных активистов призывали использовать исключительно латиницу на работе и в быту, а уже в 1930 г. СНК КАССР постановил перейти на латиницу в делопроизводстве всему государственному аппарату. Вместе с тем, практически реализовать в центральных государственных учреждениях данное постановление удалось лишь к 1934 г. На районном уровне, а также в аулах арабский алфавит продолжал выполнять важную коммуникативную функцию вплоть до введения русского алфавита. Более того, на уровне краевых и областных учреждений арабская графика была предпочтительнее нового алфавита, а освоение нового алфавита давалось управленцам с трудом. Они находили выход из ситуации, перекладывая всю тяжесть перевода на латиницу на машинисток [11; 71]. Скорое введение латиницы привело к тому, что выпускники школ, а также пунктов ликвидации безграмотности оставались малограмотными или вообще неграмотными на латинице. Именно на этот пункт ссылались в дальнейшем при проведении заседаний и составлении документов, сетуя на отсутствие владеющих латиницей аппаратчиков, что способствовало переходу в работе на русский язык [11;.71].

Реформаторы пытались свести проблемы внедрения латиницы в среде широких масс к недостаткам организационно-политической работы, а также саботажу со стороны традиционалистов-арабистов. Однако использование административно-командных методов при реформировании письменности, а также возведение латиницы в ранг классовой борьбы против националистически настроенной интеллигенции и исламского духовенства, как остатков эксплуататорского строя, не могли в значительной степени стимулировать активность языкового строительства. Только привлечение больших финансовых и материальных средств, развитие издательской деятельности, а также фактический запрет арабской письменности позволили продвинуть латинизированную письменность к более широкому кругу потребителей [12; 72].

На деле переход на новую форму алфавита, требовавший переобучения уже грамотных людей, лишь осложнил задачу ликвидации общей неграмотности восточных народов. Для проведения намеченных планов в жизнь была необходима подготовка соответствующих ликвидаторов неграмотности по новому алфавиту, организаторов-методистов ликбеза. Однако задуманная партийно-государственными органами «латинизация» алфавитов не была подкреплена соответствующей материальной базой. [1; 10].

Со временем латинская графика перестала отвечать требованиям и интересам советского руководства и их политике «ускоренного сближения и слияния народов». Латинский алфавит вводился политическим руководством, которое еще в 1920-е гг. имело в планах всемирную революцию и будущее всемирное социалистическое государство рабочих. Однако вскоре И. Сталину пришло понимание, что мировой революции не будет.

С 1932–1933 гг. развернулась кампания по свертыванию латинизации. Процесс латинизации не получил логического завершения, поскольку был приостановлен по решению правящей элиты во главе со И. Сталиным. Ряд исследователей утверждает, что дискуссия по переводу казахской письменности на латиницу изначально имела под собой политическую

подоплеку русификации. Так, перевод казахского языка на латинскую графику облегчил в дальнейшем ее замену на русскую письменность, что, в свою очередь, способствовало проведению политики русификации [13].

В 1940 г. в связи с использованием единого алфавита на территории СССР был введен алфавит на основе кириллицы. Проект казахского алфавита, основанный на русской графике, был подготовлен и введен в августе 1939 г. Автором проекта выступил руководитель секции казахского филиала АН СССР С. Аманжолов. В этом случае широкого обсуждения в научной и общественной среде, дискуссий и споров на эту тему уже не было. Собственно говоря, обсуждать вопрос о переходе с латиницы на кириллицу после массовых репрессий 1930-х гг. было уже фактически не кому.

Таким образом, период языковых экспериментов был прекращен в пользу кириллизации письма. Переход казахской письменности на кириллицу, а также политические репрессии 1930-х гг. в отношении национальной интеллигенции, в том числе сторонников латинизации, привели к замалчиванию и фактическому выведению темы латинизации из научного оборота. Советская историческая наука уже в первые годы своего существования оказалась под жёстким контролем властей, а также влиянием догматического марксизма и классового подхода в изучении исторического прошлого.

Вопросы настоящего и будущего родного языка сильно волновали национальную интеллигенцию в XX веке. Эти вопросы волнуют национальную интеллигенцию во все времена и во всех условиях. Сегодня, когда вновь встает вопрос о латинизации казахской графики в связи с мировыми тенденциями, полемика по поводу смены письменности 20-30-х гг. XX в. предостерегает нас от излишней поспешности, напоминает о необходимости тщательного изучения вопроса, взвешенного подхода к нему.

Список литературы

Даудов А.Х. Из истории латинизации национальных алфавитов СССР / Даудов А.Х., Малышева Е.П. // Вестник СПбГУ. Сер. 2, История. - 2011. – Вып. 2. – С. 7-12.

Волков А.Ю. Партийное руководство культурным строительством в Казахстане (1917-1987 гг.) / Волков А.Ю, Ержанов А.Е. // Исто¬рико-партийная наука в Казахстане: некоторые проблемы историографии. – Алма-Ата, 1988 – С.79-98.

Букейханов А. Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 269 с.

Аманжолова Д.А. Языковая политика и культура управленцев Казахской АССР.1920-1936 гг. // Российские регионы: взгляд в будущее. – 2016. - № 2 (7). – С. 36-61

Сулейменов Р.Б. Историография культурной революции // Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.): Очерки становления и развития. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – С. 206–207.

Яковлев Н. О развитии и очередных проблемах латинизации алфавитов // Революция и письменность. – М, 1936. – №2, С. 25-38. – Режим доступа: http://www.kyraha.com/modules/content/index.php?id=2.pdf

Гранде Б. Унификация алфавитов // Алфавит Октября. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. Сб.ст. под общей ред. Н. Нурмакова. – М.-Л., 1934. – С.60-72

Культурное строительство в Казахстане (1918 - 1932 гг.) // Сборник документов и материалов. – Т. 1. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – С.45-79

Алпатов В. М. 150 языков и политика. 1917–1997 // Социолингвистические проблемы СССР и постсоветского пространства. – М.: Институт востоковедения РАН, 1997. – 192 с.

Полемика о выборе алфавита. Кзыл-Орда: Казгиз, 1927. – 145 с.

Нурмаков Н. Латинизация алфавита – орудие пролетарской революции // Алфавит Октября. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. Сб.ст. под общей ред. Н. Нурмакова. – М.-Л., 1934. – С.60-72

Базарова В.В. Языковые эксперименты и практика политических технологий в 1920-1930-х гг. // Власть. – 2009. – №2. – С. 72-74.

Исхан Б.Ж., Даутова С.Б., Оспанова Б.Р. Языковая политика и казахский алфавит // Успехи современного естествознания. – 2014. – №9-1. – С. 136-140

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ РӨЛІ

Каирова Д. М. тарих факультетінің 2 – курс магистранты
Ғылыми жетекші: Ильясов Ш. А. Қауымдастырылған профессор, философия докторы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ,

Көркем әдебиет тарихи өткенді, оның эстетикалық қабылдауын және өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін зерттеудің таптырмас көзі болып табылады. Сондықтан тарих және әдебиет сияқты ғылымдар оқушыларды оқытуда әрқашан қатар жүреді. Орта мектептегі тарих сабақтарында көркем әдебиетпен жұмыс жасаудың әдістерінің түрлерін атап кетуге болады. Көркем әдеби шығармалар мен тарихи оқиғаларды кіріктіргенде, алдымен сыныптың дайындық деңгейін, сабақтың тақырыбын, мұғалімнің жұмыс бағдарламасын, оның кәсіби шеберлігін ескеру керек.

Көркем әдебиетпен жұмыс жасаудың әдістемелігін әзірлеумен М.А. Зиновьев, П.И. Паршаченко, М. Т. Студеникин айналысты. Бірақ талантты мұғалімнің міндеті-қолданыстағы жұмыс әдістерін қолдану ғана емес, сонымен қатар көркем әдебиет туындыларымен жұмыс істеудің жаңа, авторлық технологияларын шығармашылықпен жасау. Көркем шығармаларды қолданудың жоғарыда аталған әдістеріне мыналар жатады: Әдеби иллюстрация, әдеби шығармадан үзінді талдау, мәтіннің өзін оқымай-ақ мұғалімнің әңгімесіне шығарма мәтінінен жеке үзінділерді қосу, көркем шығарманы қысқаша қайталау, қысқаша поэтикалық дәйексөздер, тарихи романдардан үзінділер оқу, әдеби ескерткішті талдау, карточкалар бойынша жұмыс (әдеби шығармадағы тарихи кейіпкерді анықтау жұмысы), сөздік жұмыс (анықтамаларды іздеу).

Көркем әдебиет тарихи материалды нақтылауға және студенттер, оқушылар, тарих жайлы білгісі келетін адамдарға өткеннің жарқын бейнелерін қалыптастыруға көмектеседі. Бұл – оқушылардың назарын қолдауға, пәнге деген қызығушылықты дамытуға көмектесетін көркем әдісінің бірі. Мұғалім оқушыларды тарихи ортаға енгізу немесе дәуірдің дәмін қалпына келтіру, сурет немесе портреттік сипаттама беру үшін шығармалардың үзінділерін пайдаланады.

Тарих сабақтарында көркем әдебиетті қолданудың негізгі мақсаты-мектеп оқушыларының эмпатиясын қалыптастыру. Эмпатия – субъективті әлеміне ену арқылы басқа адамның эмоционалды жағдайын түсіну. Эмпатия әдісі шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлеріне қолданылады (рационализаторлық, өнертапқыштық, басқарушылық қызметте, көркем шығармашылық процесінде). Эмпатия әдісін қолдану жағдайында зерттеу объектісімен біріктіру. Эмпатия әдісі, әдетте, көркем шығармашылықтың мәселелерін шешуде кеңінен қолданылады. Барлық жазушылар эмпатия қабілеттерінің жоғары дамуымен сипатталады. Эмоционалды қабылдау мен тәрбиеге шақыру, адамның бойындағы адмгершілік қасиетін көркем әдебиет туындыларының арқасында қалыптастыра аламыз.

Әдеби образ, әдетте, дәлдік пен сенімділікпен ерекшеленеді, тарихи оқиғаны қабылдауды жеңілдетеді. Көркем образдың дәлелді күші оқушылардың зерттелетін тарихи құбылыстарға деген белгілі бір көзқарасын тәрбиелейді, оларға жанашырлық, жеккөрушілік, таңданыс, наразылық тудыратын эмоцияға әкеледі. Жарқын, мәнерлі көркем образ оқушының жеке басына жан-жақты әсер етеді: оның ақыл-ойы, сезімі, еркі, мінез-құлқы, этикалық нормалар мысалдар мен нақты жағдайларда ашылады. Мектеп оқулығы, өкінішке орай, мектеп оқушыларында сезім дауылын тудыруы мүмкін емес. Тарих сабақтарына тартылған көркем образдар оқытудың идеялық бағытын күшейтеді, мұғалімге тақырыптың идеялық мазмұнын оқушылардың санасына қол жетімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді, оқушылардың жадында зерттелетін тарихи материалды берік бекітуге ықпал етеді. Көркем әдебиет шығармаларында біз белгілі бір материалды табамыз, әдетте оқу құралдарында кездеспейтін - дәуірдің жағдайы мен түсі, өмірдің нақты сипаттамалары мен бөлшектері, жарқын фактілер және өткен адамдардың келбетін сипаттайды. Мысалы, сегізінші сынып немесе он бірінші сынып оқушылары Тұрар Рысқұловтың келбетін, эмоциясын, заманын, жақсы қасиеттерімен басты қаһармандық дәрежесін анық көрсетуі үшін Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының үздісін оқуға болады.

«… Ал, енді әкесінің Қызыл Жебеге мініп отырғандағы келбетін көріп, Тұрардың төбесі көкке жеткендей, аспандағы жұлдызды қолмен ұстап тұрғандай болды. Қызыл тұлпардың үстіне құрыш қонғандай әдемі сурет жас баланың жанын әлдилейді. Рысқұл садақпен атылған Қызыл Жебенің құрыш ұшындай болып барған, айтулы палуан Мақаштың тастай тақымын талқандап, көкпарды тартып алғанда, Тұрар бұл өмірдің додалы көкпар екенін, күреспесе, алыспаса адам өз

сыбағасынан, бәлкім бақытынан адасып қалатынын бала көңілмен, көмескілеу болса да аңдады. Егер әлгінде Рысқұл көп көрерменнің бірі болып, бұғып тұра берсе, мақтанышқа мастықтан Мақаштың екі көзінің еті өсіп, есіріп кетер еді. Тұрар сонда қорқақ болмау керек екенін, адал айқасқа аянбай түсу керек екенін сұңғылалықпен емес, бала түйсігінің алғырлығымен сезінді. Қызыл Жебе мен Рысқұл Тұрар оқыған өмір атты қалың кітаптың бір парағы. Бірақ бұл құдірет аямай төге салған ағыл-тегіл қуаныштың арты ұлы жанжалға ұласа жаздады. Әлбетте, әуелі Саймасай салды сойқанды. Рысқұлға:

– Сатқынсың! Қарақшысың! Тауфихсыз кірме итсің! Құртамын да жоямын! – деді.

Бурадай бұрқылдап Мақаш қамшы үйіріп ұрмақ болды. Қанды жағы Рысқұлды жақтап, олар бір бүйірден килікті.

– Айып менен, алдияр! – деп Рысқұл Саймасайдың алдына қол қусырғанмен, болыстың көкірегіне қан қатып қалды.

– Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын деген қайда? Рысқұл исі дулаттың намысын емес, тұлпар тұяғының намысын Қамбар ата аруағын, ас-жиынның, ойын-тойдың намысын қорғады. Оған сенін нең кетті, болыс! Кірме деп қорлай берсең, мен-ақ сыйдырып аламын, Шымыр дулат маған да алыс емес! – деп Тұқымбай дәуірледі.

Астан қайтқалы Қызыл Жебе Саймасайдың көз алдында ойнақтап тұрды да қойды. Түнде кәдімгідей түсіне кіреді. Түсінде оны біреулер беліне қырық құлаш арқан байлап зынданға түсіреді. Зынданның бір түкпірінде Қызыл Жебе құлағын жымырайтып, артқы аяғын көтеріңкіреп тебейін деп тұрады. Саймасай Қызыл Жебенің жанына жолай алмайды. Қырық құлаш арқанның ұшын тұзақтап, бұғалық тастамақ еді... ала арқанның өзі ала шұбар жылан болып басын қайқаңдатты. » [1, 37].

Көркем әдебиет тарихтың ғылыми материалын суреттейді, оның көркем сюжеттеріне түсініктеме береді, түсінуді тереңдетеді, өмір құбылыстарына деген қызығушылықты оятады, эмоционалды тәжірибе тудырады.

Тарих сабақтарында әдебиетті қолдану мақсатын орай міндеттері:

1. Әдебиет сабақтарында оқылатын көркем әдебиетті талдаңыз және мектептің әдебиет бағдарламасы бойынша оқылатын шығармаларды қолдану.

Өкінішке орай, Тарих пен әдебиетті оқыту бағдарламасы кейде сәйкес келмейді және мысалдар бағдарламасы бұзылады.

2. Тарих сабақтарында көркем әдебиетті қолдану әдістерін таңдау.

Берілген екі міндет ең негізгі міндеттердің бірі болып табылады, оны жүзеге асыру үшін мектеп оқушыларын эмоциялармен шамадан тыс жүктемеу және оларды сабақтарда тақырыптардың үзінділерін, сондай-ақ ауыр драмалық оқиғаларды қолданған кезде оларды эмоционалды күйден уақытында шығара білу үшін тарихты да, әдебиетті де, психологияны да мұқият білу қажет.

Тарих сабақтарына көркем әдебиет туындыларын таңдаған кезде – екі жағдайды ескеру қажет: біріншіден, материалдың танымдық және тәрбиелік мәні сақталуы (яғни тарихи құбылыстардың шынайы экспозициясы); екіншіден, әдеби шығарма мен тарихи оқиғаның жоғары көркемдік құндылығы сәйкес келуі. Б. К. Бородиннің «көркем әдебиет тарихи және тұрмыстық сенімділік шегінде болуы керек» деген сөзін де ескере отырып, әдебиет пен тарих сабағының кіріктірілуін мазмұны бойынша қарастырылып, кітап сипаттайтын уақыттың тарихи ерекшеліктері мен менталитеті қатаң сақталуы керек, сондықтан осы тарих сабағында зерттелген тиісті дәуірдің замандастарын алған дұрыс [2].

Біз зерттеп жатқан дәуірде жасалған шығармалар – сипатталған құбылыстар мен оқиғалардың замандастары жазған туындылар. Бұл топтың шығармалары дәуірдің өзіндік құжаттары мен тарих ғылымы үшін өткен туралы білім көздерінің бірі болып табылады. Әр дәуірдің әдеби шығармалар автордың көзқарасы арқылы бейнеленгенін ескере отырып, сыни көзқарас арқылы оқушыларға жеткізілуін талап етеді. 1185 жылы қыпшақ ханы Қоншақ пен кнәз Игорь арасындағы соғыс баяндалатын Киевте жазылған ежелгі Ресьтегі ең елеулі поэзиялық шығарма «Игорь жорығы туралы жыр», Куликова шайқасына арналған «Мамаев шайқасы туралы аңыз» туындыларын мысал ретінде қарастырамыз.

XIX ғасырдың ортасында. тарихи деректануда үлкен төңкеріс жасалды. Оқиғалар туралы азды-көпті үйлесімді әңгіме құру үшін әртүрлі құжаттардан ақпарат алынды, бірақ дереккөздер салыстырылмады, олардың қайшылықтары талданбады, деректану ғылым ретінде қарастырлмады. Бұл реалистік романның бүкіл жүйесін құлатты.

Достоевскийдің әрбір романы дереккөзді зерттеудің бір түрі болып табылады. Деректанудағы төңкеріс Ресей сотының тәжірибесіндегі төңкеріспен бір мезгілде болды, онда куәгерлердің айғақтары (және заңгерлер бұл айғақтардың қайшылықты екенін біледі) және алқабилердің пікірлері маңызды рөл атқара бастады. Достоевскийдің романдары – бұл үлкен сот тергеулері. Достоевскийдің барлық романдары, ең алдымен, тарихи деректануда ашылған және реформаланған сот тәжірибесінде қалыптасқан әдістермен жүргізілетін шындықты іздеу. Достаевскийдің шығармаларын қолданған уақытта, маңызды мәселенің бірі – автордың көзқарасы мен шындықты ажырата білу, субъективизмді тану.

Оқушыларға әдебиет, ең алдымен, оқиғаның тарихпен дәлелденген бұрылысы емес, субъективті көзқарастар екенін түсіндіру үшін, бір оқиғаға байланысты заманға сай екі немесе бірнеше көркем әдеби туындылармен таныстыру керек. Мысалы, сегінші сынып оқушыларына дүниежүзі тарих сабағында «Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы» тақырыбында мұғалім Евгений Авдеенконың «Империяның соңғы сарбаздары» («Последние солдаты империи») шығармасынан үзіндісімен таныстыруға болады.

«…Ресей Бірінші дүниежүзілік соғысқа мықты полктермен, орташа дивизиялармен және әлсіз әскерлермен кірді. Орыс-жапон соғысындағы жеңіліс армияның жауынгерлік рухына әсер берді. Құл психологиясы көптеген жоғары офицерлердің санасында үстемдік етуді жалғастырды. Жоғары командирге пайдалы мойынсұнушылық және төменгі шендерге деген менсінбейтін менмендік тек офицерлер корпусына ғана емес, сонымен бірге Ресей империясының негізгі күшіне де әсер етті.» [3].

Евгений Авдеенконың еңбегімен қоса тақырыпты ашу үшін Эрих Мария Ремарктың «Батыс майданда өзгеріс жоқ» (нем. Im Westen nichts Neues — «На Западном фронте без перемен») туындысын да қолдануға болады.

«…Бір күні таңертең мен оның төсегін он төрт рет жинадым. Менің жұмысыма көңілі толмай, ұрып-соғып, төсегін еденге тастайтын. Арасында үзіліс ала отырып, жиырма сағат жұмыс істегеннен кейін тас тәрізді қатты етігін айна тәріздес етіп жылтыратып тазаладым, тіпті Химмельштостың да бұдан артық ұрысатын жайы болмады. Оның бұйрығымен мен казарманың еденін тіс щеткасымен сүрттім. Еден щеткасымен және шөмішпен қаруланған Кропп екеуміз оның тапсырмасын орындай бастадық – казарманың ауласын қардан тазаладық. Егер біздің аулаға лейтинант келіп қалмаса, мүмкін далада қатып қалушы едік. Лейтинант бізді көріп, казармаға қайта жіберді де, Химмельштостың сазайын берді.» [4].

Бұл үзінділер Ресей империясы мен Кайзер Германия әскерлерінің менталитеті мен ережелерін айқын көрсетеді. Мұғалім оқушыларға неміс пен орыс халқының бұл оқиғада таңдауы жоқ адамдар ретінде қарастырып, берілген көркем шығармалар екі халыққа да эмпатиясын ояту үшін көмек береді.

Оқушылар барлық кезге бірдей көсемсөздік және көркем әдебиетке сын көзімен қарай бермейді. Соңдықтан сабақ барысында І. Есенберлиннің «Қаһар» романы мен Е.Бекмахановтың монографиясындағы Кенесары Қасымұлы бейнесін салыстыру сияқты тәсілдерді де қолданудың манызы зор.

Оқушыларға адамгершілік тербие беруде көркем шығарманың маңызы зор. Тарихи тұлғалардың түрлі қылығын таныған оқушылар өзін оның орнына қойып, кейіпкердің ахуалын бастан кешкендей болады. Сондай сүйікті кейіпкердің бірі — Ежелгі Римдегі құлдар көтерілісінің көсемі гладиатор Спартак. Р. Джованьолидің «Спартак» романынан үзінді келтіре отырып, оның ерлікке, қайсарлыққа, сонымен бірге биік адашершілік мұраттарға толы тұлғасы арқылы окушыларды» нәзік сезімдерін оятып, тербие міндеттсрін іске асыруға болады. Тәрбиелеу және оқыту мақсаттарын іске асыру үшін қайталау сабақтарында көркем-тарихи кітаптарды кеңінен қолдану тиімді. Мысалы, отандық тарихтағы отаршылдыққа қарсы үлт-азаттық күрес тақырыбын қайталағанда мынадай бетлетристикалық еңбектерді қолдануға болады:

1) Жоңғар басқыншыларына қарсы күрес (Қ. Жұмаділов. «Дарабоз»);

2) Патшалық Ресей отаршылдығына қарсы күрес (І. Есенберлин. «Қаһар»);

3) Қоқаңдықтарға қарсы күрсс (З. Шүкіров. «Жанқожа»).

Мәтінді жаттап алудың тәртібі оқушылар жақсы меңгеруі тиіс. Есте сақтаудың негізі — ойлау болғандықтан, алдымен мәтінді толығымен, кейін азатжолдар бойынша оқып, негізгі мәнін түсініп алу керек. Талдау санадағы түсініктер мен бейнелерді қалпына келтіруте көмектеседі. Мағыналық байланыстарды нығайту үшін тұтас мәтінді бірнеше беліктерге боліп, жатталатын негізгі ұғымдарға баса мән бері, оларды бір – бірімен байланыстыру, салыстыру керек.Түсінікті нәрсе тез әрі жеңіл есте сақталады.

Тарих сабағында көркем әдебиетті қолдану-тарихи өткенді білуге, яғни сабақтың білім беру және тәрбиелік міндеттерін шешуге көмектесетін дәрежеде енгізіледі. Мектепте тарихты оқыту процесінде көркем әдебиетті қолдану білім беру мәселелерін шешуге ықпал етіп қана қоймай, зерттелетін дәуірдің мәнін түсінуге, оның түсін, тарихи құбылыстардың ерекшелігін сезінуге, оқушылардың ой өрісін кеңейтуге көмектеседі. Көркем әдебиет-бұл әлеуметтік-тарихи құбылыстарды танудың маңызды құралы, сонымен қатар оқушылардың бейнелі ойлауын, алынған ақпаратты талдай білуін, ең бастысы салыстыра білуін дамытуға ықпал етеді.

Көркем әдебиетті шартты түрде үлкен екі топқа белуге болады. Ол оқып-үйренетін кезенің әдеби дерегі және тарихи беллетристика. Тарихи білім көздері авторы жазылған оқиғаның тікелей қатысушысы немесе куәгері болған шығарма. Олар өткен күнді тануға комектесетін дәуірдің өзіндік құжаттарын құрайды. Ондай дереккөздерінің бәрі бірдей оқушыларға түсінікті бола бермейді, сондықтан да сабақта олардың мұғалім таңдап алған үзінділері пайдаланылады. Әдеби ескерткіштердің қатарына Күлтегін, Тонықөк жырларын, Жүсіп Батасағұнның «Құтадғу білік» еңбегін, С. Сейфуллинің «Тар жол тайғақ кешу» романын, М. Шоқайдың «Кеңестер билігіндегі Түркістан» еңбектерін атауға болады.

Зерттелетін дәуір мен оқиғаны анық көрсететін әдеби туындыға Бауыржан Момышұлының «Мәскеу үшін шайқас» шығармасы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» (орысша «Волоколамское шоссе») шығармасының тақырыптық жалғасын жатқызуға болады. Мұнда ойдан шығарылған әңгімелер немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер жоқ. Бұл адамның өз көзімен не болғанын, не болғанын қалай көргені туралы әңгіме. Автор өмірдің қатал және қатал шындықтарын жасырмайды. Алғашқы әскери очерктерде жазушы - тірі жанды, мейірімділікті, айқын ойлау қабілетін сақтап қалған адамның бейнесін көрсетеді. Әр түрлі тағдырлар мен кейіпкерлердің жолдары «Отан үшін шайқаста» тоғысты. Кітапты оқи отырып өзіңді сол жерде жүргендей, кейіпкерлермен бірге олардың эмоциясын сезінгендей әсерде боласың. Тәрбиелік мәні өте зор: отан қорғаушылық, елін, жерін сүюге арналған. Содай кейін ер азаматтың мінезін қалыптастыруда, оның еліне, жеріне деген, еліне ие болатын, халқына қорған болатын азаматты тәрбиелеуде рөлі өте зор. «Волоколамск тас жолы» кітабы көркем қиялдан жасалатын үйреншікті әдеби туынды емес, панфиловшылардың аты-жөндері толық сақталып, олар қатысқан ұрыстар сол қалпында суреттелетін әскери-документті шығарма.

«…Ол танысқан кезде аты-жөнін айтты. Дұрыс ұқпай қалып, қайта сұрадым.

– Бауыржан Момышұлы, – деді ежіктей қайталап.

Оның үнінен сол сәтте тіксініңкірегендей, жайсыздық күйін аңдап қалдым. Тәрізі, ол өзін тез түсінгенді қалайды екен-ау деп түйдім.

Тілшілік дағды бойынша қойындәптерімді шығарғанмын.

– Кешіріңіз, сіздің фамилияңыз қалай жазылады?

Ол: – Менде фамилия жоқ, – деп жауап қатты. Мен аңтарылып қалдым. Ол Момышұлы деген орыс тіліне аударғанда Момыштың баласы дегенді білдіреді деді.

– Бұл менің әкемнің аты, – деп жалғастырды ол. – Бауыржан – өз есімім. Ал фамилиям жоқ.

Оның жүзінде Шығысқа тән деп ойлайтынымыздай, арманшыл жұмсақтық жоқ-тын.

Кейде зор сүйіспеншілікпен мұқият, ал кейде қалай болса солай жасалған дейтіндей – нешеқилы беттер кездеседі. Бауыржан Момышұлының бет-пішіні жапсырғандай емес, қашап мүсіндегендей әсер қалдырған. Ол әлдебір өткір аспаппен бірде-бір дөңгелек сызық қалдырмай, қоладан немесе қатты еменнен жонып жасағандай көрінді.» [5].

Тарихи беллетристика тарихи шындықты қалпына келтіруде түпнұсқа дерек көздері, ғылыми зерттеулер мен монографиялардың қорытындыларына негізделген. Тарихи білімдермен қаруланған автор өткен күнді тарихи шығарма түрінде жаңғыртады. Тарихи беллетристикаға зерттелген кезең туралы кейінгі дәуір жазушыларының жазған шығармаларын қосамыз. Тарихи беллетристика тарихи шындықты қалпына келтіруде түпнұсқа дереккөздері, ғылыми зерттеулер мен монографиялардың қорытындыларына негізделеді. Тарихи білімдермен қаруланған автор еткен күнді тарихи шығарма түрінде жаңғыртады.

Тарихи беллетристика қатарында мынадай еңбектерді атаймыз. І. Есенберлиннің «Алған Орда», «Көшпенділері», Б. Жандарбековтің «Сақтары», М. Мағауиннің «Аласапыраны», Д. Досжанның «Жібек жолы» шығармалары. Осындай еңбектердің қатарында В. С. Пикульдің сериялы тарихи романдарын атауға болады. Олардың өздері автор зерттеген тарихи дереккөздерге, естеліктерге, құжаттарға, ғылыми зерттеулерге және дәуір туралы монографияларға негізделген және осы өткеннің көркемдік формаларын қайта құрудың азды-көпті сәтті әрекеттерін білдіреді.

Мысал А. С. Пушкин «Капитан қызы» (орысша Капитанская дочка), Л. Н. Толстой «Соғыс және бейбітшілік» (орысша «Война и мир»).

Көркем шығармаларды мазмұны бойынша тұлғалық кітаптар және әдеби кітаптар деп екіге бөлуге болады.

Дүниежүзі тарих сабағында қолданылатын тұлғалық кітаптарға:

- Иона Ризнич «Екатерина II»
- Александр Дюма «Жизнь Людовика XIX»
- Уолтер Айзексон «Леонардо да Винчи»
- Толстой А. Н. «Пётр Первый»
- Ли Куан Ю «Из третьего мира — в первый»

Дүниежүзі тарих сабағында қолданылатын әдеби кітаптар:

- Гоголь Н.В. «Тарас Бульба»
- Владимир Высоцкий «Пародия на плохой детектив»
- Вальтер Скотт «Айвенго»
- Виктор Гюго «Собор Парижской Богоматери»
- Эрих Мария Ремарк «На Западном фронте без перемен. На обратном пути»

Тарихты зерттеу процесінде көркем әдебиетті қолдану бойынша орынды және жақсы ойластырылған жұмыс оқушыларға баға жетпес пайда әкеледі, пәнге деген қызығушылықты арттырады, тарих пәні мұғалімінің жұмысының үлкен тиімділігін қамтамасыз етеді. Я. А. Коменский «Ұлы дидактика» (орысша «Великая дидактика») кітабында былай деп жазды: «Балаларда білім мен ілімге деген ыстық ұмтылысты барлық мүмкін жолдармен тұтату керек» (орысша «Всеми возможными способами нужно воспламенять в детях горячее стремление к знанию и учению»).

Тарихты оқытуда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда, тарихи материалды олардың сезіміне әсер ететіндей, түсінікті оқып үйре-нуде көркем әдебиетті, хрестоматия, тарихи дастандар, естеліктер, анықтамалықтар, фольклорлық, этнографиялық, мұрағаттық материалдар, қанатты, нақыл, даналар сөздерін, мұражайлар, көрмелердің мүмкіндіктерін пайдаланған тиімді.

Әдебиеттер тізімі

Мұртаза, Шерхан. Қызыл жебе [Мәтін] : роман. 1-ші кітап / Ш. Мұртаза. – Алматы : Дария Дамыту Орталығы, 2021. – 256 б.
М. Ильин, Е. Сегал «Александр Порфирьевич Бородин». С. 7
Авдиенко Е.В. «Последние солдаты империи.» / Авдиенко Е.В.- М.: "ВЕЧЕ" (2010), 2010.- 290 с.
Эрих Ремарк: «На Западном фронте без перемен» / Эрих Ремарк- М.: АСТ, 2022 г.-288 с.
Бек Александр Б 42 Волоколамск тас жолы. Хикаяттардан тұратын роман. – Алматы: «Дария Дамыту Орталығы», 2021. – 676 б. ISBN 978-601-06-7225-3

ҚҰЖАТТАНУ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Кидралиева А.Б., п.ғ.м.,
Мустафин Е.Е., г.ғ.м.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

XX-XXI ғасырлар да әлемдік экономиканың дамуына байланысты кәсіби бағдарлы мамандықтардың сұраныс жағынан үлкен көлемді өзгерістерге ұшырады. Бұрын бұл мамандықтардың елдің дамуына ешқандай өзгерістер әкелмесе, қазіргі таңда экономиканың кең серпінді түрде өзгерістер әкелу арқылы елді дамытуда. Осындай мамандықтардың бірі-«құжаттану» болып табылады. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ даласындағы алғашқы құжаттанушыларды, түркі дәуірінде «бітікшілер» деп атаған. Түркілік кезеңінде бұл бағдарды біліктілігі мен білімі жоғары адамдар ғана жұмыс атқарып, ел арасында үлкен құрметке ие бола бастады. Қазіргі құжаттануды түркілік дәуірмен салыстырғанда, атқаратын қызметі жағынан түбірлі өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады.

Бүгін, яғни жаһандану заманының басты құндылығы ақпарат көзі болғандықтан, құжаттану саласында жанамай қоймайды. Өйткені, құжат қазіргі заманда қарым-қатынасты оңтайландыратын басты объект болып табылады. Құжат-кең көлемді түсінік болғандықтан, ақпараттық жүйенің басты ажырамас бөлігі ретінде қарастыра аламыз. Құжаттанудың негізін қалаған Поль Отленің пікірі бойынша, құжаттануды ауқымды сала ретінде қарастырып, құжаттанудың ішіне: кітапханалық іс, мұрағат, мұражай салаларын кіріктіре байланыстырған.

Тұңғыш президентіміз 2017 жылы 31 қаңтарда «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында экономикалық өсімнің жаңа моделін құру туралы міндет қойылған болатын. Міндет экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін тұңғыш президентіміз 5 басымдықты негізге алды. Бес басымдықтың ішіндегі бірінші басымдық құжаттану саласымен тікелей байланысқа ұшырайды. Өткені бұл басымдықта алғашқы елбасымыз Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырды. Бұл бағдарламада елбасы цифрлы технологияны қолдана отырып, жаңа өндіріс құру туралы тапсырмасы құжаттанушылардың алдына тың міндеттерді жүктеді. Яғни бұл салада жаңа заманға сай технологияларды пайдаланып, құжаттану саласын біршама автоматтандырылуға бағытталған. Құжаттану саласын жаңа жүйеде автоматтандыру үшін атқарылатын іс-шаралар:

- Барлық құжатты электрондық жүйеге ауыстыру, яғни қағаз құжаттардан арылу.
- Электрондық құжаттардың сақталу қауіпсіздігін жүзеге асыру.
- Жоғарғы оқу орындарында немесе осы салаға байланысты курстарда оқытатын кәсіби бағдарлы пәндерді 80-90 пайызын IT саласымен байланыстырып, ағылшын тілінде жүргізілу.
- Құжатқа қатысты мемлекеттік немесе мемлекеттік емес мекемелерді құжаттану саласын оңтайландыратын жаңа технологиялармен мемлекет тарапынан толық қамсыздандыру [1, 4 б.].

Қазіргі кезеңде құжаттармен жұмыстың дәстүрлі әдістерін ақпараттық технологияларға бейімдеу де құжаттарды зерттеудің тиімді әдістері көмегімен іске асады.

Сонымен қатар Қазақстанда құжаттану тарихын, зерттеу әдістерін арнайы зерттеудің маңызын төмендегі мәселелер де айқындай түседі.

Біріншіден, қалыптасқан бірнеше ғасырлық дәстүрі бар құжаттанудың отандық тарих ғылымындағы орны мен рөлін олардың өзіндік даму заңдылықтары арқылы айқындау қажет. Екіншіден, Қазақстанда құжаттанудың әлемдік ақпараттық кеңістік талабы бойынша ілгері дамуына негіз болатын зерттеулерді жүргізу өзекті әрі қажет. Бұл қажеттілік іс-жүзінде бірқатар, әсересе қазіргі ақпараттық қоғамға аяқ басқан шақта электрондық құжат пен оның құжат айналымы және электрондық мұрағат мәселелерінің шешімін табуына ықпал етіп, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашады. Үшіншіден, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін басқару шешімдерін қабылдау және іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдық-өкімдік құжаттарға ғана басымдық берілді. Нарықтық қатынастардың орнауымен пайда болған жаңа-банк, кедендік, тіпті кәсіпкерлік қызметтегі құжаттар жүйелерін жасау және оларды пайдалану мәселелерін зерттеу де өзекті. Төртіншіден, егеменді ел болып, етегімізді жиып, жаһандану үдерісіне тартылдық. 2005 жылдан бері Қазақстан Республикасының электронды үкіментін қалыптастыру және дамыту бағдарламасы табысты іске асып келеді. Мұндай жобаны іске асырумен Ресей, Беларусь, Украинада іс жүргізу мен құжаттану мәселелерін зерттейтін арнайы құрылған ғылыми орталықтар айналысады. Қазақстандағы Құжаттану және мұрағат ісі бойынша ғылыми-техникалық ақпарат орталығы ғылыми зерттеулермен айналыспайды. Бұл орталықтың әлеуетін арттыру үшін ғылыми кадрларды тарту қажет. Бесіншіден, әлемдік тәжірибеде іс жүргізу мен құжаттану саласында арнайы маманданған білікті құжаттанушы, мұрағаттанушылар еңбек етеді.

Елімізде уақыт талабына сай мамандарды даярлаудың жаңа моделін әзірлеу және оны қазіргі кредиттік білім беру жүйесіне бейімдеу жауапты міндеті тұр. Мамандарды даярлаудың жаңа моделі халықаралық ынтымақтасу шеңберінде тәжірибе алмасуды да қамтуы тиіс. Мұның өзі тақырыптың географиялық ауқымы кеңдігін және халықаралық маңызға ие екенін көрсетеді.

Отандық тарихнамада патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихына арналған С.М.Мәшімбаевтің еңбегі империялық мекемелердің қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге асыруда іс жүргізудің маңызыд құралға айналғанын анықтауға мүмкіндік береді. Қ.М.Атабаевтың, Г.А.Сексенбаеваның, Г.Е. Өтепованың диссертацияларында

құжаттардың тарихи дерек ретінде зерттелуі іс жүргізу мен құжаттанудың мұрағаттанумен, деректанумен тығыз байланыстарын ашып көрсетуде үлкен септігін тигізді.

1970-ші жж. деректанулық зерттеулерде «тарихи факт-тарихи дерек» ұғымдарының арақатынасын ажырату күрделі мәселесі бүгінде шешімін тапты. Құжаттың тарихи дерекке трансформациялану концепциясын ұсынған В.П.Козлов: «Құжаттың тіршілік әрекетінің төрт фазасы бар: құжаттың жедел тіршілік әрекет ету фазасы; құжаттың жедел тіршілк әрекетінің мұрағаттық фазасы; құжаттың тынышталған фазасы; құжаттың тарихи дерекке түрленуінің фазасы»-дейді [2, 145 б.].

Бұл үдерістің заңдылықтарын олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгеру арқылы түсінуге болады.

Әлеуметтік шынайылықты бейнелейтін құжатты феноменологиялық тұрғыдан зерттеуде этнометодология тұжырымдары басшылыққа алынды. Әрине, бұл мәселе пікірталас тудыруы да мүмкін. Дегенмен этнометодологиялық зерттеулер күнделікті шынайылықты және әлеуметтік өзара әрекеттесуді зерттеуге бағытталатынын ескерсек, онда бұл әрекеттердің басым бөлігі құжаттарда көрініс табады. Ең бастысы әлеуметтік өзара әрекеттесуді тілдік коммуникациямен теңдестіру этнометодологияның теориялық тұжырымының бірі. Демек кез келген құжат мемлекеттің, қоғамның, адамның коммуникациялық мүмкіндіктерін арттырудың негізгі көзі.

Қазақстанда мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін ендіру құжаттама мәселелерін шешуді жаңа сапалық деңгейге көтерді.

«Мәдени мұра» ұлттық жобасы аясында Ресей мемлекеттік мұрағаттарынан алынған шағынфильмдер түріндегі құжаттардың басым бөлігі ҚР Орталық мемлекеттік архивінің №2300-қорында шоғырланған. Мұндағы деректердің тобы XIX ғ. мен XX ғ. басында іс-жүргізудің дамуы тарихын, іс-жүргізудің империялық мекемелер қызметімен тығыз байланыстарын, құжаттар түрлері мен жаңа құжаттау тәсілдерін ашып көрсетуде құнды мағлұматтар береді. Осы мұрағаттың №4-«Ішкі істер министрлігінің Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы (1799-1859)» қорында 1800-1868 жж. құжаттар; №44- «Әскери министрліктің Жетісу облыстық басқармасы» қорында XIX ғ.соңы мен XX ғ.басында осы мекемедегі іс ж.ргізу мәселелеріне қатысты маңызды құжаттар, 1911 ж. «Әскери ведомствода хаткерлік туарлы ереженің» үзіндісі (26) сақтаулы. №5-«Қазақ Орталық Атқару Комитеті» қорының іс жүргізу мәселелеріне қатысты ҚазОАК-нің қаулылары көшірмелерінен; ҚазОАК Төралқасы және ҚазОАК Кіші Төралқасы мәжілісінің хаттамаларынан және олардан үзінділерден түпкілікті мәселелерді қарауда және олардың шешімін табуы мәселелерін көруге болады. Бұл қордың құжаттарында сақтаулы іс жүргізуге қатысты деректердің басым бөлігі (негізгі нормативтік құжаттар мен хаттамалар) №774-қорында да кездеседі. Іс жүргізу мәселелерін реттеумен арнайы айналысқан «ҚазОАК жанындағы қырғыз тілін ендіру жөніндегі Орталық комиссиясы» қорында бірізді орналасқан құжаттарды пайдалануды ұтымды деп санадық. Қордың орталық, губерниялық және уездік іс жүргізу комиссияларының қызметі туралы құнды мәліметтері пайдаланылды. №544-«ҚазКСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мұрағат басқармасы» қорындағы іс жүргізу мен мұрағат ісі мәселелері бойынша РКФСР Орталық мұрағатының директивалық нұсқауларымен бірге іс жүргізу және мұрағат қызметкерлерінің республикалық семинар-кеңестерін өткізу туралы құжаттары пайдаланылды. №1392-«ҚазКСР білім министрлігі» қорында 1980-ші жж. құжаттанушы мамандарды даярлау мәселелеріне қатысты жас мамандардың саны туралы статистикалық мәліметтері бар есептер, КСРО жоғары білім беру министрлігімен жазысқан хаттары пайдаланылды. Аталмыш мәселе бойынша бұл қордағы мәліметтер дескрипті болып келеді. Мұның өзі болашақта жаңа зерттеу тақырыптарын анықтауда да пайдалы болары сөзсіз.

ҚР Ұлттық мұрағатында №544-қорда сақтаулы Бас мұрағат басқармасының құжаттары жаңа атауы мен нөмірі өзгерген №41-«Қазақстан Республикасының Мұрағаттар және құжаттама Бас басқармасы» қорында және №48-«Мұрағаттар және құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті» қорында тәуелсіз еліміздегі іс жүргізу мәселелеріне қатысты барлық маңызды құнды құжаттар сақталған.

Іс жүргізу мен құжаттанудың деректерінің келесі бөлігі «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының ағымдық мұрағаты қорларының құжаттарынан тұрады; әр мемлекеттік органда ендірілген электрондық құжат айналымының жайы туралы жеке әзірленген аналитикалық анықтамаларда әр органның осы жүйені ендірудегі ерекшеліктері, онда пайдаланушыларды жүйені дұрыс пайдалануға үйрету және жасалған электрондық құжаттардың саны мен мен сипаттамасы жөнінде мәселелер қамтылған [3, 146 б.].

Сонымен іс жүргізу мен құжаттану деректерін талдау зерттеу тақырыбына қатысты деректердің алуын түрлігін, ақпараттық құндылығы жоғарылығын және олардың ғылыми айналымда құнды дереккөзді құрайтынын көрсетті.

Қазақстан Республикасындағы бүкіл басқару процесі, шешім қабылдауға болатын ақпараттармен қамтылып, жазылған құжаттармен, яғни құжатталған ақпаратпен жұмыс жасауға негізделген. Осы тұста, құжатталған әкімшілік басқару жұмыстары, қазіргі жаңа технологияны пайдалану жағдайында, ақпаратты басқару жағынан жаңа технологияға негізделгендіктен, оны бағдарламалық қамтамасыз ету (құжаттарды рәсімдеудің автоматтандырылған түрлерінің ерекшелігін ескерсек) кез келген ұйым, мекеме немесе кәсіпорында құжаттармен қамтуды, нақты тапсырманы және ең маңызды қызмет көрсететін бақылау функциясы ретінде бүгін қызмет жазбаларын басқару тәуелсіз, институционалдық оқшауланған құрылымдық болып отыр. Жаңа техникалық, ақпараттық, полиграфиялық және аудиовизуалды құралдар өзіне тән ерекше әдістермен, (технотрондық жағдайда қолданыста болатын құжаттар) пайда болып, олар белгілі бір ерекшеліктерді енгізе отырып, осыған сәйкес (әдіс-тәсілдердің қалыптасуымен) бүгінгі күні жаңаша басқаруды құжаттамамен қамту процесінің ажырамас компоненттеріне айналды. Сондықтан барлық себептерді сараптап байқасақ, осы тұста құжаттану ғылымының орны қалыптасты және осыған сәйкес, кәсіби біліктіліктің ғылыми зерттеумен нығаюы маңызды орын алып отырғанын байқауға болады. Ақпараттық-құжаттық кәсіби біліктілік бүгінгі күннің мамандығының сұранысына ғана әсер етіп қана қоймай, оның келешек мүмкіншілігінде орын алатын талап болып, бүгінгі ақпараттық саланың кеңеюіне байланысты әрдайым дамып отыратыны сөзсіз. Құжаттану әр кезеңде бірнеше салада (кітапханатану, тарих, басқару) дамып, ақпараттық-коммуникация аясында қарастырылатын, дербес ғылыми бағыт болсадағы бүгінде оның техника ғылымының саласында орын алған, жаңа технологиялар бағытындағы «ақпараттық технологиялар», «электронды құжат айналымы», «цифрландыру», «цифрлы дәуір» ұғымдарына да қатысты белсенді дамып отырғанын көрсетті. Компьютерлік технологияны кеңінен қолдану тек құжатталған ақпараттың формасын қамту жағынан ғана емес, мазмұндық жағынан қолайлы әдістерді қалыптастыруда, ақпаратты құжаттауда, олардың формалары мен әдістеріне де әсер етеді. Осыған байланысты құжаткер мамандығының кәсіби қызметі бүгінгі жағдайда құжатталған ақпаратты іздеу, жасау, пайдалану т.с.с. өзіне тән технологиясын қолданумен, оған негізделген ақпараттық технологиялардың барлық құжаттау процесіндегі ақпараттық құжаттық қызметінің құралы ретінде қалыптасып отыр. Бүгінгі ақпараттық технологиялар жағдайында құжаттау процесі, бір жағынан, жеңіл болып көрінгенімен (тез және жылдам), ол, материалдық-техникалық шығынды талап етеді, яғни құжатталған ақпараттың технологиясын заманауи талаптарға сәйкес жасау, пайдалану, тарату, т.с.с. мәселелер оның материалдық құндылығын одан сайын арттырады және осы жағдайда арнайы мамандардың құжатпен жұмыс атқару маңызын арттыра түседі. Оған қоса кәсіби құжаткер, архивтанушы мамандық иелері мемлекеттік ақпараттық жүйені жақсартады. Олар кәсіби мамандығын жаңа технологияларды пайдалана отырып, құжаттану ғылымының жетістігін жетілдіре тұра, тиімді тұстарын толық мүмкіншілікпен атқара алады. Кәсіби құжаткер және архивтанушы мамандар құжаттану ғылымына тән арнайы білімді игергенде, ағымдық ақпараттағы біліктілігін жұмыс талабы бойынша міндеттелген қызметті дұрыс атқарып, ақпаратты неғұрлым тез қабылдайды, ақпаратты іздеу мен сақтаудың тиімді тұстарын қамтып, ақпараттық ресурсты сапалы жағынан жақсартады [3, 7 б.].

Сонымен қатар құжаттарды жариялауға әзірлейтін тарихшылардың, археографтардың қызметі жалпы тарихи қорытындыларға, тұжырымдамаларға, тарихшының құрған тұжырымдамасына қарағанда тарих ғылымына ұзақ уақыт бойы терең әсер етеді. Бұл жағдай ертеректегі тарих ғылымына да, қазіргі тарих ғылымына да, ғылымға қатысы жоқ факторлардың: саяси, идеологиялық, этникалық, конфессионалдық әсерлеріне қарамастан тән болды. Тарихи зерттеудің тәсілдері, тұжырымдамасы өзгеріске түскенмен, тарихи дереккөз ретіндегі құбылыс өткеннен, болған оқиғадан мәлімет беруші ретінде тарихшылардың өз зерттеулерінде пайдаланатын дереккөздері өзгеріске түспейді. Осы жерден тарихи зерттеулер аясындағы құжаттардың ерекше орында тұрғанын көреміз, бірақ ол құжаттардың да өзінің қалыптасу барысында субъективтік өзгерістерге ұшырауы әбден мүмкін екендігін естен шығармауымыз керек.

Құжаттық жарияланымдар тарих ғылымының зерттеулеріне сәйкес келуі тиіс. Бұл әрине, дұрыс, зерттеуші нақты тақырып бойынша жан-жақты тарихи зерттеулер жүргізумен айналысатынын ескерсек, басқаларына қарағанда қандай да бір мәселеге байланысты деректерді

жақсы біледі және басқаларға қарағанда ол деректердің жариялануына көбірек қызығушылық танытады.

Өзінің маңыздылығына қарамастан, археографиядағы жете зерттелмеген мәселелердің бірі – өкінішке орай, «нені жариялау керек» деген сұраққа жауап беру. Жинақталып жатқан мұрағаттық құжаттар көлемінің күрт ұлғаюы мен олардың жарияланып үлгеру мүмкіндігімен сәйкес келмей отырған жағдайда бұл мәселенің көкейкестілігі арта түседі, сонымен бірге археографиялық басылымдардың міндеттері мен оны әзірлеу жағдайлары мен әдістерін жақсы меңгермеген, дағдыланбаған кездейсоқ адамдардың археографияға келуі бұл мәселенің неғұрлым оң шешілуіне ықпал ете алмайды.

Ең басты мәселе – жарияланатын тақырыпты дұрыс таңдау, бұл – жариялауға ұсы-нылатын құжаттың немесе құжаттар кешенінің құндылығы. Осы фактор деректің жария-лануға жататын не жатпайтынын анықтайды. Құндылық туралы түсінікті әр археографтың өзінше түсінуіне байланысты олар құнды деп санаған кез келген құжатты жариялай беру керек деген ойға жетелейді. Жариялау объектісіне шек қойылмаған жағдайда жариялау-шыға толық еркіндік берілуі мүмкін. Осыған байланысты, белгілі бір тақырып бойынша жарияланатын деректер қай жерде сақталғанына, түрлеріне қарамастан, оларды тақырып байланыстырады. Археографиялық өнімнің басым бөлігін осы – белгілі бір тақырыпқа байланысты басылымдар құрайды.

Белгілі болып отырғандай, археографияда ең кең тарағаны: құжаттық жарияланымдардың түріне, мәніне қарай жіктелуі. Алғашқысы жарияланымдардың көздеген мақсатына қарай бөлініп жүргізіледі, ғылыми, ғылыми-танымдық және оқу құралдарын әзірлеу үшін. Екіншісінде жарияланып отырған құжаттардың мазмұнын, олардың шығу тегін, түрін (әртүрлілігін) сақталып тұрған орны және басқа да жағдайлар ескеріледі. Осы жағдайларды ескере отырып, жарияланымдар тақырыптық, қор бойынша, бір түрдегі, немесе бір адамның құжаттары болып бөлінеді. Бұл жерде жіктеме құжаттардың мазмұнына, шығу тегіне қарау сияқты бір немесе бірнеше сыртқы белгілеріне қарап жүргізіледі.

Осылайша тақырыптық жарияланымдардың құрамында әртүрлі мекеменің, жекеле-ген адамдардың әр жерде сақталған әртүрлі құжаттары болуы мүмкін. Әуел баста бұларды біріктіруші – біз жоғарыда атап өткендей, ортақ бір тақырып.

Қор бойынша жарияланымдар құжаттардың сақталып тұрған жеріне байланысты анықталады, оларда бір ғана қорға, бірнеше қорға, немесе бір қордың бір бөлігіне жататын құжаттар қамтылады.

Бір түрдегі құжаттардың, бір адамның жарияланымдарына тән нәрсе – дереккөз-дердің ортақтығы, құрастырушының бір адам болуында [4, 23 б.].

Қорыта келе, қазіргі дамыған қоғамның ақпарат ағымымен өмір сүргендіктен, құжаттану саласының ел арасында кең көлемде сұранысқа ие болуын заңдылық деп білемін. Яғни бұл саланы мемлекет тарапы бей-жәй қарамауы тиіс. Үкімет жоғарыдағы іс шараларды жүзеге асыру үшін қомақты түрде қаражат бөлуі керек. Осы арқылы біз құжаттану саласын қаншалықты маңызды екенін ел арасында айқындап береміз. Құжаттану саласы тек мемлекеттік көмекке ғана тәуелді болмауы тиіс. Оның болашақ құжаттанушылар, яғни біз өз тарабымыздан үлес қосу арқылы елбасымыздың міндеттерін толық жүзеге асырып, озық 30 елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерлетеміз.

Әдебиеттер тізімі

"Ақпараттық-коммуникациялық технологияларының мүмкіндіктері мен отан тарихының мәселелері", Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.-193 б.

А.С.Ысқақ, Қазақстанда іс жүргізу және құжаттану: тарихы мен зерттеу әдістері (XIX ғ.-XXI ғ.басы). Автореферат.-Алматы.2010.-50 б.

Құжаттану және басқаруды құжаттамамен қамтуды ұйымдастыру: оқу құралы/ Б.Е.Нұрпейісова.-Алматы: Қазақ университеті, 2021.-158 б.

Е.В.Чиликова, В.М.Чупров, Ақпаратты-әдістемелік бюллетень. №1 (19) 2015.-Астана: ҚР Президентінің мұрағаты, 2015.-155 б.

ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КАЗАХСТАНЕ В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД (1917-1939 гг.)

Козина В.В., Амрина М.С., Кентбек С.К.
Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова
Республика Казахстан, г. Караганда
e-mail: vkozina55@mail.ru

Этнодемографические процессы в Казахстане в исследуемый период были обусловлены тенденциями демографического развития региона в предшествующий период. Процесс усиления полиэтничности и сокращения удельного веса казахов в этнической структуре получил более интенсивное продолжение. Октябрьская революция, последующая за ней гражданская война, разруха, неурожаи и джуты стали причиной высокой смертности населения в результате голода 1917–1918 г. – в Туркестане, в 1921–1923 гг. – в ряде областей Казахской АССР.

Итоги демографическим процессам, протекавшим в первые годы советской власти подвела Всесоюзная перепись населения 1926 года. Были зафиксированы крупные изменения в численности и составе населения Казахстана за первое десятилетие Советской власти. Казахстанские демографы считают, что погрешность данной переписи составляет от 4 до 7% Общая численность населения в современных границах Казахстана составила 6 073 979 чел. По сравнению с переписью 1897 года население Казахстана увеличилось почти в полтора раза (149,4%). Это произошло как за счет естественного прироста местного населения, так и в основном за счет притока мигрантов из внутренних губерний России и Средней Азии [1, с. 185].

В республике проживали представители 86 этнических групп. Казахи были доминирующим этносом, их удельный вес в составе населения составил 58,7%, а абсолютная численность, по сравнению с 1897 г., увеличилась всего на 6,5%. Численность русского населения, напротив, увеличилась в 2,8 раза, а удельный вес достиг 21,6%. Также увеличился удельный вес украинцев (13,9%), немцев (0,8%) и узбеков (2,1%). [2, с. 2, 3, 20, 21, 51, 59]

Сельское население преобладало над городским и составляло 91,6% всех жителей Казахстана. Казахи преобладали (доля в составе сельских жителей – в среднем 61%) в Адаевском уезде – 97,4%, Сырдарьинской губернии – 81%, Уральской – 73,3%, Актюбинской – 72,1%, Джетысуйской – 62,7%, Семипалатинской – 58,2%. Самый низкий удельный вес казахов среди сельчан был в Кустанайском округе – 33,8% [3, с. 658-659].

Значительная часть украинцев проживала в Кустанайском округе. В Акмолинской губернии их доля увеличилась с 18,7 до 25,8%. Численность уйгуров и узбеков возросла в результате национально-государственного размежевания Средней Азии. В 1926 г. в Казахстане проживало 129,3 тыс. узбеков (2,1%); 63,4 тыс. уйгуров (1,0%), а также 79,7 тыс. татар (1,3%), 51,0 тыс. немцев (0,8%), 25,5 тыс. белорусов (0,4%), 42,0 тыс. корейцев (0,6%) и 86,2 тыс. других национальностей (1,4%) [4, с. 33].

Городское население в большей степени состояло из русских (52,8%) и украинцев (5,9%). Казахи в составе горожан составляли всего 14,4%. Их доля в общей численности городских жителей была представлена неравномерно: в Кустанайском уезде – 1,6%; в Акмолинской губернии – 12,8%, Актюбинской – 13,7% Семипалатинской – 21,6%, Сырдарьинской – 21,9%, Уральской – 18,8% и Джетысуйской губернии – 6,9% [2, с. 15-45]. Неравномерное расселение казахов в городах наложило отпечаток на структуру городов Южного региона, которые делились на две части: «новый город», где обычно проживали переселенцы – русские и другие этносы, и «старый город» – окраины, тесно смыкающиеся со степью, где селились казахи.

Естественный прирост населения, по сравнению с предыдущим периодом, значительно повысился. Так, в 1924 г. естественный прирост русских и казахов составил 25 и 16,2 промилле соответственно, в 1927 г. – 32,9 и 27,1. Разница естественного прироста у казахского и русского населения объясняется разницей в уровне детности казахов и русских, которая была вызвана большей смертностью детей в условиях кочевого быта. На повышение этого показателя в целом влияло снижение заболеваемости и смертности, чему способствовала успешная борьба советских медиков с острозаразными эпидемиями. Только за 1922–1925 гг. заболеваемость брюшным тифом сократилась в 15 раз, дизентерией – в 2 раза, сыпным тифом – в 25 раз и т.д. Фактически массовые эпидемические заболевания в целом по республике в 1926 г. были побеждены. [1, с. 52-53]

В ходе форсированной индустриализации значительно увеличиваются темпы миграции на территорию республики. Кроме оргнабора рабочих (свыше 500 тыс. чел.) начались первые

депортации представителей отдельных народов, насильственные переселения и ссылка политических заключенных, спецпереселенцев и др. Происходят коренные изменения в расселении населения, появляются новые города и рабочие поселки, резко растет численность городского населения. Так, к 1930 г. численность городского населения составила 732,7 тыс. чел.; в 1933 г. - 1 311 600 чел.; в начале 1936 г. увеличилось до 1 499,5 тыс. т. е. более чем в 2 раза. [5, л. 144]. Городское население пополнялось также в результате внутриреспубликанских миграций, когда от коллективизации и голода казахи бежали в поисках пропитания в города.

Массовым голод 1931-1933 гг., сверхсмертность населения и откочевки с мест бедствия привели к резкому сокращение сельского населения, подавляющую часть которого составляли казахи. Численность сельского населения в 1930 г. составила 5873,0 тыс., в 1931 г. – 5114,0 тыс., в 1932 г. – 3227,0 тыс., в 1933 г. – 2493,5 тыс., в 1934 г. – 2681,8 тыс., в 1935 г. – 2926,0 тыс., в 1936 г. – 3287,9 тыс. чел.» [5, л.143]. Таким образом, за период с 1930 по 1933 гг., численность сельского населения сократилась с 5873 тыс. до 2493,5 тыс. чел., т. е. на 3379,5 тыс. чел., или на 57,5%.

Суммарные данные о численности городского и сельского населения за 1930–1933 гг. показывают, что за этот период численность населения Казахстана сократилась с 6 605,7 тыс. в 1930 г. до 3 805,1 тыс. в 1933 г., т. е. на 2 800 тыс. чел.

Таким образом, эксперименты в ходе советской модернизации 1920-1930-х годов, повлекшие за собой разрушение традиционного уклада кочевого общества, всеобщее обнищание населения, стали причиной демографической катастрофы. Трагедию, развернувшуюся на территории Республики красноречиво показывает сравнительный анализ итогов переписей населения 1926 и 1937 гг.

В сравнении с 1926 г. население Республики в 1937 г. уменьшилось в 1,3 раза. По ВПН 1937 г. в Казахстане насчитывалось 5 126 676 чел., в том числе казахов – 2 181 520 чел. (42,6%), русских – 1 917 673 чел. (37,4%), украинцев – 549 859 (10,7%), узбеков – 109 978 чел. (2,2%) и т. д. [6, с. 109].

В результате миграций на территорию республики огромного количества людей разных национальностей, изменился этнический состав населения Казахстана.

Таблица 2 – Динамика численности основных этносов Казахстана (1926-1937 гг.) [7, с. *278*].

Этносы	1926 г.	1937 г.
Казахи	3575298	2 181 520
Русские	1246796	1 917 673
Украинцы	819476	549 859
Немцы	49762	80 368
Татары	79030	92 096
Узбеки	129401	109 978
Другие	174216	43 382
Всего	6073979	5 126 676

Как видно из таблицы, численность казахов в Казахстане сократилось на 1 393,8 тыс. чел. (на 39%); украинцев на 269 617 чел. (на 33,1%); узбеков на 19423 чел. (на 15%). Численность русских в увеличилась на 53, 8%, немцев на 61,5%.

Сокращение численности казахского населения в межпереписной период 1926-1937 гг произошло в целом по Союзу. Резкое снижение численности казахов в пределах Казахстана и всего Союза – это последствия голода и разрухи 30-х гг. XX в. Увеличение численности русских произошло в результате миграции извне, темпы которой увеличились с началом форсированной индустриализации.

Материалы *ВПН* 1937 г. признаны дефектными и, в основном, уничтожены, а организаторы репрессированы. *В 1939 г. проводится новая Всесоюзная перепись населения*. Но и эта перепись населения выявила ряд негативных последствий политики Советской власти в части форсированной индустриализации и насильственной коллективизации сельского хозяйства страны. Эти последствия отразились в первую очередь на численности и составе населения Казахстана, которое по сравнению с 1926 г., т.е. за 12 с лишним лет, выросло всего на 1,3% (с 6073979 чел. до 6151102 чел., т. е. на 77,1 тыс. чел.), том числе мужчин – на 3%, а женщин,

наоборот, сократилось на 0,5%. В региональном разрезе за этот период произошли такие изменения: население Карагандинской области выросло на 41,8%, Южно-Казахстанской – на 22,2%, Восточно-Казахстанской – на 18,8%, Северо-Казахстанской – на 12,2%, Алматинской – на 9,9%, Гурьевской – на 5,6%. В противоположность этому сократилась численность населения Павлодарской области на 32,1%, Кустанайской – 23,1%, Акмолинской – 14,4%, Западно-Казахстанской – 10,2%, Актюбинской – 7,7%, Семипалатинской – 9,8%. Почти на уровне 1926 г. осталось население Джамбулской области (99,7%) [1].

Для сравнения приведем данные по Союзу и другим национальным республикам. По СССР за 12 лет численность населения выросла всего на 16%, сравнительно высокий рост наблюдался только в Таджикистане – на 43,8%, Армении – 45,5%, Азербайджане – 38,5% и Узбекистане – 37,4%. В Туркмении численность населения выросла всего на 25,4%, а в РСФСР – на 17,1% и Белоруссии – на 11,8%. После Казахстана наиболее низкий рост населения был на Украине – 6,6% [8]. Таким образом, две республики СССР – Казахстан и Украина больше других республик пострадали от массового голода 1931–1933 гг.

В Казахстане невосполнимые потери произошли, главным образом, у коренного населения. В Заключении Парламентской комиссии, которая была создана 12 ноября 1991 г. постановлением Верховного Совета Казахской ССР для комплексного изучения причин массовой гибели населения в годы насильственной коллективизации, отмечено, что от голода и связанных с ним эпидемий, постоянного высокого уровня естественной смертности и «откочевок» казахский народ потерял 2 млн 200 тыс. человек, т. е. около 49% всего своего состава/ [9, с. 221–232]

Национальный состав. ВПН 1939 года показала значительные изменения в этнической структуре республики. Сокращение численности казахского населения, бурные миграционные потоки русских, украинцев, белорусов и представителей других национальностей, превратили казахов в меньшинство на своей исконной этнической территории – их доля в составе населения стала составлять 37,8%, тогда как русских – 39,9%, украинцев - 10,7% и они стали составлять более половины населения Казахстана (50,6%) [10, с. 28].

Половозрастной состав населения по переписи 1939 года характеризуется преобладанием численности мужчин и увеличением удельного веса людей трудоспособного возраста от 20 до 49 лет [10, с. 26].

В целом, трудоспособное население составило 46,5%, тогда как в 1926 г. было 39,3% [10, с. 21]. Ускоренная индустриализация, возникновение и эксплуатация новых, в основном крупных, промышленных предприятий, железнодорожных линий, а также совхозов и машинно-тракторных станций в аграрном секторе Казахстана привели к крупным изменениям в территориальном размещении населения, что непосредственно отразилось в соотношении городского и сельского населения. Так, удельный вес горожан в 1926-1939 гг. вырос более чем в 3 раза (с 8,5% в 1926 г. до 27,8% в 1939 г.) а их численность возросла в 3,3 раза, с 519 тыс. до 1,710 тыс. чел. соответственно. В противовес этому удельный вес сельского населения сократился на 19,3%, а его численность – на 1 1138 тыс. чел., т. е. более чем на 20% [10, с. 26-28].

Грамотность населения. В 1939 г. Казахстан по грамотности населения вышел по Союзу (81,2%) на пятое место – 76,3%, несколько уступив Украине (85,3%), России (81,9%), Грузии (80,3%) и Белоруссии (78,9%). У городских жителей грамотность составляла 82,4%, у сельских – 73,8%. Грамотность среди мужского населения была выше, чем среди женского – 85,2 и 66,3% соответственно.

Сравнительно высокий уровень грамотности населения наблюдался в наиболее урбанизованной Карагандинской области – 83,3%, в том числе у мужчин – 83,3%, женщин – 75,3%, далее шли Алма-Атинская – 79,3% (у мужчин 87,5%, у женщин – 70,8%), Северо-Казахстанская – 79,2% (88,2 и 69,4% соответственно); Грамотность жителей Семипалатинской составила в целом 77,8%, Западно-Казахстанской – 77,5%, Восточно-Казахстанской и Актюбинской – по 77,2%. Ниже среднереспубликанского уровня показатели грамотности были в Джамбулской (73,1%) и Гурьевской (71,6%) областях. Более низкий уровень грамотности – ниже 70% был у жителей Южно-Казахстанской – 68,9% (у мужчин – 79,3%, женщин – 56,1%). Более низкий уровень грамотности был зафиксирован у сельчан и у женщин по сравнению с мужчинами. Казахи, несмотря на значительный рост показателя грамотности, значительно отставали по уровню среднего и высшего образования от представителей других народностей, проживавших в Казахстане. [10, с. 26]

Таким образом, формирование полиэтничной структуры населения Казахстана в исследуемый период шло, главным образом, за счет миграции из центральных областей России,

Украины и депортированных народов со всех уголков Союза. Сократилась абсолютная численность казахов и их доля в составе населения, и впервые они стали меньшинством на своей исторической родине. Большая часть казахов оставалась сельскими жителями, их удельный вес в составе горожан был незначителен. Напротив, представители других этносов были преимущественно горожанами. Весь период характеризовался снижением рождаемости, ростом смертности и уменьшением воспроизводства населения у всех жителей республики.

Список литературы

Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 185 с.
Всесоюзная перепись населения 17 декабря 1926 г.: краткие сводки. 10 т. Вып. VIII: Социальный состав и занятия населения г. Москвы. М.: ЦСУ Союза ССР, 1928. 90 с.: табл.
История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. Алматы: Атамұра, 2009. 768 с.
Асылбеков М.-А.Х., Асылбекова Ж.М.-А. Социально-демографическое развитие населения Казахстана в 1926-1939 гг. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 146 с.
РГАЭ. Ф. 1562. Оп. 329. Д. 143. Л. 143
Всесоюзная перепись населения 1937 года: общие итоги: Сб. док. и материалов. М.: РОССПЭН, 2007. 320 с.
Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5 т. Т. 1. Алматы: Арыс, 2009. 400 с.
Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг.: Сб. док. и материалов / Вступ. статья и сост. К.С. Алдажуманов и др. Алматы: Фонд «XXI век». 1998. 263 с.
Козина В.В., Кудайбергенова А.И., Джумабеков Д.А., Жуманова А.З., Кентбек С.К. Голод в Центральном Казахстане в начале XX века и его социально-демографические последствия // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. 2022. № 2 (106)
Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5 т. Т. 1. Алматы: Арыс, 2009. 400 с.

ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қасенов А.Б. -өлкетанушы
Аршабеков Т.Т – Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық
құжаттама жөніндегі архивтің басшысы
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

1925 жылы Семей қаласында «Таң» журналының №4 санында Қоянды жәрмеңкесінің жайы» атты араб шрифтімен он беттік мақала жарық көрді. Біз осы мақаланы аударып бір ғасырдан соң ұсынуды жөн көрдік. Қоянды қазақ кіндігіне қарайтын үш үлкен жәрмеңкенің бірі. Мұны Ботов жәрмеңкесі деп те атайды. Оның себебі Сібірдің көпесі Полуторобцкий қаласынан Варнава Ботов деген 1848 інші жылы жазғытұрым Қапалды басып, Аягөз, Бақанас өзендетіп, Құлжадан айдап келе жатқан малдың бұл алып алдынан шығады. Мұнан бұрын 1824 інші жылы Қарқаралы округ болып белгіленген. Баянауыл 1834 жылы о да округ болған еді. Қарқаралыға 50 шақырым қалғанда Ботов Талды беген жерде Қоянды өзенінің бойында тоқтап, Құлжадан Қызылжарға апара жатқан малды тоқтатып, айырбас жасайды. Саудасы келіскен соң 1849 ыншы жылдан бастап басқа көпестер де үлгі алып, сонан басқа орыс байлары бар, күн шығыстан келетіндер бар, сол араны елмен бас қосатын орын қылып, жылда жиылыс жасап жұрттың басын қосып, ең ақыры жәрмеңке болып осы уақытта Қоянды Ботов жәрмеңкесі болып ат атанып отыр. Асылы Құлжадан Қызылжарға мал айдау сабепті 1773 інші жылда Қызылжарда (Петропавловский) Ақмола губерниясы Тоболдан, Түменнен, Қазаннан, Бұқарадан, Ташкенттен келген көпестер бас қосып, айырбас жасаған. Қызылжарға Қытайдан [1, 47]. Маңгу жұртынан, Шәуеннен, Қапал, Аягөз, Қарқаралы үйезін басып мал баратын. Соған орыс көпестері нәрсеге Қытайдан, монголдан, Ташкент, Бұқарадан мал алып, Руссияның ішкі губернияларына жіберіп тұратын еді. Бұл қатынасты бұруға себеп болған жолдағы басқа жұрттың тонауы болғандықтан.

оған жеткізбей орта жолда тонау бола бергендіктен Қоянды жәрмеңкесінің күшейіп зор жәрмеңке болып қалушылығы содан болған.

Қарқаралы үйезінде Қояндының жұрттың басын қосып үлкен жәрмеңке болуына себеп болған маңайында кен қазғандық, 2 –інші үкіметтің басқа көрші елмен қатынас етуге жаат ету, мәселен ешбір сауда жөнінен бөгет алым шығынды болдырмау болған. Сонымен жәрмеңке 1869 ыншы жылға шейін үкімет тарапынан ресімделмей келіп, обороты 500 – мың сомдық болған. Ең ақырында күнбатыс Сібірдің үлкен мекемесі 12 -13 інші сентябірде сол 1869 ыншы жылда ресми байлап әр жыл 15 інші майдан 15 июнге шейін жәрмеңке болуды тағайындаған. Міне осы уақыттан бері жолданған жәрмеңке болып саналады. 1871 інші жылда Күнбатыс генерал – губернаторының жарлығы бойынша 55 шаршы шақырым жері жәрмеңкеге арнап шығарып берген. Сонымен Ботов жәрмеңкесі қалыптанып жолданған жәрмеңке болып саналатын болған. Жоғарғы айтылып өткен 1869 ыншы жылғы 500 мың сомдық оборот жылдан - жылға өсіп ең ақыры 1913 інші жылы төрт миллинон жүз 53мың 106 сом болған. 1871інші жылда жәрмеңкеге арнап үй салына бастады. Мәселен 1876 ыншы жылы 16 ләпке салынып 120 кигіз үй тігілген. 1890 ыншы жылы 276 ләпке салынып басқа сауда қылатын орын болып 707 кигіз үй тігілген. Жәрмеңке қыза келе өмірдің айдауымен 1885 інші жылы пошта ашылған. 1894 інші жылы бәнке ашылған.

Қоянды жәрмеңкесі Жетісу, Қытай жолының аузында болып қазақтың қалың ортасында болғандықтан мұндағы айырбастың толық нәрсесі мал. Малдан шығатын шикілік болған. Сатылған малдың соммасы 700 мың сомнан бастап бір миллион 250 мың сомға дейін барған жәрмеңкенің барлық оборотының жүзден 40% кейде 60% ірі малға келіп отырған. Тері – терсекке, жүн – жұрқаға келсек жәрмеңкенің оборотының 8 -22% келіп отырған. Мысалы үшін 1913 жылды алсақ, Қояндыға келген 9. 189 өгіз, 2, 767 сиыр, ұсақтары 1534 қой 87, 167 ешкі, 1, 475 жылқы 546 болған. Теріні алсақ тағы да сол жылғы, үлкен сиыр терісі 9, 907, жылқы терісі 11, 108, түйе терісі 445, қой терісі 125,496, жүнге келсек: Қойдың жүнін пұттағанда [2, 48] 63,642 пұт, түйенікі 9,040 пұт, түбіт 2, 672пұт, қыл 883 пұт болған. Жәрмеікеге келген шеберлік фабрик: Зауат нәрсесін өлшегенде бұлдан бастап мелішке шейін жәрмеңкенің оборотының 28 – 40% проценті келген. Күн шығыс жағынан келген таза нәрселермен жеміс заты 3 6 % дай болған. Былғары 3 – 5 % , болған. Қоянды жәрмеңкесінің басқа жәрмеңкелермен байланысы зор , мәселен алайық . Қояндыдан алған малды басқа жәрмеңкелерге апарады. Омбылатып Орал, Мәскеу Ленинградқа жібереді. Бір жағынан Қытай мен моңғол жұртымен ілігі бар және Жетісу, Ақмола губернияларында қатынас бар. Қояндыдан алған ұлы нәрсе Семей, Павлодар, Қызылжар арқылы Руссияның ішкі губернияларына жіберіледі. Онан да асып шеткі мемлекеттерге де барады. Қоянды жәрмеңкесінің әсері Семей губерниясынан асып Ақмола, Жетісуға да жететін. Қытай, Моңғол малы Қояндыда Жетісу малы есебінде болып келетін. Бұл Қытаймен,моңғолмен аралықтағы сауданың күштілігі мынадан көрінеді. Барлық біздің істеген саудамыздың 90% мал алу болатын. Қоянды жәрмеңкесі 1919 ыншы жылға шейін келген болатын. Бірақ 1917 інші жылдан 1919 ыншы жылға шейінгі екі жылдың мағлұматы бізде жоқ, сонан бері тоқтап тұр еді.

1923 інші жылының басында Семейдің шаруа басқару кеңсесі жәрмеңкелерді қайтадан тірілту мақсатымен Қояндыны жөндеуге кіріскен. 1923 жылында 5,103 сом ұсталып жөнделген. 1924 інші жылы 6, 417 сом ұсталған. Сонымен соғыстан бұрыңғы 6 дан бір бөлігі 15% жөнделіп қалды. 1923 жылы жәрмеңке мезгілімен бола қоймай жұрт сенім қылмай, сауда дүкендерде қауіп қылып тегіс келе алмай, халық та жиыла алмай ма алмады. Барлық сауда обороты 500 сом болды.(500 мың болуы керек сияқты. аудармашыдан). 1924 інші жылы жәрмеңкеге қайта қамданып, жәрмеңке комитеті құрылып, жәрмеңке ретін өнімді жөнге қоюға талап етілсе де, көзі көріп, қолы ұстамай тәжірибемен күн көрген ел – жұрты сене алмай, алды келіп көріп, қайтқаннан кейін, арты келгенінше, жәрмеңке бітіп қалды және де сауда таусылып қалды. Себебі ел көп бола қоймаған соңалды мен сауда дүкендері толық қам ете алмай, артынан уақыт жетпей қалған еді. Және де құрбан айты болып қалып, жұрт Қ,рбан шалды. Қайтып қайта баруға лайығы да болған жоқ. Жәрмеңкенің ақыры бітіп қалғанын көріп, Құрбан айты 9 – ыншы июлде болды. Жәрмеңке 15 – інші июлде бітпекші еді. Денсаулық хәліне қам үшін кісі дәрігерін [3, 49] тартып, сақтауға жетерлік милициялар барды. Жәрмеңкеге апарған мал, басқа өлі нәрсе болсын салықтан бос болды. Тек ләпке ақысы болмаса. Сойған малға расхот ақтау үшін аздап таңба қойылды. Барған жұрт тазалық сақтау мақсатпен мұрша ашылды. Жәрмеңкеге 70 шамалы сауда ұйымдары барды. Мұның 9 – ы мемлекет дүкені, каперация ұйымдары 6. Жай саудагерлердің саны 55 болды. Барған мемлекет дүкендері: Кирторг, Киргосторг, және басқалары. Каперациядан барған Семей губ союзы, «Береке» каперациясы, Омбының губ союзы, Алаштағы «Ұшқын» союзы. Руссиядағы шаруа каперациясы.Жай саудагерлердің бәрі Семей, Омбылықтар. Жалғыз ақ Мәскеуден Юнкарс

дүкені келді. Жәрмеңкеге жұрт байқамалап келді. Бетін көріп, анығын біліп, басқа көңілсіз мінез көрінбегеннен кейін келе бастады. Жәрмеңкеге Семей, Ақмола, Жетісу губернияларынан 15 мыңдап кісі келді. 500 шақырым келгендер де бар. Жәрмеңкеге келген малдың қисабы 50 мыңдай қой, 5 мыңдай сиыр малы, 5 мыңдап жылқы малы болған. Жәрмеңкенің барлық обороты 800 мың сомдық болды. Шикілікті алушыларды жіктегенде 5 бөліктің 3 бөлігі каперацияға келді (60, 6%), 5 бөліктің бір жарым бөлігі(29, 6%) мемлекет саудасына келді. Жай саудагерлерге 5 бөліктің бір бөлігінің жартысы (9,8%) келеді. Олай болғанда жәрмеңке саудасының көбі каперациядүкендері өткерген болды. Бұл сатылған нәрсені жіктегенде былай таралады: Каперация 108,042 бақал нәрсесі 11,954сомдық яғни 6 ½ %, былғары 13, 442 сомдық яғни 7%, шыны ыдыс – аяқ 8,581сомдық яғни 4,2/1 %. Сонымен күллі сатылған нәрсені төртке бөлгенде үш бөлігі бұл болады. Екінші орында былғары 7%, 3 інші орын бақал нәрсесі 6, 2/1 %, өңгесі аздап келеді. Сонымен жұрт малды шикілікті 233,197сомдық бағаға сатып, 190,145 сомдық нәрсе алған.

Айдап келген малмен, сатылған малдың есебіне қарағанда мал өтпеген. Сонымен жәрмеңкеге апарған нәрсе ақша жұрттың қажетін өтемеген, аз болған. Сауда 21 июнде басталып, тоқталуына 2 жарым ақ уақыт болды. Жұрттың, әсіресе мұқтаж болған нәрсесі сиса, дом сияқты, іш киермендік кездеме, темір, былғары, керосин болған. Онан шаруаға шөп шабауға керек шөп шабатын май алатын машинаға. Халық қажеттеніп таласып алған.

Өлі нәрседен жұрттың әкелгені жүн, тері – терсек жетімсіз болған. Жәрмеңкеге 42 болыстан халық келген көрінеді.

Жәрмеңкенің ең кемшілігі апарған нәрсе кем болып, жұрттың мұқтажын өтемеген. Ақша әм кем болған. Халық малын қайта алып қайтқан. Басында бұлдың түрін тауып, бағасы арзан болып, мал бағалы болғандығы, артынан жәрмеңкенің жұрт қадіріне бастағанда мал арзандап, бұл қымбат болып, жай саудагерлердің аз нәрсесіне алушы көбейіп кеткен соң бағасын көтеріп жіберген. 2 ші бір кемшілік үй, ләпке түзелмей орын тарырақ болған. 3 інші жәрмеңкеге әкелетін нәрсеге алым алынбайтындығы, жол расхотына және

басқа жеңілдіктері мезгілімен жарияланбады. Сауда дүкендері келе алмаған.

Қытайға мемлекет шетінен шығуға, және де пошлинамыз кеш тиіп жете алмай қалған. Жәрмеңке жабылар алдында 8. 000 тері, 2.000 пұт жеміс келе жаздап бос қайтқан. Қытайға мезгілімен хабар тиген болса 70 мың тері келуіне мүмкін еді. Пошта, телеграмм жөнді жүрмей кіндікпен хабарласу ауыр болған. Бұл шығаратын текстилдің бармаушылығы жәрмеңкенің өніміне үлкен кесір болған. Және де малдың өтпеуіне үлкен бөгет болған. Жәрмеңке толық болмауына себеп болған. Сібірдің мал алатын ұйымының кеш келгендігі. Жұртқа бас қосып, сауық үшін 4 июлде жиылыс болып, сөздер сөйленген әм бәйге болған. Қорытып айтқанда 1924 інші жылғы болған жәрмеңкенің кемшілігі жұртқа әм сауда ұйымдарына, Қытай, моңғол еліне хабар мезгілімен тимеген. Бұларға сауда жеңілдік хабар хақында жетпеген. Қоянды қызу үшін күллі Руссиядағы тері алатын сендикат, тері, өлі бұл алатын ұйым, күллі Руссиядағы бұл сататын сендикат, каперацияның кіндік ұйымы барлық барлық Руссия шаруашылық каперациясы келуі қажет, сонда Қоянды қалпына тез келуі мүмкін еді. 1924 жылы болған ішкі сауда бөлімі лайықты шараларды қарастырып болған кемшіліктерді жетістіріп отыр. Биыл 1925 інші жылы болатын жәрмеңке хақында Қытай, моңғол жұртына Руссияның консулы арқылы хабар берілді. Олар тері, жүн сияқты шикі -заттардан 300 мың сомдық заттар әкелмек болып отыр. Қытай жұртымен ашылып кеткен саудамыз енді орынына келмек. Көбінесе орынына келуге себеп болатын Руссия мен Қытайдың арасында байланған достық. Бұл сауда қатынасы Қытайдың шаруашылық мақсұтына аса қолайлы келеді. Себебі күн батыс Қытайменен, Маңғолдың мал апарып сатуға өз кіндіктері шалғай, апараралық жол жоқ болғандықтан. Нәрсесін сататын орын Семей губерниясы, оның ішінде ұрымтал тұрған Қоянды жәрмеңкесі. март айында келген Қытай уәкілдері ниет ниет жақындығы, шаруашылық жақындығымен байлаулы болсын деген ниетін білдіріп, қалау қылған еді. Екінші, Қоянды жәрмеңкесіне келген саудагерлерге мемлекет каперация ұйымдарына болатын жеңілдіктердің рұқсатын келген саудагерлерге мемлекет каперациясына, ұйымдарына болатын жеңілдіктің рұқсаты мезгілімен алынып жұртқа әшкереленді. Бұл жеңілдік басқа керекті салықтың сауда жөніндегі жоқтығы Қоянды жүзінде салықтан босатулық жәрмеңкені қыздыратын шарттардың бірі. [4, 52]

Қытай, моңғолдан келетін нәрсеге бөгетсіз пошлинамыз бөгетсіз берілді. Өтпеген нәрсесін алып қайтуға тиым жоқ. Жәрмеңкенің қажетін өтейтін аз росходты ұйымдар болып алып көтергені болмаса бұдан басқа ұсақ салықша болмақ. Мал дәрігерлік бөлімнің басқа сондай жәрмеңке шаруасына керек, бірақ бұдан халыққа келетін зиян жоқ деп санауға болады. Қоянды жәрмеңкесіне баратын дүкендердің бұлы толық түрде болмақ әм бұрыңғы зорлау, қалаусыз түсті

берушілік биыл болмақ емес. Әркім дүкеннен керек болғанын, қалағанын алмақ. Ақшалары жетімдік, государственный банк былтырғыдай бармақ. Жәрмеңке қамына керек болған ақшаны керегінше толтырмақ. Биыл келетін малдың есебі топшылау бойынша 30 мың ірі қара, 20 мың жылқы, 60 мың қой, 20 мың пұт жабағы(жүн болуы керек), жүн- жұрқа, тері – терсекболуға мүмкін. Барлығы бір миллион жарымдық. Бара жатқан ұйымдардың бұған шамасы келеді. Төрт түлік малға алушыны, толтыруға, малға мұқтаж жерлердегі ұйымдарға мезгілімен хабар жіберіліп шақырылды. Жәрмеңкеге барып халықтан ірі сауда дүкендері мысалы:УВПсырзак, кирторг, киргосторг, кож синдикат, сип мас қода бойына, раса, сада, алдамерика, губ сем потреб союз әм басқалары бармақ. Нәрсе апаратын ірі ұйымдар нәрсені қаптап – түстеп алып барады. Текстилді синдикат потребсоюз, шаруашылық машина .....УВПсирзак, алаштағы аудандық союзы әм басқалары. Бұлар бұрыңғы саудагерлерше аңдыспай, елдің есебін тауып жейміз демей, бір бағамен сатып өткізіп қара – бұқараның пайдасын келтірушілік болмақ.

Хабар қатынас тез болуы үшін пошта, телеграф бөгетсіз жүріп тұрмақ. Семей мен екі аралыққа автомобиль арқылы қатынас болады. Мал әм адам дәрігерлігі ашылмақ. Жәрмеңке жүзінде Степная правда газетін арнап газетін шығарады. Киномотограф орнап, халық ағарту уағыздауы күшеймек. Жұртқа керек кітап саудасы болмақ. Тәртіп жасайтын, тыныштық орнататын мемлекет мекемелері болмақ. Былтырғы жәрмеңке уақытында халыққа салық есебін алушылық уақытыкилігіп, халықтың базарына үлкен кемшілік болғандығы көрініп, биылғы жәрмеңке тұсында салық есебінг алушылық болмауы туралы қаралып, не алды, не артында бөлінсін делініп отыр.

Әдебиеттер тізімі

Таң журналы 1925 ж. Семей
Таң журналы. 1925 ж. Семей
Таң журналы. 1925 жыл Семей
Таң журналы. 1925 жыл Семей

1940 ЖЫЛДАРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БЕЙНЕСІ («КУЛЬТУРА И ЖИЗНЬ» ГАЗЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Қожабеков Д. С.
«Білім Орда» Халықаралық қоғамдық қоры Президенті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

1946 жылы 13 сәуірде БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы БК(б)П Орталық Комитетінің насихат және үгіт басқармасының арнайы баспа органын құру туралы қаулы қабылдады. Большевиктер коммунистік партиясы – «Культура и жизнь» газеті. БК(б)П ОК үгіт-насихат басқармасына басшылықтың деңгейін көтеру мақсатында елдегі саяси, идеологиялық және мәдени жұмыстың «Идеологиялық жұмыстың әртүрлі салаларындағы кемшіліктерді сынға алу» газеттің басты міндеті болып анықталды». Осы мақсатта газетке «Идеологиялық жұмыс саласында партия алға қойған міндеттерді жүйелі түрде түсіндіріп, өз мақалалары мен материалдарында ВЛКСМ Орталық Комитетінің идеология мен мәдениет, насихат және баспасөз мәселелері бойынша шешімдері мен нұсқауларын жариялау тапсырылды» [1]. Бастапқыда тұжырымдалған міндет – кемшіліктерді сынау – кемшіліктер бар және болады деп болжанғанын, олар болмай қалуы мүмкін емес, әрі әрқашан сынға алу қажет болатынын бірден атап өту қажет.

«Культура и жизнь» газеті 4 жыл 8 ай бойы жарық көрді және әрқашан партияның идеология саласындағы саясатының «адал да сенімді бағдаршысы», партиялық нұсқаулар мен нұсқаулардың аудармашысы болды. Газеттің алғашқы саны 1946 жылы 28 маусымда, соңғы саны 1951 жылы 28 ақпанда шықты. Газет 1951 жылы 8 наурызда Саяси бюроның шешімімен жабылып, редакцияның бүкіл құрамы «Правда» редакциясына ауыстырылды. Тарихи әдебиетте газеттің жабылу себептері туралы сұраққа нақты жауап жоқ. Сол кездегі газеттің жауапты хатшысы болған Р.Қосолаповтың естелігі ғана сақталған. Ол И.Сталиннің 1951 жылы 5 наурызда өткен БК(б)П ОК хатшылығының мәжілісіне келіп, газеттің өз міндетін орындағанын, оның енді қажет еместігін және жабылу керектігін хабарлады [2]. «Культура и жизнь» газеті айына үш рет 200 мың таралыммен шықты. Оның бас редакторлары Г.Александров, Д.Шепилов, П.Сатюков, В.Степанов

болды. «Культура и жизнь» газеті партияның тапсырмаларын орындай отырып, кеңес халқы мен партияның талап-тілектерін нақтылап, барлық ведомстволық газеттерге бағыт-бағдар беруі тиіс еді. Бұл ереже барлық ведомствалық газеттер мен журналдарға қатысты болды, олардың ішінде «Вопросы истории» және «Преподавание истории в школе» арнайы тарихи журналдары болды. Газет өзінің негізгі міндеті – «кемшіліктерді сынау» кезінде де бүкіл кеңестік интеллигенция үшін «дұрыс» мысалдар, стандарттар көрсетуге тиіс болды. Сонымен қатар партия атынан келетін «дұрыс» үлгілер (қамту, түсіндіру, талдау, сипаттамалар) бастапқыда кез келген баламаны жоққа шығарды. Ал сол кезде билік еткен догматикалық ойлау түрімен бұл норма ретінде қабылданды. Зиялылар арасында, А.Дэвидсонның айтуынша, «Культура и жизнь» газеті «сол кездегі ең қорқынышты басылым» болды. Ол «жою» және «тергеу» үшін арнайы жасалған және халық арасында «братская могила» деп аталды. Онымен бірге «культура или смерть», «александровский централ» [3] деп те аталды. И.Эренбург газетте жарияланған мақалалардың «айыптау» құжаттарына ұқсас екенін атап өтті. К.Симонов газетті рухы мен мақсаты жағынан директива ретінде сипаттады [4]. С.С.Дмитриев өз естелігінде былай деп жазды: «Тарихшылар ортасында олар «Культура и жизнь» газетінің ертеңгі нөмірін күтуде, ол тарихшылар арасындағы космополиттерге арналғандай.. Демек, газет шыққаннан кейін, науқан басталады» [5]. С.С.Дмитриев өзінің күнделіктерінде «сын» алуан әдістердің көмегімен сынға ұшырағандарды жою құралы екенін атап өтті; «Сынның» міндеті – «бүліктердің» үнемі жаңа түрлерін – рапизм, буржуазиялық ұлтшылдық, космополитизм, формализм, буржуазиялық объективизм, қулық, идеясыздық және т.б. ашу. Тарихи әдебиеттерде газет және оның миссиясы туралы басқа да маңызды және қажетті бағалар бар. А.Барсенков «Соғыстан кейінгі жылдардағы советтік тарих ғылымы (1945-1955)» кітабында газеттің «өнер мен қоғамдық ғылымдардың өркендеуінде үлкен рөл атқарды» деп жазады. Біз үшін «Культура и жизнь» газетінің қызметін бағалауда әртүрлі көзқарастар маңызды. Қарастырылып отырған кезеңдегі әртүрлі көзқарастарды есепке алу тарих ғылымының бейнесін анықтау үшін кеңірек панорама жасайды. Тарихшылар партияның баспа органының беттеріндегі мақалалардың авторы ретінде әрекет еткенде бұл үлкен абырой берді. Әдетте, олардың қатарында құрметті ғалымдар - ғылым докторлары мен профессорлар, тарихи саладағы «ой шеберлері» болды. Сол кезең идеологтарының пікірінше, ғалым мәртебесімен, оның сарапшылық бағасымен қуатталған сынның беделі сынның «дұрыстығын» және дәлелдерін дәлелдеуге бағытталған. Ғалымдар еңбектерінің партиялық басылым беттерінде пайда болуының өзі оның мазмұнын ерекше беделді етті. Мақаланың мазмұны билік тарапынан бекітілген ресми пікір мен көзқарас ретінде қабылданды. Осылайша, биліктің көзқарасы мен оның нұсқаулары жеткізілді, зерттеуге бағыт айқындады, сонымен қатар олардың тақырыбына қарамастан зерттеудің жалпы бағыттары мен мазмұны анықталды. Жұмыстардың үгіт және насихат бөлімінің баспа органында жариялануы оның мазмұнын тарихшылар мен идеология қызметкерлерінің кең ауқымына қолжетімді етіп, ресми әңгімелердің назарын кеңейтті. Ғалым бейнесі мен тарих ғылымының бейнесі тіл арқылы беріліп отырды. Оның даму мәселелеріне арналған мақалалардың тақырыптары негізінде сол жылдардағы кеңестік тарих ғылымының жалпы панорамасын жасауға әбден болады.

Газет беттерінде кеңестік тарих ғылымының дамуын көрсету гуманитарлық ғылымдар өкілдеріне жалпы үндеу – «Создадим новые книги по общественным наукам» (1946, №1), даму мәселелерін қарастырудан басталды. Тарих ғылымының барлық ғылымды басқарудың ең жоғарғы сатысында – «Вопросы общественной науки на июльской сессии Академии наук СССР» (1946, № 2) және келесі нөмірде «Исправить ошибки в освещении некоторых вопросов истории Украины» (1946, №3). «Культура и жизнь» газетінің 1946 жылғы 30 қарашадағы 16-шы саны кеңестік тарих ғылымына арналып, «Советская история наука» деген атпен жарық көрді. Газет нөмірінде кең ауқымды мәселелерді көрсететін мақалалар жарияланды: - «К выборам в Академию наук СССР (по историческим наукам), «О пятилетнем плане Института истории Академии наук СССР», «Новые книги по истории», «О школьных учебниках по истории», «Первый выпуск Истории СССР», «Глубоко изучать историю эпохи империализма». Бұл мәселе сынсыз қалмады. «Недостатки в научной разработке истории советского общества» атты мақаласы жарияланды. 1947 жылы «Некритическое отношение к буржуазной историографии» (1947, №6) деген олқылықтың нақты атауымен мақала жарияланды. «Неустанно развивать общественные науки» (1947, №16) партиясының директивасы мен үндеуі «Путанная статья о задачах исторической науки в Казахстане» (1947, №35), «Объективистские экскурсы в историю» сынымен қатар жүрді (1948 ж., № 27).

«Марксистік-ленинистік тарих ғылымының идеалогиялық органы» «Вопросы истории» журналы да 1949 жылы «За высокий идейный и научный уровень» (№ 19) нөмерінде сыни талдауға ұшырады. Мақалада сұраныс пен нұсқау сипатында журналдың кеңестік тарих ғылымының шын мәніндегі басқарушы органына айналып, тарих саласындағы ғылыми жұмыстардың бағыттары мен идеялық деңгейіне ықпал ету керектігі айтылды.

Мақалалардың атауларының өзі сынның нені көздегенін және авторды не үшін айыптағанын көрсетті: «Аполитичная статья о новейшей истории Турции» (1949, № 14), «Немарксистский подход к истории (О курсе лекций проф. Л.Зубока по новейшей истории)» (1949, №17), «Немарксистская лекция (О лекции проф. К. Базилевича «Прогрессивная роль России в политической жизни страны)» (1950 ж., № 2) мысалдары арқылы байқауға болады.

Кеңес тарихшылары «За передовое советское востоковедение» (1950, № 22) дегенді жақтаудың орнына, өз еңбектерінде «Искажение исторических фактов» (1949, № 23) деген бқрмалауға жол берді, өйткені олар өзекті мәселелерден тыс қалды «В стороне от актуальных вопросов (О сборниках «Советское востоковедение вып. 5 (1948) и 6 (1949)» (1950, №1).

«Культура и жизнь» газетінің беттерінде «Тәжік халқының тарихы кітабына» (1950, № 11) бейтарап рецензиялар да жарияланды. Кітапқа бұрын оң баға берілгеніне қарамастан, партияның баспасөз органы авторлар тәжік халқының тарихында буржуазиялық шығыстану тарапынан шатастырылып, бұрмалаған бірқатар маңызды мәселелерін «дұрыс шешіп» және «дұрыс түсіндірме беруі» керек екенін көрсетті.

Мектеп пен университет тарих оқулықтары да назардан тыс қалмады. «Мектеп тарихы оқулықтары туралы» (1946, № 16) алғашқы жылдан бастап газеттің жыл сайынғы назарында болды. Араға бір жыл салып, 1947 жылы «О книге академика И.Минца «История СССР»» (1948, № 18), «КСРО тарихы оқулығындағы өрескел қателер» (1948, № 19) сандары жарияланды. Осы мақаладан кейін «Школе – хорошие учебники» (1949, №19) деген үндеу шықты. 1950 жылы мектеп оқулықтары туралы тағы бір мақаласы ««Вопросы истории советского общества в учебнике для школы»» (1950, №20) жарияланды. Көріп отырғанымыздай, газет өзінің өмір сүрген жылдарында тұжырымдалған міндеттерді 1946 жылғы 30 қарашадағы санында БК(б)П ОК үгіт және насихат бөлімі нұсқауы арқылы орындады. Санда кеңестік тарих ғылымының буржуазиялық тарих ғылымынан ерекшеліктері жарияланды. Мақалада буржуазиялық тарих ғылымының «соқыр» екендігі және өткен тарихты үстем таптың саясатын негіздеуге тырысатыны сыналды. Тарих тек «жалғыз ғылыми әдіспен - тарихи материализм әдісімен қаруланған кеңестік тарих ғылымы ғана» өткенді дұрыс түсінуге және бүгінгіні түсіндіруге қабілетті делінген. Сондай-ақ Кеңес еліндегі тарих ғылымының дамуы «буржуазиялық тарихнамамен, маркстік-лениндік теорияны бұрмалаумен кескілескен күресте өтті» деп атап өтілді. Кеңестік тарихтың дамуындағы буржуазиялық тарихнаманың ғылымға қарсы тұжырымдамаларын «мейірімсіз» әшкерелеу «ерекше» маңызды рөл атқарғаны түсіндірілді. Өздеріңіз көріп отырғандай, кеңес тарихшысының міндеті олқылықтарды әшкерелеу және ашу деп тұжырымдалған. Әшкерелеу міндеті бүкіл кеңестік тарихта болды, елдегі саяси-идеологиялық жағдайға байланысты тек хабаршылар мен әшкереленгендер өзгерді. Ал хабар таратушылар әрқашан партия атынан және оның басшылығымен әрекет етті. Газеттің сол санында КСРО Ғылым академиясы бүкіл кеңестік ғылымының бағыт-бағдарын айқындаушы органы ретінде көрсетілді.

«Марксизм-ленинизм саласындағы іргелі білім энциклопедиясы «шығармашылық марксизмнің тамаша туындысы» ретінде «тарихи оқиғалар мен құбылыстардың классикалық сипаттамасын беретін «Краткий курс истории ВКП(б)» деп жарияланды. Көшбасшының басқа да еңбектері аталды. 1950 жылы газет редакциясында жарияланған И.Сталиннің «Тіл біліміндегі марксизм туралы» атты еңбегінде «марксизм-ленинизм» шығармашылықты дамытатын, тарихшылар мен экономистерді, философтар мен лингвистерді, «идеологиялық майданның» барлық қызметкерлерін жаңа теориялық ұстанымдармен қаруландырып, кеңестік ғылымның одан әрі даму жолдарын айқындады.

Авторлары ғұлама тарихшылар, партиялық қайраткерлер де болған мақала мәтіндерін талдау көрсеткендей, «шешуші тойтарыс беру», «бітімсіз күрес жүргізу», «аяусыз әшкерелеу», «саясатсыздық пен идеясыздықтың барлық көріністерін жою» қатыгездік пен талапшылдықты білдіретін сөздер жиі қолданылатынын көрсетті. Кеңес ғылымының әрбір қайраткерінен «жауынгерлік жетекші, озық кеңестік дүниетанымның жауынгерлік жол көрсетушісі» болуы талап етілді. 1947 жылы Г.Александровтың «История западноевропейской философии» кітабын талқылау кезінде айтылған ғылыми дауларды «профессорлық-сыпайы» тілде емес, жауынгер большевиктер тілінде жүргізу талабы философтардың ғана емес, идеологиялық саладағы барлық

қызметкерлердің де әрекетіне нұсқаушы ретінде қабылданды. Қарсыластарға қатысты «реакциялық буржуазиялық тарихшы», «империалистік-агрессор», «космополит» деген айыптаулар қолданылды. Қарсыластарға қатысты бір мағыналы негативтілік көбінесе сатиралық және гротесктік сипаттармен толықтырылды.

Непременно, изначально при формулировании задач для историков задавался и характер исследований. Отображалась особенность методологии того времени – марксизм-ленинизм как учение, единственно правильно освещающее законы развития общества. Материалы газеты «Культура и жизнь» аутентично отразили политику партии большевиков в сфере науки. Это был отнюдь не только жесткий диктат, подчинение, полный контроль и управление со стороны власти, но и взаимозависимая, взаимовыгодная для власти и научного сообщества система распределения наград, материального стимулирования, демонстрация политической лояльности и прямой поддержки принимавшей различные формы.

Әрине, алғашында тарихшыларға міндеттер тұжырымдалғанда зерттеу сипаты да нақтыланды. Сол кездегі әдіснаманың ерекшелігі – қоғам дамуының заңдылықтарын тек дұрыс жарықтандыратын ілім ретіндегі марксизм-ленинизм көрініс тапты. «Культура и жизнь» газетінің материалдарында большевиктер партиясының ғылым саласындағы саясаты шынайы көрініс тапты. Бұл биліктің қатаң диктатурасы, бағыну, толық бақылау мен басқару ғана емес, сонымен бірге әртүрлі формада көрініс тапқан билік пен ғылыми қоғамдастық үшін сыйақы бөлу, материалдық ынталандыру, саяси адалдық пен тікелей қолдау көрсетудің өзара тәуелді және өзара тиімді жүйесі болды.

Әдебиеттер тізімі

Газет құру туралы ВЛКСМ Орталық Комитеті Саяси Бюросының «Большевиктер ВКП ОК Ұйымдастыру бюросы мен хатшылығының мәселелері» қаулысынан. Орталық Комитеттің агитпропасы // Сталин және космополитизм. 1945-1953 жж: Орталық Комитеттің Агитпроп құжаттары. М. 2005. 44-бет.

Сталин және космополитизм... Б.46.

Дэвидсон А.Б. Тұманды Альбионды іздеуде. Николай Александрович Ерофеев (1907-1996) туралы естеліктерден // Жаңа және жақын тарих. 1997.No5. URL: http://vivovoco. Rsl.ru/vvhfhtrs/bio/erof.htm

Сталин және космополитизм... Б.46

Сергей Сергеевич Дмитриевтің күнделіктерінен // Отандық тарих. 1999. № 3. 148-бет.

ТАРИХИ САНА ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ, ОНЫ ЗЕРТТЕУ АЯСЫ

Құдагелдин М.Т., PhD
Riviera International School by Quantum
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
kudageldin@gmail.com kudageldin_m@bi.group

XXғ. аяғы мен XXI ғасыр басындағы қазіргі Қазақстан қоғамының трансформация үдерісінде бұрынғы қалыптасқан құндылықтар мен тарихи жолды қайта қарау жүріп жатыр. Бұл өз кезегінде жастардың тарихи саналарының көрінісіне де әсер етеді. Жастардың тарихи санасына саяси-әлеуметтік, білім беру тетіктерінің ықпалы көкейкесті зерттеу мәселесі болып табылады.

Тарихты қарастыруға ықпал ететін әрекеттердің бірі - өткенді бүгінгі күннің қажеттіне жарату. Олай болса қалыптасқан тарихи сананың міндеттері осы қажеттіліктерді өтеп және қоғам талабына сай құндылықтарын тәжірибеге енгізу.

Заманауи ғылымда тарихи сананың мәнін бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады:

– тарихи сананың қоғамдық санадағы ролін онтологиялық тұрғыда;

– гнолсеология тарихи сана мәнін өткенге деген қызығушылық жағынан сараптайды;

– аксиология сабақтастық тетіктері және өткенге баға беру жағынан ұштастырса, праксиология оның әлеуметтік міндеттеріне назар аударады [1].

Қазіргі тарихи білім беру саласында тарихи сананың мәні мен оның әлеуметтік, білім берушілік міндеті кең талқылануда. Дегенмен, аталмыш құбылыс төңірегіндегі сұрақтар да көп шешімдерді талап етеді және өзге де сұрақтар тудырады. Оның ішінде тарихи сана

қалыптастырудағы әлеуметтік және мәдени детерминизм, оның дидактикалық қыры, тарихи сана мен тарихи ойлаудың, тарихи жадының өзара байланысы толық қарастырылмай келеді. Бұл қиындықтардың өзіндік себептері бар, олар: гуманитарлық ғылымдарға тән әдістемелік, плюрализм салдарынан пайда болған бұлыңғырлық, тарих ғылымындағы дағдарысы.

Тарихи сана бір жағынан қоғамның өзіндік болмысын, тарихи қалыптасу барысын көрсететін әлеуметтік-мәдени пішім. Біріншіден, ол қоғамды құраушы жекелеген тұлғаларды тарихи мазмұн арқылы біріктіруші ретінде көрініс береді. Екінші қырынан қарағанда, тарихи сана ол мазмұнның объективтілігі, яғни бүгінгі күнге тән тарихи шынайылық негізінде қалыптасады. Тарихи сананың теориялық қарама-қайшылығы оның адамның жылдам өзгеретін тіршілік әрекетінде көрініс беретін өмірлік ұстанымдарының шарты да нәтижесі де болып табылуында [2].

Осылайша, тарихи сана қоғамдық сананың ерекше нысаны деп қарастыруға болады. Мұнда мәдениетаралық қатынас тәжірбиесін ескере отырып бүгінгі күні өзара әрекеттесудің, коммуникациялық тиімді моделін құрайды деп тұжырымдауға болады.

Тарихи сана түрлі тұжырымдық және қарапайым деңгейде өзіндік ерекшеліктері мен сипатқа ие бола отыра тарихи таным, тарихи білім, тарихи мүдде, тарихи мәтін, тарихи шындық, тарихи сенім мен тарихи жады сияқты құрамдас бөліктерден құралады.

Егер қазақ әлеуметтік ортасындағы тарихи жады тұлғалық және қоғамдық өмірдің өзегі екендігін ескерсек оның маңыздылығы арта түседі.

Қоғамда әрдайым өзінің тарихына деген қызығушылық болады, себебі ол өткенді, бүгінгі күн мен болашақты байланыстырушы бөлік ретінде көрініс береді.

Ежелгі римдік шешен, философ Цицерон «Тарих – өткеннің куәгері, ақиқаттың сәулесі, жады, өмірлік ұстаз, бұрынғының хабаршысы» деген [3]. Адамның өзінің өткенін түйсінуі педагогиканың басты мәселелерінің бірі. Ғылымда тарихи сана түсінігі аясында білімдер жүйесі, танымдар, көзқарастар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, идеялар мен концепциялар жиынтығы қарастырылады. Ол арқылы жеке адамның, әлеуметтік топтардың, халықтар мен ұлттардың өзінің шығу тегі, тарихындағы атаулы оқиғалар, танымалы тұлғалар туралы, өз ұлты мен өзге елдердің және бүкіл адамзат өркениетімен қарым-қатынасы жөнінде түсінігі қалыптасады [4]. Дегенмен, тарихшы М. Барг тарихи сананы қоғамдық құбылыс ретінде емес тұлға санасы тұрғысынан қарастырады [5]. «Тарихи сана тарихнама факторы ретінде» («Историческое сознание как фактор историографии») (1982) атты мақаласында автор тарихи сананы уақыттың үш көрінісі: өткен, бүгінгі мен болашақ қиысқан қоғамдық сананың формасы ретінде қарастыруды ұсынады. Кең мағынасында ғалым тарихи сананы дәуірдің дүниетанымдық сипаты ретінде, ал тар мағынасында тарихнама типіне айқындайтын историзм түрі немесе тарихи ойлау стилі деп қарастырады.

Дегенмен де, тарихи сананы қалыптастыру және дамытуда тарихи білім беруде басты рөл атқарады. Ол оқушылар мен студенттерді өткенді, бүгінгіні және болашақты тарихи саралауға үйрету арқылы, тек эмпирикалық модель ғана емес, тарихи шындықты сараптау арқылы игеріп, оны өмір сүрудегі ұстаным ретінде пайлануға мүмкішілік береді.

S. Ahonen (2005) атап өткендей, тарихи сананы қалыптастыру тек тарихты оқыту ғана емес, ол мақсаты педагогиканы дамыту. «Тарихи білімді көбірек игерту дегеніміз көбірек сабақ өткізу деген сөз емес» деп атап өткен [6].

Батыстық ғалымдар сынып, дәрісхана және одан тысқары жерлерде қолдағы бар теоретикалық ойларға мазмұн мен түсінік беретін тарихи сананы зерттеуде эмпирикалық жұмыстарды артыра түсу қажеттігін баса атап өтеді. Бұл мәселе, еліміздегі тарихи сананы қалыптастыру педагогикасын дамыту мен аппаратын жасау қажеттілігін айқындай түседі. Қоғамда өткен, бүгін және келешек туралы түсінік «Бүгінгі күн ертең тарих», «Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік» деген ойлар арқылы көрініс береді. Демек, тарихи сана бар. Тек оның уақыт кеңістігінде әртүрлі саяси идеология, интерпретация факторларға байланысты нысаны мен мазмұны өзгереді. Ол жеке немесе ұжымдық нысанда түрілі құндылықтар негізінде өмір сүреді.

Бірден атап өтерлік жәйт, тарихи сана мәні барлық зерттеушілер белгілі бір арнаға тоғысқан, пікір-талас реттеліп консенсусқа келген зерттеу объектісі емес. Бүгінгі таңда тарихи сана ғылыми айналымда қандай деңгейде, қалай қалыптасады, оның қоғамдық санадан өзгешелігі, тарихи танымды көрсететін әлеуметтік, ұжымдық, мәдени, тарихи жадыдан өзгешелігі қандай, олармен қалай үйлеседі, ол адамдардың күнделікті тіршілігіне қалай әсер етеді деген сұрақтар көптеп кездеседі.

Осыған байланысты тарихтың қоғам мен тұлға идентификациясы мен бағдары қызметін атқаратын әлеуметтік жады функциясын қарастыру маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай бұл

терминнің (терминдердің) нақты анықтамасы жоқ. «Әлеуметтік жады», «тарихи жады», «мәдени жады», «ұжымдық жады» және тағы басқа да өзара алмастырушы бірнеше дефинициялар бар.

Ерекше атап өтер жәйт, қазақ тілімен қатар посткеңестікте аталмыш мәселеде терминдерді қолдану біртекті емес.

«Тарихи сана» және «тарихи жады» дискурсы қазіргі уақытта гуманитарлық білімнің негізгі түсініктерінің біріне айналуда. Бұл мәселемен философия, әлеуметтану, тарих, саясаттану, психология, этнология, мәдениеттану және педагогика сияқты көптеген ғылымдар өз аспектілерінде қарастырады. Дегенмен, оларды қазіргі жағдайды түсіну өткенді білу мен бағалауға тәуелді деген пікір тоғыстырады. Жастардың тарихи санасын қалыптасуына көптеген факторлар ықпал ететіндіктен көпқырлы болып табылады. Бұл үдеріске әлеуметтік-экономикалық жағдай, идеология мен білім беру, елдегі тарихқа деген көзқарас әсер етеді.

Тарихи сананы педагогикалық зерттеу тұрғысынан қарау ерекшелігі ондағы тарихи сана білім беру шеңберінде қарастырылуында.

Бұған дейін тарихи жады жайындағы түсініктер болғанымен оның ғылыми негіздемесін 1930 жылдары француз әлеуметтанушысы М. Хальбвакс жасады. Оның жұмысының өзегі тарихи шындықты идеологиялық негізде бұрмалайтын кәсіби тарихнамаға шынайы тарихты сақтаушы, ресми тарих ұмыттыруға тырысатын ақпараттар «қоймасы» тарихи жадыны қарсы қою болып табылады. М. Хальбвакс [7] тарихи жады түрлі топтарда сақталу арқылы ұлттық, әлеуметтік және өзге де топтарды біріктіруші фактор болып табылады, деп есептейді.

«Тарихи жады» термині П. Нордың «Жады орны» [8], Й. Йерушалми [9], Л. Лоуэнтальдің [10] еңбектері мен американдық «History and Memory» [11] журналдарында көтеріліп әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кеңістігіндегі жаңа парадигма ретінде 1980-1990 жылдары шықты. 1992 жылы неміс мәдениеттанушысы Я. Ассманның «Мәдени жады» кітабындағы «...өнер мен әдебиет, саясат пен қоғам, дін мен құқық сияқты мәдениеттің түрлі құбылыстары мен сфералары жаңа байланыста қарастырылатын еске алу түсінігі төңірегінде мәдениет ғылымы туралы жаңа парадигма құрылғаны туралы барлығы айтуда», – деп [12] «тарихи жадының» мәдениеттегі көрінісін атап өткен. Ол бүгінгі күнде көкейкесті жағдайларға байланысты қайтара қарастырылатын адамзат қауымының жадысында қордаланған өткенді қарастыратын «тарихи жады» жобасын пән ретінде ұсынды.

Айта кетерлік жәйт, бастапқыда тарихи жадыны зерттеу аясы (memory studies) ұлт пен ұлттық бірегейлікті (идентичность, identity) қарастырса, қазіргі уақытта түрлі әлеуметтік топтардан бастап жаһандық мәселелерді де қамтиды. Бұл әлеуметтік-гумнитарлық ғылымдағы бүл ілімнің көкейкестілігінің артып отырғандығын көрсетеді. Тарихи жады тек өткенді баяндау ғана емес жеке адамның, әлеуметтік топтың, ұлттың, қоғамның және еларалық бірегейлікті құрушы факторлардың бірі болып табылады. Оған мысал ретінде, «Бауырлас Орта Азия елдеріндегі тарихтың оқытылуының этноцентристік сипаты бейсаналы түрде әлемдік өркениеттегі ұлттың өзіндік ерекше болмысын көрсетуімен қатар, оның келеңсіз жағы, саналы түрде көрші халықтардың мәдениетін төмендету мен жатсынуды тудырады. Сонымен бірге, көрші елдер арасындағы қарым-қатынас көбіне қарулы күрес тұрғысынан қарастырылуы жатсынуды одан әрі тереңдете түседі» яғни, «Мектеп әлеуметтендіру құралы ретінде ұлттық болмысты қалыптастыратындықтан тарихтың оқытылуы гуманитарлық технология арқылы бауырлас елдерді жақындатуы да, тіпті алыстатуы да мүмкін» [13].

Тарихи сананың сан түрлі ғылыми интерпретациясына қарамастан пән және жады нысаны ретінде адамдардың өткенді «қазір» және «сол кезде» қоғамдық пен жеке өмірдің бөлшегі ретінде қалай түсінгендігі не түсінетіндігі зерттеушілердің ғылыми қызығушылығын тудырып келеді.

Біз зерттеу барысында тарихи сана тұжырымдамасын тарихи мәдениет және тарихи таным, тарихи түсінік, тарихи ойлау мен тарихи сауаттылық анықтамаларына тоқталу қажет деп есептейміз. Аталған терминдердің ұлттық дәстүрлер мен тілдік ерекшеліктерге байланысты ішінара өзара байланысы бар екенін түсінеміз. Тарихи сана түсінігінің оқытушы мен мұғалінің эмпирикалық зерттеуі мен білім беру тәжірбиесінде пайдасының тиюіне көмек беретіндігін түсіндіреміз.

«Тарихи сана» терминінің ғылыми көкжиек және дәстүр ретінде қалыптасуына неміс философы Г-Г. Гадамердің ықпалын атап өтпей кете алмаймыз. Гадамер тарихи сана «түрлі дауыстарға толы өткеннің жаңғырығы. Дауыстардың көптүрлігі біз бөлісетін және қатысқымыз келетін дәстүрлер болмысын көрсетеді» [14].

Гегельдің тарих тұжырымдамасына сүйенген тарихшы J. Vogt (1949) [15] тек тарихи жазбалар ғана жоғарғы тарихи сананы қалыптастырып, «осы сатыда ғана ғылым ретінде пәнге

айналады» – деп есептейді. Өзгелер тарихи дерек көздерді асыра бағалауды Kölbl мен Straub (2001) [16] «скриптоцентризм» деп атайды. Олар материалдық құндылықтармен қатар қарым-қатынастың қимылы, ғұрып, жерлеу, еске алу сияқты жазылмаған өзге де нысандарын қоғамдағы тарихи сананың көрінісі деп бағалайды.

Тарихи сананың қазіргі нысаны бүгінгі күн өткен күннен мүлдем өзге уақыт деп түсінген кезде пайда болды. Цицеронның «Historia vitae magistra» яғни, «Өткеннен сабақ алу» қойылған сұраққа толық жауап бере алмай қалды. «Кеше, бүгін, ертең» үш уақыт моделі алдымен батыс еуропалық ғылыми ортада, кейіннен қоғамда біртіндеп өзгерді. Өткенге, бүгінге және болашаққа қатысты тарихнамалық және философиялық пікір талас тарихи білім беруге қатысты пікірді де өзгертті.

Мектептегі білім, жария тарих және өткенді жалпы көпшіліктің талдауы өзгелермен қатар тарихи сананы қалыптастырушы құқығын бере алады. Тиісінше, Stephane Lévesque [17] пікірінше «тарихи сананы оқыту адамдардың өткенді қалай пайдаланатындығын» білуге мүмкіндік береді. Зерттеу саласы ретінде ол тарих не үшін маңызды деген сұрақ қана емес, оның қоғамдағы атқаратын міндеті деп қарастырады.

Jeismann [18] жай ғана білім немесе ынталы тарихи қызығушылықтан өзге тарихи сана өткенді, бүгінгіні және келешек перспективаны байланыстырады (P. Seixas. 1989) «Theorizing historical consciousness», атты кітабындағы пікірінше тарихи сана «бүгінгі өтіп жатқан өмірлік жағдаяттарда арналған бағдар сияқты» [19]. Адамдар өткеннің оқиғасын болашаққа бағдар ретінде алып, оны бүгінгі әрекеттерінде жүзеге асырады.

«Жады», «еске түсіру» түсініктері белгілі бір дәрежеде субъективті, себебі өткенне қандай да бір жәйтті тағдап, оны не үшін және қалай есте сақтау бағалау пайымымына келіп тіреледі. Тиісінше ұжымдық жады қоғамда функционалды рөл атқарып пікір-талас кезінде танымал құралға айналады. Дегенмен ол тарихты бұрмалау немесе фальсификациялау құралына айналуы мүмкіндігі жағынан қауіпті де құрал.

Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықтары үлкен болғанымен «Тарихи сана» терминін қолдануға байланысты түсінік аппаратының арасындағы қайшылықтар көп. Соған қарамастан, тарихи сананың негізіндегі педагогикалық, тәрбиелік әлеуітін қоғам мен оның дамуындағы адамгершілік, патриоттық және дүниетанымдық міндеттерді шеше алады. Қоғам және оның жекелеген адамдар тобы, әсіресе ғалымдар қандай да бір тарихи оқиға мен тұлғаны есте сақтауға шешім қабылдағанда замандастары мен келешек ұрпақ үшін қандай да бір құндылықтар қалыптастырады.

XXғ. аяғы-XXI ғ. басында әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылым өкілдері memory studies мәселесіне көп көңіл бөле бастады. Зерттеудің өзегіне тарихи оқиғалар мен өту мерзмі емес осы оқиға мен мерзмі жөнінде тарихи ұстанымдардың қалыптасуы негіз болды. Аталған жәйттер тарихи сананың тарихи мәдениетке түрлі ықпалын зерттеуге деген қызығушылықты арттырды.

1980-жылдары бұл мәселемен философтар мен тарихшылар ғана емес тарихи білім беру мен тарих дидактикасы мамандары алдымен Германияда, кейіннен еуропаның өзге елдерінде, біршама дәрежеде Құрама Штаттары, Канада мен Австралияда көңіл бөле бастады. Мысалы, Еуропадағы «Жастар және тарих» жобасы жасөспірімдер арасында тарихи сана мен саяси ұстанымдарының арасындағы салыстырмалы шолуды қамтыды [20]. Тарихи сананы күшейту 1990-жылдардағы Швеция мен Нидерландыда (Wilschut, 2002) [21] тарихи білім берудің жаңа дидактикасы оқу бағдарламаларының айқын мақсатына айналды.

Сол уақыт аралығында академиялық ғалымдар мен қоғамдық пікір көшбасшылары жастар арасында тарихи білімнің кемшіндігіне назар аудара бастады (Grever пен Stuurman, 2007) [22]. 2002 жылы Питер Сейксас (Peter Seixas) Ванкуверде (Канада) құрлықтық Еуропа мен өзге ағылшын тілді елдердегі философтар, тарихшылар мен тарихи білім беру мамандары арасында академиялық алмасуды ынталандыру мақсатында тарихи сананы зерттеу Орталығының негізін салды. Орталық, сонымен қатар, Канадада қазіргі қоғамдағы тарихтың рөлі мен адамдар күнделікті өмірлерінде өткен тарихи оқиғалардың ықпалын зерттеуге үлес қосты

Кейінгі жылдары өзге де көзқарастар пайда болды. Тарихи сана терминін қолдану аясы азайса да ол тарихи таным және тарихи ойлау терминдерімен қатар пайдаланып келеді (Wineburg, 2001) [23].

Тарихи сана адам әрекеттерінің, білімі, институттары, қоғамдағы оқиғалар мен дамулардың тарихи сипаты ретінде қабылданды.

Тарихи мәдениет (Geschichtskultur) тұжырымдамасы өзіндік даму әдіснамасын қарастырған немістің тарих дидактикасының орталық категориясына айналды. Кейбір голландық

тарихшылар (Grever, 2009 [24]; Ribbens, 2002, 2007 [25]) тарихи мәдениетті адамдардың өткенге қатынасын және оны үнемі пайдалануын зерттейтін тұтас метатарихи тұжырымдама ретінде қарастырады. Неміс тарихшылары мен философтарының еңбектеріне сүйенген Grever мен Adriaansen (2017) [26] тарихи мәдениетті өзара тәуелді және белсенді тұжырымдама түрінде сараптады: 1) тарихи баяндау және өткеннің көрінісі; 2) материалдық және материалдық емес инфрақұрылым; 3) тарих түсінігі.

Тарихи термині өткен оқиғаларға, ойлар мен идеяларға қатысты. Мәдениет жалпы көзқарастарды, құндылықтар мен адам топтарының қабылдауларына байланысты термин.

Сәйкесінше, тарихи мәдениет тек ұжымдық жады мен тарихи бейнелерді ғана емес адам, дәстүр, жады, тарихи көріністер мен олардың таралуы, сонымен бірге тарихты не құрайды деген тұспалдаулар арасындағы динамикалық өзара байланысты өткен уақытты қамтиды. Осылайша, тарихи сана уақытшалық пен идентілікке рефлексивті қатынас ретінде өткенге жүгінудің (үшінші деңгей) метатарихи көзқарасына жатады.

Соңғы 30 жылда әсіресе тарихи жады мен тарихи мәдениет саласында бірнеше іргелі жобалар халық түсінігіндегі тарихи сананың болмысын зерттеді. 1991 жылдан бастап Magne Angvik пен Bodo von Borries еуропаның 25 елі мен Израиль мен Палестинада 32 000 жасөспірімнің тарихи санасы мен саяси ұстанымдарын салыстырмалы зерттеу жүргізді. АҚШ, Канада мен Австралияда тарихи өндіріс пен тұтыну жөнінде зерттеулер де болды.

Magne Angvik пен Bodo von Borries «Еуропалық жастар және тарих» жобасын мен қатар тарихшы Roy Rosenzweig пен David Thelen американдық 1400 баладан сапалы және ауқымды сауалнама алды [27]. Саясаткерлер өз тарихына немқұрайлы қарайтын американдықтардың, әсіресе мектеп оқушыларының, тарихи сауатсыздығын сынға алған кезде тарихқа деген сұраныстың «жарылысы» авторлар «халықтық тарихты жасауы» деп атаған әлеуметтік парадокс көрініс берді.

АҚШ-тағы осы зерттеу әдіснамасына сүйене отыра Австралия (Ashton және Hamilton, 2010) [28] мен Канадада (Conrad және өзгелер, 2013) [29] зерттеулер жүрді. Зерттеулердің жиынтық қортындысы кім тарихпен айналысады және тарихи білімді не құрайды деген кәсіби түсінікке жаңа көзқарас қажет екендігін көрсетті. Зерттеу қоғам мүшелері өздерінің күнделікті тіршіліктерінен алыс формалды ұлттық баяндауларға қатысу енжарлығымен бірге Эштон мен Гамильтон 2010-жылы «өткенді өздігінше тану» («past- mindedness») – деп атаған тарихи пайымға деген құлшыныстың артуын көре аламыз.

Аталған зерттеулерге қатысушылар өздері мектептен таныс ұлттық тарихты оқытуға тікелей қатысуға байланысты қиыншылықтармен кездескендігін баса атап өтеді. Үш елде де қоғам мүшелерінің тарихи білім үнемі үнемі «дағдарыс» жағдайында болатындығына алаңдаушылық білдіретіндігін көрсетті. Hirsch зерттеулері туған тарих пен тәжірбие бұл қауымдастықтарда және гүлденіп келе жатқан жалпы тарихи мәдениетті көрсететін ұжымдық күш және буынаралық жады ретінде өткенмен тығыз байланысты көрсетті [30]. Респонденттер балалары мен немерелеріне беруге болатын заттарды қолдарына ұстады, отбасылардың бірігуіне қатысты, генеологиялық шежірелерін жинақтады, тарих жөнінде достарымен, отбасымен әңгімелесті және тарихи беллетристика, деректі фильм, видео ойындар мен танымал тарихи кітаптарға сұраныстары артты (Ashton мен Hamilton; Grever мен van Boxtel [31], Rosenzweig мен Thelen [32]).

Нидерланды, Англия мен Франциядағы [33, 34] және Австралия мен Канададағы [35] жоғары сынып оқушыларының тарихи көзқарастары мен перспективаларын салыстырмалы зерттеу жобасы білім саласының зерттеу аясын кеңейтіп оқушылардың да мектепте ұлттық тарихты жай ғана баяндау нәтижесі оларда жатсыну сезімін тудыратындығын көрсетті.

Ashton мен Hamilton (2010) «кәсіби тарих тәжірбиесі» мен «адамдар тарихы» немесе «күнделікті өмір» тарихи арасындағы алшақтық деп атаған алынған зерттеу нәтижелері алаңдаушылық туғызады. Оның біріншісі, ресми және білімге негізделіп мектепте оқытылады, мемлекеттік институтуар арқылы насихатталынады.

Екіншісі отбасылық, жеке тәжірбиеге және тактилділіке негізделген. Сонымен қатар, жеке өмірмен және адамдар қауымымен тығыз байланысты. Тарихи санаға қатысты бұл жұмыс академиялық білімнен тысқары жатқан тарихи қатынастың әр алуандылығы мен масштабын көрсетті (H. Welzer, 2008) [36].

Розенцвейг пен Теленнің «The Presence of the Past» (Өткеннің көрінісі) шолуында тарихшы Kammen М тарих пәнін демократизациялауға бағытталған қысымға қарамастан тарихты күнделікті өмір тұрғысынан түсіну ғылыми танымға пара-пар емес: «Отбасы мен өткенді тарих ретінде теңдестіруге мүлдем болмайды» (2000) – деп қорытады.

Американдық тарихшы John Tosh (2008) «тарих жөнінде ойлау» (“thinking about history”) мен «тарихпен біте ойлау» (“thinking with history”) екі бөлек нәрсе, дейді [37]. Оған австралиялық тарихшы Mark McKenna (2013) онымен келісе отыра: «Көпшілік тарихты эмоциялық құшақтау сияқты қабылдайды» ал ол «Тарихшылардың өткенді сын тұрғысынан тануларына қарама-қайшы келеді», дейді [38].

Мұндай ойлар тарихи сананы түсінуде күнделікті тарихи мәдениеттің ескерілуін және екінші жағынан оның тарихи танымның академиялық сипатынан ажырамауы керектігіне байланысты шиеленіс тудырады.

Тарихи білім беру саласын зерттеушілердің кейбірі педагогикалық мақсатта тарихи тәжірбиенің кәсіби негізін құрайтын пәннің құрылымдарын қарастырып келеді. АҚШ-тарының Denis Shemilt [39, 40] және Peter Lee мен Roslyn Ashby (2000) атты зерттеушілері 1970-80 жылдар аралығында тарихи дағдыны қарастыратын жаңашыл «Мектептегі тарих» жобасын жүргізді. Sam Wineburg тарих пәнінің дағдылары мүлдем интуитивті емес, яғни тарихи ойлау жіті түсіну мен оқуды талап ететін «табиғи емес әрекет» екендігін айтты.

Канадалық тарих білімі ғалымдары Peter Seixas пен Tom Morton 2012 жылғы «Тарихи ойлаудың алты ірі концептісі» («The big six historical thinking concepts») [41] атты еңбектерінде тарихи ойлау күрделі және өзара қарама-қайшы тарихи интерпретацияларды сын тұрғысынан қабылдап өткеннің құндылықтарын бүгінгі күннің құндылықтарымен сәйкестендіріп тарихи білім мазмұнын дамыту, деп біледі.

Тарихи сауаттылық терминін қолданған австралиялық тарих оқытушылары Tony Taylor мен Carmel Young [42]: «Қоғамдық талдау мектепте тарихты оқытуды тарих дегеніміз тарихи фактілерді еске алу немесе қызықты оқиғалар желісі емес, ең алдымен тарихи сауаттылықты дамытумен тығыз байланысты екендігіне назар аударудан тұруы тиіс» деп есептейді. Олар өткенді білу тарихи сауаттылықтың басты құрамдас бөлшегі болғанымен түрлі перспективаларды түсіну, зерттеушілік дағдылар мен аргументтер құра білу қабілеттері назардан тыс қалмауы тиіс, деп есептейді.

Жалпы алғанда тарихи түсінік өте күрделі және үнемі дамитын үдеріс. Синонимді терминологиялық болып табылатын тарихи ойлау, түсіну, тарихи таным, тарихи сауаттылық, тарихи сана мен тарихи жады мазмұнын ашу барысында өзара көптеген сәйкестіктер мен түсінбестік батыс ғалымдары арасында да жиі көрініс береді.

Дегенмен, тарихи білімнің тарихи сананы қалыптастыруда рөлі қандай? Атап айтқанда, тарихи сананы білім берудегі қолданысы қалай?

Қазіргі қоғамда тарихи сананың бірнеше міндеттері бар: ғылыми-танымдық, тарих ғылымдарының тәрбиелік міндеті, болжау міндеті:

1. Ғылыми-танымдық міндет. Бүгінгіні өткен жәйттерді білмей пайымдай алмаймыз. Тарих ғылымының бұл функциясын өзге ғылымдарға, соның ішінде педагогикаға да, тарихи фактілерді дайындау үдерісін көрсетеді. Тарих ғылымы уақыт кеңісітігіндегі құбылыстарды зерттеуге өзінің зерттеу әдісі арқылы басқа қоғамдық ғылымдарға адамзат қоғамының дамуы үрдісін мен заңдылығын пайымдауға мүмкіндіктер береді [43]. Бұл міндет тарихи үдерістерді ғылыми пайымдаудағы адамның зияткерлік (интеллектуалдық) дамуын көрсетеді. Бұл пайымдау түрлі нақты тарихи фактілер мен құбылыстарды теориялық жағынан жинақтауды білдіреді. Әлемдік және отандық тарихи кезеңдерде қоғам (социум) дамуының негізгі тенденцияларын айқындай алу маңызды болып табылады.

2. Тарих ғылымдарының тәрбиелік міндеті өткен буынның тәжірбиесі әлеуметтік тәжірбиеде үлкен рөл атқаруынан көрінеді. Тарихи фактілер мен құбылыстар ең жақсы мұғалім. Тарих маманы тарихшы-зерттеуші, тарихшы-педагог ретінде ғылыми сараптама мәнін құрайтын факторлар негізінде өз халқының әлеуметтік жадысын жоғары объективтілік деңгейіне көтеруі тиіс. Тарихи құбылыстар мазмұнын жалпы контекст, жақын және алыс перспективалар, бүгінгілер мен ұрпақтар бағалауы тұрғысынан, өткенді манипуляциялауға тырысудан және саяси мақсаттардан биік тұруы қажет.

3. Болжау міндеті арқылы болашаққа болжам жасауға болады, осы арқылы бүгінгі күн мен болашақ диалогын құрады. Осылайша тарихи сана құбылысына әлеуметтік-гуманитарлық білімдердің түрлі тарапынан қарастыру бір жағынан өзекті және екінші қырынан пікір-таласқа толы сұрақ болып табылады. Тарихи сананың әлеуметтік функциясы қоғаммен бірге өзгереді және оған тәуелді. Өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ, болғандықтан біз өзіміздің тарихымызды білуіміз қажет. Бүгінгі күнгі адамдар өздерінің әрекеттері мен моралдық, этикалық шешімдеріне негіз табу

мақсатында ата-бабаларының әрекеттеріне тарихқа үңілу арқылы баға береді. Тарих қоғамдық сананың өзегі ретінде болашаққа бағыттайтын стратегияны қалыптастырады.

Қоғамның негізгі интеллектуалдық ресурсы университет қабырғасында қалыптастындығын ескерсек мәдени-тарих санасы ғылыми негізде қалыптасқан болашақ маман саясат, экономика және әлеуметтік ғылымдарды қоса алғанда, әртүрлі салаларда олардың сыни тұрғыдан ойлауға және шешім қабылдауға ықпал ете алады. Бұл сонымен қатар студенттерге жеке және әлеуметтік дамуы үшін өте маңызды қоғаммен идентілік пен тиесілік сезімін дамытуға көмектеседі. Жалпы, мәдени және тарихи сананы зерттеу студенттердің оқу үлгерімін, сондай-ақ олардың жеке тұлғалық өсуі мен дамуын арттыра алады. Бұл сонымен қатар инклюзивті және әділ қоғам құруға ықпал етуі қамтамасыз етеді, деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

Калимонов И.К. Основы научных исследований (зарубежная история). – Казань, 2006. – 277 с.

Куликов Д.К. Историческое сознание и его теоретические противоречия// Известия вузов. Северокавказский регион. – 2008. – №1. – Б. 70-76.

Афоризмы великих людей // http://www.wisdoms.ru/66.html. 12.12.2020.

Федоринов Е.И. Формирование исторического сознания как фактор гуманиторизации образования // http://rciabc.vsu.ru/irex/pubs/fedornov1. 11.02.2021

Барг М.А. Эпохи и идеи: становления историзма. – М.: Мысль, 1987. – 348 с.

Ahonen S. Historical consciousness: A viable paradigm for history education? // Journal of Curriculum Studies. – 2005. – Vol. 37, Issue 6. – P. 697-707.

Хальбвакс М. Социальные рамки памяти. – М.: Новое издательство, 2007. – 348 с.

Нора П., Озуф М., де Пюимеж Ж. и др. Винок Проблематика мест памяти // В кн.: Франция-память / пер. с фр. – СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 1999. – С. 17-50.

Йерушалми Й.Х. Захор ("Помни"): Еврейская история и еврейская память. – М.: Мосты культуры, 2004. – 192 с.

Лоуэнталь Д. Прошлое - чужая страна / пер. с англ. – СПб.: Владимир Даль, 2004. – 622 с.

History and Memory // https://iupress.org/journals/historyandmemory. 13.01.2022.

Ассман Я. Культурная память: письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности. – М., 2004. – 363 с.

Құдагелдин М. Тарихи сана- ұлттық үрдістің ұйытқысы // Ақиқат. – 2015. – №3. – Б. 36-37.

Гадамер Х.-Г. Истина и метод: основы филос. герменевтики / пер. с нем. – М.: Прогресс, 1988. – 704 с.

Vogt J. Geschichte und Vorgeschichte: Die Bedeutung der Schrift // Im buch: Historisches Jahrbuch. – München, 1949. – Bd. 62/69. – S. 1-12.

Kölbl C., Straub J. Historical consciousness in youth: Theoretical and exemplary empirical analyses // www.qualitative- research.net/index. 22.02.2023.

Lévesque S. Between memory recall and historical consciousness: Implications for education // https://public-history-weekly.degruyter. 01.09.2019.

Jeismann K.-E. Geschichtsbewusstsein // In book: Handbuch der geschichtsdidaktik. – Seelze- Velber: Kallmeyer, 1992. – P. 40-43.

Rüsen J. Historical consciousness: Narrative structure, moral function, and ontogenetic development // History and Memory. – 1989. – Vol. 1. – P. 35-60.

Angvik M., von Borries B. Youth and history: A comparative European survey on historical consciousness and political attitudes among adolescents. – Hamburg: Korber- Stiftung, 1997. – 882 p.

Wilschut A. Historisch besef als onderwijsdoel // Nieuwste Tijd. – 2002. – Vol. 2, Issue 6. – P. 19-33.

Grever M., Stuurman S. Beyond the canon: History for thetwenty- first century. – Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2007. – 222 p.

Wineburg S.S. Historical thinking and other unnatural acts: Charting the future of teaching the past. – Philadelphia: Temple University Press, 2001. 255 p.

Grever M. Fear of plurality: Historical culture and historiographical canonization in Western Europe // In book: Gendering historiography: Beyond national canons. – Frankfurt: Campus Verlag, 2009. – P. 45-62.

Ribbens K. A narrative that encompasses our history: Historical culture and history teaching // In book: Beyond the canon: History for the twenty- first century. – Basingstoke, England: Palgrave Macmillan, 2007. – P. 63-78.

Grever M., Adriaansen R.-J. Historical culture: A concept revisited // In book: Palgrave handbook of research in historical culture and education. – Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2017. – P. 73-89.
Roy Rosenzweig,David Thelen. The Presence of the Past Popular Uses of History in American Life/ Columbia University Press, March 2000, 320 pages
Ashton P., Hamilton P. History at the crossroads: Australians and the past. – Sydney: Halstead Press, 2010. – 176 p.
Conrad M., Ercikan K., Friesen G. et al. Canadians and their pasts. – Toronto: University of Toronto Press, 2005. – 248 p.
Hirsch M. The generation of postmemory // Poetics Today. – 2008. – Vol. 29, Issue 1. – P. 103-128.
Grever M., van Boxtel C. Verlangen naar tastbaar verleden: Erfgoed, onderwijs en historisch besef. – Hilversum: Verloren, 2014. – 150 p.
Rosenzweig R., Thelen D. How Americans use and think about the past // In book: Knowing, teaching, and learning history: National and international perspectives. – NY: New York University Press, 2000. – P. 262-283.
Grever M., Ribbens K. Nationale identiteit en meervoudig verleden. – Amsterdam: Amsterdam University Press, 2007. – 223 p.
Grever M., Pelzer B., Haydn T. High school students' views on history // Journal of Curriculum Studies. – 2011. – Vol. 43, Issue 2. – P. 207-229.
Clark A. Teaching the nation's story: Comparing public debates and classroom perspectives on history education in Australia and Canada // Journal of Curriculum Studies. – 2009. – Vol. 41, Issue 6. – P. 745-762.
Welzer H. Collateral damage of history education: National Socialism and the Holocaust in German family memory // Social Research. – 2008. – Vol. 75, Issue 1. – P. 287-314.
Tosh J. Why history matters. – Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2008. – 168 p.
McKenna M. The history anxiety // In book: The Cambridge history of Australia. – Port Melbourne: Cambridge University Press, 2013. – P. 561-580.
Shemilt D. History 13-16: Evaluation study. – Edinburgh: Holmes, McDougall, 1980. – 100 p.
Shemilt D. The Caliph's coin: The currency of narrative frameworks in history teaching // In book: Knowing, teaching, and learning history: National and international perspectives. – NY.: New York University Press, 2000. – P. 83-101.
Seixas P., Morton T. The big six: historical thinking concepts. – Toronto: Nelson Education, 2012. – 218 p.
Taylor T., Young C. Making history: A guide for the teaching and learningof history in Australian schools. – Canberra: Department of Education, 2003. – 192 p.
Аникеев А.А. Методология классической историографии: учеб. пос. – Ставрополь, 2004. – 190 с.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА НЕГАТИВТІ ЫҚПАЛЫН ТИГІЗГЕН ЕУРОЦЕНТРИСТІК ҰСТАНЫМҒА СЫНИ КӨЗҚАРАС

Қыздарбеков Б.К., т.ғ.к., профессор.,
Шашенов Д.Т., аға оқытушы.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Қазақтардың идеологиялық тұрғыдан шек қойылмаған шынайы ұлт тарихына арналған оқулық Қазақстан тарихы (көне дәуірден біздің заманға (1917 ж.) дейін) 1943 жылы баспадан шығыпты. Ол оқулықты әйгілі Ермахан Бекмахановтың инициативасымен, II дүниежүзілік соғыс жылдары Республикаға қоныс аударып келген, тарих ғылымының аса ірі өкілдері: А.М. Панкратова, М.П. Вяткин, Н.И. Дружинин, А.П. Кучкин, А.Н. Бернштам, Б.Д. Греков және қазақ тарихшылары Е.Б. Бекмаханов, Ә.Х. Марғұлан, сондай-ақ қазақ кеңес әдебиетінің классиктері М.О. Әуезов, С.М. Мұқанов, Ғ.М. Мүсіреповтер жазып шыққан еді [1]. Бұл оқулықтың құндылығын оның Сталиндік сыйлыққа ұсынылғанынан байқауға болады.

Кеңес Одағы көлемінде алғаш рет ұлт тарихын жазған ғалымдардың тарихқа, қазақтардың өткен тарихына еуропоцентристік көзқараспен қарамауы, еуропалықтардың, оның ішінде орыстардың шашбауын көтермеуі, бұл еңбектің маңызын және құндылығын арттырады. Ұлы Отан соғысы аяқталар шақта, идеологиялық ұстанымдардың өзгеруі салдарынан қазақ халқының

алғашқы Ұлт тарихы қуғын-сүргінге ұшырап, оқулықтың негізгі авторы және инициаторы және негізгі авторы Е.Б. Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылады.

Біздің пайымдауымызша идеологиялық ұстанымдардың өзгеруіне Кеңес билігінің ұлт саясатына қойған талаптарының кенеттен өзгеруі ықпал етті.

1944 жылы 9-тамызда Кеңес билігі Кеңес Одағында абсолюттік көпшілікті құрайтын түркі халықтарының рухын көтерілуі Кеңес Одағына да, Ресей Федерациясына да қолайлы болмағандықтан, түркі халықтарының тарихын зерттеуге немесе олар туралы айтуға тиым салынған БКП (б) ның Орталық Комитетінің қарары қабылданған болатын. Түркі халықтары, олардың империяларының тарихы арнайы оқытылмайтын болды, ал айтпауға болмайтындарын басқа халықтардың атына жазу дәстүрге айналды. Сақ (скиф) тайпаларын Сталиннің бұйрығына сәйкес осетин ғалымы В.И. Абаев парсыларға, ал Шыңғысхан құрған империяны Кеңес тарихшылары моңғолдарға айналдырып жіберді [2]. Осыдан бастап, Ұлы Даланы үнді-еуропалықтардың мекеніне айналдыру жүзеге аса бастайды. Сақтардың, скифтердің иран тілінде сөйлейтіні туралы ондаған, жүздеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалады. Кузьмина, Кляшторный, Гамреклидзе, Иванов т.б. еуроцентристердің, түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың өткен тарихын бұрмалаған, жалған ғылыми зерттеулері жазылып, олардың ақиқаттығына күмән келтіргендерді қуғын-сүргінге ұшыратты. Мәселен, Қазақ мемлекеттік университетінің ұстазы, доцент Мұсатай Ақынжановтың Қазақтың тегі туралы атты ғылыми еңбегін кітап сөрелерінен алып тастап, докторлық диссертациясын бекітпей тастады [3]. Оның жазығы қазақ халқының шығу тегін (этногенезін) сақтармен байланыстыруы болатын. "Қас-сақ" – нағыз сақ... дәл осы терминді қолдаған А.Н. Бернштамда қудаланады.

Еуразияның далалық аймағын (б.з.д. IV-I мыңжылдықтар) жаппай "үнді-ирандық" мекенге айналдыру барлығымыздың, соның ішінде жастардың, студенттер қауымының, қазақтардың көне тарихын дұрыс қабылдауға кері әсерін тигізгені белгілі. Осындай идеологиялық ашытқыда бірнеше ұрпақ тәрбие алды. Олар дүниеге тек еуропалықтардың көзімен қарауды әдетке айналдырды. Орыс-кеңес тарихшылары өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына, тарихқа еуропоцентристік, империялық, самодержавиелік орыстың көзқарасымен қарауды енгізгенін білеміз. Мұндай сорақылық тек қана тарих пәніне ғана емес, басқа да рухани салаларға да кері әсерін тигізді. Қаншама ұрпақтың санасы уланды, әсіресе, қазақи рухы жоқ, ұлттың салт-дәстүрінен хабары шамалы, "ұлттар лабораториясы" болып саналатын Қазақстанда, "интернационалдық" тәрбие алған, ұрпақ әлі де болсын, еуропоцентристік-орыстық көзқарастан арыла ламай жүргені белігілі. Осының нәтижесінде Кеңес заманында өсіп-өнген, көбінесе орыс мектептерінде оқып, тәлім-тәрбие алғандар, Тәуелсіз Қазақстан кезінде дүниеге келген ұрпақтардың ата-аналары, әжелері өздерінің тікелей ата-бабаларының тарихынан гөрі әлемдегі, соның ішінде еуропалықтардың, орыстардың тарихынан көбірек хабардар болғаны шындық еді. Осы кезге дейін ұлттық тарихты жазғандардың барлығы дерлік өзге ұлттардың өкілдері болғаны және де ол орыс тілінде жазылып, қазақшаға аударылатыны ақиқат еді.

Нақты айтқанда тарихы негізінен еуропалықтардың-орыстардың талғам-танымы бойынша жазылып келді. Александр Македонскийді, Наполеон Бонапартты, Александр Суворовты, Михаил Кутузовты жеңілуді білмеген қолбасшылар деп ұғып, соларға ұқсағымыз келгенін жасырмаймыз. Есейе келе, арнайы білім алып, тарихтың бұрын бізге белгісіз, құпия болып келген жақтарын "ақтаңдақтарын" ажырата алатындай деңгейге келгенде Еуропа және орыс-кеңес тарихшыларының тарихи тұлғаларды тым әсірелеп көрсеткенін байқадық.

Біздің ата-бабаларымыздың, ғұндардың, көк түріктердің, Еке монғол ұлысын құрған билеушілер мен әскербасшылардың Мөде, Чжи-Чжи (Шөже), Аттила, Мұқан қаған, Естеми қаған, Турксанф, Шыңғысхан, Мұқылай, Сүбедей баһадүр, Жебе ноян, Ер Сайын (Бату), Коняк хан, Шарук хан, Ақсақ Темір және т.б. жеңілуді білмейтін қолбасшылар екенін біз бертінде ғана, тым кеш білдік.

Түркілердің жаулап алған жерлерінің, құрған мемлекеттерінің (империяларының) өмір сүру ұзақтығын, өміршеңдігін, жаулап алған елдерге тигізген мәдени, рухани ықпалын, басқару жүйесіне, экономикасына, тіліне тигізген әсерін таразы басына салсақ Еуропаның (Батыс және Оңтүстік Шығыс) жетістіктері түрік қағандарының, қолбасшыларының қол жеткізген табыстарымен салыстыруға мүлдем келмейтініне көзімізді жеткізер едік. Түркі тілдес халықтар өзінің алтын бесігі – Ұлы Далада (Еуразия материгінде, кеңістігінде) емін-еркін судың сонысын, шөптің шұрайлысын іздеп, көшіп-қонып жүрді. Шығысында Тынық мұхиттан, Солтүстік Қытайдан, Алтайдан, батыста Дунайдың құлама жағалауына, Карпат тауларына, Солтүстік Қара теңіз жағалауына дейінгі созылған орасан зор территорияда түркілер екі мың жылдан астам уақыт

үстемдік етті. Түркілер Азов теңізі, Еділ мен Жайық арасы, Кавказ таулары, Орта Азияның қалалары мен Көне Тұранда (Ұлы Далада) үш мың жылдық мерзімге салт атты көшпелі және қалалық өркениетті дамытып, салтанат құрды.

Ғұндар, көне (көк) түріктер, "он оқ будун" тайпалары, печенегтер, оғыздар, "қара бөріктілер", қыпшақтар (половецтер мен құмандар), Шыңғысхан мен оның ұрпақтары әлемнің тең жартысынан астамын тізе бүктіріп бағындыра білді. Олар Қытайды, Иранды, Батыс Еуропаны, Рим мен Византия империяларын үрейлі қорқыныштан көз аштырмады. Отырықшы халықтардан: Қытайлардан, парсылардан, еуропалықтардан, соның ішінде славяндардан, орыстардан қара күштің көмегімен дипломатиялық айла-тәсілдердің қысымымен әр алуан алым-салық алып отырды. Әлсіздерді қамқорлығына алды. Мәселен төртінші ғасырда әйгілі ғұндар славяндарды Герман тайпаларының геноцидінен құтқарып қалған болатын. Балқан түбегінен Оңтүстік Шығыс Еуропаға қоныс аударып келген славян тайпаларына полян, северян және т.б. оңтүстік шығыс Еуропада үш ғасырдан астам, уақыт билік еткен. Ашын әулеті қағандары билеген хазарлар рақымшылық көрсетіп, Дунай мен Дон өзендері арасынан, егіншілікпен шұғылдануға жағдай жасап, құнарлы жерлерден жер үлестерін бергені тарихтан белгілі. Славяндар өздерін қамқорлығына алған түркі тайпалары хазарларға егін өнімдерінен алым-салық төлеп тұрғаны өтірік емес.

Еуропоцентристердің қиыннан қиыстырып, жасаған схемасы бойынша, Еуразияның далалық кеңістігінде мекендеген көшпелі мал шаруашылығымен қатар металл қорытудың құпиясын жетік меңгерген, әлемдегі қалалық және көшпелі өркениетті алғаш дүниеге әкелген тайпалардың түркілерге ешқандай қатысы жоқ. Еуропаны еуроцентристер о бастан өркениеттің дамыған аймағы деп, еуропалықтарды "тарихи" халық деп санап, әлемде алғаш жабайы жылқыны қолға үйреткен, доңғалақты, ер-тоқымды, ауыздықты, жүгенді, тағаны ойлап тапқан, металдан жетілген қару-жарақ жасаған, соғыс тәсілдерін шебер меңгерген, шауып келе жатып ат үстінен садақ ататын, салт аттылардың көшпелі өркениетін құрған түркі халықтарын "артта қалған", "надан", "жабайы" деп санап, олардың қол жеткізген табыстарын, жетістіктерін, құндылықтарын мойындамайды.

Еуропа ғалымдары, әсіресе, орыс-кеңес тарихшылары (соның ішінде отандас ғалымдарымызда бар) толыққанды тарихи және және лингвистикалық дәлелдерді келтірмей-ақ, тек антропологиялық ғылымның мәліметтеріне ғана сүйеніп, жалаң сөзбен Орталық Азия мен Қазақстандағы археологиялық мәдениетті таратушыларды үнді-иран тілінде сөйлеген деген тұжырымға келеді [4].

Еуропада, әсіресе, Шығыс Еуропадағы мемлекеттердің дамыған билік жүйесінің қалыптасуы, түркі тайпаларының ықпалы деп түсінгеніміз дұрыс болады.

Түркі тілдес сақтар (скифтер), ғұндар, аварлар, хазарлар, сабырлар, болгарлар біздің заманымызға дейінгі кезеңде, ерте темір немесе ертекөшпелілер дәуірінде, одан бертіңгі жылдарда еуропалықтардан, батыс еуропалықтардан көп бұрын аты тарихқа белгілі болған мемлекеттерді (ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының мемлекеттерін) құрады. Ол кезде көшпелі халықтарға төтеп беретін бірде бір күш болмады десек қателеспейміз.

Еуропаға жылқыны, металды (темірді), ауыздықты, үзеңгіні, басқару жүйесін, санақты, бидайды, жүзімді, моншаны апаруы үндіеуропа халықтарының, әсіресе, славяндардың (орыстардың) тіл қорына жүздеген, мыңдаған "күдік тудырмайтын кірме сөздердің", "таныс сөздердің" және "онша байқалмайтын" (не видимые тюркизмы) түркі сөздерінің енуі еуропалықтардың тым тәкаппарлануларына мүмкіндік бермейтіні сөзсіз.

Теңіз суының дәмін білу үшін міндетті түрде оны шелектеп ішу қажет емес, тек бірер тамшысының дәмін татсақ жеткілікті деген Олжас Сүлейменовтің сөзіне құлақ асып, бірнеше сөздерді келтірсек те жетіп жатыр: утро, ярко, осень, весна, овраг, собака, балбес, дурак, вор, кишка, ягодица, язва, курган, уйма, чучело, бугор, черемуха, богатырь, рать, сабля, колчан, тьма (10 тысячное войско), ура, айда, охота, облава, чугун, железо, булат, алебарда, молот, казна, деньги, таможня, есаул, атаман және т.б. [5].

Түркі тілдес тайпалар, әсіресе, көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын топтары жайылым және жер-су іздеп немесе жаулап алу мақсатында алыс қашықтықтарға жылжуды, қоныс аударуды әдетке айналдырған. Кейбір аймақтарда (ареалдарда) қалыптасқан жағдайларға байланысты көшпелілер ондаған немесе жүздеген жылдар, тіпті, мыңдаған жылдар бойында берік орналасып оларды өздерінің ата-мекеніне айналдырып отырған. Олардың сол аймақтарда ұзақ жылдар, ғасырлар бойы үстемдік еткен, ол жерлерді игеріп, Отанына айналдырып, олардың

ықпалында болған халықтардың дамуына елеулі үлестерін қосты. Ең бастысы этностардың бет-бейнесін, билік жүйесін бір емес, бірнеше рет өзгертті.

Ежелгі қазақтардың өткен тарихын жалған болжамдарға сүйеніп, бұрмалап, көне (көк) түркілердің (прототүркілердің) атамекені – Ұлы Даланы үндіеуропалықтардың отанына айналдырып жіберген, еуроцентристердің ұғымдарына, көзқарастарына өзіміздің ұстанымдарымызды қарсы қойып, олардың қолдан жасаған жасаған концепцияларын әшкерелеу, ұлттық намысы бар тарихшылардың міндеті болуға тиіс.

Отарлық кезеңде қорланған, аяққа басылған, бұрмаланған, өткен тарихымызды қалпына келтіру, жас ұрпақты ата-бабалардың ерлік рухына баулу, біздің қасиетті борышымыз. Өткен тарихымыз төңірегінде, еуроцентристердің ғылыми зерттеулері нәтижесінде қалыптасқан жалған пікірлерден, ұғымдардан (стереотиптерден) күмәнануға болмайтын, дәлелдеуді керек етпейтін ғылыми аксиомалардың бет-пердесін ашып, оларды сынға алуымыз керек.

Қазіргі кезде кезек күттірмейтін мәселе, ол жас ұрпақтың санасын жадағай идеологиялық ұрандардан, жалған түсініктен арылтып, оларды өз халқының ұлттық мүддесі туралы ойлауға жұмылдыру болып табылады.

Сталиндік тоталитарлық жүйенің қалыптасқан кезеңінде Хрущевтің волюнтаризм мен субъективизмі заманында, Брежневтің тоқырау идеологиясымен психологиясының шырмауы, Горбачевтің "қайта құру" кезеңінде, сондай-ақ Тәуелсіздіктің отыз жылында жазылған екіжүзді жалған тарихтың орнына, отансүйгіш бағытта тәрбиелейтін қазақи құндылықтарымызды жаңғыртып, дәріптейтін, ұлықтайтын шынайы қазақ тарихын жазуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

«Қазақ КСР тарихы», Алма-Ата, 1943 ж.
Постановление ЦК ВКП(б) «О состоянии и мерах улучшения массово-политической и идеологической работы в Татарской партийной организации». 9 августа 1944 г. // КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Изд. 9-е, доп. и испр. Т. 7. — М.: Политиздат, 1985. – С.513-520.
М.Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы», Алматы. 1957 жыл. 232 бет.
Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности (II тыс. до н.э.). - М., Наука, 1981. – С. 61.
О. Сулейменов. «Аз и Я»: эссе, публицистика, стихи, поэмы – Алматы: Жалын, 1990, С. 509-510.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ӘР ОТБАСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН БАСТАЛУ КЕРЕК

Малаев Д.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының аға оқытушысы

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Е.Т. Каринның тапсырмасын орындау мақсатында өңірлік комиссия құрамында жұмыс жасап, зерттеулер жүргіздік.

Зерттеу жүргізер алдында осы бағыттағы белгілі ғалымдардың еңбектерімен таныстық. Тарихшы ғалым Т.К. Алланиязов пен А.С. Таукенов бірлесіп жазған «Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг.» - Алматы:, 2000.) еңбегі бізге көп көмегін берді.

1928 жылы (27 тамыз) Қазақ АКСР-ның Халком Кеңесі мен Орталық Атқару Комитеті «Ірі бай шаруашылықтарын, жартылай феодалды тәркілеу және жер аудару» туралы және 13 қыркүйекте «Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру туралы» декрет қабылдады. Бұл Қаулыға сәйкес көшпелі ауданда 400 бас малы бар 700 шаруашылық, жартылай көшпелі ауданда – 300 бас малы бар, отырықшы ауданда – 150 бас малы бар шаруашылықты тәркіге салу белгіленді. Жер аударуға, тәркілеуге дін иелері, бұрынғы хан-сұлтан тұқымдары, болыстар жатқызылды. Малмен бірге бау-бақша, ауыл

шаруашылық құралдары – соқа-сайман, арба, шана, тіптен күрке, жертөлелер де тәркіленуі тиіс болды.

1928 жыл біздің әулетті ондырмады. Кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан әр қазақ отбасы зардап шекті. Мен, осы уақытқа дейін біздің әулет кеңес үкіметінен жамандық көрмеді деп ойлап жүрген болатынмын. Үйдегілер өткен өмір туралы аса айта қоймайтын. Ұмытып қалғаннан ба, әлде қорқып қалғаннан ба бұл тақырып әулетте өте құпия түрінде қалып келді. 1934 жылы дүниеге келген анам кейде шыдай алмай көзіне жас алып, бала кезінде есте қалған дүниелерді анда-санда айтып жүретін. Біз ол әңгімелерге бірде құлақ асып, бірде назар аудармайтынбыз. Мысалы, тамақ ішкен соң қалған қалдық нан, қалдық көже тағы басқа тамақтарды далаға лақтыртпайтын. Обал болады, - деп. Адамдар аштық жылдары нан қиқымын тауып жеуге зар болды, - деп ұрысып ескертетін. Үйдегілерге ысырапшылық жасамау керектігін айтып, аштық кезінде адамдар қалай қырылып қалғандығы туралы әңгіме шертетін. Әкем Ресейдің Кемер қаласында 1941 жылы туылған. Атам Смағұлдың туған жері Қу ауданы қазіргі Арқалық ауылының жанындағы Шілдебай деген жер. Анамның айтуы бойынша әкемнің тұқымы байлар болса керек. «Советтер келгенде бай, байшекей болып елден қашқан. Сол қашып пісіп кейін қайта оралған» деп, қысқа жауап беретін. Болды осы жерден әңгіме үзіледі.

Одновременно со строительством Каркаралинского укрепления была построена линия мелких укреплений т.н. пикетов между Каркаралинском и Павлодаром. Каждый пикет был обнесен валом, имел ров и сторожевую вышку с постоянным наблюдателем и в случае появления неприятеля дозорный зажигал сигнальный сноп соломы и этот дымовой сигнал быстро передавался от пикета к пикету, находившихся друг от друга на расстоянии 20-25 километров. Сигнал доходил до ближайшего укрепления/крепости/откуда навстречу неприятелю вылетали конные казачьи сотни.

Между Каркаралинском и Павлодаром было 10 таких пикетов на протяжении 360 верст, в каждом из них было 9 русских казаков при одном уряднике. Вот перечь этих пикетов:

1. Сикрлинский
2. Куяндинский
3. Джелтавский
4. Ель-Агачский
5. Сартавский
6. Баян-аульский
7. Кара-сорский
8. Чакчинский
9. Кайдаульский
10. Джамантузский и дальше уже Павлодар.

Около этих укреплений и пикетов, под их защитой, стали возникать селения.

В 1822 году царское правительство издает "Устав о сибирских киргизах", по которому ханская власть была упразднена. Вся Средняя Орда была разделена

Список литературы

Буклет «Каркаралинский район. Материалы к историко-краеведческому описанию района». Л.Ф.Семенов, Караганда, 1960-172 гг.

В.И.Ленин. Развитие капитализма в России, глава V-я, соч. Том 3.

Фонд музея, М/ф, дф 58 а

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ КАНАЛА ИРТЫШ-КАРАГАНДА НА ТЕРРИТОРИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА

Осажанова Э.К., КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации» Архивист высшей категории
Республика Казахстан, г. Караганда

Водные ресурсы Казахстана отличаются большим разнообразием несмотря на отсутствие выхода к морским путям, на территории страны находятся, без преувличения, водные ресурсы сокровища мирового значения. Для водоснабжения промышленных районов и сельского хозяйства Центрального Казахстана огромное значение имеет канал Иртыш-Караганда.

В КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации» сданы материалы института Центрказгипроводхоза содержащие научно-техническую документацию по Иртыш-Караганде: Сводный водохозяйственный баланс и таблицы (схема распределения воды), схема генерального плана орошения и освоения земель в зоне канала, схема размещении площадий регулярного и лиманного орошении в зоне ближе канала, схема водораспделения в зоне влияния канала.



Схема размещении площадий регулярного и лиманного орошении в зоне ближе канала [3].



Схема генерального плана орошения и освоения земель в зоне канала [3].

Институт «Центрказгипроводхоз» по роду своей деятельности призван решать все проблемы, связанные с водой в зоне Центрального Казахстана: орошение, осушение, обводнение пастбищ, водоснабжение населенных пунктов, водопонижение и защита подтапливаемых территорий. Основными заказчиками являлись: Министерство сельского хозяйства, Госкомитет по водным ресурсам, ПО Карагандауголь, Экибастузуголь, Карметкомбинат, Балхашский и Джезказганский медькомбинаты, администрации городов Караганды, Павлодара, Петропавловска, Областное управление сельского хозяйства Карагандинской и Джезказганской областей. Зона деятельности института охватывала следующие области: Джезказганская, Восточно-Казахстанская, Карагандинская, Кокчетавская, Кустанайская, Павлодарская, Северо-Казахстанская, Семипалатинская, Тургайская, Целиноградская.

Основными функциями экспедиции являлись составление проектно сметной документации по водохозяйственному и мелиоративному строительству и объектам электрификации сельского хозяйства.

Согласно распределению проектных институтов по зоне стран данный институт являлся бассейновым институтом по всем рекам Центрльного, Северного и Восточного Казахстана, а также по крупным рекам Иртыш и Ишим, по озеру Балхаш Северо-Казахстанской, Целиноградской, Тургайской, Карагандинской и Джезказганской областей.

В институте накопился значительный опыт по комплексному решению вопросов орошения вопросов и освоения земель в зоне канала Иртыш-Караганда. Практика и опыт проектирования водохозяйственных объектов в вышеуказанных районах Казахстана положительно использовался при участии института в составлении проектов первой очереди главного канала по переброске части стока Северных и Сибирских рек в Среднюю Азию и Казахстан. [1].

Центрказгипроводхоз был бассейновым институтом по рекам Ишим и Иртыш координацией работ на территории областей: Восточно-Казахстанской, Семипалатинской, Павлодарской, Кокчетавской, Северо-Казахстанской, Цедлиноградской, Тургайской, Карагандинской, Джезказганской. В 1972 году была добавлена функция мелиоративного освоения земель в зоне канала Иртыш-Караганда [1].

XXIV съезд КПСС, Октябрьский Пленум ЦК КПСС (1972 г) и декабрьский Пленум ЦК КПСС (1972) поставили перед народом задачу-резко увеличить площади орошаемых земель для ускоренного роста производства продуктов сельского хозяйства. В этой пятилетке начинается строительство канала Иртыш-Караганда. В 1968 году канал был сдан в эксплуатацию, завершен в 1974 году.

Впервые появилась возможность резко увеличить площади орошаемых земель в засушливых степях Центрального Казахстана, тем самым создать устойчивую основу для производства продуктов сельского хозяйства. По перспективному плану численность населения по Карагандинской и Джезказганской областям возрастет почти на 30% что потребует значительного увеличения производства продуктов.

Протяженность канала 458 км, ширина 20-50 м, глубина-5-7м. Канал берет начало из рукава реки Иртыш – река Белая, выше города Аксу. По руслу реки Шидерты на протяжении 200км проходит канал Иртыш-Караганда. Канал пересекает реку Нура по дюкеру. Здесь он сбрасывает часть воды в реку Нура для потребления Карагандинским металлургическим комбинатом. Заканчивается канал у насосной станции 1 подъема ОАО «Водоканал». [2].

Существующее положение дало возможность развития орошения и освоения земель по зоне канала Иртыш-Караганда и Караганда-Джезказган.

Потребность использования воды из канала Иртыш-Караганда для сельского хозяйства, находящихся в этой же зоне, определена существующим дефицитом кормов для поголовья молочных коров в хозяйстве не овоще-молочного направления для создания культурных орошаемых пастбищ.

Использование воды канала Иртыш-Караганда для развития овоще-молочного направления определялось исходя из оптимальных размеров орошаемых земель и исходя из наличия местных ресурсов

По ранее сделанным подсчетам, для снабжения Карагандинской области овощами и картофелем, необходимо 24,7 тыс. га орошаемых земель, что возможно и разрешится после создания новых 3 овоще-молочных совхозов и увеличения орошаемых земель в существующих хозяйствах в зоне канала Иртыш-Караганда.

В Джезказганской области развитие орошения (20 тыс. га) с созданием новых совхозов в настоящее время уже предусмотрено техническим проектом и Внешний комплекс сооружений по подаче воды в Шетский, Атасуйский и Джезказганский прорайоны, разработанный ОКБ института «Гидропроект» [2].

Для полного удовлетворения потребности орошаемых земель под кормовые севообороты и обеспечения населения молоком, было необходимым привлечение других водоисточников (сев.реки) или увеличение подачи воды по каналу Иртыш-Караганда.

В условиях Карагандинской и Джезказганской областей анализ водоснабжения большинство совхозов, указанных областей показывает, что вопрос водоснабжения многих хозяйств решен частично. В некоторых совхозах водоснабжение осуществляется привозной водой.

Перспективное водоснабжение ряда хозяйств решено за счет строящихся групповых водопроводов: Куу-Чекинский, Киевский и намеченных к проектированию Осакаровского группового водопровода.

Водозаборы для Осакаровского и Киевского групповых водопроводов на базе аллювиальных отложений долины р. Нуры. Однако, имеется явная опасность загрязнения водоносных отложений р. Нуры производственными отходами Карагандинского металлургического комбината из Самаркандского водохранилища.

В скважинах, пробуренных в аллювиальных отложениях р. Нуры ниже водохранилища, отмечено наличие фенолов и стиролов (совхозы Плодоовощной и Ленинский).

Со временем зона загрязнения продолжает распространяться по долине р. Нуры, что может вызвать вынужденное закрытие Осакаровского и Киевского водозаборов.

Поэтому, вопрос перспективного водоснабжения всех совхозов и районных центров, расположенных в зоне канала Иртыш-Караганда можно решить только за счет использования участка канала выше Самаркандского водохранилища. [2].

В 2002 году в связи с большим потреблением воды столичного города, с 19-й насосной станции построен водовод в реку Ишим, далее - в Вячеславское водохранилище для водоснабжения города Астаны.

На сегодняшний день канал Иртыш – Караганда обеспечивает водой как Караганду, так и Астану. Разрабатываются проекты, которые позволяют увеличить поставки воды в нуждающиеся районы Центрального и Северного Казахстана объемом до одного кубокилометра в год. Данные исследования доказывают, что увеличение водопотребления является одним из главных вопросов будущих исследователей.

Список литературы

Ф.13, Предисловие института «Центрказгипроводхоз».
Ф.13, оп.3-4, д.37.
Ф.13, оп.3-4, лл. 2,3.

ӨШПЕС ӨМІР ЖАЛҒАСЫ ...

Өскембаев Қ.С. т.ғ.к., профессор
Астана халықаралық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

XX ғасырдың 30-50 жылдары қазақ халқы ең үлкен тарихи өзерістер мен ауыр зұлмат жылдарды басынан өткізді. **Ол – индустриаландыру, ұжымдастыру, мәдени революция, аштық, қуғын-сүргін, Екінші Дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру т.б.** Сол кезеңде кеңес үкіметінің аталған қыңыр саясатының кесірінен жақынын жоғалтпаған бір де бір қазақ жоқ та шығар, ондай зобаланды Сіздің де ата-бабаларыңыз бастарынан өткерген де болар.

Кеңес Одағының құрамында болған, Қазақстан халқы да 1941-1945 жылдардағы фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы соғысқа белсене қатысты. Бұл соғыс жалпы одақ және оның бодандығындағы халықтар үшін өте ауыр кезең болды. Большевиктер өзінің тәуелсіздігінен айырылып қалмас үшін өзіне қарасты барлық халықтарды майданға, одан қалса тылдағы ауыр қара жұмысқа тартты. Солардың қатарында қазақтар соғысқа көптеп алынып, қара жұмысқа

мыңдап күшпен жұмылдырылып жатты. Сөйтіп, тылдағы ел тұтас күйінде соғыс мүддесіне қызмет етті. Кеңес Одағының Еуропалық бөлігінен көптеген зауыттар мен оқу орындары, сол өңірдің соғысқа жарамайтын кәрі-құртаң, бала-шағалары Қазақстанға көшірді. Оның үстіне өкіметке сенімсіздік көрсеткен біраз халықтар (шешен, неміс, кавказдық мұсылмандар, т.б.) жер ауып, осында келді. Бұлардың барлығы елдегі жағдайды ауырлатып, тұрғылықты халықтың күн көрісіне кері әсер етті. Ерлер майданға кетіп, жұмыстың ауыртпалығын әйелдер мен жас балалар көтерді. Соған қарамастан, коммунистік партияның үгітінің күштілігімен, одан бұрын да жылдар бойы адам санасына сіңірілген социалистік Отанды қорғау идеясы елді тік көтеріп, соғыста жеңіп шығу жолындағы іске біріктірілді. Халықтық құлшыныстың күштілігі сондай, көп жерлерде (әсіресе, ауылдарда) жұмыс еңбек ақы төленбей атқарылды. Халық уақытпен есептеспеді және оған билік мұрша да берген жоқ.

Біздің төмендегі ***«Өшпес өмір жалғасы...»*** атты мақаламыз бүгінде Астана тұрғыны Бағдат Шәнкенқызы Әбдікәрімованың өзінің әке-шешесі туралы айтқан естеліктен алынды. Бағдат Шәнкенқызы әке-шешесі туралы айтқанда жанары жасаурап, егіле кетуге шақ қалып, тебірене отырып, былайша әңгімесін өрбіткен еді: *« ...Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында зардап тартқан қазақ елінің өмірі, оның ішінде өзімнің жанұяма байланысты әңгімені айтуды жөн көріп, әке-шешемнің мысалында сол соғыстың, заманның қыйындығын басынын өткізген мыңдаған жас қазақтың қыздарының тағдырын айтқым келіп, сырымды шертуге бел будым»* - дейді.

Түсінікті, әрине. Біздің беріп отырған мақаламыз сол кездегі мыңдаған қазақтың азапты да, қасіретті күндерді басынан өткерген бір тағдыр жайлы!

«... Менің әкем мен анам Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде шаңырақ құрыпты. Бұл әкемнің екінші отбасы екен. Әкем анамнан 28 жас үлкен болды» - деп өз әңгімесін жалғастырады **Бағдат Шәнкенқызы.**

Әкем 1897 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданында өмірге келген. Өзінің әкесі ерте қайтыс болған соң, шешесі нағашыларының қасына көшіп барып, солардың тәрбиесінде өскен. Әкемнің анасы - Мереке көп балалы болған. Өкініштісі, солардың ішінде тірі қалғаны екеуі, оның бірі, кенжесі менің әкем - **Шәнкен**. Әкем кішкентай күнінен өте зерек болыпты, бір естігенін тез жаттап алатын, тілге бай және физикалық тұрғыдан да әлді болып өседі. Жігіт болып есейген кезде жамбасы жерге тимеген палуан болған. Қарулы, аттың құлағында ойнайтын, отырған жерін той-думан қылып жіберетін ақжарқын мінезі де баршылық екен.

Анасының ағасы - **Көлзақ,** сол өңірдің белгілі адамы болған, жиенін әрдайым өзіме тартқан деп қасында ұстаған. Көлзақ та ақылына көркі сай, мықты азамат болған екен. Өз әулетіне, туыстарына, ауылдастарына және маңайындағы ауылдардағы адамдарға қамқоршы, кеңесші бола білген.

Содан әкем өсіп, ержеткен соң алыстап кетпесін деп өзінің туған інісі Өмірзақтың қызы Шоланды алып береді. Ол уақытта генетика дегенді бірі білсе бірі білмейді, атасы бөлек болса үйленуге болады деп ойласа керек. Өкінішке орай екеуі 20 жылдан астам отауласқанмен араларында бала болмапты, 7-8 құрсақ көтергенмен балалары туып, көп тұрмай шетінеп кете берген. Кейін Шолан ауырып төсек тартып жатып қалады. Күйеуіне менің көзімнің тірісінде айтарым, басқа әйел ал, балалы бол деп рұқсат береді. Әкеміз көп уақытқа дейін көнбей жүріпті. Содан соғыс басталады, елдің іші астан - кестен. Ол аздай сол кезде әкемнің жалғыз ағасы Өміртай өмірден озған екен, содан анасы жалғыз баламнан айрылып қалам деп жылаған соң әкеміздің нағашысы Көлзақ әкеме жасын үлкейтіп құжат алып береді де соғысқа жібермей алып қалады, ол уақытта әкеміз 44 жаста.

Анамызға келсек, **Айтбала** соғыс басталғанда бұғанасы қата қоймаған, небәрі **16 жастағы жас қыз**. Ол 1925 жылы Алматы облысы, Андреев ауданы, Қарлығаш қолхозында дүниеге келген. Оның әкесі өмірден ерте озған, ағасы Қапан екеуін анасы жалғыз өсіріпті. Ағасын соғысқа әкеткенде, ауылда шешесі екеуі ғана қалады. Анамыз Айтбала ұзын бойлы, аққұба өңді, көрікті қыз болған екен. Бастауыш мектепті бітірген, сауатты болғандықтан, соғысқа дейін ликбезде ауылдың адамдарын оқытып, өз білгендерін үйреткен.

Соғыс басталғанда, ауылда соғысқа алынбаған бір мүгедектеу адам, өзі бригадир болды деп айтатын анам, сол кісі анамызға сөз салып жүріпті. Бірақ, анамыздың көңілінен шықпаған, яғни ұнатпаған, сөздерін қабылдамаған.

Сөйтіп жүрген кезде ФЗО-ға *(Фабрика-зауыттарға жұмыскерлер дайындау мектебі (ФЗО мектебі) – КСРО-дағы кәсіптік-техникалық мектептің ең төменгі, негізгі түрі),* жас қыздарды жинап, жұмысқа жіберу туралы бұйрық келеді. Тек, 18-ге келген қыздарды алады екен. Бригадир

үйлеріне келіп, әжемізге не қызыңды көндіріп маған бересің, үйленеміз, көнбесе, ФЗО ға жіберем деп қоқан-лоқы көрсете бастаған. Шешесі қызына жалынып, *«қиын уақытта осындай еркек болса да, етегінен ұста, үй болып кетесің, аман қаласың»* деп азарда-безер болып үгіттейді. *«- ...жоқ! Аяғы ақсақ, көзі қыли байға тигенше, ФЗО-ға кеткенім артық»* деп қызда отырып алады. Сөйтіп, жасы келмесе де, колхоз председателінің қызының орнына анамызды Қарағандыға шахтаға жұмысқа алып кетеді.

Шахтада жұмыс істеу жас қыздарға оңай тимеген. Қарағандының қысы қатты, тұратын жерлері суық, тамақ жоқ. Айына бір рет тамақ алуға карточка береді. Соған күніне бір булка нан алады, оның өзі кейде болмай да қалады. Басына түскен ауыртпалыққа төзе жүріп, шахтада 2 жылдай жұмыс істейді. Шахтадағы ауыр қара жұмыс мерзімі де қыздарға ауыр болса керек.

Бір күні біреулар бірнеше қыздың чемодандарын ұрлап әкетеді, оның ішінде нанның карточкалары да бар. Ол кезде карточканы қалпына келтірмейді, келесі айда ғана жаңасын береді. Аш, киімдері жоқ, *«...қоқыстан картошканың қабығын теріп, оны жуып, суға пісіріп жеп жүрдік»* - деп қинала еске алатын сол кездер туралы анам. Жұмыстың ауырлығынан, тамақтың жоқтығынан, әбден шаршаған, қалжыраған, оның үстіне ауру болған анамыз, құрбыларымен сол жерден қашуға бел буады да, сөйтіп, бес қыз Қарағандыны тастап беттері ауған жаққа кете барады.

Қай жаққа жүріп бара жатқандарын өздері де білмейді, жолдағы ауылдардан сусын сұрап ішеді. Өздерінде де жарып ішер азықтары болмаса да адамдар, бар болса кейде нандарымен бөліседі.

Солай тоз-тоз болып, әбден шаршап, жүре-жүре Нұра ауданына жетіпті. Бұл жер Қарағандыдан шамамен 200 шақырымдай жерде орналасқан. Сөйтіп жүргенде қыздарды милиция ұстап, абақтыға жауып қояды.

Милицияның бастығы әкеміз Шәнкеннің жақсы жолдасы болыпты. Бір кездескенде әңгімелесіп отырып абақтыда отырған қыздар туралы айтады. «...- *Жап-жас балалар, өкініпті, қайтадан Қарағандыға жібереміз, военный трибуналда, соғыс уақытының заңы бойынша ешкім терген жатпайды, «дезиртирство» деп атып тастауы да мүмкін»* деп айтады.

Осыны естіген әкеміз, жолдасына қазақтың қыздары ғой «жібер» деп жалынады. Оған ол кісі ертең «менің өзімді атып тастайды» деп көнбейді. *«...Біреу болса жарайды, бесеуін бірдей босата алмаймын, облыстан сұраныс келген, біз ұсталды деп ақпарат жіберіп қойдық»* дейді. Әкеміз оған, *«...ендеше маған біреуін босатып бер, мен үйленемін»* деп үйдегі жағдайды айтып тағы жалынады. Сөйтіп ол кісіні көндіреді.

«...Жарайды, қашып кетті деп айтармыз біреуін таңдап ал» деп келіседі. Қыздарды бір-бірден тергейді. Тергеуге әкеміз қатысады. Тоз-тоз болған, шаршаған, жүдеген болса да, Айтбала атты қыз көзіне түседі. Әкеміз анамызды бір көргеннен ұнатып, ғашық болып қалады.

Милиция бастығы анамызды шақырып алып сөйлеседі. *«...Сендерді екі күннен кейін Қарағандыға апарып военный трибуналға тапсырамыз, олар атып тастауы мүмкін дейді. Саған бір мүмкіндік бар, таңдау өзіңде, мына адам сені әйел қылып алам дейді, барасың ба?* - деп сұрайды. *«...Не осы адаммен кетесің, тұрмысқа шығасың, не болмаса сендерді бәрібір атып тастайды»* деп, шындықты айтады. Сонымен, әкеміз есебін тауып, қызды ауылына алып кетеді.

Анам: *«...көнбегенде не істейін, жылап-жылап көндім дейтін. Әкелеріңнің жасы үлкендігі болмаса, екі иығына екі адам отыратындай, бойы ұзын, қыр мұрынды, көзі көкшіл, еңгезердей, өте көрікті адам болатын. Соғыс уақыты болса да үстіне киген киімі де ерекше әдемі, жалт-жұлт еткен саптама етік, плюш бешпент, ақ көйлек, басындағы бөрігі де өте көрікті болатын»* - деп анамыз, әкемізді еске алатын.

Тағдырдың жазуымен сөйтіп, анамыз әкемізге еріп кете барады. Ол кезде әкемнің бірінші әйелі Шолан ауырып, төсек тартып жатыпты. Әкеміз ол кісіге бар жағдайды айтады. Бір жұмадай ауданнан милиция келіп үй-үйлерді тінтіп іздепті. Күндіз қоршалған тезектің үйіндісі арасына тығып, жанына нан, су қойып, милиция кеткенде ғана шығарады екен.

Айтбаланы туған сіңілісіндей қарсы алған Шолан бар туыстарын шақырып, енді Айтбаланы мендей көріндер деп тапсырыпты. Содан көп кешікпей қайтыс болады.

Бұл 1943 жыл екен, әкеміз анамызға жасын 5 жасқа өсіріп өз фамилиясымен жаңа паспорт алып береді. Анамыз осы жылдан бастап, **1920 жылы туған Абжанова Айтбала** болып жазылады. Өзінің фамилиясы **Елеусінова.** Қасында болған қыздардың тағдырын, өмірін, оларға не болғаны жайлы ол сол кезде, кейін де анамыз білмей кетті. Әкеміз, оны қорғаштап сұрауға тиым салыпты. *«Олар туралы ешкімге айтушы болма, сұраушы болма, әйтпесе ұстап алып, атып тастайды»* - деп қорқытып тастаған ағайындар да болған. Әрине, бұл сол заманның шындығы еді.

Елде қалған туыстарына хат жазса, хат «адресата нет» деп қайтып келеді. Сөйтсе, бұрын Алматы облысы болған жерді кейіннен Талдықорғанға қосады. Соғыс уақытында кім кімге керек? Оны ешкім түсіндіріп жатпайды ғой. Анамыз туыстары жоқ, бәрі өліп қалған екен деп жылап-жылап іздеуді тоқтатады. Қайтыс болған Шоланның туыстарын төркінім деп, солармен араласып, жамандықпен-жақсылықты бірге көріп өмір сүреді.

Екі жылдан кейін 1945 жылы соғыс бітіп ел қуанышқа толып жатқанда, тамыз айында өмірге тұңғыш балалары келеді, ер бала, есімін Сәруәр деп қояды, біз ол кісіні «Көке» дейтінбіз. Әкеміздің төбесі көкке жеткендей болады, қуанышы қойынына симай, барын салып той жасайды, сөйтіп ол 48 жасында алғаш рет әке атанады.

Ағамыздан кейін алты қыз өмірге келеді, оның екеуі кішкентай күнінде шетінеп кетеді. Алты қыздан кейін 1962 жылы тағы бір ер бала Мағаз дүниеге келеді.

Ең кенжесі мен, 1965 жылы әкемнің 68 жасында өмірге келіппін. Үлкен ағам, екеуміздің арамыз 20 жас. Мен туғанда ағам әскерде екен. Ағамыз әскерден келгенде, анамыз ұялып мені тығып, көрсетпейді екен. Әкеміз қайтыс болғаннан кейін, ағам мен үшін әкемдей болып кетті.

Бәріміз 7 ағайындымыз, 2 ұл, 5 қыз болып өсіп - өндік. Әкеміздің мықты болғаны ғой, және өзінен 30 жастай кіші әйелі болған соң, Алла берген балаларын сүйіп, арттарынан ұрпақ қалдырды.

Әкеміз 1969 жылы 72 жасында онкологиядан қайтыс болды. Әкем дүниеден озғанда, мен 4-5 жастағы бала болатынмын. Есімді еміс-еміс білемін, бірақ әкем есімде қалды. Мені жақсы көретін, иығына отырғызып жүретін. Мен аспанда ұшып жүрген сияқты болатынмын. Ағам Мағаз екеуміз тете болып өстік. Ол апамның (анамызды апа дейтінбіз) баласы болатын, мен әкемнің (әкемізді әке дейтінбіз) баласы болатынмын.

Айта кету керек, әкеміз өте қатал адам болыпты. Үлкен дөңгелек столдың басында бәрі дыбыстарын шығармай отыратын. Үлкендер, ешкім бала болып ойнап, еркелеп отырмайтын дейтін. Тек, әкем мені ғана бір тізесіне отырғызып еркелетіп иіскеп «жаным», «ботам» деп айтып жүріпті.

Әкеміз қыз балаларын ерекше жақсы көріп, ал ұлдарын қатал ұстапты, әр қызға өзі еркелетіп, қосымша ат қойыпты, **Райханды** - сәнім, **Бақытты** – палуаным, **Айманды** - алтын қанатым, **Шолпанды** – жез қанатым, ал мені жоғарыда айтқандарға қоса **«қара торсық»** дейді екен.

Әкемнің жалғыз ағасы ерте қайтыс болғанда, бір жылдан соң жеңгесі екі ұлын алып төркініне көшем дегенде, ағасының үлкен ұлы Сайдалыны бермей алып қалыпты, ол 5 жаста, ал кішісі Шабдарбек 2 жаста болған соң шешесімен кетіпті. Сонымен ол кісі біздің үйдің үлкен баласы болып өсті. Әкем ағамның көзі деп қатты еркелетіп, еркіндеу ұстаса керек. Ал ол болса, кішкене бұзықтау болған. Ол кісіні өзі үйлендіріп, үй қылып бөлек шығарыпты. Бірінші ұлының есімін өзі Нұрдәулет деп (1963 жылғы) қойып, ағам Мағазбен бірге өссін деп бауырына алады.

Өкінішке орай әкеміз қайтыс болғаннан кейін әке-шешесі Нұрдәулетті алып кеткен болатын. Бірақ, басқа балаларына қарағанда ол бізге өте жақын болды. Мен оны туған ағамдай жақсы көріп, бүгінге дейін араласып жүреміз.

Қайран анамыз өзінің туыстарын 20 жылдан кейін тапты. Көкем әскерде жүргенде іздеп, тауып анамды қуантқан екен. Мен ол кезде 2 айлық бала екенмін, анам барам деп болмаған соң әкеміз, Сайдалы ағамызды ертіп ұшақпен жібереді. Нағашыларым анамды өліп қалды деп жүріпті.

Қызы 20 жылдан кейін барғанда анасы талып қалып, жылап-көрісіп табысады. Нағашы әжеміз қызы ФЗО-ға күштеп жіберілгеннен кейін қайынысына тұрмысқа шығып, тағы екі балалы болған. Оның інісі және сіңілісі де тірі, бір ауылда өмір сүріп жатқан жайы бар. Біздер онда 1 ай болып қайтыппыз.

Ол жерде бір баласы жоқ анамның немере сіңілісі Нұрсағила мені сұрапты, Сайдалы ағам тойлап жүріп көне салған. Ол кісі мені 1 ай бойы бауырына салып, өзінше иемденіп жүрген ғой. Кетерде ағамыз есін жиып, жоқ бермейміз, мені ағатайым өлтіреді деп, мені ол кісіден тартып алғандай болған.

Анам айтатын, Нұрсағила қатты жылады, мені қарғады деп. Елге оралғанда бұл жәйды естіген әкеміз, «баланы тастап кеткенде екеуіңді үйге кіргізбеуші едім» деп айтқан екен. Жылжып жылдар өтіп жатты, мен өзімнің жанұямда бақытты өмір сүріп, кейін өзіміздің елдің азаматы Қайроллаға тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болдым. Немерелерімізде бар. Ең бастысы бүгінге дейін әке-шешемнің сонау өткен ғасырдың қара түнек 30-50 жылдардағы өмір жолдарына қарап, егер олар тағдырдың жазуымен екеуі табыспаса, бүгінде біздер болмас едік қой деп қоям. Алайда, нағыз қасапты қырғын қазақтың басына сол 1930 жылдары келгені белгілі. Екінші Дүниежүзілік

соғыс кезіндегі қазақтың, жалпы халқымыздың қал-жағдайы оңала қойған жоқ. Бұл жылдардағы соғыс тауқыметі, ауыр өмір қазақ халқының тағдырына үлкен қайғы мен зардаптар әкелді ғой. Соның бір мысалы менің анамның тағдыры..

Бағдат Шәнкенқызы Әбдікәрімованың анасы Айтбала мен әкесі Шәнкен

НАҒАШЫМ – БӘКЕН БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ
Өмір деректер...

Өскембаев Қ.С. т.ғ.к., профессор
Астана халықаралық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Мен, **Бақтияр Бәкен Бақтиярұлы 1936 жылы тамыз айының 15 жұлдызында** Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Ленин атындағы колхоздың (қазіргі Бақты шаруашылығында) Абыз елді мекенінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келдім. Әкем – **Бақтияр Ниқанбайұлы** (руы қарауыл) қазан төңкерісіне дейін аталас болған Шентай деген байдың бас жылқышысы болыпты. 1940 жылы «Бақты» аталатын орман тоғайының күзетшісі, әрі Ленин колхозының партия ұйымының хатшысы болған.

Жала жабушының кінәсінен он жылға сотталып, 1942 ж Көкшетау қаласына жер аударылып, іле 1943 жылы еш кінәсі жоқтығы дәлелденген соң, елге қайтпақшы болып тұрғанда, түрмеде екі күн ауырып, 49 жасында өмірден өтіпті. Онымен бірге сотталған **8 жігіттің** біреуі ғана (Ысқақ, оның да руы қарауыл) елге оралған. **Бақтиярдың ағасы Оспан.** Оспанның ұрпағы Қасен және Күлипа апайлар. Қасеннен төрт қыз тарайды: Гүлжан, Сара, Бану, Гуля. Күлипа апайдың ұрпақтары Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданында тұрды.

Әкем **Бақтияр Көкшетау қаласындағы қорымға «Жел диірмен»** болған жерге жерленген екен. Өкініштісі сол, жерленген тұсын ешкім дөп басып айта алмайды. Нақты белгісіз. Әкеміздің рухының алдында *«Ештен кеш жақсы болар»,* - деген нақыл сөзді басшылыққа алып, 76 жыл өтседе, жерленген қорымға жобалап ескерткіш тас (08.06.2019 жылы) қойып қайттық. Бұл қолдан келген шараға әкеміздің ұрпақтары жиырма адам бардық. Дұға бағыштатып, ас берілді.

Біз, әке мейірімін көрмей, анамыздың және апа-жездеміздің тәрбиесінде болдық. Балалық шығымыз соғыс кезімен дөп келсе де, тұрмыста еш қиындық көрмей, қамқоршыларымыздың арқасында ешкімнен кем болмадық. Анамыз 4 ұл, 1 қыз туған. Күлән (1925 ж.), Жаңаберген (1930 ж.), Бакен, Қасым (1939 ж.), Шәкіжан (1941 ж.). Тек бауырларымыз Қасым мен Шәкіжан 6-7 жастарында дерт себеп болып, 1946-1948 жылдары қайтыс болды.

Нықанбаев Бақтиярға
Көкшетау қаласында қорымға
қойған ескерткіш

Нықанбаев Бақтиярдың бүгінгі ұрпақтары.
Көкшетау қаласындағы қорымға қойған ескерткіш жанында

Анамыз, **Орманбетова Дәмелі** 63 жасында 1969 жылы өмірден озды. Қарқаралы қаласындағы үлкен бейітке, бұрын қайтыс болған ағайын-туыстар қасына жерледік. Анамыз өмір қиыншылықтарына мойымай, шаруашылықтың түрлі жұмыстарында еңбек етті. Біздерді өсіріп, жеткізді. Әр істі ақылмен жасайтын, көпшіл, қонақжай, қолы ашық, барын жоқ-жітіктермен бөлісетін, дастарханы жаюлы, ағайын-туыстармен араласып тұратын, көршілерге сыйлы болушы еді.

Халқымызда «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» демекші, жездеміз Өскенбаев Сәдуақастың (бастауыш сынып мұғалімі болған) қамқоршылық, тәрбие, еңбегін көріп өстік. Жақсылықтары мол болды. Біріміздің маңдайымыздан шертпей, өмірден өз орнымызды табуға көмектесті. Бұл кісіден әліппені қолыма алып, бірінші сыныпты осы кісіден дәріс алдым, жездеміз өмірде ұстаздық жолға қадам басуыма жәрдем, бағыт-бағдар берді. Сәдуақас жездеміз әкесі Өскенбай қазақтың белгілі заңгері Ақбайдың Жақыбының қасында бірге жүрген, сөзге шешен, ақылгөй дана адам болған екен.

Өзім, бастауыш сыныптарды Абыз және Сарыобалы (Совет колхозы) мектептерінде 1945-1949 жылдары оқып, одан әрі 5 сыныптан Қарқаралы қаласындағы №1 қазақ орта мектебінде оқуымды жалғастырдым, 1955 ж орта мектепті аяқтаған соң, бір жылдық №4 техникалық училищеде оқып, бұрғылау мастері мамандығын алдым. «Шалғия» кен барлау орнында еңбек жолымды бастадым, Қарағанды №35 шахтасында жалғастырдым.

1958 жылы наурыз айынан 1960 жылдың маусым айы аралығында Қарағанды облыстық атқару комитетінде кеңсе бастығы қызметін атқардым. Отбасылық жағдайға байланысты, яғни, анамның қалауы бойынша ауылдық жерге ауысуыма тура келді. Сол, 1960 жылдың маусым айынан қараша айының 25 жұлдызы аралығында «Қырғызия» совхозына қарасты Ақтерек елді мекенінде кітапханашы, 1960 жылдың 25 қарашасынан бастап, осы мекендегі орысша-қазақша бастауыш мектебіне аудандық білім бөлімінің ұйғарымымен ұстаздық еңбек жолым басталды. Бір жылдан соң, мектептің меңгерушілігіне тағайындалдым. Тұрғын халықтың өтініш-тілектерін атқара жүріп, бастауыш мектебіміздің сегізжылдық (орталау) болып қайта құрылды. Бұл 1962-1963 оқу жылдары болатын.

Ұстаздық жолымда еңбек атқара жүріп, Қарағанды педагогикалық институтында филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірдім. Мектепте аталған пәннен дәріс бере жүріп, мектеп директорының қызметін 37 жыл атқардым. Бөлімшеде мектеп үйінің қолайсыздығына байланысты аудан басшылары жән «Қырғызия» совхозы (директоры Қапан Әукетаев) алдына тиісті мәселелер қоюдың арқасында 1965-1966 ж құрысылыс үй есебінен мектеп үйі салынса, 1968 ж Жамбыл атындағы совхоз директоры Серік Тәттімбетов шаруашылығы есебінен мектеп жанынан екі бөлмелі еңбек сабағын өткізетін қолайлы оқу шеберханасының салынуына қол жеткізілді.

1988 жылы «Ақтерек» бөлімшесі Қарағайлы кен байыту комбинатының қосалқы шаруашылығы болып құрылғанда мектепке комбинат басшылары Әбдірахман Бегалинов пен Төлеген Мидеевтың қамқор көмегі зор болды. Алдымен, мектеп үйін сапалы күрделі жөндеуден

өткізіп, мектептің материалдық базасының толықтырылуына, спорт алаңының жасалуына, тиісті құралдармен жабдықталуына қомақты қаржы бөлді. Әрдайым мектепке деген көмектерін аямайтын. 1965 жылдан 1991 жылға дейін коммунистік партия қатарында болдым. Бидайық бөлімшесі «Қырғызия» және Жамбыл атындағы шаруашылығына қараған кезде және 1988 жылдан Қарағайлы кен байыту комбинатының Ақтерек подхозы болып құрылған кезінде ширек ғасырдан цехтың партия ұйымы хатшысы қоғамдық жұмысын қоса атқардым.

Жергілікті кеңестің депутаттығына сайланып, ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын атқаруды, өзіме деген халықтың сенім борышым деп санадым.

1977 жылдың наурызында жаңадан құрылған Талды ауданының бірінші партия және 1999 жылдың сәуірінде Қарқаралы аудандық партия комитетінің соңғы партия конференцияларының делегаты болып қатыстым. Ақтерек елді мекенінде XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында қазақ балаларын оқытатын мектеп болған. Сол балаларға арналған мектепте 1904-1909 жылдары халқымыздың көрнекті ұлт ұстазы, ағартушы, қоғам қайраткері **Ахмет Байтұрсынов** сабақ берген дейтін деректер бар. Осы мектепте ел аузынан жеткен деректер бойынша **Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермековтердің де іздері бар.** Сол кезден жеткен деректерде, олар 1905 жылдары осы өңірде еңбек еткен, «Қарқаралы петициясын» жазу барысында өңірдің халқынан дауыстар жинаса керек.

Мектептің педагогикалық ұжымының және тұрғындардың ұсынысымен **1993 жылы мектеп «Ахмет Байтұрсынұлы» есімін алды**. Еңбек атқарған жылдарыма оралсам: Шағын негізгі орталау мектептен мыңнан астам түлектер бітіріп шығыпты. Сол шәкірттеріміздің барлығы өмірден өз орындарын тауып, әр салада еңбек атқарып жүргендерін мақтанышпен еске алып жүремін. Әр-түрлі маман иелері бар. Ұстаз, дәрігер, заң қызметкерлері, ауыл шаруашылығы саласының мамандары. Оладың есімдері жүрегімде сайрап тұр. Еңбек жолымда көптеген елге елеулі, халқына қалаулы азаматтармен қызметтес болдым. Атап айтар болсам: Әділхан Аймақов, Мұқажан Нұрмағанбетов, Нөгербек Спатаев, Дәуітбай Қоспабаева, Жеңіс Қадыровтармен, Серік Ахметов, Тілек Садуақасов. Бұл азаматттар кезінде аудандық білім бөлімдерін (Қарқаралы және Талды аудандарында) басқарған. Еңбек жолымда бірде бір басшыдан ескерту, сөгіс алмадым. Әрқайсымен оқу-тәрбие саласында тіл табысып, өмір талабына сай ортақ істе қоян-қолтық еңбек атқардым.

Бәкен Бақтияруғлының әкесі Ниқанбаев Бақтияр және анасы Орманбетова Дәмелі

Отбасым туралы сыр шертер болсам, жолдасым-Нұрмағанқызы Кенжебике, руы – Қаракесек, Оразғұл әулетінен, Аққісі тегінің ұрпағы. 15.09.1941 жылғы. 24.01.1961 жылы бас қостық, сол уақыттан бері сыйластықпен, бір-бірімізді түсінушілікпен ғұмыр кешіп келеміз. Жаратқанға шүкіршілік, он баламыздың қызығын көріп отырған пендеміз. Балаларымызды тәрбиелеп, оқыттық, қатарларынан қалдырмай өсірдік. Ұлдарымызды ұясына, қыздарымызды қиясына қондырдық. Сегізінің жоғары, екеуінің орта техникалық білімдері бар. Өз білімдеріне сәйкес бүгінде еңбек етуде. Үлкеніміз – Алмагүл зейнеткерлікте. Алты балам мен төрт келінім менің ұстаздық жолымды жалғастырушылар. Ұстаздар әулетіне жатамыз. Отыз шақты немере, он алты шөберелер сүйіп, қызығын көріп отырған жанбыз.

Жолдасым Кенжебике «Батыр ана» жіне «Алтын алқа» белгілерінің иегері. Жиырма жеті жыл мектепте іс жүргізушісі, әрі кіші қызметкер жұмыстарн атқарып, 1991 жылдан бері зейнеткерлікте. Бүгінде бейнетіміздің зейнетін көрудеміз. 1960-1998 жылдары еңбегім бағаланып, бірнеше мәрте аудандық және облыстық білім бөлімдерінің құрмет грамоталарымен марапатталдым. «Еңбек кітапшамда» аудандық білім бөлімінің басшыларының бұйрығы жазылған алғыстар жеткілікті. Олар:

«Социалистік жарыс» және «Оныншы бесжылдық екпіндісі» төсбелгілері; В.И. Лениннің 100 жылдығына арналған «Еңбек ерлігі» медалімен 1970 ж.; «Еңбек ардагері» медалі 1987 ж.; КСРО оқу Министрлігінің «Құрмет грамотасы» 1987 ж.; «Құрмет грамотасы» 1987 ж.; Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі» 1992 ж.; Облыстық комсомол комитеттерінің құрмет грамоталары; Қарқаралы әкімінің құрмет грамотасы; есімім 2017 жылы «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» тарихи танымдық энциклопедиясында бар.

Естелік-әңгімені жазып алып, қағазға түсірген ***Өскембаев Қ.С.*** *т.ғ.к., Астана халықаралық университетінің профессоры*

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ҮШТІЛДІК: БИЛ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Өте Д.Е.
«Білім-Инновация» Халықаралық қоғамдық қоры
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

«Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қоры 1990 жылдары Қазақстан мен Түркия президенттері Нұрсұлтан Назарбаев пен Тұрғыт Озалдың қолдауымен құрылған. Қордың мақсаты екі ел арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту болды.

Соңғы онжылдықтарда қор Қазақстандағы мектеп білімін жаңғыртуға зор үлес қосты. Оның жетекшілігімен білім берудің озық технологияларын енгізу алаңына айналған «Білім-Инновация» инновациялық лицейлер желісі құрылды.

Лицейлердің айрықша ерекшелігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қамтитын үш тілде білім беру моделін енгізу болды. Бұл Қазақстан басшылығының өскелең ұрпақтың үш тілді меңгеруі жөніндегі стратегиялық мақсатын іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Осы жылдар ішінде БИЛ лицейлері көптілді білім беруде, инновациялық технологияларды енгізуде, дарынды балаларды дамытуда мол тәжірибе жинақтады. Бұл тәжірибе жаһандану жағдайында Қазақстанның бүкіл мектептегі білім беру жүйесін жаңғырту үшін стратегиялық маңызы бар.

Жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы көп тілде білім және тәрбиелеу болып табылады. Технологияның қарқынды дамуы заманында бірнеше тілді білу артықшылық қана емес, қажеттілікке айналып отыр.

Қазіргі үш тілді білім беру – лицейдегі оқу пәндерін екі немесе оданда көп тілде оқыту, жас ұрпақты білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік деп атауға болады. Сондықтан, үштілділік - жаһандық өмірге жолдама, бұл адамның өмірдегі табыстылығының қағидаты. Ағылшын тілін меңгеру - жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол - жаһанданудың кепілі.

Лицейлерде көп тілде оқытудың әдіс-тәсілдеріне келсек, пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі, командалық оқыту және тілдік ортаға енуді атауға болады. Лицейлердің оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады, вариативтік бөлік пен лицейлік компонент арқылы білім мазмұны тереңдетіліп оқытылады.

«Білім-Инновация» лицейлерінде жаратылыстану бағытындағы пәндерді: (математика, химия, физика, биология және информатика) ағылшын тілінде оқыту бойынша EMI (English as Medium of Instruction) жүйесінің 30 жылдық тәжірибесі қалыптасқан. Әлемнің 60-тан астам мемлекетінде қолданылып жатқан EMI жүйесі ең алғаш БИЛ арқылы еліміздің білім беру саласына енді. EMI әдісі – өзге ұлт өкілдеріне шетел тілін үйрету барысында ағылшын тілі негізгі оқыту құралы ретінде пайдаланылатын жүйе.

EMI немесе English Medium Teaching - бұл Қордың өскелең ұрпақты жаһандық сын-қатерлерге дайындау үшін жүзеге асырып жатқан стратегиялық шешімі. EMI қолдану арқылы оқушыларға жаратылыстану-математика пәндерін оқу мүмкіндігін беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың халықаралық академиялық және кәсіби ортаға бейімделуін жеделдететін тілдік орта құру болып табылады. Білім беру процесінде EMI енгізу біздің түлектерімізді әлемдік аренада бәсекеге қабілетті, халықаралық ынтымақтастыққа дайын және қоғамның, жалпы әлемнің дамуына үлес қосуға дайын болуға бағытталған стратегиямыздың бір бөлігі болып табылады.

Билингвалдық жағдайда білім беру - шет тілдерін оқытуды дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Қос тілді оқыту – оқытудың екі тілінде қолданылатын мақсатты процесс, осылайша, академиялық пәннен оқытудың екінші тілі оқыту құралына айналады.

Сапалы көптілді білім беруді қамтамасыз ету миссиясын орындау барысында біз стандартты оқулықтар жаратылыстану-математика пәндерін ағылшын тілінде оқытудың бірегей талаптарына сәйкес келмеуі мүмкін екенін түсіндік. Әсіресе, мұндай оқу материалдары мазмұнды және оқушыларымыздың деңгейіне бейімделіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік оқу бағдарламасына сай болуы маңызды.

Сондықтан да, Қор «Астана кітап» баспасымен белсенді ынтымақтастықта. Олар математика, информатика, биология, физика және химия сияқты пәндер үшін ағылшын тілінде арнайы оқулықтар шығарады. Бұл оқулықтар көптілді білім берудің барлық нюанстары мен ерекшеліктерін ескере отырып жасалған және мемлекеттік білім беру стандарттарына толық сәйкес келеді.

«Астана кітаппен» баспасымен ынтымақтастығымыздың арқасында еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептер көптілді білім беруді жүзеге асыру үшін жоғары сапалы және бейімделген оқулықтарға қол жеткізіп отыр. Бұл, әрине, оқушылардың жаратылыстану-математика пәндерін ағылшын тілінде сәтті меңгеруіне, олардың академиялық тәжірибесін байытуына және жаһанданған әлемге дайын болуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың рөлі үнемі артып келетіні анық. Негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға CLIL әдісімен өткізілген ағылшын тілінде оқыту ықпал етеді.

CLIL немесе Content and Language Integrated Learning ағылшын тілінде жаратылыстану мен математиканы оқытуға деген көзқарасымыздың негізгі құрамдас бөлігі болды.

CLIL әдістемесіндегі тәжірибеміз осы тәсілдің бірнеше артықшылықтарын көрсетеді:

- Қос пайда. Білім алушылар бір мезгілде ғылым туралы білімдерін тереңдетіп, тіл байлығын жетілдіреді. Бұл олардың тілдік дамуын айтарлықтай жылдамдатады, өйткені олар тілді нақты контекстте қолданады.
- Тілдік ортаға ену. CLIL қолдану арқылы, біз оқушыларды қарым-қатынас жасау, проблемаларды шешу және идеяларды талқылау үшін тілді белсенді қолдануға мәжбүр ететін жағдайларды жасаймыз.
- Сыни тұрғыдан ойлау. Бұл тәсіл оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын тілдік және пәндік білімдерін ұштастыра отырып, аналитикалық ойлауға итермелейді.
- Мотивация. Білім алушылар тіл үйрену мен практика жүзінде қолдану арасындағы тікелей байланысты көреді, бұл олардың оқуға деген ынтасын арттырады.

Біздің білім беру ортамыздың басты ерекшеліктерінің бірі – «peer education» немесе құрдастар арасында теңімен оқыту ұғымын қолдану. Жаратылыстану және математика пәндерін, әсіресе ағылшын тілінде оқу көптеген оқушылар үшін қиын болуы мүмкін екенін түсінеміз. Бұл процесті жеңілдету және оқуды тиімді ету үшін, біз жоғары сынып оқушылары мен практиканттар тәрбиеші ретінде әрекет ететін жүйені әзірледік. Тәрбиешілер кешкі уақытта оқушылармен, әсіресе интернат жүйесі бар лицейлерде, уақыт өткізеді. Олар оқушылар мен мұғалімдер арасында байланыс жасайды, тілдік және академиялық кедергілерді жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, оқушыларымыз материалды меңгеруде бір-біріне белсенді түрде көмектеседі. Бұл студенттерге білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін топтық жұмыс пен ынтымақтастық рухын дамытады. Құрбыларға көмектесу курстық материалды түсіну деңгейін көтеріп қана қоймайды, сонымен қатар қарым-қатынас, көшбасшылық және эмпатия дағдыларын қалыптастырады.

«Білім-инновация» лицейлерінің өзіне, біліміне, елінің ертеңіне сенімді түлектері Қазақстан мен Ресей, АҚШ, Англия, Түркия, Сингапур, Қытай т.б. елдерінің ең беделді жоғары оқу орындарында өз білімін жалғастыруда. БИЛ түлектерінің алдыңғы легі қоғамымызда білікті мамандар арасынан көрініп, үкімет қызметшілер мен ірі кәсіпкерлер, мықты мемлекет қайраткерлері ретінде танымал. Сонымен қатар, кейбір түлектеріміз әлемге әйгілі Google, Meta, Amazon, Booking, Apple, Microsoft, Deloitte, Price waterhouse Coopers (PwC), Ernst & Young, KPMG, Chevron Corporation, Shell, ExxonMobil, BP, UEFA, UNESCO секілді компанияларда қызмет етіп жүр.

Бұл БИЛ жүйесіндегі 30-жылдық тарихы бар оқыту саясатының нәтижесі, соның арқасында бүгінгі таңда біз түлектеріміздің жетістіктерімен мақтана аламыз.

Шетелдік оқу орындарына өз оқушыларын жіберу арқылы БИЛ-дер оларға халықаралық тәжірибемен сусындаудың жолын ашып, шет тілі деңгейін көтеруді мақсат етеді.

Сондай-ақ жыл сайын педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарына жаратылыстану-математикалық циклдің: «Физика», «Информатика», «Химия», «Биология» мамандықтары бойынша ағылшын тілінде оқытатын педагогтерді даярлауға бөлінетін грант иегерлері арасында лицей түлектерінің саны жылдан-жылға артып келеді.

Сонымен қатар, БИЛ түлектері шетелдік жоғары оқу орындарының түрлі стипендиялық бағдарламалары мен тағылымдамаларына қатысады. Мысалы, Leadership Seminar (University of Notre Dame), Rise, Yale Young Global Scholars (Yale University), Telluride TASS (Cornell University), LaunchX, Pioneer Academics, Research Science Institute (MIT), Lumiere Research Program, Veritas AI, Summer Science Program (Univ. of Colorado Boulder), Center for Talented Youth (JHU), PROMYS (Program in Mathematics for Young Scientists - Boston University).

«Білім-Инновация» лицейлерінің білім беру моделінің айрықша ерекшелігі – үштілділік. Студенттер үш тілді: мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және жаһандық қарым-қатынас және әлемдік қауымдастыққа кірігу тілі ретінде ағылшын тілін оқиды.

Оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыруда, еліміздің тарихы мен мәдениетімен таныстыруда қазақ тілі басты рөл атқарады. Гуманитарлық пәндер, әдебиет пен Қазақстан тарихы қазақ тілінде оқытылады.

Орыс тілінде оқу кеңес мектебімен сабақтастықты сақтауға және орыс педагогикасының үздік жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Орыс тілі көп ұлтты қазақ қоғамында ұлтаралық қатынастың маңызды құралы болып қала береді [1].

Ағылшын тілі білімге, технологияға және бүкіл әлемнен мәдени жетістіктерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін интеграциялық рөл атқарады. БИЛ лицейлерінде жаратылыстану-математикалық циклдің пәндері – физика, химия, биология, информатика ағылшын тілінде оқытылады, бұл заманауи халықаралық оқулықтар мен әдістемелерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, лицей оқушылары бағдарламаның вариативтік бөлігі аясында түрік тілін екінші шет тілі ретінде оқиды. Бұл түріктің бай мәдениеті мен мұрасына қол жеткізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар Түркия университеттерінде білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

БИЛ лицейлеріндегі оқу процесінің маңызды ерекшелігі жаратылыстану-математика пәндерінің мазмұнын интеграциялау болып табылады. Бұл пәнаралық байланыстарды орнатуға және тереңдетуге және әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс студенттердің жүйелі ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ол жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары, пәнаралық факультативтер және зертханалық семинарлар арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы, БИЛ лицейлеріндегі үш тілде білім беру моделі оқушылардың ұлттық бірегейлігін нығайту, әлемдік мәдениеттің озық жетістіктерін меңгеру және әлемдік білім беру үдерістеріне интеграциялау міндеттерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл тепе-теңдік бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған түлектерді шығару үшін өте маңызды.

БИЛ лицейлеріндегі оқу процесінің маңызды ерекшелігі жаратылыстану-математикалық цикл пәндерінің – физика, химия, биология, математика пәндерінің мазмұнын интеграциялау болып табылады. Бұл пәнаралық байланыстарды орнатуға және тереңдетуге және әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс студенттердің жүйелі ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ол жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары, пәнаралық факультативтер және зертханалық семинарлар арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, лицейлерде заманауи білім беру технологиялары – жобалық оқыту, дамыта оқыту, АКТ технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Бұл оқушылардың шығармашылық және дербестігін, ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Лицейлерде дамыған АКТ инфрақұрылымы – компьютерлік сыныптар, лингафон кабинеттері, электронды ресурстары бар кітапханалар бар. Студенттер АКТ-ны жобалар, зерттеулер және мультимедиялық презентациялар жасау үшін белсенді пайдаланады.

Лицей мұғалімдері инновациялық технологияларды меңгеру үшін үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Көпшілігі өздерінің электронды оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары, республикалық және халықаралық конференцияларда өз тәжірибелерімен белсенді түрде бөлісуде.

Осылайша, білім берудің озық технологияларын пән мазмұнын біріктірумен үйлестіре пайдалану БИЛ лицейлеріне цифрлық экономика мен ақпараттық қоғам талаптарына жауап беретін түлектерді дайындауға мүмкіндік береді.

«Білім-Инновация» лицейлерінде оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді жүйесі бар. Бұған рейтингтік жүйені пайдалану және тұрақты тестілеу кіреді.

Рейтинг әрбір студенттің оқу жетістіктерін оның ағымдағы үлгеріміне, сынақ нәтижелеріне және шығармашылық жұмысына қарай объективті бағалауға мүмкіндік береді. Сайтта оқушылардың, сыныптардың және лицейлердің рейтингтері жарияланып, салауатты бәсекелестікке түрткі болады.

Тоқсан сайынғы тестілеу бір мезгілде желідегі барлық лицейлерде жалпы тестілерді пайдалана отырып жүргізіледі. Бұл әртүрлі лицей оқушыларының білім деңгейін объективті түрде салыстыруға, проблемаларды анықтауға және бағдарламаларды түзетуге мүмкіндік береді.

Тест нәтижелері жеке оқушылар, сыныптар және лицейлер деңгейінде талданады. Ең күшті және әлсіз жақтары анықталып, білім олқылықтарын жою шаралары қабылданады.

Осылайша, БИЛ-дегі білімді бақылау жүйесі студенттердің жұмысын барынша объективті бағалауға, оларды оқуға ынталандыруға, проблемалық аймақтарды анықтауға және оларды тез арада жоюға мүмкіндік береді. Бұл білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Тоқсан сайынғы тестілеу бір мезгілде желідегі барлық лицейлерде жалпы тестілерді пайдалана отырып жүргізіледі. Бұл әртүрлі лицей оқушыларының білім деңгейін объективті түрде салыстыруға және ортақ мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Тест нәтижелері жеке оқушылар, сыныптар және лицейлер деңгейінде егжей-тегжейлі талдауға жатады. Жеке пәндерді оқытудағы ең табысты және артта қалған оқушылар, күшті және әлсіз жақтары анықталды.

Талдау негізінде мұғалімдерге оқыту әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізіледі. Қосымша сабақтар мен проблемалық тақырыптар бойынша кеңестер ұйымдастырылады.

Бұл әдіс оқытудағы кемшіліктерді жылдам анықтауға, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға және әрбір нақты лицейде және жалпы желіде білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Білімді бақылау жүйесі оқу үдерісін жақсарту үшін жұмыс істейді.

«Білім-Инновация» лицейлерінің табысты болуының маңызды факторы – ойластырылған кадр саясаты. Бастапқы кезеңде инновациялық білім беру моделін іске қосу үшін негізінен Түркиядан тәжірибелі шетелдік мұғалімдер шақырылды.

Олар көптілді оқыту моделінің және ағылшын тілінде пәндерді оқыту әдістемесінің негізін қалауға көмектесті. Бірақ әуел бастан-ақ шетелдік мамандарды біртіндеп отандық кадрлармен алмастыру міндеті қойылды [2].

Осы мақсатта лицейлерде ең қабілетті түлектер арасынан өзіндік педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жүйелі жұмыс жолға қойылған. Олар шетелдік тәжірибелі оқытушылардан тағылымдамадан өтіп, университеттік педагогикалық білім алды.

Бүгінгі таңда лицейлердегі педагогикалық ұжымның 85 пайыздан астамы қазақстандық мамандар. Олардың көпшілігі жоғары педагогикалық шеберлікке қол жеткізіп, инновациялық әдістер мен оқулықтардың авторлары болып табылады.

Лицей мұғалімдері жетекші шетелдік орталықтарда жүйелі түрде біліктілігін арттырудан өтеді. Бұл оларға ең заманауи білім беру технологияларын игеріп, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Тиімді кадр саясатының арқасында лицейлерде көптілді білім беру моделін жоғары деңгейде жүзеге асыруға қабілетті жоғары кәсіби педагогикалық кадрлар бар. Бұл БИЛ желілік лицейлерінің табысының негізгі факторы болып табылады.

Лицей мұғалімдері жетекші шетелдік орталықтарда – Ұлыбритания, АҚШ университеттерінде, Қазақстандағы шетелдік университеттердің филиалдарында жүйелі түрде біліктілігін арттырудан өтеді.

Бұл оларға ең заманауи білім беру технологиялары мен озық халықаралық тәжірибені игеріп, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесін әзірлеуге ерекше көңіл бөлінеді. Мұғалімдер билингвалдық білім беру және CLIL технологияларындағы озық тәжірибелерді зерттейді.

Лицейлер базасында пәндерді ана тілінде оқытудың практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында ғылыми-әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізіледі.

Ағылшын тілінде күрделі тақырыптарды меңгеруді жеңілдету үшін авторлық нұсқаулықтар, бейне сабақтар, мультимедиялық материалдар әзірленуде.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдаудағы мұндай жүйелі жұмыс лицейлердегі оқытуды үздік әлемдік стандарттар деңгейінде ұстауға мүмкіндік береді. Бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы болып табылады.

1958 год Акжан Машанов, приехавший в город Туркестан для сбора сведений об аль-Фараби, описывает невероятную сцену, увиденную им в то время: «Я приехал в город Туркестан, взял с собой старейшину по имени Хамит, который хорошо знал это место. , и посетил эти места. Всемирно известный мавзолей Кожа Ахмета находится в необычайном состоянии: и внутри, и снаружи почва гниет, большая часть вещей внутри свалена по углам. Особенно проволочные камни, возложенные на головы благородных людей казахского народа, катятся у них под ногами, как жернова. Нет никого, кто бы его знал. Знаменитую куртизанку отвезли в ленинградский Эрмитаж. Когда я приехал в Отырар, обошел холмы, сфотографировал мавзолей Арыстанбаба и впервые опубликовал его, старейшина Хамит заплакал и сказал: «Это чудесный памятник, древнее око нашего народа... Он теряется без владелец. Вы вернетесь много раз. Это святое место. За этим кроются чудесные тайны", - сказал он. Акжан Машанов, не сумевший найти никаких следов аль-Фараби в Казахстане, решил заняться поиском наследия великого учёного, посетить архивы Ташкента, Москвы, Ленинграда, Уфы, а также посетить Ближний Восток, вторую родину аль-Фараби. ученый, чтобы посетить могилу ученого в Сирии.

19 сентября 1968 года Акжан Машанов в составе туристов СССР ступил на территорию Сирии. С помощью советского посольства в Сирии Акжан Машанов нашел могилу Абу Насира аль-Фараби на кладбище Баб ас-Сагир, которое посвящено знаменитым людям Востока, т.е. только королям, потомкам пророков, потомкам халифов. , эмиры или их учителя посетили его и освятили Коран. Поклонившись могиле, он пробормотал: «О, Прадедушка, прошли столетия, и приходит другое поколение, прими мою молитву». Акжан Машанов фотографирует могилу Фараби. Это событие, произошедшее 23 сентября 1968 года, имело историческое значение не только для Акжана Машанова, но и для всего казахского народа.



Рис. 2. Пещера «Адам Ата» недалеко от города Пальмира (Сирия). 22 сентября 1968 г.

Тем не менее, он начал знакомить казахов с Фараби еще в 1960-х годах. Казахская община, называющая себя интеллектуалами, заявила: «Акжан – это мулла, завернутый в одеяло. Если он казах, то кто его клан?»**,-** Зрителей было много. Наши национально-патриотические чувства часто запоминаются. Здесь те, кто владеет этой уловкой, гораздо больше, чем патриоты, которым важна реальная страна, земля, нация, и из-за этого количества они подавляют тех, кто имеет иное мнение. Когда настала очередь тех, кто принадлежал к этой группе, они прикрыли свои вредные действия против народа и оправдали себя. Поэтому нашим интеллектуалам не составило труда доказать, что подобные исследования вредны для общества, верившего в светлое будущее коммунизма[3]. Такое давление оказывалось не только на Акжана Машанова. Оно также было направлено против Фараби. Вероятно, это связано с тем, что в дни юбилея вес исследования Фараби был направлен в Ташкент, а работа, начатая на казахской земле, не получила развития. Невыполнение каких-либо решений этой международной конференции, недумание об их реализации было основной целью политики коммунистических властей по окончательному удалению фарабийской науки с казахской земли. Придерживаясь принципа «разделяй и властвуй», советские власти, признавая принадлежность аль-Фараби к казахскому народу, но перекладывая тяжесть изучения его наследия на Ташкент, обостряя отношения между родственными тюркскими народами, какая-то хитрая политика. 1975 год Отдел агитации и пропаганды ЦК Компартии Казахстана подал жалобу на Акжана Машанова, профессора Казахского политехнического института, члена-корреспондента Академии наук республики, заведующего отделом геодезии. В нем говорилось: "Акжан Машанов сам - коммунист, крупный ученый, чиновник, несмотря на это, он каждую пятницу ходит в мечеть, а во время Курбан-байрама дома дает ифтар". На кону вновь оказалась судьба Акжана Машанова. Д.А., правивший в то время Казахстаном. При прямом вмешательстве Конаева судьба тех, кто принял эстафету после Акжана Машанова, была оборвана.

Акжан Машанов жил в советском Казахстане, даже в то время, когда власть тоталитарного общества достигла своего предела, он зорко следил за важными общественно-политическими вопросами страны, смело и беззастенчиво пропагандировал взаимодействие со странами Востока и создавал общественные мнение. Акжан Машанов возлагал большие надежды на установление культурных и духовных связей с мусульманскими странами, изучая памятники Фараби. Хотя ему было за пятьдесят лет, он серьезно посвятил себя освоению арабского языка, чтобы читать произведения Аль-Фараби с оригинала и пропагандировать их среди широкой публики. В 1983 году мы узнали, что он внимательно следил за событиями в мусульманских странах. Мы предоставим вам специальное интервью с журналистом из Кувейта.

1983 год Мустафа Набиль, корреспондент научного журнала «Аль-Гараби» Государства Кувейт, приезжает в Алматы с туристической поездкой. Услышав это, Акжан Машанов нашел и встретился с иностранным журналистом Мустафой Набилем. Эта встреча состоится в сентябре 1983 года. Это было время, когда Советский Союз, признанный мировой милитаристской державой, считался вечным. Это было время, когда за иностранными гостями и туристами строго следили сотрудники КГБ, пристально следя за их поведением и встречами с местными советскими людьми. Акжан Машанов не мог не знать о таких ограничениях, понятных всем простым советским людям. Бирак, преданный фанатик, ученый-патриот, идет на риск и встречается с Мустафой Набилем, репортером научного журнала «Аль-Гараби», издающегося в Кувейте. Ее целью было раскрыть миру всю казахскую страну и то, что эта страна является родиной аль-Фараби через периодическую печать, носящую имя аль-Фарабида.

Иностранный журналист, поначалу отнесшийся к неожиданной встрече с недоверием, не смог скрыть своего удивления. Это неожиданное событие журналист журнала рассматривает как встречу с Аль-Фараби. «Эта встреча была самой впечатляющей встречей, которую я провел в мусульманском мире в Советском Союзе, и, на мой взгляд, у меня не было никакой надежды», - написал Мустафа Набиль в статье в журнале[4]. Посетив свою страну, он выполнил свое обещание и опубликовал в журнале «Аль-Гараби» специальную статью о своей впечатляющей встрече с казахским ученым Акжаном Машановым. В то время было непросто представить, насколько это было опасно в период коммунистического правления.

Благодаря Акжану Машанову дух, имя и богатое научное наследие великого учёного Аль-Фараби вернулись на родину, на казахскую землю.Попутно он неутомимо собирал труды Аль-Фараби, сохранившиеся в библиотек стран мира.В 1968 году казахский учёный с кладбища Дамаска нашел свою могилу.Он пел о своем настроении и внутренних переживаниях на кладбище Баб-ас-Сагир, вечной обители нашего прадеда Ал- Фараби, и написал об этом в своей книге «Аль-Фараби и Абай».

Түркістан, Шам арасын жақындатқан бабамыз,
Басыңа келді ұрпағың, ақылды, дария данамыз.
Араб,парсы,түрікте Сіздібілмес жан бр ма?
Бақалар да таниды тариҳқа көзін салғанда.
Зират айлап басыңды ,
Елден ізден келген ем.
Тәбәрік етіп бір уыс,
Топырақ алдым мен сенен,
Мағауия мешіті,
Сан ғасыр бастан кешірген,
Қасыңда әлі тұр екен.
21 сентября 1968 года, Дамаск.

«В домашней библиотеке Акана было много редких книг. Среди них, читая книгу Иоганна Кеплера «Небесная музыка» Акжан Машанов обнаружил, что все его сочинения взяты у Аль-Фараби. В связи с этим вопросом в 1972 году в в журнале «Аль-Фараби», который издавался в Кувейте, он написал «Среду». Он опубликовал статью под названием «Маяки азиатской культуры» и обосновал в ней свое мнение.

Позже в опубликованных по поводу этой статьи отзывах известные учёные написали, что «г-н Аль-Машани полностью доказал свою точку зрения».

Таблица 3

Годы	Основные работы и события
1959 год	Начало сборника научных трудов Аль-Фараби.
1960 год	Сбор произведений Аль-Фараби, получение согласия К.И.Сатбаева на финансирование издания.
1961 год	«Об изучении произведений Аль-Фараби», Алматы Образование и труд
1962 год	«Искусство, необходимое для изучения философии» Алматы
1963 год	«Восточный Аристотель», М. Младший техник №8
1965 год	«Аль-Фараби»//Великие учёные Средней Азии и Казахстана.
1966 год	«Аль-Фараби и математика» // Материалы Международного конгресса математиков МГУ, 1966 г.
1967 год	Создание группы «Фарабитану» в Академии наук Казахстана.

1968 год	Отправляйтесь в Сирию и Ливан и найдите могилу Аль-Фараби в Дамаске.
1968 год	«Аль-Фараби и Авиценна»//Душанбе, международная научная конференция.
1970 год	«Аль-Фараби», Алматы: Автор
1971 год	«Труды Аль-Фараби»//1971 г. Москва, Международный симпозиум.
1971 год	«Аль-Фараби и Кеплер» //Ленинград, конференция
1972 год	«Аль-Фараби и Коперник» // Вильнюс, конференция
1974 год	«Беруни и Фараби» //Ташкент, конференция
1975 год	«Научно-исследовательские работы аль-Фараби в Казахстане», «Возвращение учителей», «О жизни и творчестве аль-Фараби».Статьи, опубликованные в газетах и журналах Алматы.
1978 год	1100-летие Аль-Фараби, Алматы, международная конференция
1984 г.	Статья «Музыкальные трактаты Аль-Фараби».
1985 год	«Солнечные часы в Казахстане» /Проблемы исследования вселенной. Л.;выпуск 10.
1990 год	«Абу Насир аль-Фараби»// научно-практическая конференция, г. Алматы
1994 г.	«Аль-Фараби и Абай», Алматы
1996 год	«Лунный лев», Алматы, Рио

В заключение убедимся, что высылка Акжаном Машановым Аль-Фарабиди на землю, залитую пуповинной кровью, является лишь одним из проявлений его национализма. Он особенно любил свой казахский народ, служение своему народу было его главным принципом. Несмотря на сложность открытия Аль-Фараби, его решимость и успех среди своего поколения являются тому подтверждением. В то же время можно сказать, что он герой, категорически выступавший против формирования негативных представлений об истории науки, языка и культуры. Понятие «ислам» разделено на три главы: исламская культура, исламская наука, исламская религия. Среди них он постоянно пропагандировал вклад турецких ученых в науку. Он проповедовал, что следует помнить, что труд Аль-Фараби является лучшим среди разработчиков исламской науки. Акжан Машанов смотрит на наследие аль-Фараби с научной точки зрения и говорит, что науки в области астрономии, природы и музыки берут свое начало от трудов аль-Фараби. Если присмотреться, то можно увидеть, что автор, несмотря на строгие порядки своего времени и деспотический характер тоталитарного режима, не боялся возникающих проблем, ставил свою жизнь на кон судьбы и сильно потел ради будущее своего народа. В результате в 1946 г. Мы думаем, что проявлением этого является то, что он не получил своего законного места в Казахской академии наук, которую он основал как один из первых учредителей, и до конца жизни оставался лишь членом-корреспондентом. Поэтому мы считаем, что одной из важнейших задач современной исторической науки является признание такого великого мыслителя нашего народа, как Акжан Машанов, и объективная оценка его общественной деятельности.

Список литературы

ЦГАРК — 2285-ф. — 1-оп. — 118-д.
Нурпеисова М. Научная школа Машанова.Алматы, 2016г.
Как мы отметим 100-летие ученого Акжана Машани? Материалы круглого стола // Казахская литература. — 2003. — № 14
М.С. Амрина, Н.Б. Смагулов // Вестник Карагандинского университета. – 2018 г. https://articlekz.com/kk/article/29618

1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕ НҰРА АУДАНЫ КОЛХОЗДАРЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сақабай Т.Қ. 1-ші оқу жылы докторанты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
tolkinist78@mail.ru

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақстанда ауылшаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау нәтижесінде жүргізілген шаруашылық-саяси науқандары Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне алып келді. Кәмпескелеу, ұжымдастыру және астық, ет дайындау мал санының қысқаруына алып келді. Мысалы бұл жөнінде зерттеуші Н.А. Ивиницкий «Ұжымдастыру кезінде Қазақстанда мал басы бірнеше есе азайғанына қарамастан, 1931-32 ж. мал дайындау жоспары 255 500 тоннаны құрады. Бұл басқа аймақтарды айтпағанда, Украинадан 1,5 есе және Солтүстік Кавказ бен Батыс Сібір өлкесінен 2,5 есе көп болды» [1, 234б] деп атап көрсетеді. Осымен бірге, Қазақстандағы мал санының қысқару деңгейі мен оған себеп болып отырған жағдайлар туралы 1932 жылдың 6 қазанындағы Т. Рысқұлов Сталинге жіберген мәлімдеме жазбасында: «ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесінде республикадағы мал саны 1928 жылмен салыстырғанда 1932 жылдың ақпанында 40 млн-нан 5,4 млн. басқа, яғни, 86,5%-ға қысқарғандығын және мал басының осынша қысқаруы малды қасақана сою мен асыра сілтеушіліктің, соның ішінде ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесі» - деп атап өтіп [1, 234 б], мал басының қысқаруы туралы келесі нақты фактілерді келтіреді: Оңтүстік Қазақстанның 10 ауданында 445400 бас малдан етке 103-300 бас тапсырылған, 284300 бас мал талан-таражға салынған, қалғаны 57800 бас. Қорғалжын, Қаратал және Нұра аудандарының колхоздарында ұсақ және ірі мал 100% ортақтастырылған, мал басының кемуі 75-100 % құрайды [2,502б]. Бұған қоса мал мен астық дайындау жоспарының ұлғайтылуы нәтижесінде негізгі күн көріс көзі мал шаруашылығы болған қазақ халқы малдан да, астықтан да айрылды. Сондықтан мал санының 8-10 есе қысқаруының нәтижесінде қазақ ауылдарында азық-түлік тапшылығы пайда болып, жаппай ашаршылық орын алды.

Осылайша, қазақ ауылдарындағы ауыр жағдай, халықтың жаппай аштыққа ұшырауы туралы мәліметтер партиялық, кеңестік органдарға келіп түсіп жатқан жеделхаттар, хабарламаларда беріліп жатты. Мысалы, ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің 1931 жылдың қаңтары мен 1932 жылдың наурызы аралығындағы арнайы анықтамасында Одақтың жекелеген аудандарындағы азық-түлік қиындықтары, халықтың босып кетуі, малдың өлім-жітімі және т.б туралы мәселелерге тоқтала отырып, Қазақстандағы жағдайды былай деп баяндайды: «1931 жылдың қазан айынан бастап, әсіресе егін шықпаған солтүстік аудандарда азық-түлік қиындықтары пайда бола бастады және ол соңғы айларда өткір сипатқа ие болып, басқа аудандарға да таралды. Егер 1931 жылдың қараша-желтоқсан айларында азық-түлік жетіспеушілігі 7-10 ауданда байқалса, қаңтар мен ақпанның бірінші жартысында азық-түлік қиындықтары 20 ауданды қамтыды, ал 28 ақпанда олардың саны 33 ауданға жетті, оның ішінде 10 ауданда жағдай өте қиын. Мәліметтер бойынша, 32 ауданда 232 пункт аштыққа ұшырыған, 1931 жылдың желтоқсанынан 1932 жылдың 10 наурызына дейінгі аралықта барлық пункттарда 1219 аштық өлімі және 4304-ке дейін аштықтан ісіну жағдайлары тіркелді. Өлгендер мен аштыққа ұшырағандардың көбі – колхозшылар болып табылады» [2, 335 б]. Осындай себептерге байланысты 1932 жылдың жаз айларынан бастап ресми органдардың құжаттарында Қазақстанның бірқатар аудандарындағы күрделі азық-түлік жағдайы туралы мәліметтер беріле бастаған және солардың ішінде БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросы мәжіліс өткізіп, онда олармен күресу шаралары туралы қабылданған Қаулысын атап көрсетуге болады. Бұл Қаулыда аштыққа ұшыраған халыққа және босып кеткендерге азық-түлікпен көмек көрсету, аштықтың салдарынан таралып жатқан жұқпалы аурулар, панасыз балалардың жағдайы туралы сегіз пункттан тұратын шешім қабылданады. Оның ішінде Қаулыда: «Өлкелік комитет облыстық комитеттер мен аудандық комитеттерге еңбекшілердің жаппай наразылығын туғызып отырған осы құбылыстарға қарсы күрес қазір бірінші кезектегі саяси міндетке айналып отырғанын және негізгі міндет – бүкіл жұртшылықты жұмылдырып, зардап шеккендерге кез-келген (азық-түлік, материалдық және т.б.) көмек көрсету» деп атап өтеді [3].

Сонымен қатар осы қаулыда: «Барлық облыстық және аудандық комитеттерге қолда бар азық-түлік көмегін мақсатқа сай және тездетіп пайдалануға ұсыныс жасалып, орталық жіберген

ресурстардың толық пайдаланылуын атап өтіп, бұл азық-түлікпен көмек техникалық іс-шара ретінде өтпеуі керек, пролетарлық мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің маңыздылығына ерекше назар аудара отырып, түсіндіру жұмыстарымен қатар жүруі керек екенін, бұл ретте, бірінші кезекте жаңа егінге дейін азық-түлікке мұқтаж адамдарға көмек пен несие беруден бас тартпай, қайтып көшіп келген адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігін» көрсетеді [3].

Соңынан, ОГПУ органдары да Қазақстандағы аштықпен байланысты болып жатқан күрделі жағдайларды келесідей атап өтеді: «Қазақстан Одақтың қолайсыз аудандарының қатарына жатады. Мұның басты себебі –азық-түлік жетіспеушіліктің нәтижесінде бірқатар аудандарды аштық жайлаған. 1932 жылдың 1 шілдедегі азық-түлік жетіспеушілігі 74 ауданды қамтыған. Бұл аудандарда аштықтан өлгендер саны - 8276, аштықтан ісінгендер саны - 12969 тіркелген. Аштыққа ұшырағандар арасында өлексе, тіпті, адам етін жеу жағдайлары тіркелген » [2,426 б]. Осымен бірге, аштық туралы тек ресми құжаттарда ғана емес, жекелеген тұлғалар да мәліметтер берген болатын. Мысалы, 1932 жылдың тамыз айында ҚазақАКСР ХКК төрағасы У.Д. Исаев И.В. Сталинге: «Орталық Қазақстанның 10-12 ауданының халқының едәуір бөлігінің аштыққа ұшырап, 1932 жылдың көктемінде кемінде 10-15 мың адам аштықтан өліп, өлкенің жалпы шаруашылық саны 1931 жылмен салыстырғанда 25% қысқарғаны туралы» жазады [1, 236 б].

Күз айларына қарай аштық жаппай сипат алып, ол туралы ОГПУ-дың 1932 жылдың қазан айы бойынша берген арнайы ақпараттарында: «аштық салдарынан 14549 адам өлген, олардың ішінде 2500 қыркүйек-қазан айларында өлген» деп көрсетіледі. Сонымен бірге берілген ақпаратта Торғай, Батпаққара, Қарсақпай, Қу аудандарында аштықтың өрши түскені мәлімденеді. Кейбір аудандарда азық-түлікке мұқтаждардың саны 50%-дан 95% -ға жеткен. Мысалы, Абыралы ауданында – 95%, Қу ауданында – 85%, Баянауыл ауданында – 60% халық нанға мұқтаж, Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарында азық-түлік тек 1932 жылдың қараша-желтоқсан айларына дейін ғана жетеді, бірақ, қазан айының өзінде аштықтан ісініп, өлгендер бар [2, 527-528 бб]. Жоғарыда аталған мәліметтерге сәйкес аштықтың Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын аумақтарында, оның ішінде біз қарастырып отырған Орталық Қазақстан аумағында кеңінен таралғанын байқаймыз.

Осындай жағдай 1932 жылдан бастап Қарағанды облысының құрамына енген Нұра ауданында да орын алды. Біз үшін бұл ауданның мемлекеттік архивы қорларында сақталған құжаттар, соның ішінде аудан халқына көрсетілген азық-түлік көмегі туралы мәліметтер үлкен қызығушылық танытады.

Нұра ауданы архивындағы Нұра аудандық жұмысшы, шаруа және қызыл әскер Кеңесі мен оның атқару органдарының аса мұқтаж шаруаларға көмек көрсету жөніндегі материалдары ішіндегі БКП (б) Облыстық комитетіне жолданған мәлімет жазбада 1932 жылы Нұра ауданының колхоздарында егін шықпауы және тұқымды шегіртке жоюы салдарынан азық-түлік тапшылығы туындап отырғаны көрсетілген құжатта: «колхозшылардың орын алып отырған ауыр жағдайын ескере отырып, Нұра РК бюросы мен ААК Президиумының жабық отырысында осымен 3 рет колхозшыларға азық-түлікпен көмек көрсетуге өтініш етіп отыр. РК мен ААК тарапынан колхоздардан шұғыл көмек көрсетуді талап еткен өтініштер күнделікті түсіп отыр» [4,1 п] деп мәлімденген. Бұл мәлімдемеге сәйкес Нұра аудандарындағы колхоздардың 1933 жылға арналған нан және тұқыммен қамтамасыз етілу дәрежесіне сай оларды 3-ке бөліп, колхоздарға көмек көрсету үшін олардың тізімі жасалған. Тізімдегі колхоздарды өзін-өзі қамтамасыз ету дәрежесіне сәйкес келесідей топтастырады: «Бірінші тізімге кіретін 14 Колхоз толығымен азық-түлікпен қамтамасыз етілді, тұқым қорлары толығымен толтырылды және астық жинау жоспарын асыра орындады. Екінші тізімге енетін 8 колхоз азық - түлікпен қамтамасыз етілген және аз қоректігі аз тарымен және тұқыммен қамтамасыз етілген.Үшінші тізімдегі 10 колхоз өз колхозшыларын азық-түлікпен қамтамасыз етпейді, 1933 жылы себуге тұқым жоқ. Бұл колхоздар 1932 жылы өте аз мөлшерде өнім жинады және осы уақытқа дейін олардың көпшілігі нансыз қалды» деп баяндайды. Сонымен қатар колхоздардың астықпен қамтамасыз етудің алдын ала есептеулерін жүргізе отырып, колхоздардың жағдайы жөнінде келесідей қорытынды жасайды: «Бірінші тізім: азық-түлікпен және 1933 жылғы егіс үшін тұқыммен қамтамасыз етілген. Екінші тізім: шаруа қожалықтары 352 бірлік бұл колхоздардың азық-түлікке қажеттілігі 4006 центнер, 6009 центнерден бір шаруа қожалыққа жылына 1,5 центнерден есептеледі. Соңғы жиналған астықтың мөлшері 4814 центнер. Орта есеппен алғанда колхоздардың өнімділік деңгейі 20%-ға төмендеген. Жоспар бойынша тұқымның сақтандыру қорынан 2245,2 центнер себу керек, 459,6 центнер дәнді дақыл себілген. Бұл колхоздар астық дайындаудан және тұқым ссудасын қайтарудан да

босатылғанын атап өтеміз. Жалпы түсімінен бұл тізімдегі колхоздардың азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі 72% құрайды. Үшінші тізім: шаруашылық саны 1121 бірлік, азық - түлікке қажеттілік 7588.5 центнер, колхоздар тобының жалпы түсім деңгейі 1691.6 центнер. Жоспар бойынша астық қорынан 3311,62 центнер себу керек болса, іс жүзінде 245,89 центнер астық себілген. Бұл топқа кіретін колхоздар астық дайындау мен тұқым ссудасын қайтарудан да босатылған» деп көрсетеді [4,1 п]. Бұдан көрсетілген колхоздар тобынан тек қана бірінші топқа кіретін 14 колхоз ғана өзін-өзі қамтамасыз ете алатынын, ал қалған екінші және үшінші тізімге кіретін 18 колхоздың көмекке мұқтаж екендігін көреміз.

Колхоздардың жағдайларын мәлімдей келе, осындай өзі де қиын жағдайда Нұра ауданына Жаңаарқа ауданынан халықтың босып келіп, кейбіреулері тұрақтап қалып, көпшілік бөлігінің одан әрі Ақмолаға көшіп, босып келгендердің мүлдем азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендігін, сонымен қатар өлім жағдайлары да кездесіп жатқандығын хабарлайды [4, 2 п].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып және колхозшыларда және әсіресе қазіргі уақытта отырықшылыққа көшкен 20 қоныста қоныстанған қазақтарда азық-түліктің болмауына байланысты ауыр зардаптардың туындау мүмкіндігін болдырмау үшін және азық-түлік болмаған жағдайда ғана қазақ халқын отырықшыланған қоныстардан қайтадан көшуге мәжбүрлеу үшін БКП (б) аудандық атқару комитетінен шұғыл жәрдемдесу шараларын қабылдауды сұрайды Нұра ауданының колхоздарын (№3 тізімдегі) 1933 жылғы жаңа егінге дейін желтоқсаннан шілдеге дейін қоса алғанда 8 айға 4856 цент мөлшерінде бірлігіне 12 килодан есептегенде азық-түлік көмегін алуға, ал келесі уақытта тұқым материалдарымен көмек көрсетуді сұрайды [4,2п].

Нұра ауданы көмекке мұқтаж колхоздарының және ондағы халық санын келесі кестеден көруге болады:

1 кесте комиссия бекіткен 20/XII-32 жылғы азық-түлікке мұқтаж Нұра ауданы ауылдық кеңестері шаруашылықтары бойынша мәлімет [4,12п].

Ауылдық кеңес атауы	Шаруашылық саны	Барлығы жан басы	Жылқы	Сиыр	Түйе	Қой, ешкі	Барлығы
№1 а/к	79	510	2	-	2	-	4
№2 а/к	159	587	-	-	-	-	-
№3 а/к	63	228	-	-	-	-	-
№4 а/к	216	345	1	4	-	-	5
№5 а/к	149	651	1	-	-	-	1
№6 а/к	166	641	-	-	1	-	1
№7 а/к	72	281	2	-	-	3	5
№8 а/к	129	561	2	-	-	3	5
Киевка а/к	48	217	-	-	-	-	-
Иванов а/к	7	22	-	-	-	-	-
Горный а/к	30	92	-	-	-	-	-
Захаров а/к	13	28	-	-	-	-	-
Барлығы	1119	4974	6	4	5	3	16

Кестеден көріп отырғанымыздай 1932 жылдың 15 желтоқсанында Нұра ауданы бойынша 4974 жан басы бар 1119 шаруашылық көмекке мұқтаж, оның ішінде №4 ауылдық кеңесте шаруашылық саны көп болса, ал жан басы №5 ауылдық кеңесте көпшілікті құрап отыр. Ал, бірен-саран мал басы тек №1,4,5,6,7,8 ауылдық кеңестерде ғана сақталып қалған.

Ендігі кезекте архив құжаттарына сәйкес Нұра ауданының колхоздары мен Жаңаарқа ауданынан аштықтан босып келгендерге және панасыз қалған балаларға көрсетілген көмек мөлшері туралы №2 кестеден көруге болады.

Кесте 2 05.01.1933 жылға арналған Нұра ауданының аса мұқтаж жандар мен көшпенділердің азық-түлік көмегін алушылардың тізімі [4, 21п].

Колхоздар атауы	Шаруашылық саны	Бидай	Тары	Ұн	Барлығы
Сталина атындағы колхоз	106	100 п	261 пұт	-	361
Жаңақұрлыс колхозы	68	-	43	-	43
Караой колхозы	51	-	75	-	75
Актөбе колхозы	108	-	106	-	106
Қуаныш колхозы	50	-	99	-	99
Қзылту колхозы	191	-	469	-	469
Көкөзек колхозы	132	50	337	-	387
Өрнек колхозы	121	-	129	-	129
Баянды Колхозы	136	-	81	-	81
Жаңабірлік Колхозы	156	-	146	-	146
Кзылшілік колхозы	88	-	146	-	146
Еңбекқорғау Колхозы	101	-	100	-	100
Еңбекші Колхозы	100	-	100	-	100
Гроза Колхозы	53	-	38	-	38
К/волна Колхозы	89	-	20	-	20
Ашық Колхозы	97	-	60	-	60
Ынтымақ Колхозы	64	-	75	-	75
Өркендеу Колхозы	77	-	75	-	75
Кеңес колхозы	17	-	20	-	20
Өндіріс (Уирдыс Ондирис) Колхозы	15	-	20	-	20
Жаңаарқа ауданы	1000	50	974п21ф	-	1024п 21 фунт
Ивановск асханасы (Жаңаарқа)	153 адам	60	10	6п4ф	76 п 4 ф
Пушкин асханасы Жаңаарқа ауд. келген панасыз балалар	52 бала	62п 25ф	16п	10п	88п 35 ф
К/казск. балалар үйі	31	31п 29ф	3п 9ф	-	34п38ф
Барлығы	3036	354 п 14ф	3361п 30ф	16п4ф	3732п 8ф

Кестеде берілген мәліметтерді талдасақ, оған сәйкес азық-түлікке бидай мен ұннан гөрі тары көбірек таратылғандығын анықтаймыз. Барлығы аса мұқтаж 3036 шаруашылыққа 354пұт 14 фунт бидай, 3361 пұт 30 фунт тары, 16 пұт 4 фунт ұн таратылғанын көреміз. Егер қазіргі өлшем жүйесіне ауыстыратын болсақ, П.= 40 фунт = 16,3805 кг.болса 354п 14 фунт = 5664 кг бидайға, 3361 пұт тары= 53776 кг тарыға, 16 пұт ұн = 256 кг ұнға, барлығы 59712 кг, көлемінде көмек көрсетілген.

Қорытынды:

1. Қазақстандағы шаруашылықты модернизациялау ықпалы негізгі мал шаруашылығымен айналысатын аумақтың бірі - Орталық Қазақстанға, соның ішінде Нұра ауданына айтарлықтай ықпал етіп, халықтың аштыққа ұшырауына алып келді.

2. Кеңестік органдар Қазақстанда болып жатқан жағдайлар туралы хабардар болған және аштыққа ұшыраған аудандарға көмек берудің іс-шараларын қарастырған.

3. Архив құжаттарына сәйкес Нұра ауданы жағдайында аштыққа ұшыраған колхоздарға мардымсыз болса да үкімет тарапынан көмек көрсетілгенін анықтаймыз. Дегенмен, мұндай көмектің деңгейі әр колхозда әртүрлі болған. Мысалы, Сталин колхозына берілген көмектің мөлшері басқалармен салыстырғанда жоғары болған.

Әдебиеттер тізімі

Ивницкий Н.А. Голод 1932-1933 годов в СССР: Украина, Казахстан, Северный Кавказ, Поволжье, Центральная Черноземная область, Западная Сибирь, Урал. - М.: Собрание, 2009. - 288 с.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939: Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 3. Конец 1930-1933 / Под ред. В.Данилова, Р.Маннинг, Л.Виолы. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. —1008 с.
Протокол №107 заседания бюро Казахского крайкома ВКП(б) о тяжелом продолвольственном положении в ряде районов Казахстана. 2 июля 1932 г. [Электронды ресурс] - Кіру режимі: https://istmat.org/node/25731
Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. Іс 11. П. 1-2, 12, 21.

АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ТУРАЛЫ «ХАЛЫҚ ЖАДЫ» КІТАБЫН ШЫҒАРУ

Сейткасымов А.А., **т.ғ.к.**, профессор
Мусафир М.Р.,магистрант
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,Көкшетау
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.
mussafir.minura@mail.ru

Түйіндеме.Саяси қуғын-сүргін тарихының мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың шешімімен құрылған мемлекеттік комиссия қызметіндегі өзекті және маңызды тақырып болып табылады.Қайта құру кезеңінің қалыптасу кезеңдері мен КСРО-дағы мұрағат төңкерісін негіздеу үдерісінің басталуын талдау тұрғысынан автор ұсынған тақырыптың өзектілігі даусыз.Зерттеудің мақсаты-Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағатында анықталған саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау тарихы бойынша дереккөздерді талдап, “халық жады” кітабын жарыққа шығару.Автор ашқан мұрағат материалдары Қазақстанның қазіргң даму кезеңінде,атап айтқанда, XIX ғасырдың 80-ші жылдарының соңы мен XX ғасырдың басындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру мәселелерін ашады.1988 жылы қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрылуымен басталған оңалтудың бірінші кезеңіне ерекше көңіл бөлінді.Автор мемлекеттік комиссия қызметінің құқықтық саласына және “жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” заң жобасын талқылау,қабылдау және жүзеге асыру тарихына назар аударды.

Жалпы мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысындағы түрлі оқиғалар берілген.Автор мұрағат деректеріне сүйене отырып,саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау барысы мен статистикалық материалдарды көрсетеді.

Кілтті сөздер:репрессия,ұжымдастыру,саясат,негіздеу,мұрағат,жарлық.

Ақмола аймағы, яғни Есіл-Көкше-Нұра өңірі тарихы мол, шежірелі де шерлі жер. Кезінде Абылайдай хан көрген, Шоқандай ғұламаны тудырған, Науан хазіреттердің дәрісін алған, Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтай сал-серілердің әндерін тыңдаған, Қанай, Саққұлақ билердің кесімді де кесек сөздерін естіген, Бөгенбай, Олжабай, Жәпек батырлардың ерлігіне тәнті болған ел.Ұлтымыздың арыстары, кешегі нәубеттің құрбандары Айдархан Тұрлыбаев, Ережеп Итбайұлы, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Садуақасов, Шәймерден Қосшығұлов, Хайретдин Болғанбай, Сейілбек Жанайдаров, Қошмұхамед Кемеңгеров, Файзолла Ғалымжанов, Зарап Темірбеков, Шәрәпи Әлжанов, Әбілхайыр Досов, Сабыр Айтқожин, Ғаббас Тоғжанұлы, Әлкей Өтекин, Әбжан Темірбеков, Мұхамедсәлім Кәшімов, Абдолла Байтасов, Жұмағали Тілеулин, Хасен Нұрмұхамедов, Қази Торсанұлы, Жүсіп Ізбасаров, Төлебай Нұралин, Бірмұхамед Айбасов, Миғаш Абылайханұлы, Сұлтан-Махмұд Абылаев, Бекмұхамбет Серкебаев, Ермұхамед Тоқбаев, Біләл Малдыбаев, сияқты талай жайсаңдардың шыққан жері. Бертінде мемлекеттік қайраткерлер Бәйкен Әшімов, Жұмабек Тәшенов, Мәлік Ғабдуллин, Еркін Әуелбековтер туған қасиетті мекен. Кезінде әр жылдары азаттық идеясын ту қылып ұстаған «Жас азамат», «Бірлік» «Демократиялық оқушы жастар Кеңесі»Дала генерал-губернаторлығының саяси-әкімшілік,мәдени орталығы болған Омбыда, уездік қалалар: Ақмолада «Жас қазақ», Тың тұлпар», «Оян қазақ», Қызылжарда «Талап», Көкшетауда «Жас ұран», «Білім серіктігі», «Оқығандар», Щучинскіде «Коммуна умных ребят», Атбасарда «Ынтымақ» сияқты жастар ұйымдарының құрылған жері. Ал табиғатына келсек, Ақмола облысы Қазақ майда шоқылары мен Теңіз жазықтығы арасында еліміздің орталық бөлігінде орналасқан. Облыс территориясы 146,6 мың км. қамтиды. Батысында Қостанай

облысымен, солтүстігінде – Солтүстік Қазақстан, шығысында Павлодар, ал оңтүстігінде Қарағанды облыстарымен шектеседі.[1,б. 48]

Облыстың солтүстігі Көкшетау тау ұштарының үстірті (Сандықтау және Бұланды аудандары территориясы) ұласып жатыр. Оңтүстікке қарай Атбасар жазықтығы, меридиандық бағытта солтүстік-шығыс бөлігін Селеті жазықтығына ұласады. Оңтүстікте Атбасарға қарай салыстырмалы алғанда биігірек Теңіз жазықтығы жанасып жатыр, ал оны Теңіз және Қорғалжын өзендері кесіп өтеді. Өлкеміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктерінде Сары-Арқа сілемдері көрінеді (Қазақтың ұсақ шоқылары). Оларға аса биік емес аралдық таулар - Мұзбел және Ерейментау жатады.[2,б. 62] Қазақ хандық мемлекетінің астана жұрты қонған - Абылай ордасы, Қазақ хандық мемлекетін қайта қалпына келтіріп, 1847 жылға дейін қазақ мемлекетін сақтап қалу жолында қиян-кескі күрес жүргізген үш жүздің өкілдері хан сайлаған Кенесары ханның – Атамекен, туған жері, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Ерейментау, Қорғалжын, Атбасар қазақтарының көтерістеріне куә болған, әлем сахналарынан заманымыздың Ұлы әншісі - Димаш Құдайберген шырқаған әйгілі «Самалтау» әні шыққан киелі жер.

Жалпы тарихқа үңілсек XIX ғ. алғашқы ширегінде Ресей империясы қазақ жеріне белсенді түрде кіре бастағанын білеміз.Қазақстанның Ресейге сырттай бағыныштылық –протектораттық кезеңі аяқталды.Ресей империясыеың Орталық Азиядағы геосаяси жоспарларына кедергі деп табылған қазақ хандық мемлекеттері: Кіші жүз хандығы, Бөкей Ордасы, Орта және Ұлы жүз жеріндегі қазақ хандықтары жойылуға тиісті болатын. Ресей империясы қазақ хандарымен бұрындары жасалған келісімшарттардың барлығын біржақты түрде бұза отырып, Кіші жүз ханы Арынғазыны биліктен тайдырып, Калугага жер аударған болса, Орта жүз қазақтары хан сайлаған – Ғұбайдолла Уәлихановты жүзбасы Карбышевтің әскері күшпен хандық атақтан бас тартуға мәжбүр етіп, ақыры Сібірдегі Березовқа жер аударып жіберіп, атақты саяхатшы,этнограф –ғалым Г. Потанин айтқандай осылайша Қазақ Ордасының тәуелсіздігі жойылған болатын.

Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғысына» сәйкес басқарудың жаңа жүйесі енді. Бұл Ережеге сай 1822 жылдан 1838 жылға дейін Көкшетау мен Ақмолаға кіретін жеті сыртқы округ құрылады. 1830 жылы Ақмола бекінісінің негізі қаланды. Патша өкіметі Орта жүз қазақтары мекендеп отырған стратегиялық маңызы күшті жерлерге осылайша өз қамал-тіректері мен әскери күштерін орналастырды. Ресей империясының осындай заңсыз саяси акцияларына қарсы Қасым сұлтан мен оның балалары Есенгелді мен Саржан сұлтандар, Сартай сұлтандар қарулы қарсылық көрсетті.[3,б. 54] Ал 1837-1847 жж.бұл қарулы қарсылықтар – қазақ елдігін қалпына келтіру жолындағы Кенесары Қасымұлы бастаған жалпыұлттық сипаттағы ұлт – азаттық қозғалысқа ұласқаны мәлім. Ақмола-Көкшетау өңірінде Кенесарыға оның қозғалысына байланысты киелі-қасиетті,тарихи нысаналы жерлер көптеп ұшырасады.

Кезіндегі Қараөткел аймағы, Ақмола шатқалы өз атауын төбесінде ескі мола (ақ мазар) орналасқан әктік шоқыдан алған.

1832 жылы Омбы облысының құрамында Ақмола сыртқы округі құрылды. 1835 жылы округте 15 қазақ болыстары, адам саны 71262 және бір орыс елді мекені, тоғыз ағаш үйі, бір жел диірмені болды.[1,б. 62]

1837 жылы Көкшетау мен Ақмола арасында қорғаныс тоскауылдары салынды. Казачество қоныстарына ең жақсы, жайылымдарға бай жерлер енді. XVIII ғасырдың ортасында басталған казактардың көшуі XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін жалғасты.

1845 жылдан бастап Ақмола сыртқы округінің орталығы Ақмола бекінісі казактардың станицасы болды. 1862 жылы станица қала деңгейін алды.

1868 жылы бекітілген Орынбор, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының далалық облыстарды басқару жайлы уақытша жағдайына сәйкес, басқалардың қатарында 1868 жылдың 21 қазанында Ақмола облысы құрылды. Оның құрамына бастапқыда Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы, Сарысу (1878 жылдан - Атбасар) уездері кірді. Облыс Степной генерал-губернаторлығының құрамында болып, орталық және солтүстік Қазақстанның ұланғайыр жерлерін иеленді. Облыстың ең ірі қалаларының санатына Ақмола, Көкшетау, Атбасар қалалары енді .

Бірінші дүние жүзілік соғыс, одан кейінгі ұлт-азаттық көтерілістер, революциялық дағдарыс 1917 жылғы Ақпан революциясына әкеп соқтырды. 1917 жылдың 3 наурызында Ақмола телеграфтары патша билігінің өз тағынан бас тартуы туралы хабарлама қабылдады.

1917 жылдың сәуір мамыр айларында Ақмолада жұмысшы, шаруа және солдат депутаттар Кеңесі құрылды.

1920 жылдың 20 тамызында Қырғыз (Қазақ) АССР құрылды, оның құрамына Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл уездері кірді. 1921 жылы 25 сәуірде орталығы Петропавл қаласы болған Ақмола губерниясы құрылды. Оған Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл және Черлак уездері енді (соңғысы кейін оның аймағынан шығарылды).

Ол кездері Ақмола уезі 75 болыстан тұратын, Атбасарда - 51, Көкшетауда – 63 болыс болды. Уездер территориясы қазіргі Ақмола, Жезқазған, Қарағанды, Торғай жерлерініңт едәуір бөліктерін құрды. Келесі жылдары уездік болыстардың үлкеюі басталды.

1928 жылдың 17 қаңтарында КазЦИК-тің 2-ші сессиясымен республиканың әкімшілік-территориялық бөлінісінің жобасы бекітілді.[4,б. 27] Ендігі жерде республикада 13 округ және 180 аудан болды. Солардың ішінде орталығы Ақмолада орналасқан, 15 ауданнан тұратын Ақмола округі еді. Бұл округ Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Павлодар уездерінің территориялық бөліктерінен құрылған. Оның ішіне мына аудандар кірді: Азат ауданы, орталығы Домбыралы шатқалында, Ақмола орталығы Ақмолада, Атбасар орталығы Казгородок поселкесінде, Қарағанды орталығы Көк-Өзек поселкесінде, Коммунистік орталығы Николаев ауылында, Қорғалжын орталығы Қара Төбе шатқалында, Пролетар орталығы Дон ауылында, Промышленный орталығы Болыше Михайлов ауылында, Революционный орталығы Ақмолада, Социалистік орталығы Атбасар қаласында, Сталин орталығы Алексеев ауылында, Еркеншілік орталығы Торғай шатқалында.

1932 жылдың 20 ақпанында Қазақстанда алты облыс құрылған. Жоғарыда аталған бұрынғы Ақмола округінің аудандары Қарағанды облысына кіріп, орталығы Петропавл қаласы болды. 1935 жылдың 9 қантарында Вишнев ауданы Вишнев ауылындағы орталығымен, Калинин Журавлев ауылындағы орталығымен, Молотов Балкашино ауылындағы орталығымен құрылды. Сол кездері Есіл ауданының орталығы Қима ауылына көшірілді, Қорғалжын Казгородок поселкесіне, Еркеншіліктікі Благодатное ауылына қарады.

1936 жылдың 29 шілдесінде Қарағанды облысы орталығы Қарағанды қаласы болған Қарағандыға және орталығы Петропавл қаласы болған Солтүстік Қазақстан болып үлкейді. Қарағанды облысына Ақмола, Вишнев, Қорғалжын және Еркеншілік аудандары, сонымен қатар сол кездері құрылған Новочеркасск ауданы қосылды, Солтүстік Қазақстан облысына Атбасар, Есіл, Макин, Молотов және Сталин аудандары енді.

1939 жылы 14 қазанда СССР Жоғары Кеңесінің Президиумы орталығы Ақмола қаласында болатын Ақмола облысының құрылуы жөнінде шешім қабылдады. Оның құрамына Ақмола, Арық-Балық, Вишнев, Есіл, Зеренді, Калинин, Малин, Молотов, Новочеркаск, Рузаев, Сталин, Шортанды, Еңбекшілдер, Еркеншілік аудандары және Степняк қаласы да кірді. 1941 жылы 5 қарашада Ақмола облысына Қарағанды облысынан Қорғалжын ауданы берілді. Никита Сергеевич Хрущевтің әпербақандық шешімімен 1960 жылы Тың өлкесінің астанасы Целиноград болып өзгергені де тарихта белгілі, кейін 1994 жылы ежелгі атауы қайтарылды. Сонымен қатар, бәріміз білеміз 1944 жылы Көкшетау облысы құрылып, әкімшілік өзгерістер болды, ал 1997 жылы ол облыс жабылып, алғашында Солтүстік Қазақстан облысына, кейін Ақмола облысына беріліп , ал 1999 жылдан облыс орталығы Көкшетауға ауысты.[5,б. 66]

1920-50 жылдары Ақмола өңіріне Кеңес Одағы жоғары партиялық-мемлекеттік басшылығының ұйғарымымен көптеген ұлт өкілдері жер аударылды, лагерьлер ашылды. Елді ашаршылық жайлады, босқындар «іш жаққа», Сибкрайға қашты, дін өкілдері құдаланып, күштеу тәркілеу саясаты жүргізілді. Ол жылдар туралы айғақтар жетерлік. Лагерьлер мен барактардың орны, тұтқындардың жерленген зираттары, қамаудағылардың қолымен салынған құрылыстар, естеліктер, суреттер, тұтынған заттары, жазылған кітап-мақалалар баршылық. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған Ақмола облысы бойынша «Халық жады» кітабы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссия жұмысының қажырлы еңбегі. Айта кету керек осынау тақырыпта біздің ел-жер туралы әлі мұндай зерттеу болған жоқ.

Авторлар ұжымы алдарына мынадай мақсат қойды. Обьективті түрде жан-жақты сол кезеңдегі оқиғаларды куәгерлердің айтуымен айна қатесіз кітап бетіне түсіру, естеліктер негізінде қоғам өміріндегі саяси-экономикалық, әлеуметтік өзгерістерді анықтау, өңірлік ерекшеліктеріне баса көңіл аудару. Сауалнама негізінде жүргізілген зерттеулер арқылы респонденттердің туыстары мен жақындарының бастан кешкен оқиғаларын, тағдырын, психологиялық жан жарақаттарын, тәлкекке түскен өмірлерін көз алдыңа елестетесің. Эмоциалды, субьективті түрде баяндау басым болса да, ауызша естеліктер арқылы сол дәуірмен кездескендей боласың, өткеніңді сол уақытты бастан кешкендер арқылы өзің жадыңнан өткізесің, адамдардың қазіргі заман тұрғысынан түсінігін пайымдайсың. Ғасыр трагедиясы жеке адам арқылы қалай қабылданғанын түсінуіңе

болады. Әрине сол кезеңнен бері көп уақыттың өткені, куәгерлердің де көп жәйттерді ұмытқандығы бар екендігін ескерген жөн. Айталық, Көкшетау қаласының тұрғындары, ақсақалдар Шияп Шарапұлы Әлиев, Қайыргелді Киіков, Асланбек Алауддинович Кодзоев, Герихан Ибрагимович Яндиев, Ақкөл ауданынан Варсул Михаил, Сер Купин, Бұланды ауданынан Герисханова Зарета, Брусеевич Клементий, Бурабай ауданы Кенесары ауылының тұрғыны Саутова Кәмәл Тұяққызы, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының тұрғындары Ранн Галина, Бекболатов Амангелді Әйткенұлы, Зеренді ауданы Баратай ауылынан Фрида Кем, Нығметжан Зәкірин, осы ауданның Еленовка, Приреченское ауылдарынан Қалима Хамитқызы, Стока Наталья Владимировна, Сандықтау ауданынан Виноградова Галина Ивановна, Қорғалжын ауданынан Батыржан Жаров, Степногорск қаласынан Екатерина Краус, Аршалы ауданынан Владимир Махмудович Биджиев, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданынан Нұрпейісов Алданыш және тағы басқалары көптеген оқиғаларды, көзбен көрген жәйттерді, беймәлім оқиғалардың бетін ашты. Олар Кеңес заманында жоғарғы жаққа сауал жазып жақындарының тағдырын білуге ұмтылған, хат жазысқан, өз беттерінше түсінуге тырысқан, бірде жауап алған, кей жағдайда ешқандай хабар ала алмағандарын айтады, әлі де үміттерін үзбей , мемлекеттік комиссия жұмысына сенім білдіретінін айтады. Мысалы Зеренді ауданының тұрғыны, бүгінде жасы жетпіске таяп қалған Даргенова Алма апайымыз өзінің нағашысы, кезінде елде ауқатты тұрған Қашаған қажының ұрпақтарының қудаланып, Сібірге жер аударылып кейін 1932 жылы елге қашып келгендігі туралы аянышты баяндайды. Сонымен қатар, жер аударылған ұлты неміс Фраш Рихардтың отбасын кезінде Сарыкөл ауылынан Қасым Жаманбалаұлының асырап алып, үйлі-баранды қылып, оқытып, өсіріп жеткізгенін еске алады.[6,б. 15]

Аталмыш уақытта, Ақмола өңірінің басқа аймақтардан ерекшеліктерін де айтып кетуімізге болады. Біріншіден, осынау үлкен алқаптың тарихи жағынан көп ұлтты болып қалыптасқандығы, патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, казачествоның қоныстануы, кейінгі күштеп жер аударулар нәтижесі, екіншіден, сонымен қатар тау-кен орындарының, шахталардың мол болуы, яғни олардың қажеттіліктеріне арзан еңбек күші мүмкін болғандықтан үлкенді-кішілі еңбекпен түзеу лагерьлерінің ашылуы, орналасуы, оларда жазасын өтеушілер мен әскери тұтқындардың да жұмыс істеуі, үшіншіден, өзен-көлдердің отырықшылық өмір салтына бейім болып, ол жерлерге келімсектердің берілуі, нәтижесінде жергілікті халықтың сусыз-шөлейтті жерлерге ығыстырылуы, кейін аштыққа ұласуы, жаппай босқындық пен бас көтерулердің орын алуы, төртіншіден, орыс халқымен аралас тұрғандықтан орысша оқып, кейін қоғамдық-саяси, ағарту, сауда салаларында оқыған қазақ азаматтарының белсенді болуы, отарлау, орыстандыру, шоқындыру саясатына қарсы күресте шыңдала, бәсекелесе, намыстана өсіп Омбы, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, Атбасар қалаларында оқып сауатын ашқандар көп еді, кейін біразы ел басқару ісінде болып, қудалауға ұшырағанды. Тарихта өңірде діни сенімділіктің де халық арасында берік орнағандығын, дін жолындағы ірі тұлғаларды да білеміз, олар Науан хазірет (Наурызбай Таласұлы), Шәйкен молла (Шәймерден Қосшығұлов), Әлиасқар Айтқожаұлы, Сәкен қалпе (Сәдуақас Ғылмани), «Тоғыз әулие» зиратындағы зиялылар, Жанбатыр, Тіржан қажылар, Момақан Әлиев және тағы басқалары. Міне осынау ерекшеліктердің бәрі осы еңбекті жазарда ескерілді.

Жалпы естелік кітап әдістемелік нұсқаудың талабына сай жазылды. Сауалнамада еске алу санатына сәйкес оқиғаның болған жері, уақыты, мазмұны, зардап шеккен адам болса аты-жөні, туған күні, жері, ұлты, азаматтығы, ақпарат берушінің мекен-жайы, байланысы толық көрсетілген. Мүмкіндігінше Ақмола өңірінің барлық аудандарын қамтуға тырыстық. Сауалнамалық ережеге сай болмаған жағдайда естелікті баяндау әдісі бойынша да қағаз бетіне түсірдік. Әрбір еске алу мазмұны ғалымдар тарапынан ғылыми - обьективті, этикалық, сауаттылық сараптамасынан толық та мұқият өтіп отырды. Болған оқиғалардың қаншалықты тарихи ақиқатқа жанасатындығына да жете көңіл бөлінді. Жинақ алғы сөзден, кіріспеден, негізгі мазмұннан, қортынды мен қосымша деректерден тұрады. Респонденттермен сауалнаманы, естеліктерді жинаумен саяси қуғын- сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Ақмола облыстық комиссиясының мүшелері, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ғалымдары Ақбота Бексейітова, Алмагүл Кушпаева, Марат Өтегенов, Айнұр Шүкеева, Ғалымтай Төлепбергенов, Жансая Осипова, Ақан Шәріпов, Раушан Жүсіпова, Арғын Сәлімов, облыстық архив қызметкері Назира Есеновалар айналысты.

Жинақты құрастырушылыр аталмыш еңбектің зерттеушілер қауымы мен қалың оқырмандардың тиісті назарын аударады деген сенімде.

Ақмола облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның үйлестірушісі Сейтқасымов Аманбай Асылбайұлы.

Төменде “Ақмола өңіріндегі қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы “халық жады” жинағының мазмұны көрсетілген:[4,б. 121]

	АЛҒЫ СӨЗ	3
	КІРІСПЕ (регкомиссия төрағасынан)	5
	ҚҰРБАНДАР МЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРДІҢ САНАТТАРЫ	
1	БАЙ, КУЛАКТАР, ЖАРТЫЛАЙ ФЕОДАЛДАР (ОРТА ШАРУАЛАР), ШАРУАЛАР	11
2	КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ, ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ, ЕТ ДАЙЫНДАУ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ХАЛЫҚҚА ҚАРСЫ КАМПАНИЯЛАРДЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ	27
3	ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ МӘЖБҮРЛІ БОСҚЫНДАР	
	А) Санат: Кеңес Одағы шегіндегі босқындар	73
4	ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАР МЕН АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРЫЛҒАНДАР	83
5	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГУЛАГ ЛАГЕРЛЕРІНІҢ ТҰТҚЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ	201
6	ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАТТЫҒЫ, ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ТҰТАСТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕНДЕР	236
7	ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫН-ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР (1939-1945 ЖЖ.)	362
8	ДӘСТҮРЛІ ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨКІЛДЕРІ	384
	ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	412
	АТАУЛЫ КӨРСЕТКІШ	413

Жинақты жасау барысында 100-ден астам адамнан сұхбат алынып,түрлі дереккөздер мен мұрағат материалдары пайдаланылды.Тәуелсіз Қазақстан осы заманғы өркениетті демократиялық, құқықтық мемлекет қалыптастыруға ұмтылып келе жатқан Орталық Азиядағы жетекші мемлекет санатына кіреді. Қазақстан соңғы жүз жыл ішінде үш түрлі саяси режимді басынан кешірді: имперлік патшалық ресей, кеңестік империяның тоталитарлық коммунистік режимі, тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі саяси режим жүйесі. Осы саяси режимдер ішінен барлық КСРО мемлекетін мекендеген халықтар үшін, соның ішінде ұлтының жартысынан астам пайызы қырғыншылыққа ұшыраған, ұлт зиялысынан түгелге жуығынан айырылған қазақ халқы 1930 шы аштық зұлматы мен 1937 - 1938 және 1950- ші жж. саяси қуғын-сүргіннің зардабын ерекше тартқан ұлт болып табылады. Тәуелсіздігіміздің алғашқы самалы ескен шақта академик, тарих ғылымдарының докторы Манаш Қозыбаев бұл қазақ тарихындағы қазақ халқының басына төтенше түскен нәубеті мол, зұлматты кезеңде қазақ халқына қатысты геноцид саясаты орын алды, деген өз бағасын берген болатын. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың осы уақытқа дейін бірнеше кезеңі болды. Бірінші кезең Сталин дәуірі аяқталған 1956 -1958 – ші жж. қамтиды. Бұл кезеңде коммунистік режимге қызмет еткен саяси тұлғалар толықтай ақталды, ал комунистік әлеуметтік-саяси эксперементтің опоненттері болған алашордашылдар секілді ұлт-азаттық қозғалыс өкілдері, бай тап пен дін өкілдері, еріксіз тұтқын болған әскерилер ақталуға тиісті емес, санаттарға жатқызылып, олардың ісі жабулы күйінде қала берді. Коммунист емес, Мағжан Жұмабайұлы сияқты ақын –жазушылар тек азаматтық жағынан ақталып, саяси жағынан ақталмады. Оның басты себебі Сталиндік қатаң тоталитарлық «казармалық социализм» дәуірінен соң, оның орнына, Хрущев «жылымығынан» кейін социализм мен тоталитарлық жүйенің жұмсартылған нұсқасы орнықты. Бірақ, бұл режим де социалистік құндылықтарды,таптық-коммунистік принциптерді көзінің қарашығындай қорғады. Социализм жолынан «тайғандарды» қатаң қайтадан «түзу» жолға салып отырды. 1956 жылғы Венгриядағы, 1968 жылғы іске аспай қалған «Прага көктемі» осының нағыз айғақтары еді. Басқаша ойлайтындарға қатысты репрессиялар оқтын-оқтын әртүрлі формада қайталанып отырды.

Ешқандай басқаша ойлауға жол берілмеді. Осы принцип репрессия құрбандарын ақтауда да жұмыс істеді. Сондықтан, жазықсыз жазаланып жапа шеккендерді толықтай ақтау күні кешеге дейін өте шектеулі қалыпта болып келді.[7,б. 162]

Екінші кезең КСРО ыдырай бастаған уақыттан бастап яғни 1988-1993 –ші жж. аралығында жүргізілді. КСРО құрамынан бөлініп, еуропалық интеграция үдерісіне қосылған Балтық елдері

мен Украинада бұл үдеріс толықтай шегіне жеткізіліп, тоталитарлық коммунистік режимнің ұзақ жылдарға созылған, адамгершілікке жат, аса қатыгездікпен жасалған қылмыстарына саяси,тарихи, құқықтық дәрежелерде тиісті бағалар беріліп, тоталитарлық коммунистік режим құрбандарының есімдері толықтай ақталып, аштық зұлматы мен жаппай жазалау, қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштер ашылып, өткен коммунистік режим қалдырған ауыр мұралардан құтылып, бүкіл қоғам, ел,мемлекет болып, рухани арылу үдерісінен өтті.

Тоталитарлық режимнің адамгершілікке жат қылмыстарының астраномиялық көлемдегі сипатына байланысты жоғарыда айтылған елдерде зерттеу,анықтау, ақтау жұмыстарының ұзақ мерзімді бағдарламалары қабылданып іске асырылуда. Бізден өзгешелігі Украинада осы жұмыстарды атқару үшін керекті қаржы орталықтанған мемлекеттік бюджеттен Жоғарғы Рада – Парламентте бекітіліп отыр. Бұл өз кезегінде Бұл елдерде қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтауға қаншалықты мемлекеттің маңыз беріп отырғандыын көрсетеді емес пе?

Посткеңестік елдердің бірқатарында авторитарлық тенденциялар белең ала бастаандықтан 1995 жылдың екінші жартысынан бастап бұл үдеріс тежеле бастады, 1988-1991 жж. ашылған құжаттар қайтадан арнайы қорларға алынып, тарихшы,зерттеушілер жұмысына қайтадан шектеулер қойылып тасталынды. Өкінішке орай, мемлекет басшысы Президент Қ. Тоқаевтың осы мәселеге байланысты шығарған арнайы пәрменіне қарамастан ішнәрә осындай тенденциялар өкінішке орай Қазақстанда да сақталып, комиссия жұмысына елеулі кедергілер жасауда.[7,б. 159]

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мәселе 2021 жылдан бастап қайтадан қоғам, мемлекет үшін өзекті мәселеге айналды. Біздің қазақстандық қоғам коммунистік идеоология мен кеңестік режимнен мұраға қалған идеологемдерден арылудың өте күрделі үдерісін бастан кешуде. Осы уақытқа дейін ақталуға жатқызылмай келген кәсіпкер,бай,молла болғаны үшін, өз ұлтының тілі мен мәдениетін қорғауға талпынғаны үшін «ұлтшыл» атанған, КСРО халықаралық соғыс жүргізудің әдеп-дәстүрі мен ережелеріне қол қоймағандықтан әскери тұтқын лагерлерінде босқа өліп кетпей, түркістан легионына жазылғаны үшін «сатқын» деп айыпталаған Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарын ақтай бүгінгі күнге дейін ақталмай, тиісті бағалары берілмей келді.[2,б. 214]

«Өмір стилінің» жалпы категориясын М. Дингес «жүріс-тұрыстың қоғам ұсынатын нұсқаларын таңдайтын индивидтар мен топтардың салыстырмалы түрде қалыптасқан шешім түрлері» ретінде анықтайды. Индивидтер, топтар немесе қоғам өмір стилін мақсатты бағытталған түрде өсіруі мүмкін, нәтижесінде өзінің әлеуметтік айырмашылығын белгілеп, өзінің бірігейлігін қалыптастыра алады. «Өмір стильдерін» олар «өмір сипатының уақыт пен кеңістікте құрылымданған, ресурсқа (материалды және мәдени), отбасы мен шаруашылық түріне, құндылық ұстанымдарына тәуелді» ретінде түсінеді. Ресурстар өмірлік мүмкіндіктерді, әр берілген жағдайда таңдау мүмкіндігін анықтайды; отбасы мен шаруашылық түрі экзистенциальды баспаналық, тұтынушылық ошақтың сипаттамасы болып табылады; құндылық ұстанымдары басты өмірлік мақсаттарды анықтап, менталдылықты қалыптастырады.

М. Дингес атап өткендей, өмір стилі теориясы әлеумттік құрылымдардың кешендік талдауын мүмкін ете түседі. Осы арқылы индивидтер мен топтардың құрылымды қалыптастырушы әсері бар жүріс-тұрысын, дәл осылай керісінше әлеуметтік құрылымдардың адамдардың жүріс-тұрысына әсері анықталады. Бұл жағдайда тұрақты нұсқалармен қатар жүріс-тұрыстың өзгермелі формаларын назардан тыс қалдырмаған жөн. Себебі, олар келесі тарихи өзгерістердің шығу нүктесі болып табылады. Нақты жағдайлардағы нақты тарихи объектілердің жүріс-тұрысын зерттеуде жүріс-тұрыс стилін қарастыру нәтижелі болса, өмір стилін талдау тікелей әлеуметтік топтар мен тұтас қоғамдарды зерттеуге алып келеді [15].

«Күнделікті өмірдің мәдени тарихындағы» жүріс-тұрыс стилі теориясының нәтижелілігін көрсету үшін автор оқырман назарын таңдалған стратегияның (жүріс-тұрыс стилі) қоғам шеңберіндегі ықпал етуді бөлу құрылымына әсер ететін кері іс-әрекетіне назар аударады. Неғұрлым кеңірек «өмір стилі» (ол әдетте жүріс-тұрыстың бірнеше стилінен құралады)

категориясын қолдану әлеуметтік-мәдени репродукцияның механизмдерін, сонымен қатар құрылымдық өзгерістер процесін де табуға мүмкіндік береді.

Күнделікті өмір – қоғамдық болмыс процесінде бұрыннан бар мәдени нормалар, стандарттар және құндылықтардың іс-тәжірибеде жүзеге асырылуы және индивид пен әлеуметтің өмірлік тәжірибесі арқылы жаңаларының қалыптастырылуы. Ол мамандандырылған және қарапайым іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінің үндесуі арқылы көрініс тапқан. Бұл іс-әрекеттер құндылық бағдарларынан шығады. Адам осы жерде және қазіргі уақытта бүгінгі күнді, сонымен қатар бүгінгі күнге таңбасын қалдырған өткенін тірідей күйдегі қабылдауда субъективті және объективті түрде бастан өткереді. Өткен мен бүгіннің бұл үздіксіздігі мен өзара шарттылығы болмыстың бейімделушілік-әрекеттілік және құндылықтық-мағыналық, конструктивті-жасампаздық және тұрақты-дәстүрлік аспектілерінде қалыптасады. Күнделікті өмір әмбебап құндылықтарға ие: күнделікті өмірден тыс өмір салалары жоқтың қасы. Адам барда, күнделікті өмір де бар. Ол әлеуметтің ұжымдық өміріндегі «ойын ережелерінде»: мотивациялар, әлеуметтік стратегиялар, нормалар мен ережелер, бейімделу әрекетінің стандарттары, адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланыс пен ұйымдасуы, құқық, дәстүр, әдет, қабылдау және жүріс-тұрыс стереотиптері, талғам, бағалау, шығармашылық, еңбек, демалыс формасы және этнос, әлеуметтік-мәдени микротоп пен индивидтердің қоғамдық жүріс-тұрысының басқа реттеушілері арқылы қоғамдық болмыс процесінің әр тарихи сәтінде көрініс береді. «Өмір салты» бұл аспектілердің барлығын күнделікті өмір болмысының формаларында жүзеге асыру әдісі ретінде біріктіреді. Күнделікті өмір қоғамдық болмыстың іс-тәжірибесі. Ол элементарлы рефлексия арқылы қалыптасып, әдеттегі өмірдің рефлексивтелмеген бөлігімен бірге өз ерекшелігін алып жүреді. Мәдениет адамның күнделікті өмірінде ғана жүзеге асатындықтан, олар бөлінбейді және күнделікті өмір жайлы айтқанда үнемі мәдениетке айналып келуге тура келеді. Күнделікті өмірде әдеттегі және мамандандырылған мәдениет біріктірілген. Сонымен қатар, мәдениеттің мамандандырылған жоғары деңгейі – кәсіби мәдениет пен шығармашылық, әлеуметтік-мәдени қабаттардың бірқатарының еңбек әрекетінің бір түрі, демек күнделікті өмірінің бір бөлігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Фрейд З. Психопотология обыденной жизни / пер. с нем. – М.: Аст, 2009. – 251 с.

Ионин Л. Г. Социология культуры: учеб. пособие для вузов. 4-е изд., перераб. и доп. - М.: Изд. дом ГУ ВШЭ, 2004. - 427 с.

Безгин В.Б. История сельской повседневности. – Тамбов: ТГТУ, 2008. – 88 с.

Ноговицын О.Н. Феноменология повседневности: теория социального конструирования реальности: текст лекции. - Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский гос. ун-т аэрокосмического приборостроения, 2006. - 39 с.

Шюц А. Избранное: Мир, светящийся смыслом / Пер. с нем. и англ. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2004. — 1056 с.

Бергер П., Лукман, Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. /Т. Лукман, П. Бергер — М.: «Медиум», 1995. — 323 с.

Бродель, Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм.XV – XXVIII вв. Т.1. Структуры повседневности: возможное и невозможное / Ф. Бродель. – М.: Весь мир, 2007. - 591 с.

Хёйзинга Й. Осень Средневековья / Сост., предисл. и пер. с нидерл. Д. В. Сильвестрова; Коммент., указатели Д. Э. Харитоновича. СПб.: Изд-во Ивана Лимбаха, 2011. — 768 с.

Хайдеггер М. Бытие и время; Пер. с нем. В.В. Бибихина. — Харьков: «Фолио», 2003. — 503 с.

Лотман Ю.М. История и типология русской культуры / Ю.М. Лотман. – СПб.: «Искусство-СПб», 2002. – 769 с.

Кром М.М. Повседневность как предмет исторического исследования (вместо предисловия) // История Повседневности. Сборник научных работ. (Серия «Источник. Историк. История»). Вып.3. / Отв.ред. М.М.Кром. СПб.: Изд-во Европейского ун-та, 2003. С. 7 – 14.

Марков Б.В. Культура повседневности / Б.В. Марков. – М.: Питер, 2008. – 352 с.

Людтке А. Что такое «история повседневности»? Ее достижения и перспективы в Германии // Социальная история. Ежегодник. 1998/1999. - М: 1999. – С. 77-100.

Беловинский Л.В. Культурно-исторические аспекты повседневности: Содержание, структура и динамика: диссертация ... доктора исторических наук. - Москва, 2003. - 344 с.

Дингес М. Историческая антропология и социальная история: через теорию «стилей жизни» к «культурной истории повседневности» // Одиссей. Человек в истории. 2000: История в сослагательном наклонении? – Москва: Наука, 2000. - С. 96 – 124.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Ілден Н.Е. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
тарих факультетінің магистранты
Қазақстан Республикасы Қарағанды қ.
E-mail: narsha-1997@mail.ru

Музей - мәдени-тарихи құндылықтарды сақтайтын, жәдігерлер арқылы мәліметтерді жинақтап ата-бабамыздан қалған мұраларды зерделеп өскелең ұрпаққа мирас етіп қалдыратын, ескерткіштер арқылы білім беретін, көп қырлы әлеуметтік ақпараттар институты. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы халқымыздың тарихын, мәдениетін музей арқылы жаңа қырынан зерттейтін мүмкіндіктер туды. Тарихымызды қайта қарап оны экспозицияда жаңа тұрғыда көрсету, насихаттау музей саласына жана серпілістер әкелді. Археологиялық және этнографиялық экспедициялардың жұмысы жанданып музей жәдігерлері жаңа құнды тарихи деректермен толықтырылуда. Ол ұлтымыздың әлі де зерттелмеген тарихын ашуға мүмкіндік береді деген сөз [1, 28 б.].

Бүгінгі таңда музейлер қоғамдық және мәдени қайшылықтарды теңестіреді және тұрақтылық қалыптастырады. Сонымен қатар, келушілерге музейден тыс жерде алуға болмайтын ерекше атмосфера мен тәжірибе береді. Музеймен аймақтық өмір сүру тәсілдері өзгеруде. Өмір сүру жағдайларының, дүниетанымының өзгеруімен анықталады. Қазақстан тарихының өзіндік мәдени іздері бар. Олар туралы естеліктер музей кеңістігінде көрініс тапқан.

Қарағанды облысы осы күнге дейін Қазақстанның ең ірі аймақтарының бірі. Оның тарихи маңызы, экономикалық жағдайымен және ресурстармен байланысты. Ол құрылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін қарқынды даму үстінде. Облыс аумағы өзгермелі шекаралар мен атауларға қарамастан, Қазақстан және әлем деңгейінде материалдық және рухани мұралардың бірегей ескерткіштері шоғырланған мәдени кеңістік ретінде қалыптасты.

Айтылған пікірлердің дәлелі ретінде, біз келесі мәселелерге тоқталамыз. Біріншіден, ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін Қарағанды облысының аумағы бірегей саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени бірлестік ретінде қалыптасты.

Екіншіден, бұл аймақ тарихи-мәдени мұраға бай болғандықтан, оның дамуында музейлер үлкен рөл ойнайды. Аймақтағы музейлер ісінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастыра отырып, әлеуметтік-мәдени бағыттағы заманауи музей жобаларының мазмұны мен нысандарын, жергілікті мұраны ұсыну, қорғау және насихаттау мәселесіне назар аудару керек .

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметін кешенді талдау негізінде, жергілікті халық арасындағы ағарту, мәдени мұраны сақтау, қорғау және дәріптеу, мәдени дәстүрлерді қолдау мәселелеріндегі олардың маңызы анықталды.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қалыптасуына тоқталатын болсақ. Қарағанды облыстық тарихи-өлкенату музейі Қазақстандағы көне музейлердің бірі болып табылады. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің тарихы 1932 жылы 10 наурызда құрылған Қарағанды облысының тарихымен тығыз байланысты. 1932 жылы 7 қарашада РКФСР көмір халық комиссариатының 11 ақпандағы №27 бұйрығына сәйкес политехникалық музей болып ашылды. Оның ашылуы барысында Мәскеу политехникалық музейі үлкен көмек көрсетті. Мәскеуден тау-кен техникасының үлгісі әкелініп, жергілікті материалдармен толықтырылып, экспозицияға қойылды. Музейдің алғашқы директоры болып сол уақыттағы Қазақстан Орталық музейінің қызметкері Қарағандыға политехникалық музейді ұйымдастыру үшін жіберілген Бекметов Рафик тағайындалды. Экспонаттардың аздығынан, жоғарғы жақтан көмектің болмауынын және музей қызмектерлерінің тәжірибесіздігінен музей келушілер үшін уақытша жабылып, ал ғимарат бөлмелерінің тарлығынан, қолайлы жағдайдың болмауынан және үнемі көшіп-қону салдарынан музей экспонаттарына зиян келтірді [3, 145 б.].

Музей қоры 1936 жылы КСРО ҒА жіберген экспедициясының пайдалы қазбалар коллекциясымен толықтырылды. 1938 жылы музейге облыстық өлкетану музейі статусы беріліп,

табиғат, тарих және социалистік құрылыс бөлімдері ашылды. 1937 жылы Бекметов Р. музейдегі қызметін аяқтап, оның орына музей ісінде тәжірибесі мол Л.Ф.Семенов директор болып тағайындалды. Музей Үлкен Михайловка елді мекеніндегі 1 қабатты ғимаратта орналасты. Алғашқы жылдармен салыстырғанда музей ісінде үлкен өзгерістер орын алды. Музей мемлекеттік мекемелер жүйесіне кіріп, өлкенің тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтайтын негізгі орынға айналды. Тұрғындарды музей ісіне араластыру міндеттері шешілді. Музейдің қор және жинақтау жұмыстары жақсарды. Ақмола музейі қазақтың ұлттық киімдерін, сауыт, жайнамаз және облыс территориясынан табылған жануарлардың сүйектерін музейге табыс етті. Геологиялық топтың жүргізген жұмыстары нәтижесінде музейге 200-ден астам тау минералдары коллекциясы тапсырылды. Еңбекші депутаттар қалалық Кеңес атқарушы комитеті музейге жаңа Қарағанды қаласының макетін табыстады [4, 67 б.].

Облыс территориясындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу мақсатында Мәскеуден келген профессор С.В.Киселев жетекшілігімен жүргізілген экспедиция музейдің ғылыми мекеме ретіндегі деңгейін көрсетеді. Ол қола дәуірінің 15 қорымын зерттеп, андрон мәдениетінің құнды ескерткіштерін тапты. Қазба жұмыстары Қарқаралы ауданы Бесоба елді мекенінде жүргізілді. Осы жылдары музей Қарқаралы қаласында, ауылдық жерлерде, кен орындарында үгіт-насихат жүргізумен және жылжымалы көрмелер ұйымдастыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлді. Алғашқы жылдарда музей қорында 712 жәдігер болды. 7 адам қызмет жасаған [2, 125 б.].

Музей қолданысында фотолаборатория, жіңішке ленталы киноаппарат, диапроектор және патефон болды. 1962 жылы музей қоры академик Ә.Х.Марғұлан бастаған ҚазКСР ҒА Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеу нәтижелерінде табылған қола дәуірінің экспонаттарымен толықтырылды. 1964 жылы ҚазКСР Мәдениет министрлігінің 17 қыркүйектегі бұйрығымен өлкетану музейі тарихи-өлкетану музейі болып өзгертілді. 1965 жылы этнографиялық экспедициясының қорытындысы бойынша музей қоры қоныс аударушылардың этнографиясымен, тұрмыстық жәдігерлермен толық- тырылды.

1979 жылдан бастап музей С.Ерубаев көшесіндегі екі қабатты ғимаратта орналасты. Музейдің жана экспозициясының архитектуралық-көркемдік ұйымдастырылуын Ленинград бейнелеу өнері қоры жүргізді. 1999 жылдың 21 қаңтарында Қарағанды өлкетану музейіне «Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын» мәртебесі берілді [3, 101 б.].

Музей экспозициясы заман талабына сай 2 рет 2000-2002 және 2010-2011 жылдары қайта жаңартылды. 2000-2002 жылдардағы жаңарту бойынша музей экспозициясы 14 залда орналасты. 2010-2011 жылдары «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша облыстық музей ғимаратында 1800 шаршы метр аумақты алып жатқан барлық экспозицияға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда музей 16 экспозициялық залдан тұрады. Бүгінде мұндағы залдар сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихи кезеңдерді баяндайды.

Экспозиция ҚР мемлекеттік рәміздердері орналасқан және де еліміздің тәуелсіздік жылдарында қабылдаған негізгі заңдар мен қаулылар көрсетілген кіріспе залынан басталады. «Жердегі тіршіліктің пайда болуы» залының экспозициясында – Қарағанды облысының аумағында мекендеген, қазып алынған ежелгі жануарлардың жойылып кеткен түрлерін растайтын экспонаттар қойылған. Орталық Қазақстанда мекен ететін құстардың, сүтқоректілердің және жануарлардың түрлері, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өлкенің жойылып бара жатқан және сирек кездесетін флорасы мен фаунасы көрсетілген «Табиғат» залы бар. «Археология» залында Орталық Қазақстан жерінде палеолит, неолит, қола және ерте темір дәуірлерінде өмір сүрген адамдардың тұрмыстық заттары қойылған. Ол экспонаттар - Орталық Қазақстан жеріндегі 600 тұрақты, қорғандарды, обаларды зерттеген Қарағанды археологтарының көп жылдық еңбектерінің нәтижелері болып табылады. «Қазақ халқының дәстүрлі қоғамы» залы Қазақ хандығының құрылуы, Қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихымен таныстырады. XVII-XVIIIғғ. Қазақ халқының Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күресі, Қазыбек бидің, Әбілқайыр ханның, Абылай ханның, қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі (1837-1847) және басқа саяси қайраткерлердің кезіндегі архивтік құжаттар ұсынылған. Сонымен қатар XVIII-XIXғғ. қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті өкілдерінің еңбектері қойылған. Бұкар жырау Қалқаманұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының т.б. қазақ рухани мәдениеті өкілдерінің еңбектерінен мағлұмат алуға болады. XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақтардың материалдық мәдениеті жөніндегі экспонаттар, оның ішінде қазақтың зергерлік бұйымдары күміс білезіктер мен жүзіктер, сүйекпен, асыл тастармен безендірілген қапсырмалар мен белдіктер қойылған. «Сақ мәдениеті» залында 2008-2010 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қарағанды облысы Қарқаралы

ауданы Талды-2 сақ жауынгері қорымынан табылған Алтын адам мен ерекше жәдігерлер көрсетілген. XX ғ. алғашқы ұлттық үкімет – Алаш-Орданың көрнекті өкілдері, қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермековтер туралы материалдар, 1905 жылғы «Қарқаралы петициясы» туралы мәліметтер, 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілістер кезіндегі тарихи мағұлматтар «XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық-демократиялық қозғалыстары» залында ұсынылған. «XX ғ. 20-30 ж.ж. өлкедегі тоталитарлық жүйенің құрылуы» зал экспозициясында Орталық Қазақстанда Кеңес өкіметінің қалыптасу тарихын көрсетілген. Мұнда сауатсыздықты жою, Қазақстандағы индустрияландыру тарихы, облыстың денсаулық сақтау саласын дамыту, XXғ. 20-30 жылдары өлкеде мәдениетті дамыту, Орталық Қазақстандағы ұжымдастырудың қайғылы салдары туралы архивтік құжаттар мен материалдар орналастырылған. «Қарағанды көмір бассейнінің құрылуы» залы Қарағанды қаласының құрылу тарихына, көмір бассейнінің құрылуы мен дамуына арналған. Зал экспозициясында 1920-1930 жылдардағы алғашқы геологтар А.А.Гапеев, З.П.Семенова, И.В.Орловтар туралы деректер берілген. XXғ. 30-шы жылдардағы бірегей суреттер, «Шатырлы қала», «Забойда» диорамалары Қарағанды қаласын алғашқы құрушыларының тұрмысы мен еңбек жағдайын көрсетеді. «XX ғ. 30-50 жж. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялылары» залының экспозициясында 1931 жылы құрылған Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің және қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының, қоғам қайраткерлерінің, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің архивтік құжаттары мен фотоматериалдары орналасқан. «Қарағанды облысы Ұлы Отан соғысы жылдары» залында жерлестеріміздің майдандағы және тылдағы ерліктеріне қатысты материалдар ұсынылған. Соғыс жылдары біздің өлкемізден майданға 60 мыңға жуық қарағандылықтар аттанды. 33 қарағандылықтар Кеңес Одағы Батыры атағын алды. Экспозицияда батырлардың құжаттары, фотосуреттері, жауынгерлік хаттары, жеке заттары қойылған. «Қарағанды және Қарағанды облысы XXғ. 40-80 ж.ж» залында Қарағанды облысының 1946-1980 жылдардағы даму тарихын көрсетеді. Осы кезде Қарағанды қаласы мен облыс Кеңес одағының ең ірі өндіріс және мәдени орталығының біріне айналды. 1970 жылдан Қарағанды – КСРО-ның үшінші көмір өндіруші аймағы болды. Қарағанды шахталарында бірнеше рет көмір өндірудің дүниежүзілік, жалпыодақтық, республикалық рекордтары жасалды. Музейдің 14-ші «Ғарыш» залы жерлесіміз, қазақтың тұңғыш ғарышкер-ұшқышы Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровке арналған. Экспозицияда Тоқтар Әубәкәровтың ғарышқа аттанар алдындағы фотосуреттері, жеке заттары, авиация құралдары қойылған. «Рухани жаңғыру» экспозициялық залы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласына, Қарағанды облысының қоғамдық, саяси, ғылыми және мәдени өміріндегі маңызды оқиғаларға арналған. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған залмен музей экспозициясы аяқталады. Экспозизияда орналасқан фотосуреттер мен құжаттар Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметін көрсетеді [4, 78 б.].

Музейде 4 бөлім: жалпы тарих, археология және этнография, қазіргі заман тарихы бөлімі, экскурсиялық-бұқаралық және қор бөлімдері жұмыс жасайды. Музейдің ғылыми-қор бөлімінің жұмысы маңызды. Музейдегі қор сақтау бөлімінің міндеті өзінің қорын жинақтау, оларды тіркеу, зерттеу, сақтау және пайдалану. Музей қорында 150 мыңға жуық жәдігер болса, оның 122177-сі негізгі қорды құрады.

Соңғы жылдары музей қызметінің белсенді дамып келе жатқан бағыттары:

- музей педагогикасы: музей ұсынатын мәдени-білім беру бағдарламалары мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, колледждердің, ЖОО арасында кеңінен қолданылады. Музей педагогикасы бағыты бойынша оқушылар мен студенттер өздерінің оқу орындарынан тыс тарих сабағынан экспозиядағы материалдар мен экспонаттардың негізінде қосымша ақпарттар ала алады.

- арнайы көрме қызметі: музей жылына 50-ден астам көрме ұйымдастырады. Әдетте, бұл Қарағанды қаласына, Қазақстан тарихына, тарихи тұлғаларға қатысты тақырыптық көрмелер.

- экскурсиялық қызмет: Негізгі шолу және тақырыптық экскурсиялар өнер мен білімге, тарих пен қоғамға, ғылымға, техника мен халық шаруашылығы салаларына, қаланың табиғи ортасына арналған.

Тағы бір айтып кететін мәселе, 2019 жылы басталған карантиндік шараларға байланысты музей жұмысын онлайн режимінде жалғастырды. 2020 жылы коронавирустық пандемия кезінде театрлар мен басқа да мәдени нысандар сияқты музейлердің де қызметінде айтарлықтай өзгерістер болды. Музей келушілерге экспозициялық залдар бойынша виртуалды экскурсияларды ұсынды. Пандемия кезінде адамдар музейге деген көзқарастарын түбегейлі өзгертті. Бүгінгі таңда онлайн

дәрістерге, бейне сабақтарға, шеберлік сыныптарына, вебинарларға сұраныс айтарлықтай өсті [4, 86 б.]

Музей жұмысының негізгі бағыттарын, оның жалпы қоғаммен және жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесуін көрсете отырып, біз Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі өлкенің тарихи-мәдени мұрасын сақтай отырып, өскелең ұрпаққа ұсынуда деп айта аламыз. Сонымен қатар музей жинаған, зерттеген жәдігерлерін сақтап, есепке алып қана қоймай оны бір ғылыми жүйеге келтіріп, ғылыми мақалар, экспозициялар, көрмелер, іс-шаралар, тұжырымдамалар жасап халыққа жеткізіп отыр. Алуан түрлі тұрақты және уақытша экспозициялар, мәдени-бұқаралық тақырыптық іс-шаралар, түрлі экскурсиялардың негізінде жергілікті тұрғындар мен қонақтарға өлкенің тарихын насихаттауда маңызды рөл атқарып отыр деп қорытынды жасауға болады.

90 жылдық тарихы бар Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі қашанда өз заманына сай қызмет етуде. Музей экспозициясының құрылымына жаңаша көзқарас қалыптастырып, халқымыздың әлі де болса ашылмаған тарихын жаңғыртып, өз дәрежесінде ел игілігіне пайдалану, әлемдік деңгейдегі музейлер қатарына көтеру музей қызметінің басты мақсаты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Темірғалиева К.Т., Аршабеков Т.Т. Тарих және мұражай. - Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия», 2007. – 168б.
Темірғалиева К.Т., Аршабеков Т.Т., Нұрмағанбетов Е.Н. Музей және тарих. – Қарағанды: «TENGRI LTD», 2017. – 623б.
Музей тарих айнасы. / Құраст.: М.Орыспаева, З.Тебаева, Г.Кударинова.– Қарағанды: «Гласир», 2012. – 196б.
Нұрмағанбетов Е.Н., Бейсенғалиева Г.Ж., Орыспаева М.Қ. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі 90 жыл. – Алматы: 2022. – 155 б.

ТАРИХ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

Юсупова Т.Қ., тарих пәні мұғалімі
Қарағанды қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
Yusupova_T@krg.nis.edu.kz

Тарихи жадыны сақтау мәселесі қазіргі уақытта әлеуметтік білімдегі ең өзекті және даулы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тақырыпқа деген қызығушылық көбінесе кез келген қоғамның жан-жақты дамуы үшін ұлттық мәдени мұраның тәжірибесін, жинақталған құндылықтарын, мінез-құлық үлгілерін сақтау және болашақ ұрпаққа жеткізу мәселелерін ойластыру қажеттігімен байланысты қарастырылады. Әрбір халықтың қазіргі әлемдегі орны оның өткен тарихи жолымен байланысты. Қазіргі ақпараттар тасқыны заманында мектеп оқушыларының жаңа білімді қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып білім беруді ұйымдастыруда тарихшы мұғалімдер қауымы тарихи жадыны қалай қалыптастыруда?

Біріншіден, тарихшы мұғалімге, басқа пәндер мұғалімдерімен қатар оқытудың заманауи қыр-сырларын меңгеру қажеттілігі бар. Мұғалімдерге оқушылардың пәнге қызығушылығын үнемі арттырып отыру, заманауи техникаларды меңгеріп, мемлекеттік стандартпен бекітілген білім деңгейіне сай білім қалыптастыра білудің өзі оңай іс емес. Зерттеушілер Уильям Штраус пен Нил Хау Z (зет) және Альфа деп атаған 2000 жылдардан кейін туылған балалардың ерекшеліктері олар интернетсіз, смартфонсыз және әлеуметтік желілерсіз өздерін елестете алмайтын адамдар. [1, 1-б.] Қазіргі жас буынды осылай бөлу теорияларына сындар айтылғанымен, іс-тәжірибеде бірнеше беттік мәтінді оқып шығу, лекция түріндегі сабақ материалдарын тыңдап отыру қазіргі оқушылардың көпшілігіне қиынға түсетіні байқалады. Әлеуметтік желілер, жаңа технологиялардың әсері оқушылардың күнделікті өмірінің барлық саласын қамтуда. Сондықтан оқушылардың танымдық сұранысымен, оқу материалдарын қабылдау ерекшеліктерімен есептесіп, гаджеттерді оқуға қажет құрал ретінде қолдануды ұйымдастыра білуі керек. Демек заманауи мұғалімнің ақпараттық-технологиялық құзырлылығы да жоғары деңгейде болуы тиіс.

Оқушы жастардың кітап мәтініне қарағанда бейне ақпаратқа көбірек көңіл бөлетіндігі, жаңалықтарды, қажетті ақпаратты интернет және бейне арқылы алуды артық көретіндігі анықталған. Соңғы жылдары жиі айтылатын клиптік ойлаудың ерекшелігі - жастардың фрагментарлы ойлайтындығы, назарын бір нәрсеге шоғырландырып, терең бойламайтындығы, талдау жасауға қиналатындығы, бастаған жұмысты аяғына жеткізбейтіндігі, басқаларға жанашырлық танытуының азаятындығы, эгоистік сезімнің басымдығы. [2, 2-б.] Екінші жағынан, зерттеушілер клиптік ойлаудың пайдалы жақтары да бар екендігін айтады. Мәселен, қазіргі мектеп оқушылары ақпаратты іздеп жылдам табу, көрген бейнені ойша жылдам қабылдау, көптеген тапсырмаларды бір мезгілде орындау, жарқын, қызықты блоктар жасауға тез үйренеді. [3, 1-б.]

Қазіргі заманғы балалардың осы ерекшеліктері ескере отырып, оқушылардың тарих пәніне және ғылыми зерттеулерге ынтасын қалай арттыруға болады?

Әрбір сабақта зерттеу сұрақтарын қою, тапсырмалар орындату арқылы оқушының жаңа материалды зерттеуі ұйымдастырылады. Тарих сабақтарында 5-9-сынып оқушыларын жүйелік-әрекеттік стратегияларды қолданып, шағын мәтіннен қажетті ақпаратты алып, оны түрлендіре отырып кестеге, интеллект-картаға жіктеу, рольдік ойынға арқау ету, «Кім? Не? Қашан? Қайда?» ойын ізімен сынып оқушыларын топқа бөліп жарыстыру, «Kahoot» ойынын өткізіп сыныптағы зияткер оқушыларды анықтау, бейнематериалдарды талдау т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану, сабақ соңында тақырып бойынша ой түйін жасау, өз іс-әрекетіне рефлексия (есеп беру) арқылы жүйелі әрекет ете отырып саналы білім алуға дағдыландыру арқылы оқуға ынталандыруға болатынын іс-тәжірибеміз көрсетуде.

Мысалы, 9-сыныптың «Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?» тақырыбында өткен сабақтағы бір «төңкерілген оқу» стратегиясымен бейнематериал бойынша тапсырмаға тоқталсақ:

Тапсырма. Сабаққа дейін «Тар заман» фильмін көріп сұрақтарға жауап жазу:

1. Бірінші жалпықазақ съезінде қандай мәселе көтерілді?
2. Ә.Бөкейханов қалай Алаш партиясының басшысы болды?
3. Алаш қайраткерлері «Үш жүз» партиясымен қандай мәселе бойынша келісімге келе алмады?
4. Жаһанша Досмұхамедовке А.Бөкейханов неліктен Орал қаласына баруды тапсырды?
5. И.Сталинмен Ә.Бөкейханов телефон арқылы не туралы сөйлесті? (23-25 минуттарда)
6. М.Шоқай мен Ә.Бөкейхановтың қарым-қатынасы қандай және геосаясат туралы қандай пікір айтты?
7. Қазан төңкерісіне неліктен қарсы болды? Қайраткерлердің ұлттық мүдде туралы сөзін қалай түсіндіңіз?
8. Жалпы фильмнің негізгі идеясы қандай?
9. Сен режиссер болсаң фильм сценарийіне не (идея, тұлға, көрініс, оқиға) қосар едің?

***«Тар заман» фильмі, Qazaqstan TV/Қазақстан Ұлттық Арнасы/ https://www.youtube.com/watch?v=1ZOBHL-GuwI

Оқушылар сабақтан бос уақытында өзіндік жұмыс ретінде орындап, зерттей алады. Бұл тапсырма пәнге қызығушылығы жоғары оқушылардың танымдық қызығушылығын қанағаттандыруға, сыни ойлауын, пән бойынша білімін тереңдетуге ықпал етеді.

Келесі сабақта осы сыныпта дерекпен жұмыс әдіс-тәсілдері қолданылады. Деректі берілген дескрипторларға сәйкес талдап, маңызын бағалауға дағдыланады.

10-12-сынып оқушыларының пәнге қызығушылығын арттыруда тақырып бойынша деректі фильмдерден шағын үзіндіні көріп, алдын ала берілген сұрақтар бойынша талқылау, пікірсайыс, SWOT, PEST-талдау, пресс-конференция, үкімет отырысы, БҰҰ Ассамблеясының жиыны, белгілі тұлғалардан сұхбат алу сияқты әдіс-тәсілдер сабақтың оқушылар үшін тартымды болуымен қатар, әрі ой-өрістерін кеңейтіп, танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталады. Мысалы, 10-сыныпта «Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?» тақырыбын өткенде оқушылар мәтінді оқып, тың игерудің салдарларын критерийлерге сәйкес кестеге жіктеп талдап, тұжырым жасау тапсырмасын орындайды.

- **9-сынып.** Сабақ тақырыбы: **Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?**
- **Тапсырма.** Деректерге үйеніп, XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық рухының оянуына, рухани-мәдени өрлеуіне қазақ зиялыларының қосқан үлесін бағалау.
- ***Дескрипторы:***
- *Автор баяндаған мәселелердің ішінен маңызды деген екі идеяны анықтайды;*
- *Алаш қайраткерлерінің білім-ғылым, өнер туралы пікірлерін салыстырып, ұқсастықтарын анықтайды.*
- *Қазақ зиялыларының қазақ халқының рухани-мәдени дамуына қосқан істерінің маңыздылығын бағалайды*

1-дерек

«Қазақша оқу жайы» ...Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқу ісімен түзеледі ...

А.Байтұрсынов. «Қазақ» газеті, 1913.

2-дерек

«Адам баласы өзге хайуаннан айрылғанда ақылды болып, қолы шебер болып айрылады. Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.

...Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниядағы жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Еуропада ұлы патшалық атанған жұрт халықтың ұлы ұсталығына сүйеніп, ұлық патша болып отыр».

Ә.Бөкейханов (Қыр баласы)., «Қазақ» газеті, 1913.

.

3-дерек

Оқу мәселесі бойынша: қазіргі уақытта қазақтың мектеп-медресесі, оқытушы һәм әдебиет құралы аздығын айтып, ұлт мектебін көбейту һәм оқытатын құралын молайту керектігін көрсетті. Қаулы: қырғыз - қазақ тілінде бастауыш, орта мектептер ашып, оқу құралдарын шығаруға 5 кісіден комиссия құрылсын.

Міржақып Дулатовтың 1 жалпықазақ съезінде сөйлеген сөзінен. 1917.

№1 кесте.

Тың игерудің салдарлары	**жағымды салдарлары**	**зардаптары**
Демографиялық	Қазақстан халқының саны 2 млн. аса адамға өсті.	1959 жылғы халық санағы көрсеткендей, қазақ халқының Қазақстандағы үлесі **29% ғана** болып қалды.
Экономикалық		
Экологиялық		
Әлеуметтік		
Технологиялық		
Мәдени		Қазақ тілді 1500-ға жуық мектеп жабылды. БАҚ орыс тіліне көшірілді. Өз тілін, тарихын, дәстүрлерін білмейтін ұрпақ қалыптасты.
Қорытынды ой		

Оқушыларға қолдау ретінде тапсырманың бір-екі жауабы берілген. Оқушылар мәтінді зерттей отырып жіктеп, талдау жасайды, жағымды, жағымсыз салдардарын анықтау нәтижесі бойынша тұжырымдап, қорытынды жазады. Мұндай тапсырмалар оқушының білу мен түсінуін ғана емес, сонымен қатар зерттеу, сыни ойлау, шешім қабылдау дағдыларын дамытады.

Сабақта жалпы сыныппен шағын зерттеулер жасалса, сабақтан тыс уақытта пәнге ерекше қызығушылығы бар, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарға бейім оқушылармен әрқайсысының сұранысына қарай іс-шараларға тартылады. Мектепішілік, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға дайындалады.

1-2 суреттер, сабақта топтық тапсырма орындау сәттерінен

"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық "Тарих ата" қашықтық олимпиадасына көптеген оқушылар қатыса алады.

Сабақтан тыс зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты – мұғалімнің жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу және ғылыми жобалар байқауларына қатысып шыңдалуы, ғылыми мақалалар жазып басылымдарда жарияланым жасауы, білімін тереңдетуі үшін түрлі іс-шараларға белсенді қатысуына жағдай жасалады.



ЭКОНОМИКА

Исследования вопроса о реализации идеи деятелей Алаш в сельском хозяйстве Казахстана в настоящее время

Жарияланым. РФ шығатын халықаралық ғылыми «Жас ғалым» журналының 2022. № 5 (57). — 38-40 бб. Мақала тақырыбы: «Исследования вопроса о реализации идеи деятелей Алаш в сельском хозяйстве Казахстана в настоящее время»

Ахметов Тимур. XXVII В.И.Вернадский атындағы жасөспірімдердің ғылыми зерттеу оқуларының Лауреаты (жеңімпаз) дипломы, Москва, 2020 жыл.

ДИПЛОМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Бейіндік мектебінің 10 жылдығына арналған мектеп оқушылары арасындағы
«ЖАС ӘЛ-ФАРАБИ» ғылыми-зерттеу жұмыстарының
X Республикалық конференциясында үздік нәтиже көрсеткені үшін

марапатталады

Жетекшісі:

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы С.К. Суатай

Бейіндік мектеп директоры К.А. Есенова

Алматы – 2023

«Жас Әл-Фараби» X республикалық конференциясының жүлдегері 10-сынып оқушысы Алимбек Мадинаның дипломы, 2023 жыл.

“Ғасыр саңлағы - Ә. Бөкейхановтың өмірі мен қызметі туралы тың деректер” атты Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған дөңгелек стол, 2021 жыл, желтоқсан

Ғылыми байқаулардағы зерттеу жұмыстарын аяғына дейін жеткізіп барлық кезеңнен өткізудің тағы бір қыры оқушыны жауапкершілік, қажырлылыққа тәрбиелейді.

Біз оқушыларды жылдық жұмыс жоспарына сай тарихи деректермен жұмыс жасауға үйретеміз, архив деректерімен таныстырамыз, тарихты көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкіндігі болуы үшін мұражайларға, тарихи орындарға экскурсияға апарамыз, Интернеттегі зерттеуге пайдалы сайттардан ақпаратты ала білуге, зерттеу жоба жұмыстарын ғылыми талаптарға сай рәсімдеуге баулимыз.

Мектеп қабырғасында атаулы күндер, пән апталықтары, ғылым күндері ғалымдармен кездесулер өткізіліп, белгілі ғалымдардан, сала мамандарымен кездесулер ұйымдастырып, сұхбат алынады.

Қорыта айтқанда, мектептегі тарих пәнін оқыту арқылы жас жеткіншектерді ұлттық рухы жоғары, сындарлы, елжанды, белсенді азаматтық позициялы тұлға ретінде тәрбиелеу үшін стандартты білім беру деңгейінен кем емес білім мен тәрбие және шығармашылық әлеуетін дамыту үшін пәнге ерекше қызығушылығы бар оқушыларды сабақтан тыс уақытта баланы дамытатын түрлі іс-шаралармен қамту қажет. Ұлттық мәдениет пен жалпыадамзаттық мәдениетті, тарихи жадыны сақтау арқылы өткен шақтың негізінде болашақ жасалады. Мұғалім, ата-ана осы өткен мен болашақтың арасын байланыстыратын алтын көпір іспетті, жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге үлкен үлес қоса алады.

2021 жылдың 24 қыркүйегінде Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде Талды тарихи-археологиялық саябағының туристік маршрутымен саяхат сәттерінен

Әдебиеттер тізімі

Анастасия Андреева. Разница поколений: какие они — Generation Z и идущие следом «альфы»? 19.04.2021. / https://trends.rbc.ru/trends/futurology/5dfcabbf9a7947a532b7f9a5

С.В. Докука. Клиповое мышление как феномен информационного общества. Общественные науки и современность. 2013. № 2. С. 169-176/ https://publications.hse.ru/articles/130155668

Сайлаубекова А. Клиптік ойлау - білім беру жүйесінің инновациялық технологияларын дамытудың көрінісі ретінде. «Оңтүстік қазақстан медицина академиясының хабаршысы» журналы, 2018 / https://articlekz.com/kk/article/36904

ВКЛАД ГАПЕЕВА А.А В РАЗВИТИЕ КАРАГАНДИНСКОГО УГОЛЬНОГО БАССЕЙНА

Главный хранитель фондов
КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации»
Управления культуры, архивов и документации Карагандинской области
Абросимова С.А.
Республика Казахстан, г. Караганда

1920 году в Караганду прибыл в командировку русский и советский учёный-геолог, специалист в области геологии угольных месторождений, профессор, доктор геолого-минералогических наук, заслуженный деятель науки и техники Гапеев Александр Александрович, первооткрыватель Карагандинского угольного месторождения. [1]

Родился Гапеев А.А. 7 августа 1881 года в городе Кромы, Кромского уезда, Орловской губернии, в семье служащего, из мещан, мать — земская учительница. В 1900 году поступил в Горный институт в Санкт-Петербурге.

За свою трудовую жизнь Гапеев А.А. участвовал во многих геологических экспедициях в Донбассе, Сибири, Казахстане, Сахалине и на Урале. Многие тысячи километров преодолел он. И все его геологические экспедиции, как правило, завершались замечательными находками и открытиями.

Карагандинское каменоугольное месторождение было открыто давно. С 1856г. начали производить добычу, при чем в 1886 было добыто 17500,000 пудов. Карагандинское каменноугольное месторождение расположено было верстах 170 к юго-востоку от Акмолинска, лежало верстах в 11-12 к западу от реки Кокпекты, левого притока реки Нуры и верст на 20 южнее самой реки Нуры, между нее и ее притоком Сокуром. Площадь мсторождения представляла обширную плоскую равнину с небольшими кое-где холмиками – выходами песчаников.

Площадь отвода копи сначало принадлежала купцу Рязанову, а с начало 1900 годов Английскому Акционерному Обществу Спасских медных рудников.Главным образом на руднике и при Рязанове и позднее работал пласт «Шестифутовый», кроме него добыча шла из пластов «Марианна», «Шести футового Карно», а с 1917г. и из «Нового». [2]

С приездом Гапеева А.А. и его группы начинается детальное геологич
еское изучение Карагандинского угольного бассейна.

Проведённые под руководством Гапеева А.А. в 1930—1938 годах разведочные работы выдвинули город Караганду на место третьей угольной базы СССР.

Во второй половине 1930 года были заложены первые четыре наклонные разведочно-эксплуатационные шахты. В 1931 году началось строительство еще 19 шахт.

К изучению свойств Карагандинских углей преступлено в 1931 году. Для этой цели в Караганду была командирована бригада Московского углехимического института. Этой бригадой было отобрано несколько десятков десятков проб из 14 рабочих пластов. Анализ и изучение проб дали возможность определить: теплотворную способность, спекаимость, зольность, сернистость, фосфоритность и влажность Карагандинских углей.

До 1934 года, для изучения угольных пластов города Караганды пробурено свыше 40000 м. буровых скважин и пройдено 20000 м. разведочных канав и около 200 шурфов. Большой размах геолого-разведочных работ дал возможность относительно неплохо изучить промыш ленный участок города Караганды. Мощность продуктивной толщи Карагандинского бассейна установлена в 1200м. В этой продуктивной толще буровыми работами были выявлены 36 угольных пластов.

Таблица 1

№ по порядку	Пласты	Мощность суммарная	Мощность рабочая
1	Надновый	0,25	—
2	Новый	2,11	1,85
3	Спутник Нового	0,15	—
4	Трехфутовый	0,84	0,57
5	Двухфутовый	0,60	0,60
6	Четырехфутовый	1,77	1,21
7	Шестифутовый	8,80	3,16
8	Верхняя Марианна	7,84	7,14
9	Спутник Верхней Марианны	0,68	—
10	Феликс	4,43	3,70
11	Метровый	1,85	0,87
12	Джанабековский	0,54	—
13	Замечательный	2,09	1,78
14	Слоистый	1,73	0,64
15	Спутник Вышесреднего	0,11	—
16	Вышесредний	1,14	1,00
17	Средний	3,38	1,81
18	Нижесредний	3,72	3,55
19	Нижняя Марианна	4,3	3,27
20	Сосед	1,67	1,09
21	Тонкий	0,50	0,44
22	Гапеевский	1,74	1,33
23	Спутник Гапеевского	1,24	—
24	Двойной	5,65	4,30
25	Бала	0,75	—
26	Ближний	2,05	1,75
27	Ударник	1,6[illegible]	1,13
28	Серго	1,83	1,62
29	Спутник Серго	0,87	—
30	Спутник Джяксы	0,78	—
31	Джяксы	1,75	—
32	I Безымянный	0,70	—
33	Парфеновский	1,39	—
34	Горбачевский	2,70	—
35	Колхозный	0,74	—
36	Ерназаровский	1,21	—

Геологические запасы Карагандинского угольного бассейна (до глубины 1800 м. и на 40 км. простиранию при 15 градусах угле падения) равны 20 млрд. т. При дальнейшем изучении бассейна запасы углей Караганды, должны быть значительно увеличены. Так как восточная часть города угольного бассейна в то время была не изученной, то после изучения Карагандинского угольного бассейна запасы углей в городе Караганде увеличивались.



Рост капиталовложений по городу Караганде (в млн. руб.)

В 1935 году уже стало известно, что город Караганда со своим богатством близка к основному бассейну – Донбасу.

Рождение Карагандинского бассейна началось в то время, когда страна все силы направила в основные топливные базы, которые решали судьбы основных отраслей промышленности – металлургии, железнодорожного транспорта, химии.

До конца 1933 года все процессы угледобычи в шахтах города Караганды базировались исключительно на мускульной силе рабочего. Зарубка угля производилась ручным способом с помошью обушка и кайла. Доставка угля из забоя до штрека осуществлялась санками. Откатка от забоев до ствола шахты производилась вручную, так как расстояние откатки было не большое. Большинство шахтеров и инженерно-технических кадров не являлись квалифицированными работниками, и не имели производственный навык.

Замена ручного труда, механическим означало усиление темпов угледобычи, повышение производительности труда, облегчение тяжелого и малоэффективного труда шахтеров, рост зарплаты, улучшение жилищно-бытовых условий трудящихся.[3]

С каждым годом оборудование шахт и инструменты совершенствуется.

Чрезвычайно благоприятное географическое положение Карагандинского бассейна обеспечило ему быстрое развитие и широкие перспективы по снабжению углем промышленности и железных дорог Казахстана. Десятки миллионов тонн угля, реки чугуна, стали, меди дает Центральный Казахстан. Сегодняшняя Караганда - это не только крупный промышленный, но и крупный культурный и научный центр.

В КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации» Управления культуры, архивов и документации Карагандинской области на государственное хранение поступили научно-исследовательская, конструкторская, технологическая, лицензионная и др. научно-техническая документация ликвидированных институтов и предприятий, по проектированию шахт и шахтного оборудования, Фэто: Проектная контора производственного объединения по добыче угля «Карагандауголь», Казахский государственный научно-исследовательский и проектно-конструкторский угольный институт (КазНИИуголь), Карагандинский государственный проектный институт проектирования шахт и обогатительных фабрик «Карагандагипрошахт», Карагандинское отделение Восточного научно-исследовательского института по безопасности работ в горной промышленности, Карагандинское объединение по производству горношахтного оборудования «Каргормаш», АООТ Казахский научно-исследовательский и проектно-конструкторский угольный институт КазНИИуголь, Производственный кооператив «Углепроект». [4]

Список литературы

Печатные издания в библиотеке ТОО «Карагандагипрошахт и К».

К.Н. Щепотьев «Третья угольная база» Караганда», ОНТН НКТП СССР. Главная редакция горно-топливной литературы Москва-Ленинград 1935г., л.6.

А.А. Гапеев «Карагандинское каменноугольное месторождение», Петербург, 1922г., л.1.

К.Н. Щепотьев «Третья угольная база» Караганда», ОНТН НКТП СССР. Главная редакция горно-топливной литературы Москва-Ленинград 1935г., л.6-9.

Список фондов КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации».

ТАЯУ ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҚТАРЫ БАҒЫТЫНДА ІСКЕ АСЫРҒАН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аймахов Е.Н., тарих магистры, аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Кіші-Буш президенттік әкімшілігі кезеңінен мұра ретінде қалған Ирак және Ауғанстан мәселелері АҚШ жаңа әкімшілігінің шешімін қажет еткен өзекті мәселелердің бірі болып саналды. Сегіз жыл бойы Ауғанстан территориясында орналасқан АҚШ әскери контингентін күшейту мәселесін шешу қажеттілігі туындады. Осы тұрғыда, мемлекеттік хатшының пікіріне сәйкес, Буш әкімшілігі негізгі көңілді Ирак мәселесіне аударған кезде, Ауғанстанда «Талибан» қозғалысы кезінде қалдырып кеткен территорияларды қайта жаулап ала бастады. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттің ішкі жағдайының нашарлауына жетеледі. Сол себепті, осы мәселеде президент Б. Обамамен үндестік тапқан Х. Клинтон Ауғанстанға қайта назар аударуды талап етті. Сонау 2008 ж. ақпандағы мәлімдемесінде, Х. Клинтон: «Пәкістан мен Ауғанстан арасындағы шекара аймағы өте маңызды болып табылады және төтенше қауіп тудырады. Ауғанстан мен Пәкістан арасындағы территорияның ерекшелігін ескермеу Буш сыртқы саясатындағы негізгі жойқын сәтсіздіктерінің бірінің себебі болып табылды», - деп атап өткен еді. Осылайша, жаңа әкімшілік Ауғанстан мен Пәкістан айналасындағы жағдайды бірыңғай аймақтық мәселе ретінде қарастыруды ұсынды және шартты түрде оны Аф-Пак деп атай бастады. 2009 жылы 27 наурызда президент Ауғанстан мен Пәкістанға қатысты жариялаған жаңа әскери және азаматтық стратегиясы әскери кампаниясының мақсаты ретінде «Аль-Каиданың» Пәкістан мен Ауғанстандағы күштерінің шырқын бұзу, дезинтеграциялау және жоққа шығару, сонымен бірге олардың кез келген мемлекетте жануына жол бермеу» аталды. «Талибан» қозғалысының көтерілісшілерінен басқа, «Аль-Каида» ұйымына негізгі көңілді аудара отырып, президент Б. Обама қаруланған қақтығысты оның пайда болуының алғашқы себебі болып табылған 2001 жылдың 11 қыркүйектегі террористтік актілермен байланыстырды. Сонымен қатар, ол қақтығыстың бейбіт реттелуі жөніндегі мәселені қарастыра отырып, бұл реттеудің радикалды экстремизмнен бас тартуға дайын көтерілісшілерді қамтуы мүмкіндігі туралы атап өтті [1, 159-163].

Осыған орай, Б. Обама мемлекеттік хатшы Х. Клинтон тарапынан әшкереленген, өзіне дейінгі Дж. Буш президенттігі кезіндегі «лаңкестікпен жаһандық күрес» терминінен бас тартып, сыртқы байланыстарда сипаты жағынан өзгеше саясатты жүзеге асырды. Жаңа әкімшілік республикашылдардың 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік актісінен кейінгі Ирак соғысын жүргізуін, аталмыш актілерге жауаптың алғашқы және заңдылықты жолынан таю деп айыптады. Сонымен бірге, Обама президенттігі мен Х. Клинтон мемлекеттік хатшылығы кезіндегі АҚШ сыртқы саясатындағы ең басты мәселелердің бірі Ауғанстанды тұрақтандыру мен аймақтағы жағдайды реттеу болып табылды. Ал жоғарыда аталған стратегияда «Аль-Каида» ұйымының негізгі орналасу мекендері болып табылатын Пәкістан мен Ауғанстанда тек қана әскери-повстанциялық әрекеттер емес, сонымен қатар, «шекара бойындағы барлау қызметін жақсарту және әскери ынтымақтастықты жалпыға ортақ сауда-саттық, энергетика мен экономикалық даму мәселелерін шеше отырып арттыру» мәселелерін де қолға алуды меңзейді.

Барак Обама өз мәлімдемесінде атап өткендей, жаңа стратегия бұған дейінгі сегіз жылдық тәжірибе мен онда атқарылған іс-шаралар және олардың нәтижелілігін ескере отырып жасалынды. Ауғанстан-Пәкістан стратегиясы, ең алдымен, жағдайды тұрақтандыру үшін дипломатиялық шаралар арқылы жүзеге асыруды көздейді. Негізінен, Барак Обама стратегиясы Ауғанстан мен Пәкістанды біртұтас кеңістік концепциясы тұрғысынан қарастырып, негізгі үш бағытта жетістікке жетуді көздейді: Ауғанстан, Пәкістан және «байланыс тобы». Жаңа стратегия авторларының пікірі бойынша, АҚШ Үкіметі «Аль-Каидамен» күрес барысында бір мезетте ауған әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен әскерін дамыту шараларын да жүзеге асырады [2, 19-20].

Бұл ретте, Хиллари Клинтон мемлекеттік хатшылығының бастапқы кезеңінде Ауғанстанда орналасқан АҚШ әскери контингентінің саны 68 мың әскери қызметкерлерге теңелді, алайда 2009 ж. жазында мемлекеттегі жағдай нашарлай бастады. «Талибан» қозғалысы құрылымдарының саны күшейе отырып, үш жылдың ішінде 7 мың адамнан 25 мың адамға дейін өсті. Ауғанстандағы саяси жағдайды тұрақтандыру мақсатында коалициялық күштердің жаңа қолбасшысы ретінде Стэнли Маккристал тағайындалды. Сонымен бірге, 2009 жылдың басты оқиғаларының бірі ретінде тамыз айындағы Ауғанстан президенті лауазымы үшін өткен сайлау болып табылды, оның

барысында жаппай бұзушылықтар мен бұрмалау орын алды. Осыған орай, қыркүйекте генерал Маккристал қосымша әскерлерді орналастыру мәселесін қарастыру жөнінде өтініш жіберген болатын. Осы бағытта қарастырылған жаңа стратегияға сәйкес, генералдар Петреус және Маккристал көтерілісшілерге қарсы бағытталған стратегияны қолдануды ұсынды және ол үшін АҚШ әскерлерінің санын өсіру қажет етілді. Бұл ретте, АҚШ-тың Ауғанстан мен Пәкістандағы арнайы өкілі Р. Холбрук қосымша әскерлерді орналастыруға қарсылық білдіргенімен, мемлекеттік хатшы Х. Клинтон бұл шешімнің «Талибан» террористтік қозғалысына қарсы тұруда нәтижелі болатынына сенім білдірді [1, 163-174].

2001 жылдан бастап, билік басында тұрған Ауғанстан президенті Х. Карзай 2009 ж. президенттік сайлауларға қатыса отырып, халықаралық бақылаушылардың мәлімдеуі бойынша, көптеген бұзушылықтардың орын алуына жол берді. Осыған байланысты, БҰҰ сайлаудың қосымша айналымын өткізу туралы талап етуіне қарамастан, Карзай өзінің басты қарсыласы Абдулла Абдуллаға қарсы шығудан бас тартты. Бұл мәселеде Х. Клинтон өзіне тән табандылықты таныта отырып, бірнеше рет Х. Карзаймен телефон арқылы кеңесуге мәжбүр болды. Оның басты мақсаты Ауғанстандағы биліктің легитимділігін сақтау және Карзайды сайлаудың екінші айналымын өткізуге көндіру болып табылды. Сол себепті, Х. Клинтон кезінде Дж. кіші-Бушқа қарсы сайлауда жеңіліс тапқан сенатор Дж. Керримен бірге қызмет ете отырып, Х. Карзаймен болған келіссөздерінде өзінің де кезінде сайлауда жеңіліс тапқанын атап өтті. Х. Карзай мемлекеттік хатшы Х. Клинтонның сөздерімен келісе отыра, 2009 ж. қараша айының басында қайта сайлауды өткізуге келісті. Дегенмен, оның қарсыласы Абдулла сайлауға қатысудан бас тартуына орай, Карзай жеңіске қол жеткізді. Х. Клинтон, өз кезегінде, қараша айының ортасында Кабул қ. өткен Карзайдың президенттік инаугурациясы рәсіміне қатысу туралы шешім қабылдады. Сол кезде Ауғанстан мемлекеттік басшысымен өткен келіссөздерде Х. Клинтон қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жауапкершілікті ауған ұлттық армиясына беруі уақыты келгенін, саяси реттеудің қажеттілігін және жемқорлықпен күрестің маңыздылығын айқындады [1, 175-179].

Таяу Шығыс бойынша саяси реформалар мен жаңа экономикалық мүмкіндіктерге шақырған үндеулер өрістеді. Йемендегі саяси режим күйреп, президент Салех өз лауазымынан бас тартуға мәжбүр болды. Ливия диктаторлық үкіметті басқарған М. Каддафидың өлімінен кейін азаматтық соғыстың тұңғиығында болды. Иордания мен Марокко үкіметтері өте сақ, алайда маңызды реформаларды іске асырды. Сауд Арабиясында корольдың отбасы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру арқылы толқуларды тыныштандыруға талпынды. Одан басқа, Парсы шығанағының монархиялары арасында ең аз байлыққа ие Бахрейн мемлекетінде наразылық шерулері діни сипатқа ие болды [1, 419-425].

Таяу Шығыста орын алған революциялар толқынының нәтижесінде, аймақтағы мемлекеттердің саяси дамуы жаңа арнаға бұрылды. Әсіресе, АҚШ-тың Б. Обама президенттік әкімшілігі жүргізген бейтарап және ұстамды саясаттың көмегімен бірқатар мемлекеттерде жаңа саяси режимдер пайда болды. Алайда, әрбір саяси дағдарысқа тән шығындар мен жағымсыз салдарлардың өршігенін де ескеру қажет. Осы тұрғыда, бейбіт демократиялық режимдердің дамуын қолдаған Х. Клинтон «араб көктемі» төңірегіндегі саяси толқулар барысында Таяу Шығыс мемлекеттеріндегі саяси үрдістерге белсенді түрде қатысқан болатын және жергілікті саяси көшбасшылармен әрі сыртқы істер министрлермен орнатқан тұрақты диалогтың арқасында әскери күшке емес, келіссөздерге негізделген ынтымақтастыққа басымдық танытты.

ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ ЯДЕРНОГО ОРУЖИЯ. МЕЖДУНАРОДНАЯ ЯДЕРНАЯ ПОЛИТИКА И ДИПЛОМАТИЯ

Попова С.З., магистрант 1 года обучения
Научный руководитель: Тулеуова Б.Т., к.и.н., асс. профессор
Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова
Республика Казахстан, г. Караганда.
Email: stephanie_popova_1@mail.ru

Ядерное оружие, являясь самой разрушительной силой, доступной человечеству, не только одно из важнейших научных достижений прошлого века, но и, на сегодняшний день, важный элемент в международной политике. Актуальность данной работы можно обусловить тем, что тема ядерного оружия сейчас, во время нескольких активных военных конфликтов как никогда важна. Своей работой мы хотим напомнить, к каким ужасным последствиям приводят испытания ядерного оружия на полигонах, мирном населении; к чему приводят политические амбиции и политизация науки.

История ядерного оружия берет свое начало в 1939 году, когда французский физик Фредерик Жолио-Кюри предположил возможность использования урана в качестве взрывного вещества, а также вероятность цепной реакции, приводящей к взрыву чудовищной силы. Шедший полным ходом процесс разработки ядерного оружия останавливала только острая нехватка ядерной руды, которая здесь требовалась в больших количествах, однако, в сентябре 1940 года США удалось закупить у Бельгии (как утверждают некоторые источники, по подставным документам) необходимое ее количество, и это дало старт такому грандиозному проекту, известному как «Проект Манхэттен». Стоит отметить, что проект был назван в честь Колумбийского университета в Манхэттене, Нью-Йорк, который был одним из первых, где начались атомные исследования в США. 13 августа 1942 года данный проект начал свою работу под руководством физика Роберта Оппенгеймера и генерала Лесли Гровса, с одобрения известного физика Альберта Энштейна, обосновывающего необходимость проведения экспериментов в данной области успехами нацистской Германии, ученым из которой уже было известно, что, при делении, ядро атома распадается на две равные части. В результате этого происходит выпуск нейтронов, которые расщепляют еще больше атомов, запуская цепную реакцию с мгновенным выделением огромного количества энергии.

Затраты оказались колоссальными: с 1939 по 1945 годы, на проект Манхэттен было потрачено двух миллиардов долларов. В эту сумму вошла постройка огромного завода по очистке урана в штате Теннеси, как и создание американского ядерного центра в 1942 году, расположившегося в Лос-Аламосе, штат Нью-Мексико. Под началом Роберта Оппенгеймера работали лучшие умы того времени, в том числе и крупнейшие европейские ученые, иммигрировавшие из нацистской Германии - Эдвард Теллер, Энрико Ферми, Лео Сциллард, Джон фон Нейман и другие. Всего над проектом трудилось около 125 тысяч человек, 12 из которых являлись нобелевскими лауреатами. В то же время, в Европе шла вторая мировая война, и Англии, находившейся под гнетом немецких бомбардировок, пришлось передать все свои наработки по атомному проекту «Tube Alloys», тем самым внеся огромный вклад в развитие Манхэттенского проекта. То есть, после открытия деления ядра урана в марте 1940 года, английский физик-теоретик Рудольф Пайерлс и физик-ядерщик Отто Фриш из Бирмингемского университета подсчитали, что критическая масса чистого урана-235 составляет всего от 1 до 10 килограммов, но способна произвести взрыв, равный по силе взрыву тысячи тонн динамита [1]. Меморандум Фриша-Пайерлса побудил правительство Великобритании инициировать проект разработки атомной бомбы, известный как «Tube Alloys». Австралийский физик Марк Олифант, работавший в Великобритании, во время визита в США в 1941 году сыграл важную роль в распространении результатов отчета комитета Мауд. Изначально, британский ядерный проект был более масштабным, но, после того, как США вступили во Вторую мировую войну, американский ядерный проект вскоре обогнал и затмил своих британских коллег, и, в связи с этим, британское правительство приняло решение объединиться с американский проектом Манхэттен, тем самым намного ускорив процесс разработки ядерного оружия.

В историю международных отношений данное событие вошло как «Квебекское соглашение», заключенное в августе 1943 года и подписанное премьер-министром Великобритании Уинстоном Черчиллем и Франклином Рузвельтом, и подразумевающее под собой сотрудничество между двумя странами в сфере ядерных исследований. Спустя почти три года непрерывной, напряженной работы, силами ученых была создана «Штучка». Первые ядерные испытания этой самой «Штучки» вошли в историю под названием «Тринити», и были первыми в мире испытаниями ядерной бомбы, результаты которых ученым были не до конца ясны, и, в связи с этим, возникал широкий круг вопросов касательно масштабов разрушения, общей работоспособности механизмов. Ученые также предполагали, что ядерный взрыв может запустить реакцию неконтролируемого выгорания атмосферного кислорода. Однако, несмотря на все опасения, испытания были проведены в срок.

В 5:30 утра 16 июля 1945 года, на полигоне Аламогордо штата Нью-Мексико, плутониевая бомба имплозивного типа под названием «Штучка» была взорвана, и взрыв этот был равен приблизительно 21 килотонне тротила. Руководитель проекта Манхэттен, полковник Лесли Гровс вспоминает это событие так: «Моим первым впечатлением было ощущение очень яркого света, залившего все вокруг, а когда я обернулся, то увидел знакомую теперь многим картину огненного шара. Первой моей, а также Буша и Конэнта реакцией, пока мы еще сидели на земле, следя за этим зрелищем, был молчаливый обмен рукопожатиями. Вскоре, буквально через 50 секунд после взрыва, до нас дошла ударная волна. Я был удивлен ее сравнительной слабостью. На самом деле

ударная волна была не такой уж слабой. Просто вспышка света была так сильна и так неожиданна, что реакция на нее снизила на время нашу восприимчивость» [2, с. 305]. Роберт Оппенгеймер же отметил успех своих трудов, процитировав, несколько переиначив, стих из Бхагавадгиты: «Теперь я — Смерть, сокрушительница миров!». Однако, «Следовало бы навсегда запомнить и другие слова, произнесенные ответственным за испытание специалистом Кеннетом Бэйнбриджем. Едва отзвучал взрыв, он повернулся к Оппенгеймеру и сказал: «Теперь все мы — сукины дети…». Позже сам Оппенгеймер считал, что ничего точнее и выразительнее в тот момент сказано не было» [3] - так пишет о том знаменательном дне Стивен Шейпин, американский историк и социолог науки. Успешные испытания «Штучки» позволили США задуматься о применении плутониевого «Малыша» и уранового «Толстяка». Этим бомбам было суждено взорваться в Японии, которую Америка таким образом хотела принудить к миру: в 1937 году Япония вторглась в Китай, что привело к полномасштабной войне. 7 декабря 1941 года, после нападения Японского авианосного флота американскую на Пёрл-Харбор, США вступили во вторую мировую войну: 2403 американских военных были убиты, еще 1178 получили ранения, и американцы сочли данную совокупность причин достаточной. СССР, находившийся в сложных отношениях с Японией, поддержал возможность применения ядерного оружия против японцев: 24 июля, во время Потсдамской конференции Президент США Гарри Трумэн сообщил Сталину, что у США появилось новое оружие невиданной разрушительной силы. Трумэн не уточнил, что он имел в виду именно атомное оружие. Согласно мемуарам Трумэна, Сталин не проявил особого интереса, заметив только, что он рад и надеется, что США смогут эффективно применить его против Японии.

6 августа 1945 года, в 1:45 по токийскому времени, американский бомбардировщик B-29 «Enola Gay» под командованием полковника Тома Тиббетса взлетел с острова Тиниан, неся на борту плутониевого «Малыша». Около семи часов утра сеть японских радаров раннего предупреждения зафиксировала приближение нескольких американских самолётов, направлявшихся к южной части Японии. Была объявлена воздушная тревога и остановлено радиовещание во многих городах, включая Хиросиму. Примерно в 08:00 оператор радара в Хиросиме определил, что количество приближавшихся самолётов было очень малым — возможно, не более трех, — и воздушная тревога была отменена [4, с. 281]. Примерно в 8 утра по местному времени, B-29 сбросил атомную бомбу в центр города Хиросима. 45 секунд полета, и, на высоте около 600 метров над землей, «Малыш» сдетонировал. Сила разрушений была поистине чудовищной: сложно представить себе мощь, которая мгновенно уничтожила все, находившееся в эпицентре взрыва. В течение нескольких минут 90 % людей, находившихся на расстоянии 800 метров и меньше от эпицентра, погибли [5, с. 166]. Взрывная волна, разлетевшаяся по округе, выбила все стекла в радиусе 19 километров от эпицентра взрыва, породив собой и локальные пожары, которые, слившись в один огромный, под действием сильных ветров (скоростью в 50-60 км/ч) превратились в огненный шторм, раскинувшийся на территорию в 11 км^2 и уничтоживший выживших после взрыва. А спустя несколько дней после этого, медики, помогавшие выжившим, столкнулись с облучением. Общее число жертв составило более 166 тысяч человек [6].

9 августа, в 2:47 по Токийскому времени, с того же острова Тиниан вылетел американский бомбардировщик B-29 под командованием майора Чарльза Суини, неся на борту уранового «Толстяка». Полет был сопряжен со множеством технических неполадок, но, в 11:02 по местному времени, «Толстяк» разорвался над городом Нагасаки, а взрыв, составлявший по силе 21 килотонну в тротиловом эквиваленте, немедленно уничтожил людей, животных и все здания в радиусе нескольких километров от эпицентра. Однако, из-за ландшафтных особенностей (холмистая местность Нагасаки) и попадания бомбы в мало застроенный, промышленный район города, разрушительный эффект оказался намного меньше, чем если бы «Толстяк» взорвался южнее, над деловым и жилыми районами. Количество жертв, погибших от взрыва и лучевой болезни, к концу 1945 года составило от 60 до 80 тысяч человек [7].

Последствия атомной бомбардировки на японские города были ужасающими. *Воздействие на людей:* первым видимым последствием для жертв стали ожоги открытых частей тела, вызванные световым излучением, а возможно, и радиацией. При осмотре в больницах у жертв выявлены ожоги, в основном лица, рук и ног, а также груди или спины, то есть непокрытых в момент взрыва частей тела. Другие более серьезные последствия были вызваны, скорее всего, радиацией. Многие люди, по словам инспекторов, умирали без каких-либо видимых поверхностных ранений. На их коже появились темные кровоподтеки, у них выпадали волосы, была очень высокая температура, диарея, и они все умирали через несколько дней после

появления этих симптомов. Врачи утверждают, что радиация повредила их костный мозг, были частично парализованы его функции и прекратилось воспроизводство белых кровяных телец. Жертвы, попавшие под облучение на улицах ближе всего к эпицентру, полностью обуглились, до неузнаваемости. Представители военных властей заявляют, что погибших солдат можно было опознать только по их обуви. *Воздействие на животных:* и у животных, и у людей, пострадавших от взрыва, развились схожие симптомы. На выезде из Хиросимы была замечена лошадь с ожогами. *Воздействие на растительность*: все деревья в эпицентре полностью уничтожены, покорежены и обуглены. Пострадали лотосы на больших прудах возле городского замка, где располагался Генеральный штаб, сгорела большая часть листьев [8, с. 5-7].

Советский Союз, однако, никогда не отставал от США в разработке ядерного оружия. Ядерные исследования в СССР шли с 1930 годов, и, благодаря разведке и просоветски настроенным западным ученым, информация о подготовке к созданию на Западе ядерного оружия, начиная с 1941 года стала направляться в Москву. Как воспоминал о том времени советский разведчик Павел Судоплатов, «всего через 12 дней после того, как в США собрали первую атомную бомбу, её схема уже была в Москве». Под научным руководством советских физиков Игоря Васильевича Курчатова и Юлия Борисовича Харитона, в 1946 г. было составлено техническое задание на разработку атомной бомбы, конструктивно напоминающий американскую бомбу «Толстяк». Бомба РДС-1 представляла собой плутониевую авиационную атомную бомбу характерной «каплевидной» формы. В ночь на 29 августа была проведена сборка заряда, а окончательный монтаж был завершен к 3 ч. утра. В течение последующих трех часов заряд был поднят на испытательную башню, снаряжен взрывателями и подключён к подрывной схеме. Члены специального комитета Л. П. Берия, М. Г. Первухин и В. А. Махнев контролировали ход заключительных операций. Однако из-за ухудшения погоды все работы, предусмотренные утвержденным регламентом, было решено провести со сдвигом на один час раньше. Так, 29 августа 1949 года, на Семипалатинском полигоне, в 7 часов утра по местному времени был произведен взрыв первой атомной бомбы СССР. Мощность бомбы составила более 20 кт. Металлическая 37-метровая башня, на которой была установлена бомба, была уничтожена полностью, на её месте образовалась воронка диаметром 3 м и глубиной 1,5 м, покрытая оплавленным стеклоподобным веществом, уровень радиации в центре составлял 0,5 Зв/с. Персоналу разрешалось находиться в 2 км от эпицентра не более 15 минут. В 25 метрах от башни находилось здание из железобетонных конструкций, с мостовым краном в зале для установки плутониевого заряда в заряд из ВВ. Сооружение частично разрушилось, сама конструкция устояла. Из 1538 подопытных животных (собак, овец, коз, свиней, кроликов, крыс) в результате взрыва погибло 345 (некоторые животные имитировали солдат в окопах). Легкие повреждения получили танк Т-34 и полевая артиллерия в радиусе 500—550 м от центра, а на дальности до 1500 м все типы самолётов получили значительные повреждения. На расстоянии километра от центра и далее через каждые 500 метров были установлены 10 легковых автомобилей, сгорели все 10 машин. На расстоянии 800 м два жилых 3-этажных дома, построенные в 20 м друг от друга таким образом, что первый экранировал второй, были разрушены полностью, жилые щитовые и бревенчатые дома городского типа оказались разрушенными полностью в радиусе 5 км. В основном, повреждения были получены от ударной волны. Железнодорожный и шоссейный мосты были искорежены и отброшены от своего места на 20—30 м. Вагоны и автомашины, располагавшиеся на мостах, полуобгоревшие, были разбросаны по степи на расстоянии 50—80 м от места установки. Танки и пушки были перевёрнуты и искорёжены, животных унесло [9].

Такова история создания ядерного оружия. Что же мы имеем сейчас, опираясь на опыт минувшего столетия? Республика Казахстан, на семипалатинском полигоне которой, с 1949 по 1989 год было произведено 468 ядерных испытаний, в настоящее время проводит активную политику по избавлению человечества от ядерного оружия. Первым шагом в этом направлении было закрытие Семипалатинского полигона 29 августа 1991 года, и это, по сути, был первый в мировой истории случай закрытия ядерного полигона по воле народа. Восемнадцать лет спустя, Генеральная Ассамблея ООН утвердит эту дату как Международный день действий против ядерных испытаний. Важнейшим шагом станет ратификация Казахстаном Договора о нераспространении ядерного оружия 13 декабря 1993 года. 8 сентября 2006 года Казахстан наряду с другими странами Центральной Азии подписал в Семипалатинске Договор о создании в регионе зоны, свободной от ядерного оружия, что является важным коллективным вкладом в укрепление глобальной и региональной безопасности. Государства региона заявили о своей твердой

приверженности принципам разоружения и нераспространения, открытому сотрудничеству по разрешению одной из наиболее актуальных проблем современности [10].

Однако, не все страны придерживаются данной политики. Термин «ядерная дипломатия», отчасти, применим и ныне — монопольное владение ядерным оружием распространилось и за пределы США - на сегодняшний день, в мире насчитывается девять ядерных держав: Китай, Северная Корея, Франция, Индия, Израиль, Пакистан, Россия, Великобритания и США - обладают в совокупности почти 13,080 боеголовками. Россия и США отвечают за примерно 90% мирового арсенала, причем у каждой из этих стран более 5500 ядерных единиц. Поэтому сейчас, когда сразу несколько ядерных держав находятся в состоянии активных военных или «спецоперационных» действий, нам как никогда важно помнить о последствиях ядерных взрывов, помнить о глубоких сожалениях «отца ядерной бомбы» Юлиуса Роберта Оппенгеймера, который, после взрывов в Хиросиме и Нагасаки заявил президенту Трумэну: «Мне кажется, на наших руках кровь». Трумэн ответил ученому: «Ничего страшного. Всё отмоется…», а своим помощникам строго наказал: «Чтоб этого слюнтяя здесь больше не было!» [2, там же]. Оппенгеймер считал свое изобретение главной ошибкой в истории, терзаясь чувством вины до конца своих дней. Альфред Нобель сожалел о своей причастности к созданию динамита, Михаил Калашников жалел о том, что создал легендарный автомат, быстро ставший популярным у террористических и бандитских группировок. Лучше всего подытоживает нашу работу надпись, по злой иронии, расположенная на одном из центральных зданий в городе Припять: «Пусть будет атом работником, а не солдатом» - ведь именно этого изначально хотел Оппенгеймер, о пользе собственных открытий думали супруги Кюри, во благо народу строилась под руководством Виктора Брюханова Чернобыльская атомная электростанция. И их сожаления — лишнее подтверждение тому, что наука не должна быть политизирована, а амбиции определенных людей или государств не должны влиять на благосостояние других народов.

Статья подготовлена в рамках реализации проекта МНВО РК № AP19678527 «Последствия испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне как результат политики «ядерного колониализма»

Список литературы

Британский вклад в Манхэттенский проект. [Электронный ресурс]. Википедия. Свободная энциклопедия. – Режим доступа: http://surl.li/mifrm (дата обращения: 15.10.2023)

Groves L. R. Now It Can Be Told. The story of Manhattan project. — NY: Harper & Brothers, 1962.– 305 с.

Steven Shapin. Don’t let that crybaby in here again. — London Review of Books, Vol. 22 No. 17 September 2000. [Электронный ресурс] URL: http://surl.li/mhcag

Chris Wallace, Mitch Weiss. Countdown 1945. - NY: Avid Reader Press/Simon & Schuster. 2021. - 281 с.

Masatake Okumiya, Jiro Horikoshi. Zero! The Air War in the Pacific During World War II from the Japanese Viewpoint. — Washington DC: Zenger Pub.1979. - 166 с.

The Atomic Bombing of Hiroshima (August 6, 1945) The Manhattan Project (An Interactive History). US Department of Energy. [Электронный ресурс]. URL: http://surl.li/mgnot

Radiation Effects Research Foundation (US — Japan). «How many people died as a result of the atomic bombings?». [Электронный ресурс]. URL: http://surl.li/mhdwd

Доклад МККК о последствиях атомной бомбардировки Хиросимы. Избранные статьи из номера 899, т. 97: «The human cost of nuclear weapons». Международный журнал Красного Креста. с. 5-7

Испытания ядерного оружия и ядерные взрывы в мирных целях СССР 1949—1990 гг. Саров: Министерство Российской Федерации по атомной энергии Министерство обороны Российской Федерации, РФЯЦ-ВНИИЭФ, 1996. — 66 с. [Электронный ресурс]. URL: http://surl.li/mifts

Разоружение и ядерное нераспространение. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. URL: http://surl.li/mhkbe

АСТРАХАН ХАНДЫҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ

Сартаев Рауан Нуржанович, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
7М01601 – Тарих мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор Аманжол Күзембайұлы,
А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

Ұзақ уақыт Русь, одан кейін Ресей Алтын Орданың мұрагері есептелінді. Барлық посталтынордалық мемлекеттер Ресей империясының, кейін КСРО билігі тұсында олардың Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің мұрагерлері екендігі туралы сөз қозғалған емес. Біз мақаламызда Астрахан хандығы тарихнамасының мәселелеріне тоқталмақпыз.

Астрахан хандығы – ортағасырлық ұлы империялардың бірі – Жошы ұлысының ыдырауы нәтижесінде құрылған мемлекеттердің бірі. Еділдің төменгі ағысында жарты ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Астрахан хандығы Алтын Ордадан бөлініп шыққан Қазан, Қырым, Сібір хандықтары, Ноғай Ордасы мен Ақ Орда сияқты мемлекеттермен көп ұқсастықтары болды. Мемлекеттік құрылым мен басқару дәстүрлері, дін мен мәдениет аталған мемлекеттердің барлығына ортақ болып, бұл мемлекеттер этникалық және тілі жағынан бір-біріне жақын еді. Тіпті, қазіргі күннің өзінде Ресейдің Астрахан облысында тұратын біздің қандастарымыз, туысқандарымыз аз емес. Сол себепті бұл елдің тарихы біздің тарихымызбен де өте тығыз байланысты. Алайда, әрине, олардың әрқайсысында өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Шаруашылық-экономикалық құрылымына, өмір сүру салтына, халықтың құрамына қатысты ерекшеліктерін атап өткен жөн [1, 4 б.].

«Астрахан хандығының тарихына қызығушылық танытқан тарихшы Алтын Орда ыдыраганнан кейін құрылған басқа татар мемлекеттерін зерттейтін тарихшыларға қарағанда қиынырақ жағдайда» [2, 28 б.]. Астрахан тарихы бойынша дереккөздердің өте аз болуы, тіпті, кейбір тарихшылардың «Еділдің төменгі ағысында бір кездері Астрахан хандығы шын мәнінде өмір сүргендігіне» күмән келтіруіне дейін алып келді. Олардың пірінше, «буржуазиялық тарихшылар орталықтандырылған Астрахан хандығын көріп, сипаттаған жерде іс жүзінде Батыс Еуропаның ганзалық қалалары сияқты бірқатар тәуелсіз сауда және өнеркәсіптік қалалар болды», ал Астрахан сөзінің астарында «тек бір қала ғана емес, Бату патшалығындағы салық төлейтін халықпен емес, еркін саудагердер классы мекен еткен барлық сауда қалалары» деп қарастырылды [3, 13 б.]. И. Черкасов XIX ғ. өзінің «Исторический взгляд на древнее состояние Астраханского края» еңбегінде осындай қорытындыға келді, ал XX ғ. 20-жылдарында бұл көзқарасты Ф. П. Зыков қолдады.

Ресейлік және шетелдік тарихнамада Астрахан хандығының тарихына арналған жұмыстар жоқтың қасы. Тек Астрахан тарихының бірнеше қысқаша очерктерін, сондай-ақ шамамен жетпіс жыл бұрын жазылған М. Г. Сафаргалиевтің мақаласын, И. В. Зайцевтің еңбегін атауға болады. Осы жұмыстардың ішінен тек М. Г. Сафаргалиевтің мақаласы мен И. В. Зайцевтің еңбегі Астраханның жаулап алынуына дейінгі тарихына қатысты, ал басқалары толығымен 1550 жылдардағы оқиғаларды баяндауға арналған. Оған бірқатар себептер негіз болды.

Біріншіден, Алтын Орда мен посталтынордалық мемлекеттік құрылымдардың тарихын зерттеу КСРО-ның идеологиялық себептері бойынша өте танымал болған жоқ.

Екіншіден, дереккөздердің тым аз болуы Астрахан тарихын зерттеуді өте қиын іс қылды.

Үшіншіден, Астрахан хандығы Қазан және Қырыммен салыстырғанда әлдеқайда «әсерсіз» болғандай еді. Бірде-бір жарқын оқиға, бірде-бір қызықты тұлға, бірде-бір әдеби шығарма жоқ сияқты болып көрінді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарында түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің қазіргі заманғы зерттеушілері Р. Г. Кузеев пен Ш. Ф. Мухамедьяров Еуразия даласының тарихын зерделеуде пәнаралық тәсілдің маңыздылығын, «соңғы жылдары байытылған дереккөздер корпусын» тартуды атап өтіп, «XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы өңірдегі этнотарихи процестер ерекше назар аударуды талап ететініне» тоқталды және «осы орайда Қазан, Сібір, Астрахан хандықтарының, Ноғай Ордасының осы үлкен аймақтағы рөлімен байланысты саяси және этномәдени процестер мұқият зерттеуді қажет етеді...» деп айтқан [4, 52 б.].

Бір кездері біртұтас держава болған Жошы ұлысының ыдырауының және жаңа мемлекеттердің пайда болуының әлеуметтік-экономикалық, этномәдени және саяси себептері ресейлік және шетелдік авторлардың бірқатар еңбектерінде егжей-тегжейлі сипатталған. Ю. Е. Варваровскийдің айтуынша, «Жошы ұлысының саяси ыдырауы тіпті оның құрамдас бөліктеріне де тәуелді болған жоқ, өйткені бұл орталықсыздандырудың себептері өзіндік бастама болған жоқ, олар осы саяси құрылымның қалыптасуында бұрыннан бар жеке факторлардың гипертрофиясының салдары болды. Сондықтан XIV ғасырдың 60-70-ші жылдарындағы оқиғалар барысында бағдарламаланған Қазан, Қырым, Астрахан хандықтарының, Үлкен және Ноғай Ордасының контурлары XV ғасырдың бірінші жартысында тұрақты шекараларға айналады» [5, 22 б.].

Алтын Орда тарихының татар зерттеушісі М. Г. Сафаргалиевтің айтуынша, Астрахан хандығының құрылуы туралы мәселе «ұзақ уақыт бойы біздің тарихи әдебиетімізде дереккөздердің болмауына байланысты түсініксіз болып келді» [2, 512 б.]. Бұл сөздерді ғалым шамамен 50 жылдан астам уақыт бұрын жазған. Алайда, осы уақытқа дейін жағдай өзгерген жоқ: Астрахан хандығының ерте тарихы өте нашар зерттелген. Хандықтың құрылу уақыты, хандар билігінің нақты хронологиясы аяғына дейін белгісіз, Астрахан мемлекетінің ішкі саяси жүйесі және оның сыртқы саясатының ерекшеліктері зерттелмеген. Астрахан хандығының ерте тарихына арналған жұмыстар жоқ деуге де болады. Тек 1952 жылы жарияланған М. Г. Сафаргалиевтің жұмысын атауға болады, бірақ ол біздің біліміміздің қазіргі деңгейіне сәйкес келмейді.

Бұл жағдай Астрахан хандығының тарихын зерттеуді өте өзекті етеді. Біз осы тарихтың бір аспектісі: хандықтың пайда болу уақыты туралы мәселеге тоқталайық.

А. К. Марков Кіші Мұхаммед ханның астрахандық тиындарын хижра бойынша 831 жылы (1427-28 жж.) соғылған деп есептеді, алайда М. Г. Сафаргалиев А. К. Марковтың қолына ақауы бар тиын түсті деп тұжырымдады, себебі Кіші Мұхаммед хан аты дереккөздерде тек хижра бойынша 834 жылдан бастап кездеседі (1430-31 ж.) [1, 488 б.]. Қалай болғанда да, 1437 жылы Ұлық Мұхаммедпен соғыс жүргізіп жүрген Кіші Мұхаммед Астрахан аймағынан батысқа қарай жылжып, онда шамамен 1433 жылдан бері болған болуы мүмкін [1, 31 б.].

Үлкен Орданың ханы Кіші Мұхаммед Алтын Орда ханы Темір-Құтлықтың немері болды. Астрахан Үлкен Орданың бөлігі ретінде оған 1459 жылы қайтыс болғанға дейін тиесілі болды [1, 31 б.].

Астрахан мемлекетінің тарихын арнайы зерттеумен алғашқылардың бірі болып Г. Ховорс айналысты. Ол «Алтын Орда ыдыраганнан кейін құрылған мемлекеттер арасында Астрахан хандығы өзін Алтын Орданың тікелей мұрагері деп есептеуге құқығы болды. Шын мәнінде, бұл қазіргі Астрахан және Кавказ губернияларымен шектелген, территориясы едәуір азайып қалған Алтын Орда болды, бірақ ол сол текке жататын билеушілердің қол астында болып, Каспийдегі сауданы басқаруды қолдады және айтарлықтай деңгейде ноғалықтарға вассалдық тәуелділігін сақтап қалды. Кіші Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін оның екі ұлы Махмұд хан мен Ахмед хан Орданы өзара бөлісіп, Еділдің төменгі ағысы Махмұд ханның иелігі болуы әбден мүмкін». Астрахан хандығына қатысты барлық кейінгі ғылыми (және ғылыми емес) әдебиеттер, шын мәнінде, британдық шығыстанушының осы айтқан сөздерін әрі қарай дамыту (немесе қайталау) болды [1, 31-32 б.].

М. Г. Сафаргалиев өзінің мақалаларының бірінде 1459 жылды хандықтың құрылған күні деп атады, бірақ кейінгі жұмысында жаңа дереккөздерді қолдана отырып, ол 1459 жылды Астраханның үлкен Ордадан бөлініп шығуына алып келген саяси дағдарыстың басталуы деп атады, ал хандықтың құрылған уақыты ретінде 1466 жылды көрсетті [2, 512 б.]. Сонымен қатар, М. Г. Сафаргалиевке дейін де 1466 жылды (хижра бойынша 871 жыл) хандықтың құрылған уақыты деп түркиялық «Ислам энциклопедиясында» шыққан «Астрахан» мақаласында Р. Р. Арат жазған. Ол 1490 жылға дейін билік еткен Махмұдтың ұлы Қасым ханды мемлекетінің негізін қалаушы деп санады, содан кейін таққа (1504 жылға дейін) інісі Әбіл-Керім отырды [1, 32 б.]. Қасым есімі хандықтың негізін қалаушы ретінде және 1466 жыл басқа (соның ішінде жалпылама және анықтамалық) басылымдарға берік енді.

Г. Газиз (Г. С. Губайдуллин) хандықтың құрылған жылын атамай «Алтын Орда әлсірей бастаған кезде оның вассалы - қала әмірі Астрахан хандығын құрды. Түріктер Босфорды басып алғаннан кейін қала толығымен Түркияның вассалы – Қырым хандығының иелігіне өтті» [6, 89 б.]. Осы тұжырымнан Г. Газиз хандықтың құрылуын 1453 жылға дейінгі уақытқа жатқызды деген қорытынды жасауға болады.

К. Данияровтың көзқарасы ерекше көзге түседі. «Қажы-Тархандағы» астанасымен Астрахан хандығы 1459-1460 жж. «қазіргі Қалмақстан территориясында» құрылды. XV ғ. соңында ол Қырым хандығына тәуелді болып қалды. Автор «1634 жылы Еділдің шығыс жағасына қалмақтар кенеттен басып кіргендіктен, сол жерді мекен еткен ноғайлар Астрахан хандығына көшті, осыған байланысты астрахан хандығы халқының саны күрт өсті» деп жазған. Хандық «бірнеше жыл ішінде» өмір сүруін тоқтатқан. «Жаңбыршы-хан соңғы хан болған» [7, 201 б.]. Бұл қандай хан екені жайлы автор ештеңе жазбаған. Көрініп тұрғандай, К. Данияров Астрахан хандығы XVII ғасырда да өмір сүрді деп есептеген.

Сондай-ақ, Астрахан хандығы XVI ғ. басында, Үлкен Орданы Қырым хандығы құлатқаннан кейін (1502) құрылды деп жазған В. Л. Егоровтың пікірін айтып өткен жөн. Бірақ бұл көзқарас, өкінішке орай, ешқалай дәленденбеген. Осыған қарамастан, В. Л. Егоровтың тұжырымдамасы Ресейдің «История Отечества» энциклопедиялық сөздігінде өзгеріссіз қайталанды және И. В. Кучумов пен Ф. А. Шакураның П. И. Рычковтың «Топография Оренбургской губернии» еңбегін қайта басып шығаруына дерек көзі болды. Дәл сол уақытта мұндай тұжырымдар (дәлелденбеген) Ресей тарихы бойынша батыстық шығармаларда да пайда бола бастады [1, 35 б.].

Астрахан хандығы Үлкен Орда құлағаннан кейін пайда болды деген пікір алғаш рет XX ғ. басында айтылды, бірақ, өкінішке орай, бұл көзқарас елеусіз қалды. Көрнекті татар тарихшысы Г. Ахмеров «История Казани» (1910) еңбегінде хандықтың пайда болуын Меңлі-Керейдің жеңісінен кейін «Орда татарларының бір бөлігі Қазанға қосылды, ал екінші бөлігі астанасы Астраханда орналасқан, маңыздылығы мен күші жағынан Қазаннан әлдеқайда төмен болған жеке шағын хандықты құрды». Алайда, Г. Ахмеров Үлкен Орданы XV ғасырдың соңында құлады деп ойлады, ал хандықты қалаға өз ханын қойған ноғайлар құрды деп санады. Г. В. Вернадский XV ғ. ортасында Алтын Орда үш жеке мемлекет – Қазан және Қырым хандықтары мен Үлкен Ордаға бөлінді деп санады. Ол Астраханды жеке саяси құрылым ретінде қарастырмаған болатын [1, 35 б.].

Жоғарыда айтылып кеткен сөздерді қорытындылайтын болсақ, отандық болсын, шетелдік болсын тарихнамада Астрахан хандығының тарихы әлі күнге дейін толықтай зерттелмеген. Сол себепті Астрахан хандығының тарихын зерттеу кәсіби тарихшылар үшін өзекті, қызықты тақырып болады деп сенемін.

Әдебиеттер тізімі

Зайцев И. В. Астраханское ханство. Ин-т востоковедения РАН. – 2 изд. М.: Вост. лит., 2006. – 303 с.

Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизаций... Из опыта образования и распада империй X- XVI вв. М.,1996. – 768 с.

Черкасов И. Исторический взгляд на древнее состояние Астраханского края. [Астрахань, б. г.]. - 20 с.

Кузеев Р. Г., Мухамедьяров Ш. Ф. Этногенез и этнокультурные связи народов Поволжья и Приуралья: проблемы и задачи // СТ. 1990, № 2.

Варваровский Ю. Е. Распад улуса Джучи в 60-70-е годы XIV века (по данным письменных источников и нумизматики). АКД. Казань, 1994. – 220 с.

Газиз Г. История татар. М., 1994. – 190 с.

Данияров К. Альтернативная история Улыса Жошы – Золотой Орды. Алматы, 1999. - 291 с.

АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА

Тарыбаева А.К., Тұтқыш А. Ж.
педагогика ғылымдарының магистрлері
«Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты»
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Тақырыптың өзектілігі:

Қазақ халқының басқа ұлттармен достық қарым қатынастары сонау ерте заманнан басталады. Соның ішінде поляк ұлтымен қарым-қатынас жүзжылдықтармен есептеледі және олар

тамырын тереңге жайып, өзіндік қолтаңбасын қазақ өлкесінде айшықтап кетті. Олардың Ұлы дала елінде болған уақыттағы іс әрекеттерін жан жақты оқып білу, бүгінгі жастарға тәрбие беру үшін және отандық тарихтың күрделі кезеңін оқып білу өзекті болып саналады.

Мақсаты: XIX ғ. бірінші жартысында Ұлы даланың бар жетістігін зерттеумен қабылдау арқылы оның зор рухани қуаттының керектігін дәріптеген поляк революционерінің саяси белсенділігін және адами достық, шығармашылық қабілетін зерттеу. Дерек ретінде сырт көздің пікірімен бүгінгі күнгі тарихымызды салыстыра отырып, тарихты тану.

Сол мақсатқа жету үшін – мынандай міндеттерді іске асыру керек:

-А.Янушкевичтің өмірі мен қызметі.

-Ұлы далаға жасаған саяхаты.

-Тақырыпқа байланысты деректерді талдау.

-А.Янушкевичтің өмірі қызметі туралы жарық көрген әдебиеттермен танысу.

-Оның жүрген маршрутарының картасын сызу.

Ұлы дала еліне өз заманында көптеген саяхатшылар келіп, өздерінің артында Үлы дала елі туралы қызықты деректер қалдырған. Солардың бірі 1246 жылы поляк жиһангезі әрі монах Бенедикттің Джованний Карпинимен монғол империясына сапары кезінде Орталық Азияны басып, қазіргі орталық, шығыс Қазақстан жеріне саяхат жасағаны туралы деректер мұрағаттарда сақталған. Тарихта атақты Марко Поло Ұлы далаға одан 25 жыл кейін келген. Сондықтан да Бенеддикт пен Джовванний Ұлы далаға алғаш келген Еуропалық жиһангездер болып саналады. Бенеддикт пен Карпини қазақтардың арғы ата-бабаларының, орталық Азияның көшпенді халықтарының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы туралы тарихи деректер жазып қалдырған. Осындай деректерді еркінен тыс Ұлы далаға келгендерде жазып кеткен. XIX ғасырдың 30 жылдары Қазақстан аумағына Патшалық Ресейден азаттық жолында билік диктатурасына қарсы болған саяси күрескерлер жер аударылды.

Солардың бірі — поляк революционері Адольф Янушкевич. «Саяси қылмыскер» ретінде Сібірге жер аударылған. А.Янушкевич 1846 жылы қазақ даласын аралауға шығады..

Қазақ даласын келген жиһангездер, революционер- демократтар туралы көптеген еңбектер жазылған. Мысалы, В.З.Галиевтың «Ссыльные революционеры в Казахстане» атты еңбегі. Бұл еңбекте Ұлы даланың XIX ғасырдың 60-70 жылдары жер аударылып келген революционер – халықшылдар туралы және олардың атақты А.Құнанбаевпен кездескендегі жайлы деректер негізінде жазылған [1]. Біздің тақырыбымызға байланысты жарық көрген еңбектің бірі Ф.И.Стеклованың «А.Янушкевич және оның кітабы» атты мақаласы [2]. Сонымен қатар А.Янушкевич туралы толық ақпараттық материалдар «Қазақ энциколпедиясында» кездеседі [3]. А.Янушкевичтің өміріне байланысты Қалихан Алтынбаев «Семей таңы» газетінде оның бір айтысты жырлағаны туралы мақала жазды [4].

А.Янушкевичтың өмірі мен қызмет және Қазақстанға жер аударылғаны жайлы отандық тарихнамада жоқ. Сондықтан да бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді.

Тақырыпты зерттеу үшін А.Янушкевичтың рухани мұрасы- «Күнделіктер мен хаттар» (Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар) атты кітабы өз кезінде 1861 жылы Парижде поляк тілінде жарық көрген, 1966 жылы орыс тіліндегі нұсқасын және Мұқаш Сәрсекеевтің аудармасымен қазақ тілінде шыққан [5]. Соңғы кезде Ғабит Зұлқаровтың аударған [6] құнды дерекке талдау жасалды. Бұл жолжазба кітапта саяхатшы өзі жүріп өткен өлкенің арғы-бергі тарихын жетік білмегендіктен кейбір жер, су, ру, болыс, кісі аттарында кездесетін кемшіліктер бар деп көрсеткен аудармашылар. Соған қарамастан бұл жәдігер қазақ тарихы, мәдениеті мен әдебиеті үшін қымбат. Сол жәдігердің құндылықтарын көрсету үшін оның жүрген маршрутының картасын жасауға талпындық.

А.Янушкевичтің еңбегі қазақ халқы тарихының белесті бір кезеңінен құнды да қызықты деректер береді. Жүз алпыс жылға жуық тарихы бар поляк-қазақ рухани, мәдени-әдеби тарихының байланысының көш бастаушысы, алғашқы қарлығашы ретінде осы кітап құнды дерек болып саналады. А.Янушкевич туралы әлі де көптеген деректерді іздеп табу және оған талдау жасау болашақ зерттеу жұмысымыздың міндеті.

Адольф Янушкевичтің өмірі мен қызметі. Ол 1803 жылы Минск губерниясы Несвиж қаласында ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Поляк халқының көрнекті демократ-революционері, көсемсөзші. 1821 жылы Вильно университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, ақын А.Мицкевичтің басқаруымен құрылған студенттердің «Жасылдар» атты ұлт - азаттық қозғалысын жақтайтын жасырын ұйымына мүше болған. Кейіннен Подолия қаласында мұғалім, қалалық сеймге депутат болды.

1830 жылы поляктардың ұлт - азаттық көтерілісіне белсене араласты. Сол көтерілістердің бірінде ол жеті рет жараланып, қолға түсті. 1831жылы Брест, Мәскеу арқылы Вяткаға жіберілді. Вяткадан Киевке әкелініп, 1832 ж. 4 наурызда әскери сот үкімімен ақсүйек атағынан айырылып, 25 жылға Сібірге жер аударылды. Янушкевич айдаудың алғашқы 12 жылын Сібірде өткізді. Кейіннен Тобылда, Есілде тұрды. А.Янушкевич 1841 жылдың күзінен «қырғыз правосы жобасын түзу жөніндегі» комитеттің хатшысы бола жүріп, біршама қазақ тілін де үйренеді.

А.Янушкевичтің Ұлы далаға 1846 жылдың мамыр айының басынан осы жылдың қазан айының ортасына дейін саяхат жасайды. Омбыдан Семейге аттанарда 8 мамыр күні анасына жолдаған хатында «…әлі күнге дейін бірде-бір поляктың табаны тимеген таулардың шыңына көтерілмекпін», — деп жазады ол. Саяхат кезінде көрген-білгендерін, естігендерінің керектісін хатқа түсіре берген. Оның саяхатының басты **мақсаты** - «Қазір соңғы елшілік нәтижесінде Үкімет үйсіндердің жаппай тілегін білдіріп, шекаралық бастықтың Ақсу жағасындағы конгреске баруына, бүкіл өлкені Ресей қол астына кіргізуге бұйрық берді. Өлкеде орта ордадағыларға ұқсас әкімшілік құруға уәде беріп, Россияға деген игі ниетті көңілі үшін сый құрмет көрсетуге, ең басты ру басыларына бес алтын медальді бөліп беруге, олардың ішінде ықпалы мен салмағы жағынан ең атақтысы Әлиге подполковник атағының дипломын тапсыруға шешім қабылдады», — деп түйінделеді. Біздің ойымызша, экспедиция Кенесары Қасымовтың қозғалысына байланысты да жіберілген.

А.Янушкевич және оның жақын досы В.Ивашкевич құрамына енген генерал Вишневский басқарған экспедиция Омбыдан шығып Семейге мамырдың 14-інде келеді. Экспедицияның жол сызбасын қысқаша былай сипаттауға болады. Семейден шыққан топ оңтүстік — шығыс бағытты бетке ұстап, Арқат, Әлжан, Ақадыр тауларын басып өтіп 28 мамырда Аякөзге жетеді. Бұл арада олар Көкпектіден шыққан генерал Вишневскийді тосады. Аягөзде оншақты күн аялдайды да, 13 маусым күні жолға шығып Шыңғожаға барып қонады. Одан әрі Лепсі арқылы Жетісу жерін аралап, Алатау баурайына дейін сапар шегіп, қайтар жолда Тарбағатайға қарай ойысады. Одан соң қайтадан Балқашқа қарай құлдилайды. Арғысы Шыңғыстау, Ақбастау, Тұлпар, Көкшетау таулары арқылы Тоқырау, Түндік өзендерін бойлай, Қызыларай, Берікқара тауларын бөктерлей Қарқаралыға жетеді. «Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін»,— деп Мәди ақын әнге қосқан Талды өзеніне дейін келеді.

Сонымен бүгінгі әкімшілік бөлініспен сипаттасақ, экспедиция жүріп өткен жол Республикамыздың Шығыс, Оңтүстік, Орталық аудандарының біраз жерін қамтиды. Экспедиция почта жолымен де, сүрлеу жолмен де жүрген. А.Янушкевичтің саяхат маршрутының картасын біз шартты түрде картаға түсірдік.

Ұлы далаға жорыққа шыққан кезде оның қасында көптеген зиялылар - А.Мицкевич, В.Ивашкевич, А.Одоевский, Г.Зелинский, А.Янушкевич бұлар — рухани тағдырлас, бағыттас, замандас поляк ұлтының озық ойлы өкілдері. Бұлардың ішінде В.Ивашкевич — Адольфтің қазақ даласын бірге саяхат жасаған досы, Г.Зелинский — «Қазақ» және «Дала» поэмаларының авторы. Зелинский «Дала» поэмасында қазақ даласын былайша сипаттайды: «Сен даланы көрдің бе? Оны көктеменің таңында күнгейден ескен жанға жайлы ақ самал аймалайды. Ал, топыраққа жасырынған көк өскін мамырдың майда демін қағып алып, бірден жұтып, жер — ананың солғын тартқан ұясын жастықтың жасыл желегімен жабады. Егер де сен осыны көрген болсаң, өзіңді мынау таңғажайып дүниеге әкелгендер үшін өр кеудеңді еңкейтіп, басыңды ій оған» деген өлең жолдары қазақ даласының табиғатының әсемдігін жырлап, өздерінің осындай Ұлы далаға келгендігіне риза болғандығына көреміз[2,85].

А.Янушкевия саяхат барысында Семейде болды. Оның артында қалған мұраларында Семей қаласы туралы мол мағлұматтар кездеседі. Ол қала туралы была жазды: 7000-ға жуық тұрғын бар, көбі татарлар, сарттар. Мешіт алты-жеті, шіркеу біреу. Қазақ тілі барлық жерде дерлік қолданылады. Тіпті қаладағы ресейліктердің тең жартысы бұл тілде еркін сөйлейтіндігін атап жазыпты. Семейдің Сібір мен Орта Азияны байланыстыратын айырбас сауда үшін маңызды керуен жолы торабы екендігіне тоқталған. Округ орталығы Аягөзден алған әсерлерін де тартымды жеткізген.

Ұлы даланың табиғаты жайлы өз көрген, білгенін жазып жүрген. Себебі, ол әдебиетті қатты сүйетін ақынжанды адам табиғат суретін жан-жақта көрсете білген әмбебап адам болған. Ол Тарбағатай, Алатау, Шыңғыстау, Ақбастау, Тұлпар, Қарқаралы, Қу тауларын, және Ертіс, Шар, Аягөз, Іле, Шынжырлы, Құр, Түндік, Талды т.б. өзендерді көріп, өзінше түйсініп терең сезіммен бейнелеген. Сонымен қатар, сұлтандардың ата-тегі, қазақтың шығуы, Шыңғыс хан, Абылай туралы аңыз-шыны аралас деректерді де жинап қалдырған. Оның тағыда бір көңіл аударған

мәселелері, қазақтың салт-дәстүрлері құда күту, өлік шығару, саятшылық, баксылық, наным-сенім, ырымдарыны болған және оны толық жазуға талпынған.

Қызықты бір дерек, Аягөздегі аға сұлтан сайлауы мен Ұлы Орданың Ойжайлауындағы (Шұбарағаш) мереке туралы жазып қалдырғаны. Бұл тек мереке ғана емес, тарихи маңызы болған оқиға 1846 жылы 3-шілде күні болған. Бұл Ұлы Орданың (Ұлы жүз) Ресейге қосылу салтанатына орай жасалған. Осы - Ойжайлауға арада тура он жыл өткен соң, Ш. Уәлиханов келген. Бұл сапары жөнінде Шоқан өзінің «Жоңғар барлауы» еңбегінде былай деген: «Менің қырғыз жұртшылығымен таныса бастағаным 1856 жылдан былай қарай». 1855 жылы қырғыздың ұлы манабы Боранбай өзіне бағынатын рулармен орыс патшалығына қарады. Қырғыз халқының сұрауы бойынша 1856 жылы полковник Хоментовский бастаған 1-экспедиция сапарға шықты. Оның мақсаты — қырғыз халқымен жақынырақ танысып, олардың жерін картаға түсіру еді. Мен осы экспедицияға қатысып, Боранбай ауылында болдым». Осындай тарихи жағдайлар туралы Янушкевичте жазған. Бұғы руынан шыққан осы адам туралы ол Аягөзден 1846 жылғы 7-шілде күні Омбыға П.Цеплинскийге жазған хатында: «Бұл халықтың меншікті аты — қырғыз, Манаптардың бірі Боранбай жуырда Ресейдің өздеріне бақылау жасауын өтініп, хат жолдады»,— депті [5,96 б.].

Қарқаралы өңірінде қазақтың, сонымен қатар шетелдік небір әйгілі адамдарының ізі қалған. Солардың бірі – поляк пен белорус халқына ортақ тұлға, ақын, этнограф, күрескер-төңкерісші демократ Адольф Янушкевич. Ақсүйек тұқымынан шыққан зиялы Адольф Янушкевич өз өмірінің көп бөлігін туған жерінен жырақта, айдауда өткізген адам. Осы тағдыр жолы барысында ол қазақ даласын аралайды. Қарқаралы өңіріне де келіп, мұндағы елдің тіршілігі туралы жазбалар қалдырған.

Адольф Янушкевичтің сапары Омбыдан Жетісуға дейінгі өңірді қамтиды. Осы өңірлер ішінде біз қазіргі Қарағанды облысының аумағындағы сапарын бөліп алып қарастырамыз. Санақ экспедициясының құрамында болып, әрбір ауылдың адамын жасымен тіркеп, қара малы мен ұсақ малдарын санаққа алып отырған. Бұл – оңай жұмыс болмағанға ұқсайды. Осы сапары барысында Аягөз, Шыңғыстау өңірлеріндегі болыстықтарды аралап санақ жүргізіп, Құнанбай Өскенбайұлы сияқты әйгілі тұлғамен кездеседі. Құнанбайдың тұлғасына, оның сөйлеу шеберлігіне, сөз мәнеріне мән бере таңданыспен жазып қалдырады. Осылай өздеріне жүктелген жауапты жұмысты атқарған бойында экспедиция қыркүйек айының соңына таман Қу, Едірей өңіріне беттеп келе жатады. Кейбір жол бойында ұшырасқан ұсақ-түйек оқиғаларды да жазып отырады: «**12 қыркүйек.** ...Жолшыбай біз балапан бүркіт өлтірдік, оның өліміне қазақтар қатты қайғырды. Жарлы өзенінің бойынан егістік үшін өңделген жер көрдік. Қарқаралы тауының көрінісі ғажап. Қарқаралының өзі де, айналасы тау, іргесінде өзен ағып жатқан бір әдемі жерге орналасқан.» Қарқаралының көркем көрінісін сөзбен бейнелей жазған А.Янушкевич әрбір болыстықтағы белгілі адамдар, олардың тұрмысы, жер жағдайы, адамдар, болардың мал-дәулеті, елдің жалпы ахуалы туралы сезімталдықпен жазып қалдырып отырған. **«13,14 және 15 қыркүйек.** Бірінші, екінші күнді біз Қарқаралыда өткіздік. Тамақ жеп, үнемі кофе, шай, жеміс шараптарын іштік. Үшінші күні, яғни 15 қыркүйекте таңертең тамаша бір кезде шығып, түнге қарай Жусанбай-шекшектерге келіп жеттік...». Санақ барысында, атпен үздіксіз жүріс, шаршап-шалдығып жүріп белгілеуге қол созудың өзі оңай болмасы анық. Дегенмен ол жазбаға әрдайым уақыт тауып отырған: **«16 қыркүйек.** Мен, әсілі, аздап-аздап қазақ болып бара жатқан сияқтымын. Киіз үй менің үйреншікті баспанама айналды. Қарқаралыда көз іле алмап едім, мындағы таза ауада керемет ұйықтадым. Айнала елсіз, белуардан келетін шөп, таяу жерде жақында өртелген бекеттің үйінділері қоңырайып көрінеді. Бұл болыстың жартысы қазақтардыкі, жартысы сұлтандардыкі, сондықтан қырық пышақ болады де жатады, ешбір жарасым-үйлесім жоқ». Бұдан біз қыр өмірінің таза табиғатын танығандаймыз.

Автор жергілікті жер адамдарының тіршілік көзі, түрлі қарекеттермен шұғылданатын байлардың іс-әрекеттері туралы да мол деректер келтіреді. Осы сияқты, кен өндірушілер туралы былай деп күнделік жазады: «**24 қыркүйек.** Түстен кейін жұмысты бітіріп, айқымбеттермен қоштастық. Жол сортаңды қойнаулар арқылы өтті. Қазақтардың есептеуінше, ең жақсы жайылымдар осы жерлерде көрінеді, бұнда бетеге бітік өседі екен. Үстімізде жазғы халаттар болса да, ағыл-тегіл терледік. Біз Қу тауларына жақындадық. Баянауыл округінің көмірін тасып, Попов бұл жерде өзінің қалайысын балқытады. Таудың көрінісі өте сұлу, шыңдар алыстан рыцарлар қорғандарының үйінділері сияқты болып көрінді. 40 шақырым жүріп, жатақтарға келіп қондық» [6,124].

Біз бұл күнгі күнделіктегі жазба сол дәуірде Сарыарқада басталған кен қазу ісінен хабар береді. Тарихтан белгілі, осы өңірдің белгілі тұлғасы, әйгілі күйші, ел басқарған болыс, ірі

дәулетті қазақ Тәттімбет Қазанғапұлы жоғарыда аталған Степан Поповпен бірлесіп Баянауыл-Қарқаралы өңірінен металл өндіру үшін кен қазып, шағын зауыт орнатады. Автордың мұндағы «жатақтар» деп отырғаны – Түндікті өзені бойындағы зауыт жұмысшыларының тұрағы болса керек.

Сапар келесі күні әрмен қарай жалғасады. Мұнда да тарихтың айқын сорабы барын көруге болады. Шаншар руын 1824-1843 жылдары Абылай ханның немересі Шама сұлтан басқарып тұрған екен. Шама сұлтан тұсында бір болыс ел болған шаншарларды билейді. Қарқаралы округтік приказдың аға сұлтаны ретінде Бөкей ханның немересі Тұрсын Шыңғысов басқарады. XIX ғасырдың орта кезеңінде төрелер әулетінен аға сұлтан сайлайтын дәстүрді бұзу үрдісі туындай бастайды. Осы тұста Алшынбай, Қазанғап, Тәттімбет қатарлы қарадан шыққан ықпалды қазақтар тартысқа түскенімен төрелер әулеті басым түседі. Кейін, 1843 жылы Шаншар болысын екіге бөленде, Айбике болысын Алшынбай, Нұрбике болсыны Тәттімбет басқарады. А.Янушкевичтің келгені – осы бөлініс кезең болса керек. Автор былай дейді: **«25 қыркүйек.** Таңертең тұрып, әрман қарай жүрдік. 1лгерілеп жазықтықпен, содан төбешіктер арқылы Қудан Шекаралық линияға апаратын жолмен, аздап қырлықпен жүріп өттік. Тағы 40 шақырым жүріп, Түндік өзенінің жағасынан шықтық. Нұрбике-шаншарлардың болысы Тәттімбет алдымыздан шықты. Ауа райының өзгеретінін алдын ала сездіргендей күні бойы ыстық болды. Әбден мазамыз кетті. Сылдырап ағып жатқан өзен жағасына тігілген киіз үйдің көлеңкесі ғана бізге сая болды.

...Кешкісін біздің үйде 6ір қазақ болды. Ол әр түрлі аңдар мен құстардың, әсіресе түйенің, құланның, бүркіттің дауысын, қимылын аудармай салады. Бұны одан артық айнытпай салу еншмнің қолынан келмейді».

